

33.361(5Қаз)  
+92(5Қаз)22  
Б2

*Қазақстан мұнайы  
ашылуының 115 жылдық  
мерейтойына шашу*



**«ЕМЫМҰНАЙГАЗ» БІРЛЕСТІГІНІҢ  
БҰРҒЫШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ**

*Бұл кітап  
Атырау қаласындағы  
«Бұрғышы-72» қоғамдық  
қорының бастамасымен  
және қаражатымен  
шығарылып отыр*





ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ  
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ  
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ  
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ  
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ  
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ АШЫЛУЫНА 115 ЖЫЛ

*Қазақстан мұнайы  
ашылуының 115 жылдық  
мерейтойына шағу*





# БАРЛАМА БҰРҒЫЛАУ - БАРША БАЙЛЫҚТЫҢ БАСТАМАСЫ

(Қазақстандағы барлама бұрғылау ісінің және  
Балықшы барлама бұрғылау басқармасының қысқаша тарихы)

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

### А-І

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

к.б 416 736 2014

Атырау -2014



УДК 622.1/2

ББК 33.361

М 84

БАРЛАМА БҮРҒЫЛАУ - БАРША БАЙЛЫҚ БАСТАМАСЫ (Қазақстандағы мұнайлы барлама бұрғылау ісінің және Балықшы барлама бұрғылау басқармасының қысқаша тарихы). Энциклопедия – Атырау, «Ақ Жайық» баспаханасы, 2014. - 340 + 12 жапсырма бет

ISBN 978-601-7183-85-1

Бас редакторы: БАЙЗАҚОВ Төлеген Байзақұлы

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы

АРАЛБАЕВ Аманкелді Сейітқалиұлы

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы

МӨМБЕТОВ Максат Тәлеушіұлы

ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы

ШАВАЛИЕВ Мұрат Харесұлы

ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы

ЫСМАҒҰЛОВ Марат Тәжібақұлы

ӨМІРЖАНҰЛЫ Амангали – редакторы және аудармашысы

Бұл еңбекте Қазақстандағы барлама бұрғылау ісіне қысқаша шолу жасалады және Балықшы барлама бұрғылау басқармасының құрылу, даму тарихы баяндалады. Сондай-ақ, энциклопедияға тән ретте Басқармада әр түрлі кезеңдерде жұмыс жасаған бұрғышы мұнайшылардың ғұмырнамалары берілген. Қосымшаларда түрліше нақты деректер топтастырылған. Ғұмырнамалар қазақ әліпбиінің тәртібімен жүйеленген. Қазақстандық Бұрғышылар әлемінің шежіресіндей болатын осынау салалық энциклопедияда жинақталған мақалалар мен шолу материалдардың оқырманға берер танымдық-тағылымдық мәні маңызды.

Кітаптың туған өлкесінің, қасиетті туған топырақтың тарихын, тағылымын, заманның материалдық және рухани құндылықтарын зерделеуді өзіне зияттық мақсат тұтатын салауатты жандарды, бұрғышы мұнайшыларды құрметтейтін оқырмандарды бейжай қалдырмайтыны көміз.

Еңбек мұнайшыларға, оның ішінде бұрғышыларға және қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 622.1/2

ББК 33.361

ISBN 978-601-7183-85-1

© Барлама бұрғылау-барша байлық бастамасы., 2014



...Қазақстанның мұнай-газ кешені елдің дамуын өрге сүйрейтін локомотив ретінде қарастырылуда, өйткені көмірсутектердің мұндай мөлшерін өндіру бүкіл ұлттық экономикамызға қуатты серпін берді.

**Н. НАЗАРБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті



Бүгін біз арнайы әңгіме етіп, дербес энциклопедия шығарғалы отырған мәселеге - Қазақстанда, оның ішінде, еліміздің Батысында мұнайды барлау ісін одан әрі күшейтуге және дамытуға негіз болған, уақытысында осының баршасына басшылық еткен КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі болатын. Сондықтан да, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі В.Д. Шашиннің 1971 жылдың 16 тамызында шыққан бұйрығын редакциялық алқаның ұйғарымы бойынша жазылған тілінде назарға беруді жөн санадық.

## МИНИСТЕРСТВО НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ СССР

### П Р И К А З

№437

16 августа 1971 г.

#### Об усилении геофизических, разведочных и строительных работ в объединении «Эмбанефть»

В соответствии с Директивами XXIV съезда КПСС о всемерном развитии добычи нефти в старых нефтяных районах и учитывая перспективы открытия новых месторождений и залежей в Урало-Эмбинском районе ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Объединению «Эмбанефть» (г. Сагингалиеву):
  - а) довести объем поисково-разведочного бурения в 1972 году до 35 тыс.м и в 1975 году - до 55 тыс.метров;
  - б) закончить в 1972 году доразведку и подсчет запасов нефти и газа месторождения Западная Прорва;
  - в) ликвидировать цех бурения в НГДУ «Кенкиякнефть» и 4 участка бурения.
2. Ликвидировать до 1 октября 1971 года Прорвинскую контору бурения.
3. Создать в непосредственном подчинении объединения «Эмбанефть»:



а) на базе ликвидируемой Прорвинской конторы бурения Балыкшинское управление разведочного бурения с местонахождением в Балыкшинском районе Гурьевской области и в его составе центральную инженерно-технологическую службу и две районные инженерно-технологические службы;...

5. Распространить на Балыкшинское управление разведочного бурения Положение о социалистическом государственном производственном предприятии, утвержденное постановлением Совета Министров СССР от 4 октября 1965 г. № 731.

6. Отнести:

а) Балыкшинское управление разведочного бурения ко II группе по оплате труда руководящих и инженерно-технических работников, предусмотренной постановлением ЦК КПСС и Совета Министров СССР от 2 июня 1959 г. № 600 (приложение № 3);...

7. Разрешить объединению «Эмбанефть» возместить затраты по перебазированию хозяйства бывшей Прорвинской конторы бурения за счет капитальных вложений на буровые работы по отдельному сметно-финансовому расчету.

8. Планово-экономическому управлению (г. Гальперсону) и Управлению капитального строительства (г. Филановскому) выделить объединению «Эмбанефть» необходимые лимиты по труду и предельные ассигнования на содержание аппарата вновь созданных организаций.

9. Управлению материально-технического снабжения (г. Петрову), Транспортному управлению (г. Коротину), Управлению по комплектованию оборудованием (г. Михайлову) и объединению «Союзнефтебурмашремонт» (г. Казакову) выделить объединению «Эмбанефть» оборудование, автомашины, механизмы и запасные части к буровому оборудованию в количествах и в сроки согласно приложениям №№ 1, 2, 3.

10. Управлению капитального строительства (г. Филановскому):

а) обеспечить выделение объединению «Эмбанефть» капитальных вложений на приобретение оборудования в соответствии с выделенными фондами на 1972 год;

б) предусмотреть по объединению «Эмбанефть» на 1972-1975 годы объем строительно-монтажных работ с учетом загрузки





собственных строительно-монтажных организаций и без уменьшения объемов работ по другим исполнителям согласно приложению № 4;

в) предусмотреть на 1973-1975 годы выделение объединению «Эмбанефть» капитальных вложений на строительство производственных баз объединения сверх объемов строительно-монтажных работ, указанных в приложении № 4.

11. Управлению капитального строительства (т. Филановскому), объединению «Эмбанефть» (т. Сагингалиеву) и институту «КазНИПИнефть» (т. Любенко) обеспечить проектирование и строительство объектов, указанных в приложении № 5.

12. Управлению по развитию техники, технологии и организации бурения (т. Терентьеву) установить объединению «Эмбанефть» нормы расхода материалов для бурения скважин на 1972 год с учетом изменений проектных конструкций разведочных скважин.

13. В дополнение к приказу Министерства от 28 марта 1969 года № 145 включить в перечень городов и рабочих поселков, в которых сосредотачивается жилищное строительство для работников нефтяной промышленности, поселки Кульсары, Доссор и Макат Гурьевской области Казахской ССР.

14. Контроль за выполнением настоящего приказа возложить на Инспекцию при Министре (т. Фокина).

Министр нефтяной промышленности

**В. Д. Шашин**



Атырау мұнайының және атақты Теңіз кешенінің барлануы мен игерілуіне ерекше еңбек сіңірген байырғы мұнайшы, ұзақ жыл «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры болған, кейін Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған **Бөлекбай САҒЫНҒАЛИЕВТЫҢ** ел тарихында, мұнайды барлау мен игеру ісінде алатын орны бөлек. Ол туралы замандастары да ықыласты лебіз білдірген еді:

«Сіз нағыз отаншыл азамат, өз ісіне түгелдей берілген адамсыз. Өз халқын сүйетін, өз жерін сүйетін адам дәл Сіздей болуға тиісті».

**Н. К. БАЙБАКОВ,**

Бұрынғы КСРО-дағы

Жоспарлау комитетінің төрағасы

«Ғасыр жобасына жол салған, жылдар бойы жыр болатын игі істің бастаушысы, алынды ашып, еліміздің азығын молайта түскен мұнайшы-барлаушы, бұрғышы қаһармандардың алдыңғы шебінде болған бірінші азамат - Бөлекбай Сағынғалиұлы Сағынғалиев».

**С.К. МҰҚАШЕВ,**

Бұрынғы Қазақ КСР-і

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы



## БАРЛАМА БҮРҒЫЛАУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

(алғы сөз)

Қазақстан мұнайының тарихы Карашүңгіл кен орнының 1899 жылы ашылуынан басталатын болса, Қазақ Республикасының мұнай саласындағы тарихы Орал-Ембі аумағындағы Ресейдің, ағылшын жеке кәсіпкерлерінің карамағындағы мұнай кәсіпшіліктерінің Кеңес үкіметінің құзырына 1920 жылы қаңтарда өтіп, әуелі оларды басқаратын Мұнайды басқарудың басты комитеті (Главнефтеком) деп аталатын Фабрикалық-зауыттық комитет сайланғаннан басталды деуге негіз бар. 1920 жылғы көктемде оның аты Орал-Ембі ауданындағы мұнай кәсіпшіліктерінің басқармасы (ОЕАМКБ) (Управление нефтяными промыслами Урало-Эмбинского района (УНПУЭР) болып өзгеріп, кейін, 1922 жылы Басқарма болып құрылады. Ал, «Ембімұнай» бірлестігінің өндірістік тарихы 1923 жылдың 27 қаңтарындағы Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі (ХалШЖК) (ВСНХ - высший совет народного хозяйства) төрағасының орынбасары және Еңбекті басқарудың бас басқармасы (ЕББ-ның (ГУТ-ң (Главного управления труда) бастығы Смирга жолдастың уақытша бекіткен қарары бойынша «Ембі мұнай өнеркәсібінің - «Ембімұнай» мемлекеттік бірлестігінің жұмысы 1922 жылдың 1 қазанынан басталады» *(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 146-қор, 1-тізімдеме, 216-іс) делінген.*

Мұнай кәсіпшілігіндегі мұнай өндіру саласының түп негізі Бұрғышылардың еңбегінде екенін біреу білсе, біреу білмейді. Жалпы көпшілік «Мұнайшылар» деп - талай көздің құрты болған «қара алтынды» жердің астынан ұңғыма арқылы шығарып, тұрбамен айдап, болмаса, темір жол цистерналарымен жеткізіп сатып, пайдаға белшесінен батып отырған ауқатты адамдар» деп түсінеді. Ал, сол аса пайдалы мұнайдың көзі қалай табылады, оны жер бетіне шығару үшін қанша адам маңдай терін төкті, қандай қиындықтар кездесті, қанша қаражат жұмсалды – бұл былайғы барша жұртқа беймәлім мәселелер.

Жер қойнауында сақталған мұнай қорын табу және оны жоғары шығару тек қана бұрғышылар барлама мұнараны тұрғызып, ұңғыманы қазғаннан кейін мүмкін болады. Оған дәлелдер мыналар болып табылады:

1. Жер қойнауынан көмірсутегілерінің жиындысын іздеу



геофизикалық құралдар мен қондырғылардың көмегімен түрлі әдістерді және заманауи компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылып, «жиындылардың болуы мүмкін» деген сілтеме жасалады.

2. Геофизиктердің сілтемесі бойынша геологтар қай қабатқа қандай тереңдікке бұрғы салу керектігін анықтайды және көзделген қабатқа жеткенше қандай қиындықтар кездесуі мүмкін екенін болжайды.

3. Барлаушы бұрғышылар барлама мұнараны тұрғызып, ұңғыманы қазу кезеңінде немесе қазып болғаннан кейін, сынақтан өткізіп, көмірсутегінің бар-жоғын анықтайды. Бірінші ұңғыманың қорытындысы бойынша алаңның аумағында ондағы кендік қордың көлемін анықтау мақсатында геологтардың шешімімен бірнеше барлау ұңғымалары тұрғызылып, тағы да сынақтан өткізіледі. Осы кезеңде барлаушы бұрғышылардың жұмысы тәмамдалады.

4. Геофизикалық зерттеулерден және ұңғымаларды сынақтан өткізуден жиналған мәліметтер бойынша, Жобалау институтының мамандары анықталған мұнай мен газдың жалпы қорын, оның қанша пайызын жер бетіне шығаруға болатынын есептеп, үкіметтік органдардың алдында қорғап бекітеді.

5. Жобалау институты бекітілген мұнай мен газдың қорларына сүйене отырып, кен орнының игеру жобасын жасақтап, тапсырушымен бірігіп, өкілетті органда қорғап, бекітеді.

6. Кен орнының ашылынуы мен игерілу жобасының әзірленіп бекітілуі және өнім өндірудің басталуының ара қашықтығы орташа есеппен алғанда алты-он жылдан кем болмайды. Кен орнының игерілуі барлаушы бұрғышылар әзірлеп, сынақта оң нәтиже берген ұңғымаларды пайдаланудан және әдейі бұрғылау жобасы бойынша пайдалану ұңғымаларын тұрғызудан басталады.

7. Кен өндірісінің даму кезеңінде алғашқы игеру жобасы бес жыл сайын анықталып, қайта қаралып отырады. Егер «керек» деп табылса, қосымша ұңғымаларды бұрғылауға тапсырыс беріледі. Яғни Бұрғышылар кен орнының қоры таусылғанша оны игерушілердің серіктестері болып жүреді.

Қымбатты оқырман! Қолдарыңыздағы туындыда мұнай өндірудегі ең бір қиын да қатерлі саланың қыры мен сырын түгел ашпағанмен жалпы бұқараға түсінікті болатындай ұғымда бұрғылау деген мамандықтың пайда болуы, оның ерекшеліктері мен маңызы, аталмыш



салада пайдаланылатын құралдар мен қондырғылар, ұйымдастыру жүйесі мен жетістіктер жөнінде қысқа да нақты мағлұматтар беруге талаптандық. Ембі мұнайының өркендеуіндегі Бұрғышылардың үлесін бір кітапқа сыйғызу мүмкін еместігін ескеріп, 1922-1970 жылдар арасындағы тарихты жалпы деректермен қамтыдық, ал, Ембі мұнайының одан әрі өрлеуі 1972 жылы құрылған Балықшы барлама бұрғылау басқармасының (ББББ) атқарған ауқымды қызметтеріне тікелей байланысты екенін ескеріп, аталмыш кәсіпорынның тарихына мүмкіндігінше толығырақ тоқталдық және осы кәсіпшілікте бес жылдан кем емес еңбек өтілі бар барлық мүшелерін атап өтуге тырыстық.

Энциклопедияда бұрғылау жұмыстарының мәніне, мұнайды барлама бұрғылау ісінің даму тарихына нақты мәліметтер негізінде қысқаша шолу жасалынған. Еңбектің тағы бір құндылығы мынада - онда көптеген мұрағаттық деректер ұтымды пайдаланылған. Жеті бөлімді бұл туындының мұнайды барлама бұрғылау жөнінде берер мағлұматтары мен пайдасы мол болмақ. Ол шын мәнінде мұнайшы-бұрғышылардың жасампаз жұмыстарын жан-жақты және негізді түрде көрсете білген.

Құрметті мамандық иелері – мұнайшылар туралы тағы бір жақсы еңбектің Қазақстан мұнайы ашылуының 115 жылдығы қарсаңында дүниеге келгендігі көңілге қуаныш пен ризашылық сезімін ұялатады.

Энциклопедияның тарихи-мұрағаттық деректерін, Бұрғышылардың ғұмырнамаларын жинақтауда шығармашылық топ мүшелері Т.Байзақов, С. Өрекешев, Қ. Айтжандар тыңғылықты және жан-жақты жұмыс жасады. Еңбекте бұрғылау ісінің даму барысын көрсететін кестелер, диаграммалар, т.б. кеңінен пайдаланылды. Бірқатар соны деректерді, қысқарған және қысқартылған сөздердің тізбелерін, кітап сонында келтірілген анықтамалық-танымдық деректерді атыраулық тарихшы-өлкетанушы А. Әміржанұлы құрастырды.

*Редакциялық алқа*



## ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА

Қазақстандағы мұнайды барлама бұрғылау ісінің қалыптасуы мен дамуына, оның ішінде Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының тарихына арналған бұл энциклопедия аталмыш мәселеге орай ғылыми-танымдық және анықтамалық тұрғыдан жүйелі мағлұматтар беретін, қалың оқырманға, оның ішінде, мұнайшыларға арналған туынды болып табылады. Ол жеті бөлімнен тұрады, олар басылымның негізгі мақсатына орай құрылып отыр: **«Бәрі де барлама бұрғылаумен белгілі болған»** деп аталатын бірінші бөлімде бұрғылау жұмысының мәнін және негізгі құрал-жабдықтарын қысқаша таныстырады.

Ал, екінші бөлім (ол **«Барлама бұрғылаудың тарихы турасында (Әлемдегі және Қазақстандағы мұнайды барлама бұрғылау ісінің даму тарихынан»** деп аталады) мұнайды барлама бұрғылау ісінің даму тарихына қысқаша шолу жасалады.

Үшінші бөлімді **«Мұнайлы Жемнің жетістіктерінде бұрғышының еңбегі ұшан-теңіз»** деп атадық та, Атырауда болған бұрғылау ұйымдары мен мекемелері туралы қысқаша шолу жолымен баяндадық.

Алғысөзде жазылғандайын, біздің бұл еңбегіміздің басты нысанасы 1972 жылы дүниеге келген, Атырау өңіріндегі мұнай өнеркәсібінің даму, қалыптасу тарихында ерекше орын алатын Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының дербес тарихы болмақшы. Сол себепті де кезекті, төртінші бөлімге **«Балықшы барлама бұрғылау басқармасы – береке мен игіліктер бастамасы (басқарманың қалыптасу және даму тарихы)»** деген тақырып берілді. Осы мақсатқа орай келесі бесінші бөлімде (оның атауы – **«Бұрғылау жұмыстары нәтижелілігімен құнды болған»**) Басқарма жұмысының нәтижелік көрсеткіштері сөз болады.

**«Бұрғылауға да байынтылық пен парасат тән болған»** тақырыпты алтыншы бөлімде бұрғылау ісінің басшы қызметкерлері туралы шағын деректерді оқуға болады, шағын дейтін себебіміз – бір-бір кітапқа лайықты мұндай азаматтарымыздың кейбірінің ғұмырнамалары дербес еңбектерге өзек болып та кетті, сондықтан



да, біздің шағын деректермен қанағаттануымыз дұрыс болмақ.

Ал, қорытындылаушы «Бұрғылау ісінің майталмандары» атты жетінші бөлімде, барлық энциклопедияға тән ретте Басқарма қызметкерлерінің суретті ғұмырнамалық анықтамалығы беріледі.

Қазақ әліпбиінің қазіргі жүйесіне сәйкес құрылған адами ғұмырнамалар тегінен бастайтын еуропалық үрдіс бойынша орналастырылды. Бұл жерде ескерте кететін бір жәйт болып тұр: біздің еңбегіміз мемлекеттік тілде – қазіргі қазақ тілінде жазылғандықтан да адамдарымыздың тегін қазақша аталу және жазылу заңдылығына орай беріп отырмыз (яғни, адамдардың жеке басы куәліктерінде өрескел түрде орысша жазылуын қазақшаладық), осы себепті кітабымыздан әлгіндей орысшалай жазуды іздеп, таба алмайтындардың болатындығын ескеріп, қазақша жазылған тектердің (фамилиялардың) қасына орысша таңбалануды да (мыс., **ЖАҚЫПОВ (ЯКУБОВ)** деп) жақшаға жазып қойдық. Мұны замандастарымыздың дұрыс түсінеріне сенеміз. Сондай-ақ, түсінбестік болмауы үшін еңбектің соңында **әріптік-пәндік көрсеткішті** енгіздік.

Осындай ыңғайсыз түсініктен әлі де арыла қоймвушылықтың барлығы себепті кейбір географиялық атауларды қосарлап, яғни бұрынғы отарлаушылық кезеңдегі атауға қоса жақшада бүгінгі атауды (мыс., **Гурьев (Атырау)** деп) жазып отырмыз.

Сондай-ақ, кәсіби мекемелік/ұйымдық атаулардың да қазақша қазіргіше аударылып жазылуын да осылайша көрсетуді (мыс., **ББББ (БУРБ)** деп) жөн санадық.

Энциклопедиялық талапқа сәйкес еңбекте басқа ғылыми-көпшілік және танымдық басылымдарда жиі қолданылатын қысқартулар (мыс., **Қазақ КСР-і – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы**) мен кейбір сөздердің қысқарған түрлері (мыс., **а. – ауыл, қ. – қала**) қолданылды, олардың мұндай қысқартылған түрлерін кітаптың алдыңғы беттерінен көруге болады.

Қадірлі оқырман! Бұрғышылар энциклопедиясын жасақтап, жүйелеу барысында қолымыздағы бар мүмкіндіктерді пайдалануға тырыстық, алқа мүшелері ғұмырнамалық деректерді азаматтардан, дүниеден озғандардың отбасы мүшелерінен, мұрағаттан, әртүрлі ғылыми-көпшілік, танымдық әдебиеттерден, т.б. жинақтады,



суреттерді көбірек камтуға тырыстық, алайда, фотоматериалдардың кейбірінің сапасыз болғандығын, сондықтан да, көбісін пайдалана алмағанымызды назарға бере кетеміз.

Сонымен, қасиетті мамандықтың иелері – Мұнайшы-Бұрғышылар туралы энциклопедияны Сіздерге ұсындық, ардақты ағайын, қабыл алыңыздар!!!

*Амангали ӘМІРЖАНҰЛЫ,  
тарихшы-өлкетанушы,  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет қайраткері*





## I. ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

ААҚ –	Ашық акционерлік қоғам (ОАО – Открытое акционерное общество)
АИТҚ –	Аудандық инженерлік-технологиялық қызмет (РИТС – Районная инженерно-технологическая служба)
АКСР –	Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика (АССР – Автономная Советская Социалистическая Республика)
АҚ –	Акционерлік қоғам (АО – Акционерное общество)
АҚШ –	Америка Құрама Штаттары (США – Соединенные Штаты Америки)
АТУ –	Аса терең ұңғыма (СГ – сверхглубокая скважина)
ӘШБ –	Әкімшілік-шаруашылық бөлімі (АХО – Административно-хозяйственный отдел)
БАҚ –	Бұқаралық ақпарат құралдары (СМИ – средства массовой информации)
БББ –	Барлама бұрғылау басқармасы (УРБ – Управление разведочного бурения)
ББББ –	Балықшы барлама бұрғылау басқармасы (БУРБ – Балыкшинское управление разведочного бурения)
БЖКБ –	Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасы (ПУБР – Прикаспийское управление буровых работ)
БЛКЖО –	Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (ВЛКСМ – Всесоюзный Ленинский Коммунистический Союз Молодежи)
БК –	Бірлескен кәсіпорын (СП – Совместное предприятие)
БК(б)П –	Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы (ВКП (б) – Всесоюзная Коммунистическая партия (большевиков))



БӨ –	Барлау-өндіру (РБ – Разведка Бурение)
ВолгоградНИПИнефть –	Волгоградский научно-исследовательский и проектный институт нефти (ВолгоградМГЗЖИ - Волгоградтың мұнайды ғылыми-зерттеу және жобалау институты)
ЖАҚ –	Жабық акционерлік қоғам (ЗАО – Закрытое акционерное общество)
ЖЖОрБ -	Жабдыктарды жинақтаудың орталық базасы (ЦБКО - Центральная база комплектации оборудования)
ЖЖБ -	Жұмысшыларды жабдықтыру бөлімі (ОРС - Отдел рабочего снабжения)
ЖШС –	жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі) (ТОО – Товарищество с ограниченной ответственности)
жұмысфак –	жұмысшы факультеті (рабфак – рабочий факультет)
ЕҚ мен ТҚ –	Еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі (ЗТиТБ – защита труда и техника безопасности)
ИТҚ –	Инженерлік-техникалық қызметкерлер (ИТР – Инженерно-технические работники)
КБЖБ -	Кешенді барлау жұмыстарының басқармасы
кеншар –	кеңестік шаруашылық (совхоз - советское хозяйство)
ЖТОО	Жоғары техникалық оқу орны (ВТУЗ - Высшее техническое учебное заведение)
КҚЖБ -	Каспий Құбыр жүргізу Консорциумы (КТК – Каспийский Трубопроводный Консорциум)
Қазақстан КП –	Қазақстан Коммунистік партиясы (КП Казахстана – Коммунистическая партия Казахстана)

Ф. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

416736 x p



КМБЭ -	Кешенді мұнай барлау экспедициясы
КОКП -	Кенестер Одағының коммунистік партиясы (КПСС - Коммунистическая партия Советского Союза)
КСРО -	Кенестік Социалистік Республикалар Одағы (СССР - Союз Советских Социалистических Республик)
КЭ -	Кешенді экспедиция (КЭ - Комплексная экспедиция)
Қазақ АКСР-і -	Қазақ Автономиялық Кенестік Социалистік Республикасы (1920-1936 жж.) (Қаз АССР - Казахская Автономная Советская Социалистическая Республика) (1920 -1936 гг.)
Қазақ КСР-і -	Қазақ Кенестік Социалистік Республикасы (1936 -1991 жж.) (ҚазССР - Казахская Советская Социалистическая Республика) (1936 - 1991 гг.)
ҚазПТИ -	Қазақ политехникалық институты (ҚазПТИ - Казахский политехнический институт)
ҚазМҒЗжЖИ -	Қазақтың мұнайды ғылыми-зерттеу және жобалау институты (ҚазНИПИнефть - Казахский научно-исследовательский и проектный институт нефти)
ҚазҰТУ -	Қазақтың ұлттық техникалық университеті (ҚазНТУ - Казахский национальный технический университет)
ҚЖҚБ -	Құрастыру жұмыстарының құрылыс басқармасы (СУМР - Строительное управление монтажных работ)
ҚК(б)П -	Қазақстан коммунистік (большевиктер) партиясы (ККП(б) - Казахстанская коммунистическая партия (большевиков)
ҚКҚ -	Қазақстан-Каспий кайраны компаниясы - компания ККШ (Казахстан-Каспий шельф)



ҚНМЕ -	Құрылыс Нормалары мен Ережелері (СНИП – Строительные нормы и положения)
ҚР -	Қазақстан Республикасы (РК - Республика Казахстан)
МАЙС -	Мұнай айдау стансасы (НПС – Нефтеперерабатывающая станция)
МБЭ -	Мұнай барлау экспедициясы (НРЭ – Нефтеразведочная экспедиция)
МГӨБ -	Мұнай мен газ өндіру басқармасы (НГДУ – Нефтегазодобывающее управление)
МКБ -	Мұнай кәсіпшілігі басқармасы (НПУ – нефтепромысловое управление)
МҚАБ -	Мұнай құбырларының Атырау басқармасы (АНУ – Атырауское нефтепроводное управление)
ММҚБҚБ -	Магистральды мұнай құбырларының Батыс Қазақстан басқармасы (УЗКМН – Управление Западно-Казахстанскими магистральными нефтепроводами)
МӨК -	Мұнай өндіретін кәсіпшілік
МӨМ -	Мұнай өнеркәсібі министрлігі (МНП - Министерство нефтяной промышленности)
НЗС -	нормативтік зерттеу стансасы (НИС - Нормативно-исследовательская станция)
ОИТҚ -	Орталық инженерлік-технологиялық қызмет (ЦИТС – Центральная инженерно-технологическая служба)
ОӨДК -	Орталық өндірістік диспетчерлік қызмет (ЦПДС – Центральная производственно-диспетчерская служба)
ӨБ -	Өндірістік бірлестік (ПО – производственное объединение)
Өзбек КСР-і -	Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы (УзССР – Узбекская Советская Социалистическая Республика)



ӨҚБ -	Өндірістік тұрғыда қамтамасыз ету базасы (БПО – База производственного обеспечения)
ӨҚКОБ -	Өндірістік тұрғыда қызмет көрсетудің орталық базасы (ЦБПО - Центральная база производственного обслуживания)
ӨТБ -	Өндірістік-техникалық бөлім (ПТО – производственно-технический отдел)
ӨТҚКЖЖБ -	Өндірістік-техникалық тұрғыда қызмет көрсету және жабдыктарды жинақтау басқармасы (БПТОиК – База производственно-технического обслуживания и комплектацией)
ӨТҚКЖЖБ -	Өндірістік-техникалық тұрғыда қызмет көрсету және жабдыктарды жинақтау басқармасы (УПТОиКО – Управление производственно-технического обслуживания и комплектации оборудования)
ӨФ -	Өндірістік филиал (ПФ – производственный филиал)
ПЖҚТ -	Пайдалануға берілетін жобаларды қолдау тобы (ГПЭП)
ӨҚБ-дағы ЭЖПЖЦ -	Өндірістік тұрғыда қамтамасыз ету базасындағы Электр жабдыктарын прокаттау-жөндеу цехы (ПРЦЭО БПО – Прокатно-ремонтный цех электрооборудования Базы производственного обслуживания)
РКФСР -	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы (РСФСР – Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика)
РМҚК -	Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (РГКП – Республиканское государственное казенное предприятие)
РФ -	Ресей Федерациясы (РФ – Российская Федерация)



САИС –	Су айдау стансасы (ВПС – Водоперекачивающая станция)
ТБ -	Техникалық бөлім (ТО – Технический отдел)
ӘкТЕ -	Әкті-таушайырлы ерітінді (ИБР – известково-битумный раствор)
ТМД –	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (СНГ – Содружество Независимых Государств)
ТПТ –	Тұрғын үйлерді пайдалану телімі (ЖЭУ – Жилищно-эксплуатационный участок)
УЗТМ –	Уральский завод тяжелого машиностроения (ОрАуМЖЗ - Оралдың ауыр машина жасау зауыты)
ұжымшар –	ұжымдық шаруашылық (колхоз – коллективное хозяйство)
ҰК –	Ұлттық компания (НК - Национальная компания)
ҰКЖЖЖҚМҚАБ -	Ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жұмыстарының басқармасы (УПНП и КРС – Управление по повышению нефтеотдачи пластов и капитальному ремонту скважин)
ҰМК –	Ұлттық мұнай компаниясы (ННК – Национальная нефтяная компания)
ҰңғИЦ –	Ұңғымаларды игеру цехы (ЦОС - Цех освоения скважин)
ФЗО -	Фабрикалық-зауыттық оқу (ФЗО – Фабрично-заводское обучение)
ХШЖК –	Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі (ВДНХ – Выставка достижений народного хозяйства)
ХалШЖК –	Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі (ВСНХ – Высший Совет народного хозяйства)
Халшаркең –	Халық шаруашылығы кеңесі (совнархоз – совет народного хозяйства)



ШК -	Шағын кәсіпорын (МП - малое предприятие)
ІЖҚ -	Иштен жану қозғалтқышы (ДВС - двигатель внутреннего сгорания)
ІМК -	Ірілендірілген мұнай кәсіпшілігі (УНП - Укрупненный нефтяной промысел)
МГӨЦ -	Мұнай мен газ өндіру цехы (ЦДНГ - цех добычи нефти и газа)
ТГӨЗ -	Теніз газөндеу зауыты (ТГПЗ - Тенгизский газоперерабатывающий завод)
ТҚБ -	Техникалық тұрғыда камтамасыз ету бөлімі (ОТО - Отдел технического обслуживания)
ТҚ -	Техника қауіпсіздігі (ТБ - Техника безопасности)
ҚОҚмТҚЖНҚБ -	Қоршаған ортаны қорғау мен техника қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік-құқықтық бөлім (ТБ и ООС - Отдел техники безопасности и нормативно-правового вопроса окружающей среды)
ОЖБ -	Орталықтандырылған жобалау бөлімі (ОЦП - Отдел централизованного планирования)



## II. ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

а. –	ауыл
ауд. –	аудан (ы), аудандық
Барлан. –	барланғаны
геол. –	геологиялық
дер. –	деревня (сы)
ж.т. –	жылы туған
к. –	қала (сы)
м.а.	міндетін атқарушы
м.у.а	міндетін уақытша атқарушы
мех. –	механикалық
мыс. –	мысалы
обл. –	облыс (ы)
Пайдал. -	пайдаланымдағысы
с. –	село (сы)
т.б. –	тағы басқа (лар)(ы)
тех. –	техникалық
т.с.с. –	тағы сол сияқты
физ. -	физикалық





### III. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ, МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АН – Академия наук

б. – бет

бб. – беттер

құраст. – құрастырған (құрастырушы)(лар)

с. – страница

сс. – страницы

т. – том

тіз. – тізімдеме

### IV. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАРЫ

А. – Алматы

А.-А. – Алма-Ата

Ат. – Атырау

СПб – Санкт-Петербург

### V. ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТҮРЛЕРІ

гс/см<sup>3</sup> – грамм-күш/текше см

ғ. – ғасыр

ж. – жылы

жж. – жылдар (ы)

кг/м – килограмм/метр

км – километр

м – метр

млн. – миллион

мм – миллиметр

% – пайыз (процент)

см – сантиметр



## БІРІНШІ БӨЛІМ

# БӘРІ ДЕ БАРЛАМА БҰРҒЫЛАУМЕН БЕЛГІЛІ БОЛҒАН



## 1. БҰРҒЫЛАУ ДЕГЕН НЕ?

Әуелі «бұрғылау» дегеннің мағынасын түсініп алайық.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, «**БҰРҒЫЛАУ** – тау жыныстарын бұзу арқылы кимасы дөңгелек болатын кен қазбасын жасау процесі» екен «Қазақстан». *Ұлттық энциклопедия. 2-том. А., 1999, 469-бет*). Одан бері қарай былайша түсіндіріледі: «Жер қыртысын геол.зерттеу, кен орындарын іздеу және барлау, жер астынан қатты, сұйық және газ күйіндегі түрлі кен байлықтарды алу, батпақ жерлерді құрғату, жер асты коммуникацияларын жүргізу, т.б.көптеген жұмыстар Б.арқылы іске асырылады. Ұңғыма Б.кезінде тау жыныстарын бұзып қопарудың қазір қолданылып жүрген тәсілдері, негізінен, екі, түрге бөлінеді. Оның біріншісі – бұрғылау аспабының тікелей әсер етуі арқылы тау жыныстарын бұзып қопаратын мех.әдіс, ал екінші тәсіл бойынша тау жыныстары әр түрлі физ. (термиялық, ультрадыбыстық, т.б.) әсерлер арқылы бұзылады. Б-дың мех.әдісі айналдыра бұрғылау және соққылап бұрғылау болып екіге бөлінеді. Бұрғылау аспабының түріне (шнекті, штангалы, алмасты, тісті доңғалақты, т.б.), бұрғылау машинасының түріне (перфораторлы, пневмосоққылы, турбиналы, т.б.), сондай-ақ, ұңғыма қазудың тәсіліне (көлбеу, тармақты, т.б.) қарай Б.бірнеше түрге бөлінеді. Тау жыныстарына физ.әсер арқылы Б.тәсілдерінің ішінде термиялық Б.кең тараған. Қопарып Б.тәсілін өндіріске енгізу қолға алына бастады. Б-дың тех.жабдықтары, негізінен, бұрғылау қондырғылары мен тау жынысын бұзып қопаратын аспаптардан тұрады. Ал ұңғыма Б.жұмыстары кенжардағы (забойдағы) тау жыныстарын талқандау, бұзылған жыныстарды сыртқа шығару, орныксыз (опырылмалы) ұңғыма қабырғаларын бекіту сияқты процестерден құралады. Талқандалған тау жыныстарын ұңғыма кенжарынан үздіксіз сыртқа шығарып тұрмаса бұрғылау жылдамдығы бәсеңдеп, тіпті тоқтап қалуы да мүмкін. Сондықтан бұрғылау кезінде бөлінетін ұнтақтардан тазалау үшін ұңғыманы сумен, балшық ерітінділерімен үнемі жуып немесе сығылған ауамен үрлеп тұрады. Орныксыз жыныстарды Б.кезінде ұңғыма қабырғасын опырылудан сақтау үшін әр түрлі әдістер (арнаулы ерітінді, жылдам қатаятын қоспа, цемент) қолданылады» (*Көрсетілген энциклопедия*).

Бұрғылаудың кеңістік тұрғыда алғанда үш түрі бар:

- тік бағыттағы бұрғылау;
- қиғаш бағыттағы бұрғылау;
- көлденең бағыттағы бұрғылау.



Бұрғылау тәсілдері арқылы пайдаланатын аспаптардың ұңғымадағы тау жыныстарына тигізетін әсеріне қарап *механикалық, термиялық, физикалық-химиялық және электржаралымды* болып бөлінеді.

Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауда негізінен механикалық-айналмалы тәсілді көп қолданады.

Қазіргі кездегі бұрғылау әдістері:

- Арқанды немес штангалы соққылау;
- Айналмалы (роторлық; турбиналық және электрлі қозғағышпен жұмыс жасау);
- Вибрациялы және соққылы-айналмалы әдістеріне жіктеледі.

Тау жыныстарын бұзу қазынды окпанының бүкіл аумағында немесе тасбаған (кери) алу үшін сақина тәрізді қалдырып жүргізіледі. Нәтижесінде пайда болған құрылым «**ұңғыма**» деп аталады. Оның көлденең өлшемі (диаметрі) ұзындығынан (тереңдігінен) әлденеше мың есе аз болады. Ұңғыманың жер бетіндегі басталар жерін ернеу деп атайды, түбін түп немесе кенжар (забой) деп атайды, ал қабырғалары оның окпанын (ствол) құрайды.

Мұнай мен газ іздейтін, барлайтын, игеретін ұңғымалардың тереңдігі бірнеше жүздеген метрден бірнеше мыңдаған метрге дейін жетеді. Терең ұңғымаларды жабдықтағанда олардың окпанының қабырғаларын шегендеу құбырларымен бекітеді. Ол үшін окпан қабырғасы мен құбыр арасындағы сақина іспетті кеңістікке цемент ерітіндісі толтырылады.

Ұңғымалар мақсатына қарай бірнеше топтарға бөлінеді:

## 2. ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ ТОПТАРЫ

- **Құрылымдық-іздістіру ұңғымалары** - қосымша ұңғымалар тектониканы, стратиграфияны, литологияны нақтылайды, жиектер өнімділігін бағалайды;

- **Барлау ұңғымалары** – өнімді нысандарды анықтауға, сонымен қатар жасақталған мұнай және газды қойнауқаттарын жиектеуге қызмет етеді;

- **Өндіруші (пайдалану) ұңғымалар** – жер қойнауларынан мұнай және газ өндіруге арналған;

- **Айдаушы ұңғымалар** – қойнауқат қысымын сақтау үшін немесе түп маңындағы аумақтарды өңдеу мақсатында қойнауқаттарға суды, газды немесе буды айдау үшін қолданылады. Бұл шаралар мұнай өндірудің бұрқақты әдісі кезеңін ұзартуға немесе өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған;



- **Озық өндіру ұңғымалары** – өнімді қойнауқат құрылымын нақтылаумен қатар бір мезгілде мұнай және газ өндіруге қызмет етеді;

- **Бағалау ұңғымалары** – қойнауқаттың мұнай-су қанымдылығын және қалдықты мұнай қанымдылығын анықтайды (және басқа зерттеулер жүргізеді);

- **Бақылау және бағдарлау ұңғымалары** – қойнауқаттық флюидтер қозғалысының сипатын зерттеуді жасақтау нысанын және қойнауқаттың газ-мұнай қанымдылығының өзгеруін бақылауға арналған;

- **Қазықты ұңғымаларды** тау жыныстарының шоғуінің жалпы заңдылықтарын тағайындау мен бұл қойнауқаттарда мұнай және газ кен орындарының түзілу мүмкіндіктерін анықтау үшін, ірі аймақтардың геологиялық құрылымын зерттеу үшін бұрғылайды.

Мұнай өнеркәсібінде ұңғымалар:

- тіректі немесе параметрлі ұңғымалары;
- құрылымдық-іздістіру және барлау ұңғымалары;
- айдамалау, қолдану, пьезометриялық ұңғымалар;
- бақылау ұңғымалары болып төрт санатқа бөлінеді.

### 3. БҰРҒЫЛАУ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Мұнай мен газға барлама бұрғылау жұмыстары оның өзіндік құрал-жабдықтарының көмегімен жүргізіледі.

Терең ұңғымалар бұрғылау қондырғысы көмегімен бұрғыланады. Бұрғылауға мынадай техникалық жабдықтарды: бұрғылау сорабын, бұрғылау мұнарасын, бұрғылау құбырларын, таужыныстарды бұзатын аспапты, жұғыштау ерітіндісін және оны дайындайтын, газ бен мұнай бұрқағының атқылауын бақылайтын жабдықтарды, басқа да өлшеу-бақылау аппаратураларын пайдаланады.

Осы ұңғыманы бұрғылауға арналған құрал-жабдықтардың кешенін «**бұрғылау қондырғысы**» (Б.қ.) деп атайды. Ол бұрғылау тәсіліне тәуелді ретте айналымы Б.қ. (бұл ең көп тараған түрі) және соққылы Б.қ. болып екіге бөлінеді.

Алғашқы көрсетілген Б.қ.-ның құрамына бұрғылау мұнарасы, күштік жетек, түсіріп-көтеру операцияларын механикаландыруға арналған құрал-жабдықтар, бұрғылау сорғылары, шайғыш ерітіндіні дайындауға, тазалауға және оны өңдеп қайта қолдануға арналған құрал-жабдықтар, т.б. кіреді («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 2-т., 469-б.). Тау-кен жұмыстарында Б.қ.-ны



«бұрғылау станоктары» деп те атайды.

Мұндағы бұрғылау мұнарасына (Б.м.) бөлек тоқталған жөн болмақ. Б.м. дегеніміз – бұрғылау аспабын, кен орнындағы қозғалтқыштарды, сондай-ақ жалғастырма құбырларды түсіруге арналған ұңғыма үстінен орнатылған көтергіш құрылым, көп ретте ол металдан құрылады. Б.м. көтеріп-түсіру операцияларын механикаландыруға арналған құралдармен (полиспаест, т.б.) және бұрғылау құбырларын орнатуға арналған кассетамен жабдыкталады. Ал, биіктігіне келер болсақ, ол 9 м. мен 60 м-дің аралығында болады. Пішіні қиық пирамида және «А» әрпі тәріздес болады. Б.м.-ның тұрған орнын ауыстыру трактормен сүйрету арқылы, болмаса, бөлшектеу және оларды жаңа орынға апарып құрастыру жолымен жүзеге асырылады («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Көрс. т., 470-б.).

Кен бұрғылау ісінде ұңғыманы бұрғылау кезінде тау жыныстарын кесіп, опырып, үгіп, күйретіп бұзатын негізгі аспапты «бұрғыбас» дейді. Ол бұрғылаудың тәсіліне, ұңғыма кенжарының қазылу түріне, тау жыныстарының қаттылығына қарай бірнеше түрлі болып келеді. Кенжарды міндетті түрде *жаппай* және *сақина* түрінде бұрғылап жүр. Жаппай бұрғылауға арналған бұрғы - *қашау* (долото), сақиналы кенжармен бұрғылау аспабы - *бұрғыбас* (коронка) деп аталады.

Бұлардың жасалыну тұрқы бұрғыланатын тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттеріне тәуелді болады: «балық күйрек» қашау, айқарма (крест) қашау, тісті донғалақты (шарошкалы) қашау, найза бұрғы, арнаулы алмас бұрғыбастар – *кенжарды айналдыра бұрғылау* үшін; сына тәрізді және табаны қырланған әр түрлі ұштары бар қашаулар - *айналсоқ бұрғылау* үшін қолданылады.

Қашаулардың диаметрлері негізінен кенжарды бұрғылауда - 46-490 мм, шахта оқпанын бұрғылауда – 2-5 м болады.

Сонымен бірге, бұрғыбастар материалына және бұрғылау тәсіліне орай *алмасты бұрғыбас, қатты қорытпалы бұрғыбас, бытыралы бұрғыбас* болып та бөлінеді. Ал, *алмасты бұрғыбастардың* өздері де төрт түр бойынша топтастырылады: олар - *бір қабатты алмасты бұрғыбас, қос қабатты алмасты бұрғыбас, көп қабатты алмасты бұрғыбас, импрегнирленген алмасты бұрғыбас*. Бұлардың ішінен *бір қабатты алмасты бұрғыбас* ірі және сапалы алмастармен жабдыкталады және қаттылығы орташа тау жыныстарын бұрғылауға пайдаланылады; *көп қабатты алмасты бұрғыбаспен* немесе *импрегнирленген алмасты бұрғыбаспен* қатты тау жыныстарын бұрғылайды.

*Қатты қорытпалы бұрғыбастар* өздерінше тағы да ірі *кескішті*



бұрғыбас, ұсақ кескішті бұрғыбас және өздігінен ұсақталатын бұрғыбас болып тарамдалады.

Бытыралы бұрғыбастар дегеніміз – бір жағында бұрандасы, екінші жағында бытыра және қанжар жууға қажет сұйық өтетін тілігі бар, цилиндр тәрізді, өте қатты тау жыныстарын бұрғылауға қолданылатын аспап.

Бұрғыбастардың диаметрі – 75,90,110,130,150 мм, ұзындығы – 500 мм, қалыңдығы - 7-12 мм болады («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Корс.т., 469-б.).

Өз кезегінде бұрғылау аспаптары кесіп-уатушы; қажасп-кесуші; үгіп-уатушы қашаулар болып, үш түрге бөлінеді.

Кесіп уатушы аспаптар қалақшалы қашаулар деп аталады, олар жұмсақ және бос байланысқан тау жыныстарын бұрғылауға арналған.

Қажасп-кесуші аспаптарға шарошкалы қашаулар жатады. Бұлар мұнай, газ ұңғымаларын бұрғылайтын негізгі аспап болып табылады. Олар шарошка санына байланысты: бір, екі, үш, төрт және көп шарошкалы болып бөлінеді. Өз кезегінде ең көп қолданылатыны үш шарошкалы қашаулар және де бұзылатын тау жыныстарының механикалық қасиеттеріне қарай 13 түрге, кейде одан да көп түрге топталады.

Үгіп-уатушы аспаптар қатарына қашаудың беттері техникалық жасаңды алмаспен немесе қаттылығы өте жоғары қорытпалармен жабдықталған аспаптар жатады. Ондай қашаулар тығыздығы жоғары тау жыныстарын бұзуға арналады.

Мұнай ұңғымаларын алғашқы сокқылау әдістермен бұрғылау «Галицкий», ВИРТ, «Ганиель Люзг» және «Рapid» сияқты қондырғылар арқылы жүргізілді. Кейін айналмалы бұрғылау жұмыстары «Галицкий», «Парницкий», «Оккель», «Эмско», «Национал», «Виккерс» қондырғыларымен «Бенц-90 НР» тұрпатты қозғалғыш моторлары арқылы жүргізілді.

1946 жылдан бастап Ембі мұнай алаңдарына Орал ауыр машина жасау зауытының (УЗТМ) бұрғылау қондырғылары енгізіле бастады. Кейінірек Бакудың машина жасау зауытының БУ-40 қондырғысы да пайдалануға қосылды. Солардың арқасында біртіндеп шетелдік ескі бұрғылау қондырғыларын пайдалану тоқтатылды.



## ЕКІНШІ БӨЛІМ

# БАРЛАМА БҰРҒЫЛАУДЫҢ ТАРИХЫ ТУРАСЫНДА

(Әлемдегі және Қазақстандағы барлама бұрғылау ісінің  
даму тарихынан)





## ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ТҮРҒЫЗУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Ұңғымаларды бұрғылау біздің дәуірімізден бұрын Қытайда ойлап табылған, ал, сонынан ұмыт болған. Дүниенің әртүрлі бөлігінде ертеден тұз және ауыз суды өндіру үшін бұрғылау принциптері қолданылған. Алайда, XIX ғасырда бұрғылау мұнай өндірушілер назарына алынып, қайтадан пайда болды. Дегенмен, бұл өндірудің жаңа өндірістік әдісі болған жоқ, дәлірек айтқанда, тұз өндірушілер мен су құдықтарын бұрғылаушылар жер қойнауына едәуір тереңірек енуді және «жер майын» едәуір тиімді өндіруді қамтамасыз ететін әдіс ретінде алынып пайдаланады.

Мұнайдың едәуір кен қолданыла бастауына және оған деген қажеттіліктің ұлғаюына байланысты, оны тиімді өндірудің әдістеріне ғылыми көзқарас дами бастады. Құдықтардан өндірілген көлемдер енді сұранысқа сәйкес келмей қалды - мұнай кен орындарын кәсіптік игерудің әдістерін түбегейлі өзгерту қажет болды. Бұл мәселені шешудегі табыстарға ең алдымен Қытай жетті, онда біздің дәуірімізден бұрын III ғасырда бамбук ағаштары көмегімен, тіпті XIX ғ. деңгейіндегі терең ұңғымаларды да бұрғылаған. Бұрғылау құралдары ретінде қытайлықтар жез қондырғылары бар бамбук сырықтарын қолданған. Бұрғылау технологиясы бірнеше кезеңдерден тұрды: алдымен құдық қазылған, оған 12-15 см. саңылау қалдырып, үстінгі беті бір немесе бірнеше таспен жабылған ағаш құбыр орнатылған. Тұрбаға бамбук арқанның көмегімен салмағы екі жүз килограмдық металдан жасалған «стокпақ» түсірген, бұл қондырғы шетінде сындырғышты ауыр соққыш бөлігі бар құрылым болады. Иіптірек және адамдар немесе жануарлардың білек күші көмегімен бұл «стокпақты» жоғары көтеріп, тастап жіберген, осы арқылы тау жыныстарын уатып және бірте-бірте сумен жұмсартып отырған. Тау жыныстарының бұзылуы барысында «стокпақты» құдықтан әлсін-әлсін шығарып алып, оның құрамын бақыраштап қырып, ал, қақпақты бамбук құбыр арқылы жиналған суды айдап отырған.

XIX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында (АҚШ) Жаңа Орлеанда Луизиана штаты мұнай ұңғымаларын ротор және сазды ерітіндімен



шаюды қолданып, айналдырма бұрғылау енгізілді. Ресейде осындай бұрғылау әдісі ХХ ғасырдың дәл басында Грозныйдың мұнай кәсіпшілігінде анықталды.

Ұңғымаларды цемент ерітіндісімен шегендеу әдісін 1905 жылы инженер А.А. Богушевский ойлап тапқан.

Бұрғылаудың роторлық әдісі Ембі кәсіпшіліктерінде 1926 жылдан бастап қолданылады.

Бұрғылаудың турбиналық әдісі М.А. Капелюшников жасақтаған бір сатылы редукторлы турбина қозғалтқышы арқылы 1922 жылдан бастап қолданылды.

Ембіде турбиндік бұрғылау 1949 жылы Мұнайлы және Ұшқан барлау алаңдарында алғашқы рет қолданыс тапты.

1941 жылы Бакуде әлемде тұңғыш рет ұңғыма А.П. Островский, Н.В. Александров, Н.Г. Григорян, А.А. Богданов ұсынған электр қозғалтқышы арқылы бұрғыланды.

Кенестік алғашқы игеру жылдарында, дәлірек айтқанда, 1920 жылдан бастап Кеңес өкіметі жергілікті кадрларды кенінен пайдалануға бет бұрды. Жергілікті балаларды оқыту, қара халықтың сауатын ашу қолға алынып, бұған жауапты адамдар белгіленді. Ал, сырттан шақырылушыларға қазақ мамандарына қарағанда барлық жағдай жасалануда болды. Бірақ, климаты басқаша болған Атырау өңірінде жұмыс жасауға келгендер, Сабыр Шәріповтың жазғанындай, бір жылдан артыққа шыдамай елдеріне қайтып кетіп отырған. Мысалы, 1924-1926 жылдары треске келген 46 маманның (механик, слесарь, машинашы, т.б.) 43-і кейін кетеді. 1920-1922 жылдардан бастап жергілікті сауатты жұмысшылар Баку кен орындарына, Ресейдің машина жасау зауыттарына оқуға, білім жетілдіруге жіберілді. Бұл үрдіс көпке дейін жалғасты. 1924 жылы осы мамандарға деген қатшылықты жою мақсатында Гурьев пен Доссорда жұмысшы мамандарды дайындайтын жұмысшы факультеттері (жұмысфак-рабфак) ашылды. Сауатты қазақ мамандары (мыс., С. Зорбаев, Қ. Төрәлиев, т.б.) жауапты жұмыстарға жоғарылатыла басталды. Бірақ, Қазақ мұнайының қазақтан шыққан мамандарының дәуірін бастаған мұндай ағаларымыздың кейбірісінің ғұмыр деректерін таба алмай



келеміз, себебі, кейінгі кезеңдерде болған саяси қуғын-сүргіндер тұсында олардың көбісі жазықсыз жаланың құрбандары болды. Солардың бірнешеуін таныстыра кетелік.

**Ұлықпанов (құжатта - Лукманов) Кенжеғазы** 1889 жылы Атырау өлкесінің Қызылқоға өңіріндегі №17 ауылда дүниеге келген екен. Ол баяғы 1836-1838 жж. Исатай-Махамбет көтерілісі кезінде ерекше көзге түскен Қабыланбай батырдың ұрпағы болатын, тегі 1918 ж. дейін «Қабыланбаев» болып жазылуы мүмкін. Талапты жас Гурьев қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген соң 1913 ж. мұнайшылық жұмысқа кілтші болып кіреді. Өзінің сауаттылығын, тындырымдылығын көрсете білгендіктен 1922 ж. «Ембімұнай» тресі басшыларының шешімімен Ескене кен орнына бұрғылау шебері лауазымына жіберіледі. Ол парсы, орыс тілдерін жетік білген. 1938 жылға дейін мұнай өндіру саласында әртүрлі жауапты қызметтерді атқарған, соңғысы – «Ембімұнай» тресіндегі мұнай айдау бөлімінің меңгерушілігі болды. Қосшағыл кентінде тұрып жатқанда 1938 жылдың 12 ақпанында Ішкі істер халық комиссарлығының Гурьев облысындағы басқармасының шешімімен «халық жауы» ретінде тұтқындалады, «үштіктің» үкімімен өлім жазасына кесіледі. 1996 жылғы 23 ақпанда ақталды.

Ал, **Әубәкір Дүйсәліұлы Дүйсәлиев (Досалиев)** болуы да мүмкін) 1888 жылы Атырау өңіріндегі 12-ауылда өмірге келіпті. 16 жасынан бастап балықшы болып жұмыс жасайды. 1910 жылы Стахеевтің Ескенедегі мұнай өндірісіндегі жұмысшылыққа ауысады. 1924 жылға дейін әртүрлі жеке меншіктегі мұнай өндірістерінде жұмыс жасайды. 1924-1926 жж. - Доссор кәсіпшілігінің кілтшісі, бұрғышының көмекшісі, 1927-1930 жж. - бұрғышы шебер болады. Өз жұмысын өте жақсы меңгереді, бұрғылау қондырғыларына өз жаңалықтарын енгізеді. Осыған орай 1930-1931 ж. Америкаға мамандығын көтеру үшін төрт айға іссапарға жіберіледі. Кейін трестің оңтайлағыштық (рационализаторлық) бөлімін басқарады.

Қазақтың тұңғыш барлаушы-геологы болған **Беркінғали Мұқанұлы Атшыбаев** (1897-1937) та осындай жаланың құрбан болып кетті. Миялы жерінде туған ол 1905 ж. - Қаракөлдегі бір сыныптық



атақты Қызыл үй мектебін, 1908 ж. - Гурьевтегі екі сыныптық Романовтың орыс-қазақ училищесін, Оралдық реалдық әскери училищені, 1918 ж. – Жымпитыдағы Алашорданың қазақ жастарына арналған 6 айлық офицерлік курсын бітірген. К. Қалменовпен бірге қазақтың тұңғыш жастары болып, Мәскеудің техникалық тау-кен академиясына оқуға түседі, бірақ Алашордаға бұрынғы қатысы үшін 4-курста оқудан шығарылады. Трестің кадр бөлімінің бастығының орынбасары, картаға түсіру партиясының жетекшісі бола жүріп, Құлсары, Мұнайлы кен орындарының ашылуына қатысқан.

Сондай-ақ, бұлармен қатар кейбір шетелдік азаматтар, орыс мамандары да Атырау өлкесіндегі мұнайлы кен орындарын барлауға, пайдалануға беруге өз үлестерін қосты. Австриялық **Рудольф Иосифович Лангава** (1894 ж. Лиско-Галицияда туған) бұрын Румынияның, Венгрияның және Ресейдің мұнайлы кәсіпшіліктерінде әртүрлі жұмыстарды атқарған. 1920 ж. бастап Доссор кәсіпшілігінде бұрғылау шебері болды. Оның аяқталмаған орта білімі бар болатын, партия қатарында жоқ еді.

Доссор және Мақат бұрғылау кеңселерінің бұйрығы бойынша 1930 жылдың қазан айынан 1931 жылдың қаңтар айына дейін жұмыс жасауға Жем кәсіпшіліктеріне бұрғылау жұмыстары жөніндегі тәжірибелі бір топ мамандар барланатын кәсіпшіліктердің (алаңдардың) меңгерушілері (жұмыстарды атқарушылары) болып жіберіліпті:

- 1901 ж. туған, Мәскеудің тау-кен академиясының 1929 ж. түлегі **Карл Иванович Вантке** - Қаратонға;

- Қазақ тілін еркін білетін, отбасылық-төменгі деңгейдегі білімі бар, жұмысшылық қызметін 1892 ж. Бакудегі Нобель кәсіпорнында бастаған, 1902 ж. Доссорға бұрғылау шебері болып ауысқан, Байшонасқа ауысқанша мұнда бұрғылаудағы түрліше қызметтерді атқарған; тәжірибелі маман, орыс азаматы **Степан Иванович Гаврилин** - Байшонас пен Ескенеге;

- **А.М. Наринян** - Бес бөлекке;
- 1900 ж. туған, жоғары білімді, Мәскеудің тау-кен академиясының түлегі, 1920 жылдан бері БК (б)П мүшесі, орыс азаматы **Василий**

**Иванович Пронин – Новобогатқа:**

1883 ж. туған, жұмысшылық қызметін 1911 ж. Бакудегі Нобель кәсіпорнында кілтші болып бастаған, 1912 ж. Доссорға бұрғылау шеберінің көмекшісі болып ауысқан, 1920 ж. бастап трестің бұрғылау шебері болған, отбасылық-төменгі деңгейдегі білімі бар, тәжірибелі маман, орыс азаматы **Федор Осипович Юников** – Сағыз бен Бекбикеге жіберілді.

1927 жылы ақпанда Бүкілодақтық Халық шаруашылығының мұнай өндірісі кеңесінде Орал-Ембі мұнайлы өндірісін дамыту жөнінде қаулы қабылданды. Жан-жақты зерттеу үшін Орал-Ембі мұнайлы өндірісі алты аймаққа бөлінді. Соның бірі - Оңтүстік аймаққа Жем (Ембі) өзенінің оңтүстігіндегі, сондай-ақ, осы өзеннің төменгі жағындағы Қарашүңгіл, Қаратон, Мұнайлы, Қосшағыл, Төлес, т.б. алаңдар жатқызылды.

Осы кезеңнен бастап Ембі өңірінде мұнай іздеу жұмыстары кеңінен қолға алынды. 1931 жылы Қосшағылда бұрғы салынып, 1932 жылғы 29 қазан күні 7-ші ұңғымадан тәулігіне қуаты 260-290 тонналық күшті бұрқақ атқылады. Сөйтіп, Жылой өңіріндегі тұңғыш мұнай кеніші - Қосшағыл дүниеге келген еді. Алғашқы бұрқақ берген бұрғышылар қатарында Сисен Рақышев, Шуаққали Қарамендиев, И.Г. Смирновтардың есімі аталады. Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті 1933 жылғы 19 тамызда «Қосшағылдағы құрылыс жайы туралы» қаулы қабылдап, мұнай игеру жұмыстарын тездету шараларын белгілеген. Бес жыл ішінде 400-дей ұңғымалар қазылып, Қосшағыл қалашығы салына бастайды. Аймақта геологиялық-барлау жұмыстарының кең түрде жүргізілуінен 1939 жылы - Құлсары, 1949 жылы - Қаратон, 1956 жылы - Теренөзек, 1958 жылы - Төлес пен Қара-Арна, кейіннен - Мұнайлы мен Көшкімбет, Тәжіғали мұнай кен алаңдары іске қосылды.

«Қазақстанның мұнай өндірісінде турбиналық бұрғылауды қолданудың бастамасы 1949 жылы салынды, - деп жазды ғалым Ғ. Темірғалиев. - Сол жылы «Қазақстанмұнай» бірлестігіне 17 турбиналық бұрғылау қондырғысы алынды. Олардың барлығы аумағында барлау және пайдалану бұрғылау істері шоғырланған



Жылой ауданының бұрғышыларына берілді. Жылой аудандық партия комитетінің бюросы жаңа мұнай кәсіпшілігі Мұнайлыда және Үшқан барлау орнында турбиналық бұрғылауды сынақтан өткізу туралы шешім алды. Кәсіпшіліктің және барлау орынының коммунистері өз жиналыстарында жанашылдықты енгізу жөніндегі шараларды талқылады. Бұл ретте жұмысшылардың турбиналық бұрғылармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға, ұнғымаларды қазу технологиясына ерекше назар аударылды. Коммунисттер бұрғылаушыларды басқа мұнайлы аймақтарға тәжірибе үйрену мақсатында жіберу қажеттілігі туралы пікір айтты.

Үшқан барлау орнындағы бұрғылау бригадаларының арасынан алғашқы болып турбиналық бұрғылауға - коммунист Әбжановтың бұрғылау бригадасы, ал Мұнайшы кәсіпшілігінде - партия мүшесі, шапшаң бұрғылаушы Өрекешевтің бригадасы көшті. Екі ұжым да жеткілікті жоғары коммерциялық жылдамдықпен алғашқы ұнғымаларды бұрғылап шықты. Айталық, Әбжановтың бригадасы тереңдігі 1180 метр ұнғыманы жоспардағыдай айына 254 метрдің орнына 411 метр жылдамдықпен қазып шықты. Өрекешевтің бұрғылау бригадасы тереңдігі 1302 метр ұнғыманы айына 482 метр жылдамдықпен қазуды аяқтады, сөйтіп, кәсіпшіліктік орташа жылдамдықты 1,6 есеге арттырды. 1949 жылдың аяғында турбиналық бұрғылауға тағы екі бригада көшірілді.

Бұрғылаудың жаңа әдісін қолданудың бірінші жылдық нәтижесі роторлық әдіске қарағанда артықшылығын көрсетті. Мұнайлы кәсіпшілігінде турбиналық бұрғылаудың коммерциялық жылдамдығы кәсіпшіліктегі орташа 310 метрдің орнына 433 метрді құрады. Үшқан барлау орнында ол станок-айда сәйкесті түрде 388 және 254 метрлерге тең болды.

Өндіріске турбиналық бұрғылауды енгізу жөніндегі алғашқы бұрғылау бригадаларының іс-тәжірибесін партиялық ұйымдар басқа да кәсіпшіліктер мен барлау орындарында қолданды. 1950 жылы турбиналық бұрғылауды Құлсары кәсіпшілігінде, Құмшеті, Терең өзек, Новобогат және жыл аяғында Қаратон барлау орындарында қолдана бастады».



Бесінші бесжылдықта бұрғылаудың турбиналық әдісі барлық дерлік кәсіпшілікте әдеттегідей бола бастады. Өндіріске едәуір жетілдірілген бұрғылау техникасын енгізу Қазақстанның мұнай өнеркәсібі дамуының жаңа тарихи бетшесін ашты. Станоктар паркін жаңалау және роторлық әдістен бұрғылаудың турбиналық әдісіне көшу Ембі кен орындарында геологиялық барлаудың кең көлемде жүруімен және жоғары өнімді кен орындарының ашылуымен байланысты болды (Г. Темиргалиев. *Борьба за нефть Казахстана (партийное руководство развитием нефтяной промышленности (1920-1970 гг.).* А.-А., «Қазақстан», 1982 г., сс.122-123); «Өнегелі ұя». Ат., «Ақ Жайық», 2009, 11-б.).

Бұдан кейінгі кезеңдерде де Атырау мұнайшылары мен бұрғышылары өздерінің еңбектік міндеттеріне әрқашан адал бола білді. Бұл ретте ерекше көзге түскен Социалистік Еңбек Ерлері Әбдірақманов Ұлықпанды, Балкенжиев Зинелді, Әбілғазым Макутовты, Мұқамбаев Ақашты, Шағырова Нәбираны, Салық Ырысқалиевты, Лениндік сыйлықтың иегерлері Нәрен Имашевті, Жолдасқали Досмұхамбетовті, Қалила Махамбетовті, Ленин орденінің иегерлері Қаратай Айболовты, Өтеғали Ақмолдиевті, Жаулыбай Алдақовты, Еркінғали Алпысбаевты, Айдар Алтасовты, Ермаш Аманбердиевті, Жүсіп Арсылановты, Есім Асабаевты, Аққали және Аманғали Ауысниязовтарды, Қалипа Лукатовты, Хансұлтан Аязбаевты, Аймағамбет Әбішевті, Сәдір Әжібаевты, Бактығали Әубәкіровті, Әбдеш Байарыстановты, Мехмет Байзоллиевті, Сүйеуғали Баймағамбетовті, Қыдыр Бердиевті, Нәзен Бермағамбетовті, Ақтөresh Бисенбаевты, Далапқали Боқаевты, Фатих Ғалымовты, Ертаң Дәріғұловты, Базарбай Мұқановты, АҚШ-та Одақ бойынша алғашқы болып тағлымдама алған Әубәкір Дүйсәлиевті, Ермек Дүтбаевты, Шүрен Елеулиевті, Әбіл Елеусіновті, Боран Ержановты, Әмір және Майшенгел Жоламановтарды, Бибіш Жолдасованы, Сүйрік Самарханованы, Сабырғали Зорбаевты, Иван Зыковты, Жиснғали Құсетдиновті, Шайқым Дәулетовті, Шоқан Мерғалиевті, қос Ленин орденділер Бисенғали Өтеулиевті, Мұқан Сүйесіновті, Шуаққали Қарамсәдиевті, Рамазан Есқариевты, Құби Ілиясовты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері Өтеулі Алдақовты, Ұзақбай Аязбаевты, Тәжік Таңатаровты, Тұрышбай Балжановты,



Сарым Бәшековті, Иван Крепостинді, Тоғызбай Дәулетовті, Беркінғали Досмұхамбетовті, Жанғожа Жұмашевты, Бисен Қарамұрзиевті, Қазақ КСР-інің геолог-барлаушылары Бақтыбай Қалымбетовті, кен орындарын тұңғыш ашушылар Төлеш Құлгелдиевті, Мақаш Рақметовті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегерлері Валентин Петрович Авровты, Мақаш Балғымбаевты, Құмар Балжановты, Болат Еламановты, Орынғазы Есказиевты, Бөлекбай Сағынғалиевті, Асабай Хисметовті, парасатты басшы қызметкерлер Мүтиғолла Мағашевті, Хамза Қуантыровты және басқаларын үлкен құрметпен атап өткен дұрыс болмақ. Олардың ісі мен ғұмыры бүгін де, ертең де жастарға үлгі-өнеге бола бермекші! Барлаушы-бұрғышылардың еңбегі қашан да құрмет пен сүйсінуге лайық!!!

### АСА ТЕРЕҢ БҰРҒЫЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

XX ғасыр адамды әуенің және Әлемдік мұхиттың ең терең тұңғықтарын бағындыруымен данққа бөлеген ғасыры болды. Бұл кезеңде, атап айтқанда, 1950-ші жылдардың аяғында дүние жүзіндегі басты байлық болып отырған мұнай мен газды ең терең бұрғылауларды жүзеге асыру арқылы табу мақсаты алға қойылды. Бұған қоса ғарышқа ұшудың және ғылым мен техниканың керемет жетістіктеріне деген орасан зор сенім пайда болуы сол 60-шы жылдардың басында америкалықтарды ұңғыманың көмегімен Жердің барлық қабатынан өтуге, сөйтіп, жоғары мантияның таужыныстық үлгісін алуға ұмтылдырды, ғалымдардың есептеуінше, жер қыртысы бутерброд тәрізді: үстіңгі қабатында - жас таужыныстар, ал, төменінде – ең ескі таужыныстар жатырған сияқты. Мұны аса терең ұңғымаларды қазу ғана әлгі жобаның дұрыс-бұрыстығын шешіп беретін. Сөйтіп, жер астына тереңдей ену шабуылы басталып кетті. Оның өзіндік тарихы барлығын мына төменде келтірілген кесте дәлелдей алады.





## Әлемнің ең терең ұңғымалары

Ір/с	Ұңғыманың атауы	Мекені	Қазыған жылдары	Тереңдігі (м)	Жобалық тереңдігі (км)	Мақсаты
<i>1. КСРО-дағы (ТМД-дағы) бұрғыланғандары</i>						
1	Аралсордағы 1-Аса терең ұңғыма (АТУ)	Қазақстан, Каспий ойпаты	1962-971	6 800 м		Мұнай мен газ іздеу
	Биікжалдағы 2-АТУ	Қазақстан, Каспий ойпаты	1962-971	6200 м		Мұнай мен газ іздеу
	Кольскідегі 3-АТУ	Солтүстік	1970-1994	12264 м	15 км	Мұнай мен газ іздеу
	Уралдағы 4-АТУ	Орта Урал	1985	5100 м	15 км	Мыс қазбаларын іздеу, Урал құрылымын зерттеу
	Тимаш-Печорадағы 5-АТУ	Солтүстік-шығыс	1984-1993	6904 м	7 км	Мұнай мен газ іздеу
	Тюменьдегі 6-АТУ	Батыс Сібір	1987-1996	7502 м	8 км	Мұнай мен газ іздеу
	Ен-Яхталық 7-АТУ	Батыс Сібір		6900 м	7,5 км	Мұнай мен газ іздеу
	Кривой Рогтағы 8-АТУ	Украина	1984-1993	5382 м	12 км	Темірлі кварциттерді іздеу
	Саатлдық	Әзірбайжан	1977-1990	8324 м	11 км	
	Мұрынтаудық 10-АТУ	Өзбекстан	1984	3000 м	7 км	Алтын іздеу
	Колвиндік	Архангель облысы	1961	7057 м		
	Ново-Елховтық	Татарстан	1988	5881 м		



Воротилловтық ұнғыма	Еділ өңірі	1989-1992	5374 м		Алмас іздеу
<i>II. Шетелдерде бұрғыланғандары</i>					
Юниверсити	АҚШ	1970-ші жж. басы	8686 м		Мұнай мен газ іздеу
Бейден-Юнит	АҚШ	1970-ші жж. басы	9159 м		Мұнай мен газ іздеу
Берта-Роджерс	АҚШ	1970-ші жж. басы	9583 м		Мұнай мен газ іздеу
Цистердорф	Австрия	1980-ші жж.	8553 м		Мұнай мен газ іздеу
Сильян-Ринг	Швеция		6800 м		Мұнай мен газ іздеу
Бигхори	АҚШ, Вайоминг		7583 м		Мұнай мен газ іздеу
КТВ Hauptbohrung	Германия	1990-1994	9100 м	10 км	Ғылыми тұрғыда бұрғылау

1958 жылы АҚШ-та аса терең бұрғылаудың «Мохол» (бұл атау жер қыртысы мен мантияның ара шегін – Мохоны бөлген хорват ғалымы Мохоровичичтің тегінен және ағылшынның «hole», яғни ұңғыма деген сөздерінен құралған екен) бағдарламасы жасалып, мұхит астындағы жер қыртысы материктегіден жұқа болады деп дәлелдеген геофизиктердің ұйғарымымен су астында 5 км бұрғылау жасау жоспарланды. 1961 жылғы сәуірде Кариб теңізіндегі су тереңдігі 3,5 км болатын Гваделупа аралында геологтар бес ұңғыма қазып, бар болғаны 183 метрге жетті. Оның нәтижесі жер қыртысының жоғары қабатындағы күтілген граниттің орнына мүлдем басқа базальтты алумен аяқталды. Қорытындысы осындай болғандықтан бағдарлама қаржыланбады және тоқтатылды. Алайда, ол мұхитта аса терең бұрғылама жүргізуге болатынын көрсетіп берді.

Осы кезден бастап әлем жұрты «аса терең бұрғылау науқасына» шалдықты. АҚШ мұхитта бұрғылаудың жаңа бағдарламасын жасақтап, арнайы жабықталған «Гломар Челленджер» кемесін суға түсірді, ол ең тереңі 760 м болған 800-дей ұңғыманы қазды. Олардан



қалғысы келмеген КСРО 1962 ж. мұхитта емес, континентте бұрғылау жүргізудің «Жер қойнауын зерттеу және аса терең бұрғылау жүргізу» бағдарламасын қабылдады. Бұрғылау техникасы институты кристал жыныстарды бұрғылау мүмкіндігін төрт жыл бойы зерттей келе, жердің терең қабатының ыстық емес, яғни бұрғылау кезінде аса ыссылықпен кедергі келтірмейтін орнын табу туралы тұжырымға келді. Ондай орын бар болып шықты, ол жаралғалы миллиард жылдар өткен, 15 км тереңдіктегі температурасы 150 градустан аспайтын Кольск түбегі екен, жұмыс 1970 ж. мамырда басталды, жобалық тереңдік, АҚШ-та қабылданғандай, 15 км болып белгіленді. Онда әуелі - салмағы 200 тонна, жеңіл құбырлы «Уралмаш 4Э» қондырғысы, кейін бұрғылау ісінің тереңдігі 7 км-ден асқан соң - жаңа «Уралмаш 15000» қондырғысы қолданылды, қондырғының биіктігі 68 м-ге жетті. Әрбір 8-10 метр қазылған соң құбыр көтеріліп алынатын, оны ұңғымаға жіберу мен көтеру ісі 18 сағатты жоятын.

Қазақ бабамыз ежелден қасиетті санайтын сандардың бірі «7» саны болып табылады. Бұл сан әлемдегі барлық дерлік аса терең бұрғылаушылар үшін кеселді сан болып шықты. Кольскіде, Германиядағы КТВ Хауптборунгта осындай тереңдікке жеткенде қиындықтар туды: тігінен бұрғылау жүйесі бұзылды, бұрғылау оқланы қисық кетті, оның қабырғалары жарылып түсе бастады (мұның аспапты басып тастау қаупі болатын), құбыр колонналары үзіліп қала берді, соңғысы кеңінен тараған ұнамсыз құбылыс болды. Ақырында, жаңаша техниканы жасау мен дайындау ұзақ уақыт пен аса көп қаржыны талап ететін болғандықтан да 1994 ж. Кольскідегі бұрғылау жұмыстары тоқтатылды.

Оның тағы бір нәтижесі жер қыртысының екі қабаттан тұратындығы туралы бұрыннан орын алған ұғымның терістігін дәлелдеді. Жер қойнауындағы тастардың жер тереңдеген сайын түрліше қасиеттерге ұшырайтындығы белгілі болды. 9 км-ден бастап жер қыртысы өте уақ тесікті және көптеген жарыққа бөлінген бола береді екен, олармен су ерітінділері айналып тұрады, мұның дұрыстығын кейіннен әлемнің барлық дерлік ұңғымалары көрсетіп берді.



Бұрын құпия болып келген осы Кольск ұңғымасын әлем жұртшылғы өкілдеріне көрсеткеннен кейін оларға бұл үлкен әсер берді, көптеген мемлекеттер осы бағыттағы өздерінің бағдарламаларын жасақтап, іске кірісті.

2008 жылға дейін әлемдегі ең терең бұрғыланған ұңғыма Катардың Әл-Шахин мұнайлы алқабындағы Maersk Oil үшін Transocean компаниясы қазған ұңғыма болды, оның тереңдігі 12 мың 289 метр еді. Одан сәл ертерек, кеңес заманында Кольскідегі аса терең ұңғыма 12 мың 261 метр қазуымен 1997 жылы Рекордтардың Гинесс кітабына кірген болатын.

Жақында, 2011 жылы бұл рекорд тағы жаңартылды: Сахалин түбегіндегі Одопту кен орнындағы көлбеу ұңғыма 12 мың 345 метр қазды, мұны ресейлік «Сахалин – 1» кайрандық жобасы бойынша жұмыс жасайтын Exxon Neftegas компаниясы жүзеге асырды. Аталмыш ұңғыма сонымен бірге кенжар (забой) мен көлденең бұрғылау нүктесі арасындағы арақашықтық жөнінде де (ол 11 мың 475 метрді құрайды) дүние жүзі бойынша бірінші орынға шығып отыр. Охот теңізі астына жіберілген осы ұңғыма барлығы 60 күннің ішінде жүзеге асырылып, 28 қаңтарда аяқталды.

Ғалымдар мен мамандардың жобалауынша «Сахалин – 1» жобасы Ресей экономикасына 70 миллиард доллардан астам пайда келтіретін көрінеді, жоба басталғалы бері 4 миллиард доллар түскен екен. Бұл жоба әлеуетті қоры 307 миллион тонна (2,3 миллиард баррель) мұнай және 485 миллиард текше метр (17 триллион текше фут) газ болып есептелетін Чайво, Одопту және Аркутун-Даги кен орындарын бұрғылауды қамтиды. Жобаны жүзеге асыруға америкалық Exxon Neftegas Limited компаниясы (30%, жобаның операторы), «Роснефть» компаниясы (20%), үндінің ONGC компаниясы (20%), Sodeco компаниясы (30%) қатынасууда. «Сахалин – 1» жобасының жалпы құны 20 миллиард долларды құрайды. Оның ауқымында қоры 150 миллион тонна мұнай мен 500 миллиард текше метр газ деп есептелетін Пильгун-Астох және Лунск кен орындарын игеру көзделуде.

Ал, су астында бұрғыланған ең терең ұңғыманы қазу рекордын



1978 жылы америкалық мұхиттанушылар (океанолог) Мариан ойпатында ориатты, ұңғыманың өзінің тереңдігі барлығы - 15,5 м, түбіне дейінгі арақашықтық - 7034 м, жалпы тереңдік - 7049,5 м болды. Кейін жапондықтар бұл межеден де асып түсті: Жапон ойпатында бұрғыланған ұңғыманың жалпы тереңдігі - 7740 м, ұңғыманың өзінің тереңдігі - 856,5 м, мұхиттық тереңдігі - 6883,5 м еді. Жоғары қабаттан ойпаттың түбіне дейін осындай арақашықтыққа жеткен соң ғана бұрғылау техникасы жұмыс жасай бастады (*Бұл деректер БАҚ-тың материалдары бойынша беріліп отыр*).

Жер қабаттарына аса терең бұрғылама жасау ісін бүгінде тегіннен-тегін ғарышты игерумен теңестіріп жүрген жоқ. Ол осындай ауқымымен қазіргі таңда адамзат игеріп отырған барлық жақсыны бойына жинай отырып, елдегі өнеркәсіптің, техниканың көптеген салаларының дамуына түрткі жасайды, сөйтіп, нәтижесінде ғылымда жаңа серпілістің тууына негіз салады. **Аса терең бұрғылаудың міне, осындай аса маңызды ерекшеліктері мен артықшылықтары бар!!!**



ҮШІНШІ БӨЛІМ

**МҰНАЙЛЫ  
ЖЕМНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНДЕ  
БҰРҒЫШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ  
ҰШАН-ТЕҢІЗ**

(Атырау өңіріндегі бұрғылау ұйымдары мен  
мекемелері туралы)



## «Ембімұнай» бірлестігінің бұрғылау саласындағы ұйымдастыру құрылымдарының тарихы

Бұрғылау саласының ұйымдастыру құрылымдарының тарихы 1922 жылдан 2000 жылға дейін «Ембімұнай» бірлестігінің даму тарихымен біте қайнасып келді. Әр уақытта бұрғылауды жоспарлау, қандай мекемелер қай жерде қандай құрылымдармен, қандай қондырғылармен іздеу-барлау пайдалану ұңғымаларын бұрғылау керектігін Бірлестіктің бас мамандары анықтап, басшылары бекіткен соң бұрғылау мекемелеріне тапсырыс беріп отырған. Бірлестіктің басшылық құрылымында бұрғылау мекемелерінің жұмыстарын үйлестіруші және жалпы басқару қызметін атқаратын бірінші басшының орынбасары, болмаса мамандырылған бөлім болған. Өндірісте бұрғылау жұмыстарын жүргізетін мұнай кәсіпшілігінің құрамындағы бұрғылау цехтарының, барлау бұрғылауының, бұрғылау кеңселерінің өз басқармашылығы, өндірісті басқару, жүргізу жүйесін қамтамасыз ететін бөлімдері, бас мамандары, бұрғылау бригадалары болған / *қараңыз, 1-сызба* /.

Мұнай өнеркәсібінде мұнай өндіруші кәсіпшіліктердің ұйымдастыру құрылымдары тұрақтылыққа бейімді болып келеді. Мұнай өндірушілердің ажырамас бір саласы болып табылатын бұрғылау мекемелерінің құрылымдары сұранысқа байланысты жиі өзгеріп тұрған.


Бастамасында бұрғылау цехтары мұнай кәсіпшілігінің құрамында болса, кейіннен бұрғылау жұмыстарының көбеюіне және күрделенуіне байланысты өзіндік штаты, бухгалтерлік балансы бар жеке кеңселер, басқармалар және дамып келе жатқан бұрғылау саласының басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Бірлестіктің басшылық аппаратында техникалық директорға бағынышты өндірістік техникалық басқарма құрылған (*қараңыз, 2,3,4,5,6- сызбалар*).

«Ембімұнай» бірлестігінің 1929 жылғы 25 қазандағы 19-нөмірлі бұйрығымен келесі бөлімшелер ұйымдастырылады:

1. Кәсіпшіліктердің оңтүстік тобындағы терең барлама бұрғылау жұмыстарының басқармасы (бөлімі) (Атыраудағы Доссор кентіне орналасады) – директоры Лысянский Г.Н.

Орал-Ембі ауданының мұнай кәсіпшіліктеріндегі басқару штатының сызбасы (1922-1924 жж.)


№1 сызба





## Орал-Ембі мұнай кәсіпшіліктері басқармасының (ОЕМКБ) (1925-1929 жж.) сызбасы

№2 сызба





2. Кәсіпшіліктердің солтүстік тобындағы терең барлама бұрғылау жұмыстарының басқармасы (бөлімі) (Ақтөбенің Темір ауданына орналасады) – директоры Сабыр Шәріпов.

«Ембімұнай» тресінің 1930 жылғы 18 қыркүйектегі № 322 бұйрығына сәйкес Доссор кентіндегі Терең бұрғылау бөлімі - Геологиялық барлау кеңсесі болып, ал, 1 қазаннан бастап - Темір ауданындағы Терең бұрғылау бөлімі - Солтүстіктегі барлау жұмыстарының кеңсесі болып қайта құрылады.

«Ембімұнай» тресінің 1930 жылғы 14 қазандағы № 4 бұйрығына сәйкес Доссор мен Мақат кәсіпшіліктерінде Бұрғылау жұмыстарының кәсіпшіліктік кеңселері ұйымдастырылады. Олардың меңгерушілері болып Доссор бойынша - В.Н. Гладышев, Мақат бойынша - Р.И. Лангава тағайындалады.

1943 жылы Геологиялық іздестіру кеңсесінің орнына Одақ бойынша мұнай және газ кен орындарын барлайтын Мемлекеттік «Қазақстанмұнайбарлау» тресі құрылды. Трестің құрамына әртүрлі уақыттарда Құлсары, Қошқар, Сағыз, Комсомольск, Қосшағыл, Қаратон т.б. мұнай кәсіпшіліктеріндегі пайдалану және барлау ұңғымаларын тұрғызатын бұрғылау цехтарымен қатар кәсіпшіліктерден алыс жатқан Тақырбұлақ, Қаратон, Ұшқан, Төлес, Мақат, Опорная, Оңтүстік Ембі, Қарашүңгіл, т.с.с. алаңдарда бұрғылау жүргізу үшін Барлаушылар деген ұйымдар кірген. 1948 жылы трестің құрамындағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылайтын бригаданың саны - 14-ке, ал іздеу- барлау бригадаларының саны - 24-ке жетті.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1950 жылғы қарашаның 12-ші жұлдызындағы № 113 бұйрығымен дербес балансы бар, толық шаруашылық есепке негізделген трест - «Қосшағылмұнай» тресі құрылады. Оның орналасатын жері - Құлсары кәсіпшілігі деп көрсетілген. «Қосшағылмұнай» тресінің құрамында мыналар ұйымдастырылады:

1. Құлсары, Қосшағыл, Мұнайлы мұнай кәсіпшіліктеріндегі бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін Құлсары кентінде де бұрғылау кеңсесі құрылады. Директоры – И.С. Крепостин, бас инженері - Д. Үсенов, аға инженері –М. Маташев.


2. Жаңа барлау орындары:

2.1. Новобогат мұнай барлау орны – Новобогат кентінде;

2.2. Мақат /Опорный/ мұнай барлау орны - Мақат кентінде;

## «Ембімұнай» тресінің ұйымдық құрылымы (1929-1931 жж.)

№3 сызба





2.3. Төңірекшын мұнай барлау орны – Қосшағыл кентінде;

2.4. Данғар мұнай барлау орны – Доссор кентінде.

Одақтық Мұнай өнеркәсібі министірлігінің 1950 жылғы қазанның 10-шы жұлдызындағы 1393-нөмірлі бұйрығын орындау мақсатында «Қазақстанмұнай» бірлестігінің желтоқсанның 22-жұлдызындағы 144-нөмірлі бұйрығымен бірлестіктің өз құрамында Бұрғылау жөніндегі басқарма құрылады. Бұл басқармаға «Қазмұнайбарлау» тресі, Құлсары бұрғылау кеңсесі, «Қосшағылмұнай» тресінің көлік кеңсесі және Жол салу және жөндеу кеңсесі бағындырылады.

1951 жылы «Қазмұнайбарлау» тресінің құрамына келесі мекемелер кірді:

1. Құлсары терең барлама бұрғылау кеңсесі;
2. Новобогат жеке мұнай барлау орны;
3. Опорныйдың нөмірі 4-ұңғымасы және Новоказанка жеке мұнай барлау орны;
4. Гурьев қаласындағы Геологиялық іздеу кеңсесі;
5. Құлсары автокөлік кеңсесі;
6. Доссордағы механикалық шеберхана.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1951 жылғы 29 қаңтардағы 22-нөмірлі бұйрығына сәйкес Құлсары бұрғылау кеңсесі «Қосшағылмұнай» тресінің құрамынан шығарылып, Бірлестікке тікелей бағынатын мекемелер қатарына қосылды.


«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1951 жылғы маусымның 5-ші жұлдызындағы 150 «в» нөмірлі бұйрығымен Манғыстау түбегіндегі Төбежік ауданында Крелиустік барлау мекемесі құрылады.

Кеңес Одағындағы Мұнай өнеркәсібі министірлігінің 1952 жылғы 22 наурыздағы № 480 бұйрығымен «Қазақстанмұнайбұрғылау» тресі құрылады.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің сол жылғы шілденің 3-ші жұлдызындағы №67 бұйрығының қосымшасы бойынша «Қазақстанмұнайбұрғылау» тресінің құрамына Құлсары бұрғылау кеңсесі мен Қаратондағы бұрғылау цехы беріледі.

## Бұрғылау жұмыстарын ұйымдастырудың сызбасы (1943 ж.)


Ал 4 сызба






«Ембімұнай» өндірістік бірлестігінде бұрғылау жұмыстарын ұйымдастырудың (1950 ж.) сызбасы

№5 сызба



## «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінде бұрғылау жұмыстарын ұйымдастырудың (1951 ж.) сызбасы

№6 сызба





«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1953 жылғы қыркүйектің жетінші жұлдызындағы № 270 «в» бұйрығымен бірлестіктің өзіне тікелей бағынышты Қаратон бұрғылау кеңсесі құрылады. Оның құрамына алты бұрғылау бригадасы мен бір ұңғымаларды сынақтан өткізу бригадасы кіреді. Кеңсенің директоры - Б. Қарамұрзиев, ал, бас геологы – Елкин болды.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1953 жылғы қарашаның алтысындағы № 317 «в» бұйрығымен «Қазақстанмұнайгазбарлау» тресінің құрамындағы Бұрғылау кеңсесіне карасты Қарсақ және Ақнияз терең барлама бұрғылау орындары Жылой ауданында құрылады. Сол бұйрықпен Қызылқұдық және Қарашүңгіл барлама бұрғылау орындары таратылады.

Халық шаруашылығы Кеңесінің 1957 жылғы сегізінші сәуірдегі қарары бойынша «Қазақстанмұнай» бірлестігінің құрамында «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресі (директоры О.А. Бердіғожин) құрылады

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1958 жылғы 13 ақпанындағы № 17 бұйрығы бойынша келесі құрылымдық бөлімшелер:

1. Мақат терең бұрғылау кеңсесі (Атыраудағы Доссор кентінде орналасады);

2. Маңғыстау терең бұрғылау кеңсесі (Маңғыстаудағы Таушық селосына орналасады) құрылады.

Ал, бұрынғы Құлсары бұрғылау кеңсесі таратылады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылдың 18 тамызында шыққан № 721 қарары бойынша «Қазақстанмұнайбарлау» тресінің атауы енді Батыс Қазақстан геологиялық басқармасы болып өзгертіліп, оның қарамағына «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресі беріледі *(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1015-қор, 1-тіз., 742, 793-істер)*.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1958 жылдың 1 қыркүйегіндегі қарарымен Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының негізінде Қазақ КСР-і Геологиялық министрлігінің Батыс Қазақстан геологиялық басқармасы құрылады *(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1015-қор, 1-тіз., 72, 73, 74-істер)*.

Осы мерзімге дейін Қазақстанда көмірсутегін іздеу және барлау жұмыстары Кеңес Одағының Мұнай және Геология министрліктерінің құзырында болса, жаңадан құрылған Батыс Қазақстан геологиялық басқармасында іздеу және барлау қызметтерінің шеңберін Қазақстандық





геологтарының өздері анықтап, кеңейтуге мүмкіндік туғызылды.

«Ембімұнай» бірлестігі Кеңес Одағының Мұнай министрлігінің қарамағындағы пайдалану ұңғымаларын тұрғызумен қатар іздеу және барлау қызметтерін жалғастыра берді.

№2 сызбада көрсетілген кенорындарының 1920 – 1960 жылдардың аралығындағы ашылғандары «Ембімұнай» бірлестігі бұрғышыларының еңбегі болса, 60-шы жылдардан бастап Қазақстан Республикасының егемендік алғанына дейінгі мерзімде кен орындарын геологтар, болмаса мұнайшылар ашты деген ұғым қолданылып жүрді. Соңғы 20 жылда белгілі себептермен іздеу-барлау және бұрғылау жұмыстарының қарқыны өте бәсеңсіп кетті және нарықтық экономиканың заңдарына сәйкес барлық қызметтер тек тапсырыспен тендерді жеңіп алған бұрғышы мекемелері барлау қызметтерін жүргізеді. Сондықтан, алдағы уақытта кен орындарын геолог бұрғышылар не болмаса мұнайшы бұрғышылар ашты деген ұғымның қолдануының орнына тапсырыс берген мекеменің аты жазылатын болар.

1960 жылы Қаратон бұрғылау кеңсесі таратылып, орнына Қаратон мұнай кәсіпшілігінің бұрғылау цехы құрылады.

1962 жылғы 11 ақпанда Прорва барлау алаңында №1 ұңғымада орын алған ашық мұнай және газ бұрқағы үлкен кенорнының ашылғаны жария етті.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1962 жылғы 5-ші маусымдағы №163-і бұйрығымен Прорва кенорнында бұрғылауды ұйымдастыру жөнінде шаралар алынады.

1963 жылға дейін әрбір мұнай кәсіпшілігінің асқармасында өздерінің бұрғылау цехтары болғаны бәрімізге белгілі. Тек 1963 жылы ғана Батыс Қазақстан экономикалық әкімшілік ауданының 1963 жылдың 5 қаңтарындағы №3 Қаулысына сәйкес Прорва бұрғылау кеңсесі ұйымдастырылды.

Қаулыда былай деп атап көрсетілді:

«Жаңа ірі Прорва мұнай кен орнының жасақталынып, іске қосылуына және Қаратон-Прорва аудандарында бұрғылау жұмыстарының шоғырландырылуына, сонымен қатар, ұңғымалар тереңдіктерінің күрт өсуіне байланысты 1963 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстанмұнай» бірлестігі тағайындаған еңбек және әкімшілік-басқару қызметкерлері бойынша шектеулерінің және бұрғылаудағы



тіркеме қағаз бен әкімшілік-шаруашылық шығындарының шектеулері шегінде «Қазақстанмұнай» бірлестігіне тікелей бағынатын екінші санатты Прорва бұрғылау кеңсесі құрылсын.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы Ж.А. Досмұхамбетов жолдасқа:

а) 1963 жылға арналған бұрғылау жоспарының 63,2 мың метр көлемінде жүзеге асырылуы, соның ішінде 8 мың метрі барлама бұрғылау және 55 мың метрі пайдаланымдағы бұрғылау болуы, мұның 35 мың метрі Прорва кен орнында жүзеге асырылуы камтамасыз етілсін;

ә) Прорва бұрғылау кеңсесі құрамында Прорва және Қаратон бұрғылау телімдері, мұнара құрастыру, шегендеу, турбиналы құбыр цехтары, сонымен бірге, аспаптар алаңшасы бар материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау базасы және механикалық шеберхана ұйымдастырылсын;

б) Қаратон МКБ-сындағы, Байшонас МКБ-сындағы, Құлсары ІМК-сындағы бұрғылау цехтары таратылсын». Одан әрі қарай бұйрықтың мәшенкеге соғылған үш бетінде кімнің база жобасын жасайтыны, кімнің қондырғыларды орнататындығы, тағы да қандай құрылымдардың құрылуы қажеттігі, т.с.с жазбалар басылған.

Жоспарлы шаруашылыққа тән ретте барлығы да егжей-тегжейлі көрсетіліп жазылған. Бұрғылау кеңсесінің директоры болып - Мүтиғолла Маташұлы Маташев, бас инженері болып - Хамза Қуантырұлы Қуантыров тағайындалды. Екеуі де Гурьев мұнай техникумының - бірі - 1937 жылғы және екіншісі 1951 жылғы түлектері еді. Ал, бас геолог болып - Қожыбай Әлжанұлы Дәулетов, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы болып - Әшім Уәлиев тағайындалды.

1963 жылдан 1971 жылға дейін бұрғылау көлемі көрсетілген №1 кесте де назар аударуды қалайды.



№1 кесте

Жылдар	Бұрғылау көлемі, мың метр		
	Барлығы	Оның ішінде	
		Пайдал.	Барлан.
1963	42400	33900	8500
1964	52800	50100	2700
1965	54100	50400	3700
1966	62100	60300	1800
1967	67000	60200	6800
1968	72000	58700	13300
1969	51500	42200	9300
1970	46700	35100	11600
1971	30500	14300	16200
Жиыны:	479100	405200	73900

Мұнай өндірудің жылдық көрсеткіші 1963 жылғы 1580 мың тоннадан 1971 жылғы 2861 мың тоннаға дейін өсті. Бұл мұнайшы-бұрғышылардың Ембі аймағындағы мұнай өндіруді дамытуға қосқан лайықты үлесі болды.



**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**

**БАЛЫҚШЫ БАРЛАМА  
БҰРҒЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ –  
БЕРЕКЕ МЕН  
ИГІЛІКТЕР БАСТАМАСЫ**

**(басқарманың қалыптасу және даму тарихы)**



Бізге берілген өмір қысқа,  
бірақ өмірдің ізгі істері  
туралы естелік мәңгі.

*Цицерон*

## БАЛЫҚШЫ БАРЛАМА БҰРҒЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

### І. Ембіде мұнай саласының дамуына бұрғылау кәсіпорындарының қосқан үлесі

1971 жылдың 16 тамызында КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Ембімұнай» бірлестігінде геофизикалық барлама бұрғылау және құрылыс жұмыстарын күшейту туралы» №437 бұйрығы шықты.

Мұнай өнеркәсібі министрлігінің бұл бұйрығын орындау мақсатында «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі 1971 жылдың 7 желтоқсанында №101-П Бұйрығын шығарады, бұл бұйрыққа сәйкес 1972 жылдың 1 қаңтарына дейін Прорва бұрғылау кенесі мен «Кенқияқмұнай» МГӨБ-сінің (НГДУ) бұрғылау цехы таратылады да, олардың негізінде Гурьев (Атырау) облысының Балықшы ауданында орналасатын, құрамында орталық-технологиялық қызмет болатын Балықшы барлама бұрғылау басқармасы құрылады.

Алғашқылар болып тағайындалғандар: басқарма бастығы - Мүтиғолла Маташұлы Маташев, бас инженері - Хамза Қуантырұлы Қуантыров, бас геологы - Мақаш Балғымбайұлы Балғымбаев, басқарма бастығының орынбасары - Зияиддин Мәжитұлы Айдыналиев, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы - Екібай Жәрдемұлы Махамбетов болды.

1972 жылдың басында басқарма Атырау қаласындағы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің коммуналық базасының ескі ағаш ғимаратында орналасты, ол жерде қазір Уәлиханов және Махамбет көшелерінің қиылысында энергетиктердің үйлері тұрғызылған.

Содан кейін басқарма «Ембімұнай» бірлестігінің болашақ өндірістік базасы болатын орынға, яғни телемұнара ауданы маңындағы вагонды



қалашыққа көшіп барды. Мұнда басқарма бастығы ауыстырылды. «Ембімұнай» бірлестігінің 1972 жылдың 17 қарашасындағы №276 бұйрығымен енді М.М. Маташевтың орнына «Ембімұнай» бірлестігінің бұрғылау жұмыстары жөніндегі өндірістік бөлімін 1957 жылдан бергі үзіліссіз басқарып келген, Гурьев (Атырау) мұнай техникумының - 1942 жылғы, Баку индустриалдық институтының - 1954 жылғы түлегі Шилимов Евгений Лаврентьевич бастық болып тағайындалды. 1973 жылы басқарма халық арасында «шұжық» деп аталатын, койма орны ретінде тұрғызылып жатырған қосалқы ғимаратқа орналасты. Негізгі ғимаратқа сыймағандар вагон үйшіктерге орналасты.

Бұл кезеңде Оңтүстік Ембі мұнайлы ауданындағы тұзасты түзілімдерде іздестіру жұмыстары басталды да, «Нижеволжскнефть» өндірістік бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Волгоград басқармасының бірнеше бұрғылау бригадалары Қаратон құрылымында жаңаша жұмыстарды қолға алды. Жаңадан құрылған Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының терең ұңғымалар қазу бойынша тәжірибесі болмағандықтан, «Нижеволжскнефть» өндірістік бірлестігінің мамандары мен жұмысшыларын бұрғылау ісіне тарту ұйғарылды. Бұл уақытта жаңа басқарма жас мамандармен - В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының, И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия институтының, Украинаның Ивано-Франковск мұнай институтының, Әзірбайжан мұнай-химия институтының және т.б. оқу орындарының түлектерімен толықтырылды.

1973 жылғы 19 наурыздағы №30 бұйрықпен басқарма бастығы міндетін уақытша атқарушы болып, «Ембімұнай» бірлестігі бастығының бұрғылау жөніндегі орынбасары, И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия институтының 1951 жылғы түлегі Хисметов Асабай Хисметұлы тағайындалды. Осыған орай басқармаға жұмысқа Асабай Хисметұлының бұрын бірлесіп қызмет жасаған Манғышлақ мұнай барлау экспедициясынан мамандар келе бастады. Сонымен, бүкіл ұжымның, соның ішінде жас мамандардың кәсіби өсуі үшін қолайлы жағдайлар туа бастады. Ембі мұнайшыларының, Манғышлақ геологтарының, Волгоград бұрғышыларының іс-тәжірибелері Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының алдына қойылған міндеттерді шешуге бағыттала отырылып, қысқа мерзімде «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі құрамында аталмыш басқарманың тиімді басқару жүйесін



құруға көмектесті және бұрғылау жұмыстары бойынша сол кездегі ірі табысқа қол жеткізілді. Осы кітапта берілген №2 кесте 1971-1977 жылдарғы бұрғылау жұмыстарының қарқыны мен нәтижесі туралы нақты деректер бере алады.

«Ембімұнай» өндірістік бірлестігі құрамында барлама бұрғылау басқармасын қурумен бір мезгілде Гурьев (Атырау) қаласындағы өндірістік аймақта және Құлсары кентінде базалары бар Өндірістік-техникалық тұрғыда қызмет көрсету және жабдықтарды жинақтау басқармасы, Гурьев (Атырау) қаласында және Құлсарыда Технологиялық көлік басқармалары ұйымдастырылды, «Ембімұнайқұрылыс» тресі және басқалары құрылды. Яғни, барлық Гурьев (Атырау) облысы бойынша Батыстағы қос өзен аралығын, Шығыстағы Ақтөбе облысының Кеңқияқ жеріне дейін және оңтүстікте тұзүсті түзілімдер құрылымының Прорва тобы мен Қаратон, Пустынный және т.б. тұзасты түзілімдердегі мұнай кен орындарында барлаумен және пайдалану бұрғылауымен айналысатын бұрғылау бригадаларын қамтамасыз етуді мақсат тұтатын базалар құрыла бастады.

Іздестіру-барлау жұмыстарымен ондаған жаңа құрылымдар қамтылды. Бұл жерде қорлардың өсуі туралы мәліметтерді келтірмей-ақ қояйық. Оқырмандарға өткен замандарда Кеңес Одағында геологиялық барлау бұрғылау жұмыстарын жүргізуде Геология министрлігінің ерекше артықшылық құқығы болғанын білу қызығушылық тудыратыны сөзсіз. Әрбір одақтас республикада қорларды есептеудің қорғалуынан кейін кен орындарын КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігіне тапсыратын өздерінің жеке Геология министрліктері болды. Әрбір республикада Мәскеудегі Одақтық Министрлікке бағынатын мұнай бірлестіктері болды. Яғни, Қазақстан Республикасында мұнай істері жөніндегі өзінің ведомствосы болмады. Бұл тек мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. 1994 жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының Мұнай өнеркәсібі министрлігі құрылды.

Өткен ғасырдағы 70-жылдардың басында барлау алаңдарында ауысымдық вагон қалашықтар, асханалар пайда бола бастады. Жайық өзені жағалауында ауысымдық жұмысшылардың, барлаушылардың, кәсіпшіліктіктердің отбасыларымен тұрақты мекендеуіне арналған бұрғылаушылар қалашығының құрылысы басталды. Қазір бұл Ақжар



қаланығы деп аталады.

Бұрын кәсіпшіліктік мұнайшылар өз тұрақтарын кен орындарына тікелей жақын жерден тұрғызып келген болатын. Қазіргі кездегі Доссор, Мақат, Байшонас, Ескене, Комсомольск, Қошқар кенттері, Жаңа Өзен, Құлсары қалалары осылай пайда болған еді. Мұнай мен газдың жаңа кен орындарын игеруге деген осындай көзқарас өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғына дейін сақталды. Тек қатынасы қиын болатын Сібірдегі тайгалық жазықтағы ірі кен орындарының ашылуына байланысты жаңа кен орындарын игерудің ауысымдық әдісі енгізіле бастады.

1976 жылы Балықшы басқармасында 26 бұрғылау бригадасы жұмыс жасады, оның 11 бригадасы - 5 кен орнындағы пайдалана бұрғылаумен, 15 бригадасы - 10-нан астам алаңдағы барлама бұрғылаумен айналысты. Осындай кең ауқымдық иелікті басқару өте қиын болды. «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі тағы да бір дербес бұрғылау жұмыстары басқармасы мен бөлек мұнара құрастыру және шегендеу кеңселерін құру туралы шешім қабылдады.

Балықшы басқармасын басқару бұрынғыша Асабай Хисметұлына қалдырылды, бас инженер Екібай Жәрдемұлы Махамбетов енді Бұрғылау жұмыстарының Каспий маңы басқармасының бастығы болып тағайындалды.

Бұлардан әрбір басқарманың тек басқару буынын ғана атап кетейік.

**Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы бойынша:**

бастығы – Хисметов Асабай Хисметұлы;

бас инженері – Тардонов Борис Константинович;

бас геологы – Балғымбаев Мақаш Балғымбайұлы;

өндірістік-техникалық бөлімнің (ӨТБ-ПТО) бастығы - Байзақов Төлеген Байзақұлы;

Орталық инженерлік-техникалық қызмет (ОИТҚ-ЦИТС) бастығы – Жұмалиев Жолдас Әбітұлы.

**Бұрғылау жұмыстарының Каспий маңы басқармасы бойынша:**

бастығы - Махамбетов Екібай Жәрдемұлы;

бас инженері – Самойлов Владимир Андреевич;

бас геологы – Рақметов Мақаш Рақметұлы;

өндірістік-техникалық бөлім бастығы (ӨТБ-ПТО) – Ілиясов Мұрат Ілиясұлы;





Орталық инженерлік-техникалық қызмет (ОИТҚ- ЦИТС) бастығы –  
Қуантыров Хамза Қуантырұлы.

**Балықшы барлама бұрғылау басқармасына** Прорва тобының Шығыс Прорва, Батыс Прорва, Досмұхамбетов тұзүсті құрылымдарындағы, Орталық Прорва мен Солтүстік Колтықтың тұзасты түзілімдеріндегі жұмыстарды жалғастыру тапсырылды. **Бұрғылау жұмыстарының Каспий маңы басқармасы** пайдаланым және барлама бұрғылауымен бүкіл Гурьев (Атырау) облысы бойынша Қос өзен аралығынан Кеңкияққа дейінгі және Мақат пен Жылыой аудандарына дейінгі тұзүсті түзілімдеріне және Пустынная алаңындағы тұзасты түзілімдеріне шықты.

Пайдалана бұрғылаудың да, барлама бұрғылаудың да көлемдері жыл сайын өсіп отырды.

1978 жылдан 1980 жылға дейінгі бұрғылау жұмыстарының көрсеткіштері №№2,3 кестелерде көрсетілген.

№2 кесте

Жылдар	Бұрғылау көлемі, метр		
	Барлығы	Оның ішінде	
		Пайдалан.	Барлан.
1971	30500	14300	16200
1972	27800	13400	14400
1973	50000	24500	25500
1974	57800	33600	24200
1975	87400	50400	37000
1976	90500	50300	40200
1977	120000	70000	50000



№3 кесте

Жылдар	Бұрғылау көлемі, мың метр		
	Барлығы	Оның ішінде	
		Пайдалан.	Барлан.
1978	131,1	66,0	65,1
1979	162,7	91,3	71,4
1980	181,2	100,2	81,0
1981	177,1	108,5	68,6

Ал, мына төмендегі №4 кестеде орта тереңдік және коммерциялық жылдамдық бойынша құрылыстары аяқталған ұңғымалардың сандары жөніндегі мәліметтер берілген.

№ 4 кесте

Жылдары	Құр.аяқт. ұңғыма саны (ұңғыма)		Орташа тереңдік (м.)		Коммерц. жылдамдық (м/ст.-ай)	
	Пайд.	Барл.	Пайд.	Барл.	Пайд.	Барл.
1978	60	22	1010	2528	1072	328
1979	79	29	1114	1998	894	421
1980	120	32	850	2194	1162	502
1981	125	34	887	2094	1119	421

«Ембімұнай» өндірістік бірлестігі бойынша мұнай өндіру көлемінің пайдалана бұрғылаудың көлеміне тәуелді болғандығын №5 кестедегі деректер көрсетеді.

№5 кесте

Жылдары	Пайдалану бұрғылауы көлемі (мың метр)	Өндіру көлемі (мың тонна)
1971	14,3	2861,0
1972	13,4	3003,0
1973	24,5	3253,0
1974	33,6	3509,0



1975	50,4	3760,0
1976	50,3	3950,0
1977	70,0	4118,0
1978	66,0	4400,0
1979	91,3	4432,0
1980	100,2	4355,0
1981	108,5	3740,0

Жаңа кен орындарының ашылуы іздестіріме-барлама бұрғылауының көлеміне тәуелді түрде қалыптасқандығын №6 кестеден көруге болады.

№6 кесте

Жылдары	Барлама бұрғылаудың көлемі (мың метр)	Ашылған кен орындары
1971	16,2	
1972	14,4	
1973	25,5	
1974	24,2	
1975	37,0	
1976	40,2	
1977	50,0	
1978	65,1	Досмұхамбетов, Ровное
1979	71,4	Орталық Прорва, Айранкөл, Шығыс Көкарна
1980	81,0	Батыс Прорва, Ботакан, Масабай, Акінген
1981	68,6	
1982	78,2	Акқұдық, Шығыс Қамысты, Оңтүстік-шығыс Новобогат
1983	59	
1984	50,1	Қараған, Королевское (тузасты), Батыс Новобогат
1985	38,2	
1986		Мәтен



1987		
1988		Шығыс Мақат, Қараған

Кестеден көрініп тұрғандай, «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі бойынша мұнайды өнеркәсіптік тұрғыда өндіру көлемдерінің өсуі пайдалана бұрғылаудың көлеміне тікелей байланысты болып отырған. 1972 жылдан 1981 жылға дейін кезеңде мұнайды пайдалануға 8 (сегіз) жаңа кен орындары тартылды, олар - Қамысты, Гран, Қара арна, Жаңа Талап, Ровное, Алтыкөл, Досмұхамбетов, Ботакан кен орындары. Бұл «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіне өзінің барлық жұмыс жасаған уақытында мұнай өндіру бойынша ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

1979 жылы «Нижневожскнефть» бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Волгоград басқармасының шебері Голубевтің бұрғылау бригадасы Теңіз алаңындағы №1 ұңғымадан мұнайдың бұрқағын алуға қол жеткізді. Алайда, олар ұңғымаға сынақтар жүргізуге жерүсті қондырғыларының сәйкес келмеуіне байланысты ұңғыманы тек байқаумен ғана шектелді. Мұнайдағы күкіртті сутегінің құрамы болжанған шамадан асып түсетіні анықталды. Атылмыш ұңғыманы сынауға жарамды жабдықтар жүйесі ол кезде Кеңестер Одағында болмады. Қондырғыны жинақтауға және құрастыруға дейін №1 ұңғыманы берілген жағдайға сәйкес уақытша бұғалықтай тұруға ұйғарылды. Оған екі жылға жуық уақыт кетті. Алайда, барлығына да Теңіз дөңесіндегі тұзасты түзілімдерінде мұнай мен газдың ірі шоғырларының бар екендігі туралы геолог ғалымдардың болжамдарының ақиқат болып шыққандығы белгілі болды. Осы жағдай Теңіздің ауқымды ауданында іздестірме-барлама бұрғылау жұмыстарының кең қарқынмен өрістеуіне түрткі болды.

Араға жылдар салып, 1981 жылдан бастап Балықшы барлама бұрғылау басқармасының дамуында жаңа кезең басталды.

1981 жылы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры Бөлекбай Сағынғалиұлы Сағынғалиевтың бастамасымен, №1 Теңіз ұңғымасын сынау нәтижелері негізінде КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 4 маусымдағы «Батыс Қазақстанда



геологиялық-барлау жұмыстарын күшейту және мұнай өндіру өнеркәсібін дамыту туралы» №522 Қаулысы қабылданды.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі Теңіз алаңында барлау жұмыстарын жүргізу үшін «Нижеволжскнефть» өндірістік бірлестігінің Жирновск және Ардчединск барлама бұрғылау басқармаларынан қосымша екі экспедиция жібереді. Ал, «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінен Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының бұрғылау бригадалары Теңіздегі барлама бұрғылау жұмыстарына кезең-кезеңімен жіберіліп тұрды.

№7 кесте

## Жаңа кен орындарын ашу

р/с	Кен орнының атауы	Ашылған жылы
1.	Айранкөл	1978
2.	Батыс Прорва	1978
3.	Досмұхамбетов	1978
4.	Ровное	1978
5.	Теңіз	1979
6.	Шығыс Көкарна	1979
7.	Акінген	1980
8.	Батыс Прорва	1980
9.	Ботакан	1980
10.	Грядовое	1980
11.	Масабай	1980
12.	Аққұдық	1982
13.	Оңтүстік-Шығыс Қамысты	1982
14.	Оңтүстік-Шығыс Новобогат	1982
15.	Батыс Новобогат	1984



16.	Королевское	1984
17.	Қараған	1984
18.	Мәтен	1986
19.	Шығыс Мақат	1988
20.	Қараған	1988
21.	Оңтүстік- Батыс Доссор (ернеуасты)	1991-2000
22.	Оңтүстік Жаңа талап	1991-2000
23.	Орталық Прорва	1991-2000
24.	Уаз	1991-2000
25.	Оңтүстік-Шығыс Новобогат (ернеуасты)	2001-2010
26.	С. Нұржанов (валанжин)	2001-2010

1981 жылы Балықшы барлама бұрғылау басқармасы Теңіздегі №23 ұңғыманы бұрғылауды бастаса, ал 1982 жылы Теңізде - 7 бұрғылау бригадасы, келер жылы - барлығы 12 бұрғылау бригадасы жұмыс жасады.

Небәрі толық емес үш жыл ішінде 5000 метрлік тереңдікті 12 қарапайым барлау ұңғымаларының құрылысын бастау үшін қандай ұйымдастыру және техникалық-технологиялық шараларды жүргізу қажет екендігі өте жақсы түсінілетін жәйт. Ал, Теңіздегі барлау ұңғымаларының жобасындай ұқсастық әлемде болған емес. Ұңғымаларды шегендеу төменде көрсетілгендей көп колонналы құрылымды қажет етті:

630 мм. x 30 м диаметрлі бағыт.

426 мм x 600 м диаметрлі кондуктор.

I. 325 мм x 2200 м диаметрлі техникалық колонна.

II. 245 мм x 4000 м диаметрлі техникалық колонна.

168 мм. x 5000 м диаметрлі пайдалану колоннасы.

Бір метр жерді бұрғылауға металл жұмсалуды 168 кг/м құрады, шегендеу колоннасының жеке алғандағы салмағы Кеңестер Одағындағы бұрғышылар құзырындағы қондырғылардың жүк көтергіштігінен 2-3 есе асып түсті. Отандық өнеркәсіп Уралмаш 3д-67 бұрғылау қондырғысы Теңіз кен орнында жұмыс жасау үшін



бейімделді. Қондырғылар 700 атмосфералық жұмыс қысымының алдын алу жүйесі қондырғыларын қамтамасыз ету үшін ротор асты тіреуіштерін жер деңгейінен 6 метрге дейін көтеруге арналған мұнара негізді секцияларының қосымша түйіндерімен қоса шығарылды.

Бұрғылау сорғыларының блоктары ұңғыма сағасынан 30 метр қашықтықта жатуы және үстіңгі бетінде бұрғылау ерітіндісінің екі еселенген қосымша көлемі жатуға тиіс болғандықтан, циркуляциялық жүйенің қосымша блоктары қондырылды.

Ал, тұзасты түзілімдерін ашу үшін тежегіш бұрғылау ерітінділері (ӨкБЕ-(ИБР - известково-битумный раствор) қолданылды, мұнда диспенсерлі орта ретінде - дизельдік отын, ал, диспенсерлі фаза ретінде - қарапайым таушайыр (битум) қолданылды.

Көлемі 300 м3-ден асатын 2,0-2,10 грамм-күш/текше см су негізіндегі бұрғылау ерітіндісін толықтай сондай көлемді әкті-таушайырлы ерітіндіге (ӨкТЕ-ге (ИБР-ге) ауыстыру кезіндегі жұмысты көзге елестетудің өзі қиын. Бұрғылау жабдығының, 245 және 168 мм диаметрлі шегендеу колонналарының, ашық бұрқаққа қарсы жабдықтардың барлығы шетелдік өндіріс бұйымдары болды. Бұрғылау аспабыны Отандық өндірістегі шыдамдылығы төмен болды, көп уақыт бұрғылау тұрбаларын түсіру-көтеру операцияларына жұмсалды.

325, 245, 168 мм. диаметрлі шегендеу колонналарын ұңғымаға түсіру екі, үш секцияларда жүргізілді. Бұрқаққа қарсы қорғану қондырғыларын орнату көп уақыт алды. Бұл, біріншіден, кенестік (атыраулық) бұрғышылар үшін өте күрделі жаңа импорттық жабдық еді, ал, екіншіден, бұл жабдықтардың барлығы бір мезгілде қырыққа жуық ұңғыманы бұрғылау үшін қажетті бар-жоғы 16 жинақ: Камерон фирмасының 8 жинағы және Шаффер фирмасының 8 жинағы ғана еді. Осылайша бірнеше ай бойы қондырғының босауын күтуге тура келді. Және ең күрделісі - тұзасты түзілімдерінде бұрғылауды жүргізу болды.

Егер бұрғылаудың сағалық қондырғыларымен және ұңғымаларды шегендеумен байланысты жұмыстардың барлығы да тұзасты



түзілімдері ашылуынан бұрын ұйымдастырушылық сипат әдісімен шешілген болса, онда өнімді ернеулердің бастап көрінуін анықтауға, ұнғымаларды басқару сипатына, мұнай және газ анықталған кезде ұнғымаларды басқару әдістеріне қатысты барлық жұмыстар «ВолгоградНИПИнефть» институты қызметкерлерінің күшімен жасакталған еді. Институт қызметкерлері әрбір бұрғылау бригадасымен нұсқаулықтар өткізді және ұнғымалар қазу технологиясын меңгеруге көмек көрсетті.

Теңіз кен орнындағы ұнғымалар құрылысының үрдісі КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің бақылауында болды. Және ондағы қызметкерлер де Теңіз бұрғылау қондырғыларының жиі қонағы болатын. Кез келген апаттық жағдайлар Министрлік бұйрықтарымен тағайындалған комиссиялар арқылы тергелді. Әлбетте, институт пен жоғары ұйымдар тарапынан осындай алаңдаушылықтар ізсіз қалған жоқ. «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің бұрғышылар ұжымы, негізінен, жас мамандар қысқа уақыт ішінде жаңа техниканы және жоғары қысымды тұзасты ұнғымаларын қазу технологиясын меңгеріп алды. Бүгінгі уақытта қандай да бір 2-3 жыл ішінде Балықшы барлама бұрғылау басқармасының барлық 12 бұрғылау бригадасын Теңіз кен орнын барлама бұрғылау жұмыстарына ауыстыру мүмкіндігін көзге елестету өте қиын.

Уақыт көрсеткендей, аталмыш жұмыстарды ұйымдастыру мектебінен өткен, қысқа ғана уақыт ішінде Теңіз кен орнында жаңа техника мен жаңа технологияны меңгеріп үлгерген жас мамандар, күні бүгін Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібі жүйесіндегі маңызды орындарда жұмыс жасауда. Тіпті, кейбірі «ҚазМұнайГаз» ҰК жүйесінде, кейбірі жеке бұрғылау және мұнай өндіру компанияларында қызмет етуде.

Бұл бұрғышылар шежіресінің мақсаты - өткенсіз бүгіннің жоқ екендігін оқырмандардың, жас ұрпақтың санасына жеткізу болып саналады. Біздің жадымыздан бұрынғы болған барлық жақсылықтарды өшіріп тастау мүмкін емес. Иә, қазір техника мен технология алға кадам басты, жаңа материалдар да бар. Қазақстан бойынша барлама





бұрғылауы көлемі 2007 жылы 381 427 мың метрді құрады. Жылына 80 млн. тонна, ал болашақта 100 және одан да көп млн. тонна мұнай өндіруші республика үшін іздестіру-барлама бұрғылауының көлемін ұлғайту қажет. Әрине, нарықтың өз заңын ұсынатыны түсінікті. Барлығына да әмірші - ақша, қаржы.

Кез келген мемлекеттің басты байлығы - оның адамдары, жоғары білікті мамандары. Ұңғымаларды бұрғылау қашан да мамандарға ерекше талаптар қояды.

Біздің көпшілігіміз осыдан 20 жылдай бұрын келген шет ел мамандарының ұңғымалар құрылысымен айналысатын біздің мамандарымызды қандай төңеулермен марапаттағандығына куә болдық. Олар ескірген техникамен, айтылғандай өте ауыр жағдайларда жұмыс жасаудың, соған қарамастан терең ұңғымалар құрылысын жүргізудің қандай ерлік екендігін атап айтқан еді. Күні бүгін қандай да бір құрылымда шет ел мамандарымен қатар біздің елдің білікті мамандарының жұмыс жасайтындығы ешкімді де таң қылмайды. Бірақ олар өте аз.

Уақыт өте олардың да саны көбейіп, озық техника мен технологияны жете меңгерген мамандарымыздың бұрғылау кәсіпорындары мен мекемелеріндегі басқару жүйесінде алдыңғы қатардан көрінеріне күмәнсіз сенеміз!



**БЕСІНШІ БӨЛІМ**

**БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ  
НӘТИЖЕЛЛІГІМЕН  
ҚҰНДЫ БОЛҒАН**

**(Балықшы барлама бұрғылау  
басқармасының нәтижелік көрсеткіштері)**



Енді мұрағат деректерін сөйлетелік:

КСРО-дағы Одақтық Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1971 жылғы 16 тамыздағы «Ембімұнай» бірлестігінде геофизикалық және құрылыс жұмыстарын күшейту туралы» №437 бұйрығын орындау мақсатында «Ембімұнай» бірлестігінің 1971 жылғы 7 желтоқсандағы №101-П бұйрығымен Прорва бұрғылау кеңсесі таратылды және оның базасында Гурьев облысының Балықшы ауданында орналасқан Балықшы барлама бұрғылау басқармасы (ББББ) құрылды.

Басқарманы еңбекақы төлеу жүйесі бойынша II топқа жатқызды.

Балықшы басқармасының құрамына мыналар енді:

1. №1 Аудандық инженерлік-технологиялық қызмет (АИТК) (РИТС);

2. №2 Аудандық инженерлік-технологиялық қызмет;

3. Орталық инженерлік-технологиялық қызметтің (ОИТК) (ЦИТС) Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасы (ӨККБ);

4. Жалға алу-жөндеу цехы;

5. Ұнғымаларды байқау және сынау цехы;

6. Ұнғымаларды бекіту цехы;

7. Шаю сұйықтықтарын химиялық тұрғыда өңдеу цехы;

8. Құрылыс телімі.

«Ембімұнай» бірлестігі бұйрығымен мыналар Басқарманың басшылары болып тағайындалды:

Басқарма бастығы – М. Маташев;

Басқарма бастығының орынбасары – Салықов Халел;

Бас инженері – Хамза Қуантыров;

Бас геологы – Жұмалиев Жолдас.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 122-іс)*

1971 жыл бойына бірлестік жоспардағы 33000 метрдің орнына 22615 метр бұрғылады, ол 68,5 %-ды құрайды, барлама бұрғылаудың жоспары – 73,8%-ға, пайдалану бұрғылауының жоспары – 58,1%-ға орындалды. Пайдалануға 14 ұнғыма берілді, пайдалану бұрғылауы



бойынша бұрғылау жылдамдығы – 399 метрге, барлау бұрғылауы бойынша – 262 метрге жетті.

Бұрғылау жұмыстары Ақтөбе, Прорва, Батыс Прорва, Пустынный, Доссор, Мартыши және Камысты алаңдарында ескірген 5 Д, 6 Э, БУ-125 Бд, 3 Д–67 бұрғылау қондырғыларымен жүргізілді.

Бұрғылауға 7 бұрғылау бригадасы қатысты, құрылыс жұмыстарында 2 мұнара құрастыру бригадасы және бұрғылау жабдыктарын жөндеудің бір бригадасы жұмыс жасады.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 123-іс)*

1972 жылы бұрғылау бригадаларының саны 3 есе өсіп, барлығы 10 бригадаға жетті. Олар БУ-125 ДГ-П, БУ-80 БР, УБВ-600 тұрпатты жаңа бұрғылау қондырғыларымен қамтамасыз етілді және мұндай қамсыздандыру жалғасты.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 116-іс)*

Басқару штаты 1972 жылы 45 адамға жетті.

Басқарма ұжымы Бірінші Прорва мұнай кен орнының ашылуымен жігерленіп, құлшыныспен жұмыс жасады. КСРО құрылуының 50 жылдық мерейтойына орай І. Жұбаевтың (Қамысты), Ф. Бондарчуктің (Кеңкияк), Х. Кенжиннің (Сағыз) бұрғылау бригадалары және И.С. Тухватуллин басқаратын мұнара құрастыру бригадасы үлкен өрлеумен жұмыс жасады.

Бұрғылаудың жылдық жоспары - 55,7%-ға, оның ішінде, пайдалану бұрғылауы бойынша - 89,5%-ға және барлама жұмыстары бойынша – 41,2%-ға орындалды.

Жоспардағы 50 мың метрлік бұрғылама іс жүзінде 27839 метрді құрады, оның ішінде, пайдалану бұрғылауы бойынша 15 мың метрдің орнына – 13425 метрді, барлама бұрғылауы бойынша 35 мың метрдің орнына – 14414 метрді құрады.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 145-іс)*

Бас инженер Х. Қуантыровты қараша айынан бастап - Е.Ж. Махамбетов, ал, басқарма бастығын – Е.Л. Шилимов (уақытша)



алмастырды.

Басқарманың бас геологы - Мақаш Балғымбаев.

1973 жыл бойынша шаманы орындау күнтізбелік-ауысымдық уақыттан басқарма бойынша 106%-ды құрады, оның ішінде, негізгі цехтар бойынша - 96% болды, оларды сараласақ:

А). Бұрғылау бригадалары бойынша - 88%;

Механикалық бұрғылау – 120,3%;

Түсіру-көтеру операциялары – 94,3%;

Ә). Мұнара құрастыру цехы бойынша – 131,5%;

Б). Қосалқы цехтар бойынша – 130,7%;

В). Құрылыс телімі бойынша – 163,8%.

1972 жылы еңбекақының кесімді жүйесін қамту 33,8% - дың орнына 39,2% - ды құрады.

1972 жылы бұрғылау бригадасы жұмысшыларының орташа айлық жалақысы 187 сомның орнына 192 сомды құрады.

1973 жылдың өндірістік жоспарын орындау үшін жоспар бойынша бір бригадаға 3,9 мың метр бұрғылау жұмыстарын жүргізу, барлығы 13 бұрғылау бригадасы қажет болды.

Іс жүзінде бұрғылауды 11 бұрғылау бригадасы жүзеге асырды және бір бригадаға орташа бұрғылау ісі 1972 жылғы 2,8 метрдің орнына 4,5 мың метрді құрады. Ал, үш мұнара құрастыру бригадасы 31 ұнғыманы құрастырды. 1973 жылы бір мұнара құрастыру бригадасындағы бұрғылау ұнғымасын құрастыру саны 2,5% - дың орнына 10,3% - ды құрады.

Есеп беру жылында жоспардағы 55 ұнғыманың орнына 68 ұнғыма сынақтан және байқаудан өтті.

Барлық үш бригада жоспарда белгіленген тапсырмаларын орындап шықты.

Сөйтіп, ІХ бесжылдықтың шешуші жылында барлама бұрғылау басқармасы ұжымы бұрғылаудың екі түрі бойынша жоспардағы 50 мың метрдің орнына 50009 метрді бұрғылады.

Пайдалану бұрғылауы бойынша жоспардағы 20 мың метрдің орнына 24546 метр бұрғыланды, барлама бұрғылауы бойынша – 30 мың метр,



іс жүзінде – 25463 метр бұрғыланды, ол 121,2% - ды және 84,8% -ды құрайды.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 216-іс)*

Басқарма бастығы болып А. Хисметов тағайындалды.

Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1974 жылғы 7 қаңтардағы «Бұрғылау мекемелерін жоспарлаудың және экономикалық тұрғыда ынталандырудың жаңа жүйесіне көшіру туралы» №5 бұйрығын орындау мақсатында басқарма жаңа жүйеге көшірілді (18.01.1974 ж № 10 П бұйрығы).

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 146-қор, 32-тіз., 3247-іс)*

Басқарма қызметі желісінің қайта құрылуына және кеңейтілуіне байланысты жүйенің жұмыс жасаушы қызметкерлерінің сапалық және сандық құрамы өсті. 1974 жылы жүйеде 1057 адам жұмыс жасады, олардың сараланымы төмендегідей болды:

Инженерлік-техникалық қызметкер (ИТҚ–ИТР) - 154 адам;

Қызметкерлер – 19 адам;

Жұмысшылар – 884 адам;

Жоғары білімдісі – 75 адам;

Орта арнаулы білімдісі – 98 адам.

Жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін 1973 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен 132 қызметкер марапатталды.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 254-іс)*

КСРО Министрлер Кеңесінің 1974 жылғы 23 тамыздағы «Мұнай өнеркәсібінің бас сызбасы туралы» № 661 Қаулысы негізінде және Мұнай өнеркәсібі Министрлігінің 1975 жылғы 6 тамыздағы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігін құру туралы» №389 бұйрығының негізінде 1975 жылдың 1 қазанынан бастап «Ембімұнай» мемлекеттік бірлестігі базасында арнайы басқару аппараты бар жеке кәсіпорын ретінде «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі құрылды.



Оның құрамына енген 18 кәсіпорынның қатарында Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы да болды. («Ембімұнай» бірлестігі бойынша 1.10.1975 ж. шыққан №117-П бұйрығы).

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 146-қор, 32-тіз., 3299-іс)*

Социалистік жарыста жоғары көрсеткішке жеткені үшін Ұлы Қазан социалистік революциясының 57 жылдығына орай «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің және Мұнай, химия және газ өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподағының Гурьев облыстық комитетінің Қаулысымен «Ембімұнай» бірлестігінің Құрмет тақтасына ілінгендер қатарында Балықшы барлама бұрғылау басқармасы бойынша мыналар болды:

А). Ұжымдар арасында:

1974 жылдың 10 айы қорытындысы бойынша жоспарды 103,9% және міндеттенген социалистік міндеттемелерін 106,8% орындаған №2 РИТС бұрғылау басқармасы ұжымы (басшысы – Шәріпов Д., цехтық кәсіподақ комитетінің төрағасы – Куанышев Д.) және 1974 жылдың 10 айында бұрғылау қондырғыларын құрастыру бойынша жоспарды 104,5% және міндеттенген социалистік міндеттемелерін 100,0% орындаған мұнара құрастыру бригадасы (бригада прорабы Х. Жәлелов);

Ә). Жұмысшылар арасында:

1. Жанәбілов Б. – бұрғылау шебері;
2. Тапашев Е. – бұрғылаушы;
3. Шпенглер Г.А. – мұнара құрастырушы-слесарь;
4. Әбуев Б. – мұнара құрастырушы-дәнекерлеуші.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 146 - қор, 32 - тіз., 3248-іс)*

Үңгімалар казудағы, мұнай өндірудегі жоспарларды орындағаны және асыра орындағаны және басқа да техникалық-экономикалық көрсеткіштері үшін 1974 жылдың ІҮ тоқсанындағы Бүкілодақтық жарыстың қорытындысы бойынша Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы ұжымына 2200 сом көлемінде сыйақы бөлінді.



Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының 1975 жылғы жұмыстарының негізгі бағыттары былайша белгіленді:

- Теңіз маңы көтерілімінің тұзды палеозой түзілімдерінде мұнай мен газ шоғырларын іздеу;

- құрылымның Прорва тобындағы пермь-триас шоғырларын іздестіру және барлауды жалғастыру;

- 20 ұңғымада бұрғылау жұмыстарын бастау, 13 ұңғымада бұрғылау жұмыстарын аяқтау және 7 ұңғымада сынақ жұмыстарын аяқтау;

- 50 мың метрлік пайдалану бұрғылауын игеру және МГӨБ - іне 83 ұңғыманы тапсыру.

1975 жылы іс жүзінде 50365 метр бұрғыланды, пайдалануға 101 ұңғыма берілді.

1976 жылдың міндеті іздестірме-барлама бұрғылаудың 49 мың метрін бұрғылау, бұрғылама және пайдалану бұрғылауының 50 мың метрін бұрғылау, жаңа палеозой, Солтүстік Қолтық, Теңіз, Новобогат құрылымдарындағы мұнай мен газ шоғырларын іздестіру болды.

1976 жылдың 24 маусымында Теңіз алаңындағы №1 ұңғымада бұрғылау жұмысы басталды.

Бұрғылаушылардың елді мекенінде 120 балаға арналған бала бақша салынды.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 302-іс)*

1976 жылдың бірінші жартыжылдығында «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіндегі кәсіпорындардың арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша бұрғылау жоспарын 114,0% - ға орындаған, бұрғылаудың коммерциялық жылдамдығын станок-айына жоспар бойынша 447 метрдің орнына 509 метрге жеткізген ББББ-дағы бұрғылау бригадасы ұжымына (басшысы Шаповалов И.М, цехтық кәсіподақ комитетінің төрағасы Коцубняк А.И.) «Ембімұнай» бірлестігінің ең үздік бұрғылау бригадасы» атағы беріліп, бірлестік кәсіподақ комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды және алғаш рет 250 сом көлемінде ақшалай сыйақы берілді.

Сонымен бірге №3 АИТҚ-ның (басшысы Еркенов А.Р.) жұмысы да





атап өтілді.

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 307-іс)*

Бұрғылау шеберлері Ержанов Жұмабайдың және Кузнецов Николайдың бригадалары жұмысының озық тәжірибесі жан жақты зерттеліп, қорытылды және Бірлестік бұрғылаушылары арасында таратылды.

1976 жылғы негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерді Басқарма орындап шықты, 63 мың метр жер бұрғыланды, соның ішінде, пайдалану бұрғыламасы бойынша – жоспардағы 33 мың метрдің орнына 34443 метр, барлама бұрғыламасы бойынша - жоспардағы 30 мың метрдің орнына 32420 метр бұрғыланды.

Бұрғылау жұмыстары Солтүстік Қолтық, Шығыс Прорва, Батыс Прорва, Ақтөбе алаңдарында жүргізілді.

Наурыз айында Тәжіғали алаңынан мұнай бұрқағы алынды.

1977 жылы басқару ұжымдары арасындағы социалистік жарыстың жеңімпазы №2 АИТҚ болды (басшысы Жұмалиев Ж.Ә.).

*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 367-іс)*

1979 жылы бұрғылау жұмыстарына Досмұхамбетов, Теңіз, Прорва құрылымдары қосылды.

1979 жылы 5396 метр тереңдіктегі ұңғымадан Теңіз алаңында өнеркәсіптік мұнай ағыны алынды.

1979 жылы Теңіз алаңында өткізілген сынақ жұмыстары оң нәтиже берді. Ұңғыма дебиті тәулігіне 475 текше метр мұнайға теңесті. Алайда, кен орнына дәл баға беру үшін кең көлемдегі сынақтар қажет еді.

Теңізбен бір мезгілде Королевская алаңында мұнай барлығы байқалды.

1980 жылғы жұмыстары бойынша ұжым жоспардағы 600 мың сомның орнына жоспардан тыс 94 мың сом көлемінде пайда тапты.

Басқарманың бас инженері – Байзақов Т.Б.

Басқарма алдында 1981 жылы 86500 метрді бұрғылау, 32 ұңғыманың құрылысын аяқтау, Огай, Теңіз, Королевская жаңа барлау алаңдарына бұрғылаумен шығу міндеттері тұрды.



Прорва өнеркәсіп базасындағы бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін кен орнына құрамында 4 аудандық инженерлік-техникалық қызмет, барлық негізгі цехтарымен бірге (бұрғылау жабдықтарын, бұрғылау құбырлары мен турбиналық бұрғыларды жөндеу, бұмен-сумен жабдықтау цехтары, электр цехы мен арнайы техника цехы бар) өндірістік тұрғыда қамсыздандыру базасы қызмет жасайтын орталық инженерлік-техникалық қызмет орналастырылды.

Аландарда МСЦ-168,3; МСЦ-244,5; МСЦ-339,7 бұрғылауда құрастырылған «Порта-Тест» фирмасының импорттық жабдықтары және отандық «ВНИИКРнефть» жасақтаған МЦ-245, «СевКазНИПИИнефть» жасақтаған ЦСВ-245, «ВНИИКРнефть» жасақтаған ЦСР-245 секілді жабдықтарды сынау және қолдану бойынша жұмыстар табысты жүргізілетін болды.

Бұрғылаушылар елді мекенінде 625 оқушыға арналған мектептің құрылысы, дүкендер мен емханалардың құрылыстары басталды.


*(Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 506-іс)*

1981 жылдың 4 маусымында КОКП Орталық комитеті (ОК) және КСРО Министрлер Кеңесінің «Батыс Қазақстанда геологиялық-барлау жұмыстарын күшейту және мұнай өндіру өнеркәсібін дамыту туралы» №522 Қаулысы жарық көрді.

1982 жылдан бастап көпшілік бұрғылау жұмыстары үшін Волгоград қаласынан «Прикаспийнефть» өндірістік бірлестігінің мамандары шақырылды. Жаңадан 10 бұрғылау бригадасы құрылды. Теңіз алаңында мұнай үшін табанды жұмыс жүріп жатты.



**«Ембімұнайғаз» ӨБ  
1919-2010 жж. кезеңінде**






### Онжылдықтардың қорытындылары бойынша пайдаланылған бұрғыламаның көлемі



◆ #ОСЫЛКА	1									
■ проходка	23	63	285	631	1065	594	514	533	400	549
◆ #ОСЫЛКА	1									




## Онжылдықтардың қорытындылары бойынша мұнай өндіру






### Пайдаланылған бұрғыламаның көлемі





## Издеу - барлама бұрғылау көлемі, бұрғылау нәтижелері





## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

# БҰРҒЫЛАУҒА ДА БАЙЫПТЫЛЫҚ ПЕН ПАРАСАТ ТӘН БОЛҒАН

(бұрғылау ісінің басшы қызметкерлері туралы)





*Қай уақытта да ұжым басшысының орны бөлек болары белгілі. Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасында және оның мұрагері іспетті ісін жалғастырған кейінгі кәсіпорындарда да сындарлы басшылық жасағандар болды, оларды әріптестері мен ел-жұрты әлі күнге дейін мақтаныш етеді, құрметтейді. Біз бұл бөлімде солардың әр жылдарғы басшыларының зұмырнамаларын топтастырып беріп отырымыз.*



**БАЙЗАҚОВ Төлеген Байзақұлы** (9.5.1944 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Талқайраң с.). Грозный мұнай институтын бітірген (1971). 1963-1966 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. Өндірістік қызметі мұнайкәсіпшіліктік және бұрғылаулық жабдыктарды жөндеуші слесарьдың шәкірті санатында 1960 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасының (МКБ) Қарсақ телімінде басталды. 1962-1963 жж. – Ескі

Грозный мұнайкәсіпшіліктік басқармасының мұнай мен газ өндіруші операторы, 1971-1974 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғышысы көмекшісі, бұрғылау шебері, БББ-дағы технологиялық бөлімнің аға инженері, 2-АИТҚ-ның ауысым бастығы, осы Қызметтің бастығы, 1974-1983 жж. – Гурьев (Атырау) мұнай техникумы директорының оқу және өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары, БББ-ның аға инженері, ӨТБ бастығы, осы Басқарманың бас инженері болды. Ол бас инженер болып жұмыс жасаған 1978-1983 жылдары Теңіз кен орнында жобалық тереңдігі 5000 метр болатын 12 (он екі) іздеу-барлау ұңғымаларының құрылысы қатар жүргізілді. Осыншама ауқымды жұмыстардың бір ғана мұнай алаңында бір ғана кәсіпорынның күшімен атқарылуы Қазақстан Республикасының аумағында бұрын да, кейін де болып көрген емес. Жаңа техникамен жарактануы және технологияның қолданылуы деңгейімен алғанда бұл кәсіпорын КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігіндегі ең қуатты бұрғышылардың ортасында болды. Мұнда ондаған білікті кадрлар дайындалды, олар кейіннен Қазақстан Республикасындағы және бірлескен, сондай-ақ шетелдік түрліше



мұнай компанияларының басшылары болып шықты.

Т. Байзақов 1983-1985 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-ндегі бұрғылау жұмыстары жөніндегі өндірістік бөлімнің бастығы, 1985-1987 жж. – ББББ-ның бастығы, 1987-1994 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы технологиялық бөлімнің бастығы, ББББ-дағы өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, 1994-1997 жж. – «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, Жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасының бастығы, АҚ-ның бұрғылау жұмыстары жөніндегі вице-президенті, 1997-2007 жж. – «Матин» БК-ісінің бас менеджері, бас директоры болды. Т. Байзақов Теңіз кен орнының ұңғымалары үшін сатып алынған ұңғымашілік жабдықтарды оқып-үйрену мақсатында 1984 жылдың ақпан-наурыз айларында «Ембімұнай» және «Волгограднефть» ӨБ-лері мамандарының тобымен Ұлыбританиядағы «КАМКО» фирмасына үш апталық іссапарға барып қайтты. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің жұмыс тобы құрамында Теңіз кен орнының санитарлық-қорғаныштық аймағын белгілеу ісіне қатынасты. ББББ-ның бастығы кезінде 1986 ж. жұмысына КСРО Мұнай өнеркәсібі, Геология министрліктерінің және шетелдік «ОТИС» фирмасының мамандары қатынасқан аса қиын апатты ойдағыдай ауыздықтау ісіне үлкен үлес қосты. Бұдан кейін ББББ-ны дағдарысты ахуалдан шығарып, Қазақстан мұнай бұрғылаушыларының абырой-беделін сақтауға және ұжымдағы моральдық-психологиялық жағдайды тұрақтандыруға атсалысты, бұл турасында 2001 жылы «Атышулы Теңіз-37» деген кітап (бірлескен еңбек) жазып шығарды. 2000 жылдың нәтижелері бойынша өңір бюджетіне елеулі үлес қосқандығы үшін «Матин» БК ЖАҚ-ы Атырау облысының ең таңдаулы салық төлеушісі болып танылды және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік табыстар министрлігінің дипломымен марапатталды, ал, 2003 жылдың қорытындылары бойынша да «Матин» БК ЖАҚ-ы Атырау облысының ең таңдаулы салық төлеушісі болып танылды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дипломын алды. 2006 жылы Парижде өткен Сапа жөніндегі Халықаралық Конвенцияда Business Initiative Дирекцияның халықаралық «Сапаға



ұмтылыс жасағандығы үшін» марапатымен сыйланды. Ерен еңбегіне орай Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен (2001), Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне орай Қазақстан Республикасының Энергетика және минеральды ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасымен (2001 ж.), Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ саласының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі үшін және өзінің 60 жылдығы құрметіне орай Қазақстан Республикасының Энергетика және минеральды ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасымен (2004 ж.), Қазақстан мұнайының 100 жылдығына арналған ескерткіш төсбелгімен (1999), Атырау облысы Әкімінің Алғыс хатымен (1999, 2003) марапатталды. 2007 ж. бері зейнеткер. «Ордабасымұнайгаз» АҚ «OPTIMUM» жобалау институты ЖШС-і директорының кеңесшісі, «Бұрғышы-72» қоғамдық қорының президенті. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы**  
(14.7.1955 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.).

Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1987) бітірген. 1973-1975 жж. - Өзен бұрғылау мекемесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1975-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, ОИТҚ бастығы, бұрғылау экспедициясының бастығы, 1991-1998 жж. - «Гюрал» ЖШС-і директорының өндіріс мәселелері жөніндегі орынбасары, 1998-2004 жж. - «АРМАК» ЖШС-інің бас директоры, 2004-2007 ж.ж. - «ҚазақМұнайСервис» ЖШС-нің директоры, 2007-2010 жж. - «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нің бас директоры, 2010-2013 жж. - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры болып қызмет атқарды.

Мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен



(2011), «Қазақстан полициясына 20 жыл» медалімен (2012), «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік медалімен (2012), «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999), «Жайық мұнайының игерілуіне 40 жыл» ескерткіш белгісімен (2008) марапатталды, еңбеккерлердің әлеуметтік-экономикалық құқығы мен мүддесін қорғаудағы ұзақ жылғы белсенді еңбегі үшін оған Мұнай, газ өнеркәсібі және мұнай-газ кешені құрылысы қызметкерлері кәсіподақтарының халықаралық конфедерациясының сыйлығы (2009 ж.) берілді. «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» төс белгісімен (2011), «Доссор кенорнының игерілуіне 100 жыл» ескерткіш белгісімен (2011), «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» ескерткіш медалімен (2011), ҚР кеден органдарының 20 жылдық мерейтойы қарсаңында «Кеден 1991-2011» төсбелгісімен (2011 ж.), Атырау облысы әкімінің Алғыс хатымен (2012) марапатталды.



**ИМАНДОСОВ Қуаныш** (12.11.1949 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1972). 1973-1975 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1975-1997 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-ның НЗС-дағы қызметкерлер санының нормативтері мен жабдықтарды күтімге алу нормаларын жасақтау тобының жетекшісі, ББББ-дағы ӨТБ-ның инженері, №3 АИТҚ-ның инженер-технологы, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы №№3,4 АИТҚ-лардың бұрғылау шебері, АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, ББББ-ның бұрғылау шебері, аға инженер, №2 экспедицияның технологы, ББББ-ның ЕҚ мен ТҚ жөніндегі инженері, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы ӨТБ-ның инженері, бас диспетчері, Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру басқармасындағы ӨҚБ-ның бастығы, Басқарма бастығының орынбасары, бас инженері, «Ембімұнай» ӨБ-дегі тампонаж кеңсесінің директоры, 1997-2013 жж.



– «Қазақойлбұрғылау» СБК-сінің бас директоры, «Мәтен» БК-сі» ЖШС-сінің ТҚ жөніндегі инженері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық бас жетекші, «Матин Петролеум» АҚ-ындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі жетекші инженер болды.



**ИСАЕВ Мұсабек** (1947, Өзбек КСР-і, Қарақалпақ АКСР-і). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы институтын бітірген (1971). 1971-1975 жж. – «Маңғышлақмұнай» ӨБ-сіндегі Бұрғылау жұмыстарының Маңғышлақ басқармасының бұрғышысы көмекшісі, бұрғышы; 1975-1986 жж. – осы басқарманың инженері, технологы, бұрғылау қондырғысының бастығы, Басқарма бастығы, қызмет бастығы, 1986-1987 жж. – Қазақ КСР-і Геология

министрлігіне қарасты Мұнай барлаудың Каспий өңірлік экспедициясының бастығы, 1987-1994 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-дегі Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бастығы, ББББ-ы бастығының орынбасары, бас инженері, 1994-1995 жж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, осындағы Өнеркәсіп және энергетика жөніндегі кіші комитеттің төрағасы, 1995-1997 жж. – «МұнайГаз» мемлекеттік холдинг компаниясы басқармасының бастығы, 1997-1999 жж. – «Қазақойл» ҰМК-сіндегі департаменттің директоры, бас менеджері, 1999-2000 жж. – «ҚазКөлікОйл» ҰМТК-сінің бас менеджері, 2000 ж. бері - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіндегі департаменттің директоры. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**МАТАШЕВ Мүтиғолла** (1916, Гурьев (Атырау) өлкесі. Қызылқоға өңіріндегі ауыл – 1991, Атырау қ.). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұнайшысы (1966). 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатынасушы. Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1937). 1937-1940 жж. - Ескене мұнай бұрғылау орнының технигі, бұрғылау бөлімінің меңгерушісі, 1946-1952 жж. - «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бұрғылау кеңсесіндегі өндірістік-

техникалық бөлімнің аға инженері, бас инженері, 1952-1957 жж. - «Қазмұнайбарлау» тресіндегі бұрғылау кеңсесіндегі Техникалық бөлімнің (ТО) бастығы, кеңсенің бас инженері, 1957-1971 жж. - Құлсары және Прорва бұрғылау кеңселерінің директоры, 1971 жылдың 7 желтоқсанынан 1972 жылдың 17 қарашасына дейін - Балықшы барлама бұрғылау басқармасының бастығы, 1972-1985 жж. - Прорва бұрғылау кеңсесіндегі ОИТҚ-ның бастығы, Каспий өңірінің мұнайын барлама бұрғылау экспедициясының бас инженері, бастықтың орынбасары, «Қазмұнайбарлау» басқармасындағы тереңнен бұрғылау жөніндегі аға инженер қызметтерін абыроймен атқарды. 1985 ж. зейнеткерлікке шықты. КСРО-ның «Қызыл Жұлдыз» орденінің және бірнеше медальдарының иегері. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**МАХАМБЕТОВ Екібай Жәрдемұлы** (3.11.1940, Гурьев (Атырау) обл. Доссор ауд. Доссор кенті - 29.12.2006, Атырау қ.). Академик И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтын бітірген (1962). 1955-1957 жж. - Қаратон бұрғылау кеңсесіндегі механикалық шеберхананың темір жонушысы, 1962-1972 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Қаратон, Прорва МГӨБ-лерінің бұрғышысы, бұрғылау шебері, аға инженері, өндірістік-техникалық бөлімнің

бастығы, 1972-1977 жж. – ББББ-ның бас инженері, 1977-1986 - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бастығы, 1986-1995



жж. - ББББ-дағы Өндірістік тұрғыда қамтамасыз ету жұмыстарының орталық базасының бастығы, 1995-2003 жж. - «ҚазақОйл-Бұрғылау» ЖШС-нің бас технологиясы болып еңбек етті. 2003 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Ботакан, Мәтен кен орындарын тұңғыш ашушы, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, бірнеше медальдармен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**НҰРЖАНОВ Асқар Сағидоллаұлы** (13.4.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Мұнай барлаушыларының 5-ші Опорная елді мекені). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1980). Англияда, Германияда, Ресейде біліктілікті жетілдіру курстарынан өткен. 1980-1991 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, ұңғымаларды цементтеу тобының инженері,

АИТҚ бастығы, №2 терең барлама бұрғылау экспедициясының бас инженері, 1991-2001 жж. – «Гюрал» ЖШС-нің бұрғылау және ұңғымаларды бекіту маманы, мұнай өндіру жөніндегі кәсіпшіліктің бастығы, 2001-2007 жж. – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-нің бас директоры. 2007-2008 жж. – «Симонс Холдинг БВ Бранч» компаниясының бұрғылау істері жөніндегі бас менеджері, 2008-2010 жж. – «Даск Дриллинг» ЖШС-нің бас директоры, 2011-2012 жж. – «Компания ECOS» ЖШС-і филиалының директоры – бас директордың Каспий өңіріндегі мұнайлы кен орындарын бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. ҚР «Қазақстан мұнайының 90 жылдығы» төсбелгісімен, «Тенішевройлдың 30 жылдығы» медалімен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ТЛЕГЕНОВ Аманкелді Жұбайдоллаұлы** (27.2.1957 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1978), тау-кен инженері. 1978-1998 жж. – ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, технологиялық бөлімнің инженер-технологы, аға инженері, бастықтың орынбасары, бастығы, Басқарманың бас инженері, ББББ-ның бастығы, 1999-2000 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының Бас директоры, 2000-

2006 жж. – «ОТО-Пром» ЖШС-нің Атырау филиалы директоры болды. 2006 жылдан бері - Алматыдағы «Холдинг НТЦ Геосервис» ЖШС-нің өңірлік директоры.



**ХИСМЕТОВ Асабай** (1928, Гурьев (Атырау) обл. – 1987, Гурьев (Атырау) к.). ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1995 (қайтыс болғаннан кейін)). Жетібай, Өзен, Теңге, Теңіз кен орындарын тұңғыш ашушы. Мәскеу мұнай институтын бітірген (1951). 1951-1974 жж. - №2 Опорная мұнай барлау орнының аға инженері, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Құлсары бұрғылау кеңсесіндегі ӨТБ-ның бастығы, бас инженері, «Манғышлақмұнайгаз барлау»

тресінің бас инженері, осы трестегі Жетібай МБЭ-сінің бас инженері, бастығы, осы трестегі Қарақия МБЭ-сінің бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-сі бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары, 1974-1986 жж. – ББББ-ның бастығы, 1986-1987 жж. – Каспий өңірін БББ-сы бастығының орынбасары болды, КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдарымен марапатталған. Каспий өңірін барлама бұрғылау ісіне орасан зор үлес қосты. Атырау облыстық Мәслихатының 2010 жылғы 3 желтоқсандағы № 383-ІҮ шешімімен оған қайтыс болғаннан кейін «Атырау облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.





**ХИСМЕТОВ Берік Асабайұлы** (9.12.1962 ж.т., Маңғышлақ обл. Форт-Шевченко қ.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1985) бітірген. 1985-1999 жж. – ББББ бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы шебері, технологы, ӨТБ-нің инженері, экспедиция бастығы, АИТК бастығының орынбасары, бұрғылау телімінің жетекші инженері, супервайзері, бас инженері, 1999-2009 жж. – «Сазанқұрақ» БК-сінің

жабдықтау жұмыстары жөніндегі менеджері, ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу және бұрғылау жөніндегі супервайзері, Аджип ККО-дағы Жаңа бұрғылау қондырғылары жобасының инженері, теңіздегі құрылыс жұмыстарының супервайзері, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» Сервистік бұрғылау кәсіпорнының бас директоры, бас директордың орынбасары, 2009-2013 жж. – Астана қаласындағы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ының Солтүстік Каспий Жобасы департаментінің менеджері, жеке кәсіпкерліктің директоры, «Равнинное Ойл» ЖШС-інің техникалық директоры болып, абыройлы еңбек етті. 2013 жылдың наурызынан бері – «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы Бұрғылау жұмыстары және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі департаменті директорының орынбасары. Мұнай саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін «Жайық мұнайының игерілуіне 40 жыл» және «Прорва мұнайына 50 жыл» төс белгілерімен марапатталған.



**ШИЛИМОВ Евгений Лаврентьевич** (1923, Гурьев (Атырау) қ. - 2004, Атырау қ.). КСРО-ның Құрметті мұнайшысы (1981). 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатынасушы (1942-1944 жж.). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын (1942), жаяу әскерлердің Гурьев (Атырау) училищесін (1942), Бақудың индустриялық институтын (1954) бітірген. Еңбек жолын 1942 ж. Құлсары МКБ-сындағы бұрғылау цехының техникі болып бастап, 1943 ж. дейін еңбек етті.

Кейін 1944-1951 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі мұнай өндіру бөлімінің техникі, бұрғылау бөлімінің инженері, 1951-1957 жж. - Құлсары бұрғылау кеңсесінің бұрғылау жұмыстары жөніндегі аға инженері, ӨТБ-ның бастығы, бас инженері, 1957-1971 жж. - «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі бұрғылау бөлімінің бастығы, 1971-1983 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Бұрғылау жөніндегі өндірістік бөлімінің бастығы, оның ішінде, 1972 жылдың 17 қарашасынан 1973 жылдың 22 наурызына дейін - Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы болып, абыройлы еңбек етті. 1983 ж. бастап дербес зейнеткерлікте болды. КСРО-ның 1-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше мерекелік медальдарымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.

**ЫБЫРАШЕВ (ИБРАШЕВ) Кенжебек**

**Ниязұлы** (1958 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Балықшы кенті). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институтын бітірген (1981), тау-кен инженері – бұрғышы. Техникалық ғылымдардың кандидаты. 1975-1981 жж. – Каспий өңірі МБЭ «ГМГТ» ӨБ-сінің дизельшісі, моторшысы, 1981-1988 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау

шебері, аға инженер, телім бастығы, бас технолог, 1988-1993 жж. – Каспий өңірі МБЭ «Гурьевмұнайгазгеология» ӨМБ-сының бас инженері, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-ның бас инженері, оның ішінде, 1991-1993 жж. – бастығы, 1993-1996 жж. – «Қазақстан-Каспий қайраңы» ААҚ-ының Атыраудағы филиалының директоры, 1996-1998 жж. – «Қазақстан-Каспий қайраңы» ААҚ-ының Атыраудағы филиалының тете-президенті, президенті, 1998-2001 жж. – «ОКИОС» компаниясының әкімшілік менеджері, 2001-2003 жж. – «Agip KCO» АҚ-ының жаңа жобалары жөніндегі менеджері, 2003-2005 жж. – «Agip Kazakhstan North Caspian Operating NV»-ның Қазақстан Республикасында бизнесті дамыту жөніндегі директоры, 2005-2009 жж. – «ҚазМұнайТеніз» ХМК АҚ-ы бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры, барлау және өндіру жөніндегі тете-президент, 2009-2011 жж. – «Қазмұнайгаз» БӨ АҚ-ының бас директоры болды. 2011 жылдың сәуір айынан – «ҚазМұнайТеніз» ХМК» АҚ-ының бас директоры. ҚР «Күрмет» (1997), «Парасат» (2010) ордендерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан мұнайына 100 жыл» тосбелгісімен марапатталды. ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ГИЛАСОВ (ИЛЪСОВ) Мұрат Гиясұлы** (10.7.1941 ж.т., Гурьев(Атырау) обл. Жылой ауд. Құлсары кенті). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын (1960), Алматының Қазақ политехникалық институтын (1967) бітірген, инженер-мұнайшы. Германияның Целле қаласында бұрғышылардың курсынан (1993), РКФСР-дың Иваново-Франковскідегі мұнай және газ институтында біліктілікті жетілдірудің (1971), Краснодар қаласының Ахтырка

кентіндегі Мұнай мен газ қиындықтарымен күреске оқытып-үйрету орталығының (1981), Италияның Милан қаласындағы Оқыту әдістеріне үйрету (2006) курстарынан өткен. Кеңесші ретінде Австрияда, Венгрияда, Словакияда, Чехияда қызметтік іссапарларда болған. 1959-1961 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Құлсары мұнай кәсіпшілігі басқармасының ұңғымаларды зерттеу және мұнай өндіру операторы, 1961-1962 жж. - Ұңғымаларды күрделі жөндеудің Құлсары кеңсесіндегі ӨТБ-ның инженері, бұрғылау шебері, 1968-1986 жж. - Қазақ КСР-і Геология министрлігінің аса тереңнен бұрғылайтын Биікжал мұнай барлау экспедициясының инженері, аға инженері, ӨТБ бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ және Каспий өңірін барлама бұрғылау басқармаларындағы ӨТБ-ның бастығы, 1986-1993 жж. - осы Бірлестіктегі (кейіннен - «Ембімұнайгаз» АҚ-ының) ӨТБ бастығы, 1993-1995 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ндағы ББББ-ның бастығы, 1996-1999 жж. - «Қазақойл-Ембі» ашық акционерлік компаниясының Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы директорының орынбасары болып, абыройлы қызмет етті. 2005 ж. бері - «АқАйКонсалтинг» ЖШС-інің ұйымдастырушысы.

І.қатысуымен бүкілодақтық маңызы бар, жобалық тереңдігі 6500-7000 м. болатын «2-АТ Биікжал», «П-1 Новобогат күмбезі», «П-1 Қарсақ», «П-2 Жарбас» ұңғымалары бұрғыланды, 70-тен аса кен орындарын, алаңдары мен құрылымдарын терең бұрғылауды, пайдаланушылық мақсаттағы бұрғылауды ұйымдастырды, қатысты. Нәтижесінде Королевское, Ботақан, Кенбай, Ровное, Мәтен, Ақінген,



Аққудық, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Орталық-Шығыс Прорва, Ботакан, Шығыс Көкарна, Оңтүстік Таңатар, Оңтүстік Қамыскөл және т.б. жаңа мұнай және газ кенорындары ашылды.

Жемісті еңбегіне орай Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Жер қойнауының құрметті барлаушысы», «Теңіз кен орны ашылуының 25 жылдығы», «Теңіз кен орны ашылуының 30 жылдығы» төсбелгілерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



## ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

# БҰРҒЫЛАУ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ

(Балықшы барлама бұрғылау басқармасы  
қызметкерлерінің ғұмырнамалық анықтамалығы)





Біздің табиғи ресурстарымыз орасан бай...Бірақ мұндағы жетекші фактор - адамдар, олардың ынта-жігері, қуаты, табандылығы мен білімі. Бұл - біздің өсіп-өркендеуімізге және тәуелсіздігімізге есік ашатын «алтын кілт».

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті



# А.

**АБЫЛАЕВА (Шалабаева) Халима (1944 ж.т.).**

«Гурьевмұнайхимиякұрылыс» тресіндегі оқу комбинатының сылақшы-сыршылар курсы бітірген (1966 ж.). 1965-1968 ж. – аталмыш трестегі №7 құрылыс-құрастыру басқармасының 2-разрядты сылақшы-сыршысы, 1968-1973 ж. - Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Гурьев химия зауытының Жөндеу-құрылыс цехы сылақшысы, материалдарды саралаушысы (изолировщик), 1973-1982 жж. – ББББ-дағы құрылыс цехының 4-разрядты сылақшы-сыршысы, мұнара құрастыру кеңсесінің 4-разрядты сылақшы-сыршысы, басқармаға қарасты балабақшаның бала күтушісі, 1982-1994 жж. – басқармаға қарасты Жөндеу-құрылыс цехының 5-, 4-разрядты сылақшы-сыршысы болды. 1994 жылдан бері зейнеткерлікте. Еселі еңбегіне орай «Ең үздік сылақшы-сыршы» болып танылды (1989), Басқарманың Құрмет грамотасымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды, суреті басқарманың Құрмет тақтасына ілінді.



**АБЫЛАЕВ Кенжебай (12.4.1938 - 1.3.2011).**

Гурьев (Атырау) ФЗО мектебін бітірген. 1961-1964 жж. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. 1954-1965 жж. - «Қазмұнайкұрылыс» тресінің №4 және №2 құрылыс басқармаларындағы, «Химиялыққұрылыс» тресінің 3-Құрылыс-құрастыру басқармасындағы 2-құрылыс телімінің 4-разрядты тас қалаушысы, 1965-1968 жж. - аталмыш басқармадағы №1, I-17 цехтарының аппаратшысы, I-17 цехтың, жөндеу құрылыс цехының ағаш шебері, 1968-1971 жж. - Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Гурьев химия зауытының тас қалаушысы, 1972-1998 жж. – ББББ-дағы Жөндеу-механика цехының газбен және электрмен дәнекерлеушісі, Мұнара құрастыру кеңсесінің 4-разрядты тас қалаушысы, 5-разрядты тас қалаушысы болды. Суреті басқарманың Құрмет тақтасына ілінді, бағалы сыйлықтармен марапатталды.





**АЙДЫНӘЛИЕВ** Зияиддин (1916, қазіргі Атырау облысы - 1977, сонда). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұнайшысы (1971). Ұлы Отан соғысына қатынасушы. Атырау политехникалық техникумын бітірген (1938). 1938-1940, 1946-1948 жж. – Байшонас мұнай кәсіпшілігінің пайдалану жұмыстары жөніндегі техникі, аға инженері, мұнай өндіру цехының бастығы, 1948-1974 жж. – Ескене, Мақат, Қаратон, Қошқар, Сағыз мұнай кәсіпшіліктерінің директоры, Мұнай және химия өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподағы Атырау облыстық комитетінің төрағасы, «Ембімұнай» бірлестігіндегі жол-жөндеу кеңсесінің бастығы, Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасы бастығының орынбасары, ББББ бастығының орынбасары, «Ембімұнай» бірлестігіндегі Ғылыми-зерттеу қызметінің бөлім бастығы болды. КСРО-ның Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдарымен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**АЙТЖАНОВА** Қамажай Қожағалиқызы (25.9.1949 ж.т., Атырау обл. Жылыой ауд. Құлсары к.). Гурьев политехникалық техникумын бітірген (1970). 1966-1971 жж. - Құлсары мұнай өндіру кәсіпшілігінде оператор, ұңғымаларды автоматтандырылған түрде басқару орталығының диспетчері, 1971-1972 жж. - Сарықамыс кенттік балалар комбинатының меңгерушісі, 1972-1989 жж. – ББББ-да зерттеуші, жатақхана меңгерушісі, Ақжар кенттік коммуналдық телімінің инженері, телім бастығы, 1989 - 1993 жж. Ақсай селолық кеңесінің төрайымы, 1993-2007 жж.- жеке кәсіпкер болып, абыройлы еңбек етті. 1975-1989 ж. Ақсай селолық, Атырау қалалық кеңестерінің депутаты болып, сайланды. Зейнеткер.



**АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы** (18.1.1947 ж.т., Атырау обл. Жылой ауд. Құлсары к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1967), Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. 1967-1991 жж. – Маңғыстаудағы Мұнай-газ ұңғымаларын терең барлаудың Қаракия экспедициясының, Ұңғымаларды күрделі жөндеудің Құлсары кеңсесінің шебері, инженері, Прорва бұрғылау кеңсесінің аға инженері, ББББ-ның аға инженері, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы бас инженердің техника қауіпсіздігі жөніндегі орынбасары, бұрғылау шебері, АИТҚ бастығының орынбасары, ББББ-дағы экспедиция бастығының орынбасары, осы Басқарманың кәсіподағы комитетінің төрағасы, Басқарма бастығының орынбасары, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасы бастығының орынбасары, 1991-1997 жж. - Шағын мекеменің, Сауда үйінің директоры, жеке кәсіпкер. 1997-2010 жж. – «Қайнармұнай» МГӨБ-ндегі кәсіподағы комитетінің төрағасы, 2010-2011 жж. - «Болат жол» ЖШС-дегі кәсіподағы комитетінің төрағасы болып, жұмыс жасады. 2011 жылы зейнеткерлікке шықты. 2011 жылдан бері - «Бұрғышы-72» қоғамдық қорының атқарушы директоры, Геолог селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы. 1999-2003 жж. Қызылқоға аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Жемісті еңбегі мен қоғамдық қызметі үшін «Доссор мұнайына 100 жыл», «Жайық мұнайына 40 жыл», «Қосшағыл мұнайына 70 жыл», «Мақат мұнайына 90 жыл», «Прорва мұнайына 50 жыл», «Теңіз кенішіне 25 жыл», «Теңіз кенішіне 30 жыл», «Атырау облыстық кәсіподақтар федерациясына 60 жыл» төсбелгілерімен, Халықаралық мұнай-газ кәсіподағы конфедерациясы лауреатының алтын медалімен (2010), Қазақстан Кәсіподақтары Федерациясының «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісімен, Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлері кәсіподағының «Құрмет белгісімен» (2008), бірнеше Алғыс хаттармен марапатталған. Кәсіподағы саласындағы еңбегі үшін бірнеше мәрте төсбелгілермен, Алғыс хаттармен марапатталған.



**АЙТЖАНОВ Алмас Айтжанұлы** (29.11.1948, Гурьев (Атырау) қ.- 14.11.1996, сонда). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1969). Мұнай саласында үздіксіз 37 жыл еңбек етті. «Ембімұнай» бірлестігіне қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, нормативтік зерттеу стансасының (НЗС) инженері, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының, ББББ-ның, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының Жалақы төлеу және оны

ұйымдастыру саласындағы белді маманы болды. Еңбегі мен жинаған мол тәжірибесінің арқасында 10 жыл бұрғылау басқармасының ең ірі бөлімдерінің бірін басқарды. Соңғы жылдары жаңа құрылған «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының нарық жағдайында қалыпты жұмыс жасауына өз үлесін қосты.



**АҚҚАЛИЕВ Нұрым** (3.11.1940 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд. Райгородок с.). Тракторшылар курсы (1960), Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1981) бітірген. 1961-1964 ж. Кеңес армиясының қатарында азаматтық борышын өтеді. 1958-1961 жж. - Қызылқоға ауданындағы «Ленин жолы» ұжымшарының мал шаруашылығы саласының еңбеккері, тракторшы, 1965-1972 жж. - «Қазақстанмұнайбарлау» экспедициясының

моторшысы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1972-1995 жж. - ББББ-ның бұрғышысы болып, абыройлы еңбек етті. КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен және түрліше грамоталармен марапатталған. 1995 жылдан зейнеткер. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АҚМҰРЗИЕВ Шораш** (1952 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1974). 1974-1981 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, барлау жұмыстарының шебері, бұрғылау қондырғысының бастығы, АИТҚ бастығы, 1981-1996 жж. – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясындағы (КЭ) бұрғылау қондырғысының бастығы, мұнай барлау

жұмыстары экспедициясы бастығының орынбасары, бастығы болды. 1996 ж. бері «Қазтрансойл» ААҚ-ның Батыс бөлімшесіндегі Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері болып жұмыс жасайды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АЛАНОВ Тақатар Ырзабекұлы** (16.11.1955 ж.т., Атырау (Гурьев) обл.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау мамандығы бойынша бітірген (1983), тау-кен инженері. 1976-1978 жж. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. 1975-1976, 1978-1979 жж. - Терең бұрғылау жолымен мұнай барлаудың Каспий өңірлік экспедициясының геологиялық-ізвестіру партиясындағы қолмен бұрғылаушы

бұрғышының 3-разрядты көмекшісі, «Қазақстанмұнайгазбарлау» тресінің «Геолтехкомплект» қоймасындағы жүк тиеу цехының жүк тиеушісі, химиялық жабдықтардың темір жөндеушісі, Киров атындағы зауыттағы №29 цехтың жөндеуші слесары, 1983-1993 жж. - ҚазМҒЗжЖИ-дағы («ҚазНИПИнефть») ғылыми-зерттеу бөлімінің инженері, «Ембімұнай» бірлестігіне қарасты ББББ-ның 4-АИТҚ-сындағы бұрғышының 5-разрядты көмекшісі, ОИТҚ-ның технологы, аға технологы, техника қауіпсіздігін басқару бөлімінің аға инженері, терең барлау бұрғылаудың №2 экспедициясындағы еңбек және техника қауіпсіздігін қорғау бөлімінің инженері, 1993-1999 жж. -



Бұрғылау жұмыстарының Жылыой басқармасындағы АИТҚ бастығы орынбасарының м.у.а., 1999-2007 жж. - «Оралмұнайгазгеология» АҚ-нда бұрғышы шебер, Ұнғымаларды күрделі жөндеу және жерасты кабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жұмыстарының Атырау басқармасындағы бұрғылау цехының ауысым бастығы, инженер-технологы, 2007 ж. «Бұрғылау» ЖШС-інің Атырау филиалындағы бұрғылау цехының инженер-технологы болып, абыройлы еңбек етті. Әртүрлі Құрмет грамоталарымен марапатталған.

**АМАНКЕЛДИН Сәлкен** (1933, Атырау обл. – 1999, сонда). Алматының С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1956). 1957-1958 жж. - Байшонас пен Қарсақ мұнай кәсіпшілігі басқармаларының коллекторы, геологы, 1958-1979 жж. - Құлсары, Солтүстік Үстірт, Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедицияларының геологы, аға геологы, бастықтың орынбасары, 1979-1999 жж. - ББББ-ның, Бұрғылау жұмыстарының Жылыой басқармасының, «Қазақойл-бұрғылау» АҚ-ының аға геологы, бас геологы, бастықтың кенесшісі болды. КСРО-ның «Еңбекте үздік шыққаны үшін» (1988), «Еңбек ардагері» (1990) медальдарымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АМАНҒАЛИЕВ Сағын** (1934 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). ҚМБ тресі жанындағы топографтар курсы бітірген (1952). 1952-1974 жж. – Мұнай барлаудың Каспий өңірлік экспедициясының Гурьев (Атырау) геологиялық-іздістіру кенесіндегі, топопартиясының топографы, аға топографы, аға техникі, 1974-1994 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің ББББ-сындағы Мұнара құрастыру кенесінің инженер-геодезисі, топографы болды. 1994 ж. бері - зейнеткер. КСРО-ның «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталған (1986). Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АМАНҚҰЛ Әмен Сәбитұлы** (5.04.1932, Атырау обл. Жылой ауд. Жаршық а. – 11.11.2003, Алматы қ.). Ғалым-мұнайшы. Орта мектепті (алтын медальмен) (1949), Мәскеудегі И.М. Губкин атындағы мұнай институтын (1954) бітірген, тау-кен инженері. 1963-1966 жж. Әзірбайжан мұнай және газ институтының аспирантурасында оқып, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты атағын алады. 1954-62 жж. «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бұрғылау

мекемелерінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебер, телім бастығы, мекеменің өндірістік-техникалық бөлімі бастығы, директоры қызметтерін атқарады. 1966-2003 жж. Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының (бүгінде – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) (ҚазҰТУ) аға оқытушысы, доценті (1968), «Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау» кафедрасының меңгерушісі (1986-95), «Ұнғымаларды бұрғылаудың технологиясы және техникасы» кафедрасының доценті (1996), профессоры (1998), кафедра меңгерушісі (2000) болды. 1998 ж. оған ҚазҰТУ-дің академиялық профессоры атағы берілген. 120-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбектер (оның ішінде 20 әдістемелелік нұсқаулықтар (қазақ және орыс тілдерінде) жариялаған. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен (1981), Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999), КСРО Геология министрлігінің «Жер қойнауын барлау ісінің үздігі» төс белгісімен (1984), КСРО Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігінің «Еңбектегі үздік жетістіктері» үшін төсбелгісімен (1985), ж. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасымен (1986) марапатталған. «Ұнғымаларды аяқтау» (1995, 1997); «Теніздегі ұнғымаларды бұрғылау және аяқтау» (2001), «Бурение нефтяных и газовых скважин» (электронды кітап) (қосымша туындыгері) деген еңбектері бар.



**АМАНҚҰЛОВА Сәбира Ракметқызы** (1.01.1955 ж.т., Атырау обл., Жылой ауд., Қаратон кенті). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1976), мұнай және газ кен орындарын өңдеу инженері. 1976 ж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Прорва мұнай-газ өндіру басқармасының операторы, 1977 ж. - ББББ-да өндіріс бөлімінің инженері, 1979-2002 жж. - Атырау бұрғылау басқармасындағы «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау мекемесінің

экономисі, аға экономисі, экономикалық талдау және жоспарлау бөлімінің бастығы, 2006-13 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ЖШС-нің аға экономисі болды. Бүгінде - зейнеткер.



**АМАНҚҰЛОВ Болат Ракметұлы** (13.7.1959 ж.т., Атырау обл. Жылой ауд. Қаратон кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1982), тау-кен инженері-геолог. 1982-1988 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-де геолог, аға геолог, 1988-1993 жж. - «Ембімұнайгеофизика» ӨБ-де геолог, аға геолог, геология бөлімінің бастығы, 1993-1997 жж. - мұнай компанияларының халықаралық консорциумының операторы – ККШ компаниясындағы геология бөлімінің бас геологы, 1997-

1998 жж. - «ҚазақстанКаспий-қайраңы» АҚ-ының аға геологы, резервуарларды модельдеу бөлімінің бас маманы, 1998-2000 жж. - Parker Drilling International Ltd компаниясында техника қауіпсіздігі бөлімі бастығының көмекшісі, 2001-2005 жж. - Аджип ККО компаниясының мұнай-газ құрылымдарын барлау геологы, аға геологы, 2005-2012 жж. - «ҚазМұнайТеңіз» компаниясындағы Логистика және қызмет көрсету департаментінің директоры, Теңіздік жұмыстарды қолдаудың атқарушы директоры, геологиялық жұмыстар жөніндегі басқарушы директор, бас директордың бірінші орынбасары қызметтерін атқарған. 2012 ж. наурыз айынан бері «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-нің бас директоры қызметін атқарады.



**АМАНҚҰЛОВ Марат Рақметұлы** (28.3.1957 ж.т., Атырау обл. Жылой ауд. Қаратон кенті). Гурьев политехникалық техникумын (1981), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1993) бітірген, техник бұрғышы, тау-кен инженері. 1974-88 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-ісіне қарасты ББББ-да жөндеуші, жөндеушілер бригадирі, шебер, бұрғылау және мұнай өнеркәсібі қондырғыларын жөндеу цехының аға шебері. 1988-2002 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-ісінің Өндірістік тұрғыда камтудың орталық базасындағы Бұрғылау және мұнай өнеркәсібі қондырғыларын жөндеу цехының бастығы, 2002-10 жж. - «Жігермұнайсервис» ЖШС-і бас директорының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары болып, абыройлы еңбек етті. 2010 жылдан бері «Аджип ККО» компаниясының теңізде құрылған нысандарды өндіріске енгізу мәселелері жөніндегі үйлестірушісі жұмысын атқарады.



**АМАНҚҰЛОВ Рақмет Сәбитұлы** (5.5.1929, Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Жаршық а. - 2003, Атырау қ.). Атырау мұнай техникумын (1954), Мәскеу мұнай институтын (1968) бітірген. 1946-1949 жж. - «Қазақстанмұнайбарлау» тресіне қарасты бұрғылау кеңсесінің Жолдыбай, Төлес барлау алаңдарында бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1949-1959 жж. - аталмыш кеңседегі кадр бөлімінің қызметкері, Қаратон бұрғылау кеңсесіндегі кадр бөлімінің бастығы, 1959-1964 жж. - аталмыш кеңсенің Қара арна, Сарықұм, Қарасор, Прорва телімдерінің бастығы, Мақат терең бұрғылау экспедициясының бас инженері, 1964-1974 жж. - «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің Қаракия мұнай барлау экспедициясындағы өндірістік-техникалық бөлімнің бас инженері, бастығы, 1974-1990 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ісінің ББББ-сындағы №1 АИТҚ-ның бастығы, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру және





өндірісті басқару бөлімінің бастығы болып, абыройлы еңбек етті. 1990 ж. зейнеткерлікке шықты. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің және Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен және төс белгілерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АМАНШИЕВ Байғана Аманшаұлы** (28.2.1958 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Гурьевтің (Атыраудың) №13 қалалық кәсіптік-техникалық училищесін бітірген (1975). 1976-1978 жж. Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Еңбек жолын 1975 ж. Гурьев химия зауытындағы катализатор цехының аппаратшысы болып бастаған. 1978-1979 жж. – ҚазГБҒЗИ-дің аға зертханашысы, 1979-1995 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының,

ББББ-ның бұрғышы көмекшісі, бұрғышысы, №1 экспедицияның 3-разрядты оператор-коллекторы, 4-разрядты слесары, бұрғышысы болған. 1995 жылдан «Бай-СерОйл» ЖШС-нің директоры қызметінде. Салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.



**АРАЛБАЕВ Аманкелді Сейітқалиұлы** (24.2.1949 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Үшқан елді мекені). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын мұнай және газ ұңғымаларын терең бұрғылау мамандығы бойынша бітірген (1972). Бұрғылау технологиясы бойынша - Англияның Ньюкасл, Абердин қалаларында (1992), Францияның Лиль қаласында (1996), АҚШ-тың Хьюстон қаласында (1998), мұнай өндіру

технологиясы бойынша - Қытайдың Бейжің қаласында (2005), Канаданың Калгари қаласында (2009) білімін тереңдеткен. 1966-1967 жж. - Қазақстандағы екінші ең терең ұңғыма (6020 м.) қазылған Биікжал бұрғылау алаңының слесарі, 1972 -1977 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі



ББББ-ның Ақтөбе обл. Кеңкияк мұнай кенішінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, аға инженер, Пустынный алаңының аға инженері, 1977-1989 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы технология бөлімінің, ӨТБ-ның аға инженері, №3 АИТҚ басшысы, 1989-1991 жж. - ББББ-ның №3 бұрғылау экспедициясының бас инженері, 1991- 2005 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бас инженері, Бірлестіктегі бұрғылау бөлімінің басшысы, «Қазақойл Бұрғылау» сервистік компаниясы басшысының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары, «Сазанқұрак» БК-сі бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, атқарушы директоры, 2005-2012 жж. - «Прикаспийан Петролеум Компани» компаниясының бас директоры болды. 2012 жылдан бері - зейнеткер. Пустынный, Прибережный, Ботақан, Масабай, Доссор (түз қарнизі асты), Оңтүстік Шығыс Қамысты, Грядовая, Шығыс Новобогат, Батыс Новобогат, Мәтен, Шығыс Мақат, Солтүстік Жолдыбай, Мыңтеке мұнайлы кен орындарын және Песчаный, Торғалы газ көздерін ашуға тікелей қатынасты. ҚР Президентінің Алғыс хатын (2006), бірнеше естелік медальдар, ҚР мұнай министрлігінің мақтау қағаздарын, облыс әкімінің (2004), Исатай ауданы әкімінің (2003) алғыс хаттарын алған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**АРАЛБАЕВА (Сарықұлова) Айкүміс**  
**Ізбасарқызы** (23.3.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Қаратон кенті). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975), инженер-геолог. 1967-1970 жж. - Қаратон мұнайлы кәсіпшілігінің мұнай өлшеушісі, 1975-1998 жж. - ББББ-ның Пустынный, Прибережный алаңдарында оператор-коллектор, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының

геологы, аға геологы, жетекші геологы, 1998-2008 жж. - Ұлттық «Қазақойл Бұрғылау» компаниясының аға геологы болды. 2008 ж. зейнеткерлікке шықты. Ровное, Оңтүстік Шығыс Қамысты, Грядовая,



Батыс Новобогат, Ботақан, Мәтен, Шығыс Мақат мұнай кен орындарын және Песчаный, Торғалы газ көздерін ашуға тікелей қатысты. Бірлестіктің, басқарманың грамоталарымен және ақшалай-заттай сыйлықтармен марапатталған.



**АРАЛБАЕВ Елекбай Сейітқалиұлы** (18.8.1937 ж.т. Гурьев (Атырау) обл., Мақат ауд., Ескене к.). Мәскеудің академик И.М. Губкин атындағы мұнай және химия институтын (1965), моторшы-дизельшілердің Құлсарыдағы 3 айлық кұрсын (1956) бітірген. 1957-1960 жж. Кеңес Армиясының қатарында Отан алдындағы борышын өтеді. Еңбек жолын 1956 жылы Құлсары мұнай-газ барлау экспедициясындағы Төңірекшың бұрғылау алаңының моторшысы

болып бастаған. 1966-1971 жж. - Батыс Қазақстандық геологиялық барлау басқармасының техник-геологы, геологы, аға геологы, Прорва бұрғылау кенесінде инженер-геолог, 1971-1977 жж. - ББББ-ның аға инженер-геологы, 1977-1987 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының аға геологы, АИТҚ бастығының геология жөніндегі орынбасары, №2 экспедицияның аға геологы, 1987-1997 жж. - Құлсары МГӨБ-нің бірінші дәрежелі аға геологы, 1997-2000 жж. - іріленген Қаратон кәсіпшілігінің бас геологы болды. Атырау облысындағы Шағырлы, Шөмішті, Пустынный, Прибережный, Тәжіғали, Ботақан, Масабай, Доссор карнизі мұнай кеніштерін ашуға тікелей қатысты. Бірнеше медальдармен, салалық грамоталармен марапатталған.



**АРАЛБАЕВ Қобдабай Сейітқалиұлы** (25.5.1939 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Мақат ауд., Ескене к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1976), механик. Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1976), Харьков қаласының Малышев атындағы зауытында бұрғылау қондырғысын игеру курсында оқыған (1964). 1959-1963 жж. Кеңес Армиясының қатарында Отан алдындағы борышын өтеді. 1957-1959 жж. - Құлсары

кентіндегі «Құлсарымұнайбарлау» (ҚМБ) бұрғылау мекемесінің құрылыс жұмысшысы, Төңірекшын, Үлкентөбе алаңдарындағы дизельші-моторшының көмекшісі, дизельші-моторшы, 1963-1964 жж. - Құлсарыдағы Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының бұрғылау мекемесіндегі Прорва телімінің дизельші-моторшысы, 1964-1971 жж. - Қазақстандағы екінші ең терең 7000 метрлік ұңғыма бұрғылау бригадасына бірінші рет Биікжал алаңында қолданылып жатқан бұрғылау қондырғысының дизельші-моторшысы, 1972-1999 жж. - ББББ-ның дизельші-моторшысы, машинашысы, механигі, инженер-технологы болып, зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Бірнеше рет салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.



**АРАЛБАЕВ Серік Сейітқалиұлы** (14.12.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Төңірекшын бұрғышылар ауылы). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып бітірген (1986), тау-кен инженері. 1975-1977 жж. Кеңес әскері қатарында, Арменияда Отан алдындағы борышын өтеген. 1973-1975 ж. - ББББ-ның дизельші-моторшысы, 1977-1987 жж. - ББББ жанынан құрылған Бұрғылау

жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының дизельші-моторшысы, бұрғышының көмекшісі, 6-разрядты бұрғышы, бұрғылау шебері, 1987-1991 жж. - ББББ-дағы №1 және №3 экспедициялардың бұрғылау шебері,



күрделі жөндеу бригадасының шебері, 1991-1998 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы технология бөлімінің ұнғымаларды шегендеу инженері, АИТҚ бастығының орынбасары, өндірістік тұрғыда жабдықтау бөлімі бастығының орынбасары, осы бөлімнің бастығы болды. 1998-1999 жж. - ФИОК-тегі «Сазанқұрак» БК-сінің мұнай дайындау шебері болып ауысты. Қазақ жеріне келген шетелдік қондырғыларды (Канадалық бұрандалы сораптар, Швециялық мұнай дайындау центрифугасы, Голландиялық мұнай құю қондырғысы, ағылшындық бу қазаны, Францияның САНФЛО жоғары қысымды сорабы) алғашқылардың бірі болып жете игерген. 1999 ж. бері аталмыш БК-дағы технологиялық қондырғылардың механигі жұмысын атқарып келеді.



**АРАЛБАЕВ Төлеген Сейітқалиұлы** (14.12.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Төңірекшын бұрғышылар ауылы). Алматының Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін бітірген (2005), тау-кен инженері. 1975-1977 жж. Кеңес әскері қатарында Арменияда Отан алдындағы борышын өтеген. 1973-1975 жж. - ББББ-ның Ақтөбе обл. Кеңияқ бұрғылау бөлімшесінің слесары, 1977-1998 жж. - ББББ-дан бөлінген

Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасында бұрғышының көмекшісі, әртүрлі кен алаңдарының 6-разрядты бұрғышысы, 1998-2009 ж. - ФИОК-тің «Сазанқұрак» БК-сінде өндіруші оператор, мұнай дайындау қондырғысының операторы, мұнай дайындау шебері, мұнай дайындау қондырғысының басшысы, 2009-2010 жж. - ФИОК компаниясының Ақтөбе облысының Байғанин ауданынан және соған іргелес Атырау облысының Қызылқоға ауданынан мұнай көздерін ашуына байланысты «Сағыз Петролеум Компани» мекемесінде мұнай өндіру шебері болды. 2010 ж. бері осы мекемедегі ОИТҚ-ның бастығы жұмысын атқаруда.



**АРЫСТАНБАЙ Сырым Дүйсенбайұлы** (20.12.1947 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Балықшы ауд. Балықшы к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1967), Грозный қаласының академик И.Д. Миллионщиков атындағы мұнай институтын (1974) бітірген. 1974-1980 жж. - «Гурьевмұнайгазгеология» өндірістік-геологиялық бірлестігінің бұрғышысы көмекшісі, бұрғышы шебер, бұрғылау бастығы, ӨТБ-ның аға инженері,

Каспий маңының мұнай барлау экспедициясындағы ӨТБ бастығы, 1980-1990 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі ББББ-ның ӨТБ бастығы, Бірлестіктің бас технологы, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бас инженері, ББББ-ның бас инженері, 1990-1994 жж. - ҚР Мемлекеттік тау-кендік техникалық бақылау мекемесінің Батыс Қазақстан округі басқармасының бас инженері, басқарма бастығы, 1994-1995 жж. - «Шлюмберже» компаниясының Қазақстан Республикасы бойынша әкімгері, 1995-1996 жж. - ҚазГБЗФИ-дағы Атырау тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының бас инженері, бастығы, 1996-1998 жж. - Атырау университетінің аға оқытушысы, мұнай факультетіндегі бұрғылау кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарушы, 1998-2000 жж. - Орал қаласындағы «Степной леопард Лтд» БК-ндағы бұрғылау бөлімінің бастығы, 2000-2001 жж. - «Алмаз Интернэшнл Трейдинг Компани» ЖАҚ-ындағы бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жондеу департаментінің директоры болды. 2001 жылдан бері - «Степной леопард Лтд» БК-нда супервайзер, мұнай және газ өндіру телімінің бастығы, бас инженердің міндетін атқарушы болды.



# Ә.



**ӘБІЛҚАЙЫРОВ Нұржан** (9.5.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Гурьев (Атырау) политехникумын (1969), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1989) бітірген, тау-кен инженері. 1969-1975 жж. – Пайдалана бұрғылау жұмыстарының Жаңа Өзей кеңсесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1973-1975 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты нормативтік-зерттеу стансасының (НЗС)(НИС) инженері, 1975-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-

сіне қарасты ББББ-ның инженері, аға инженері, еңбек және жалақы бөлімі бастығының орынбасары, бастығы, 1998-2011 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нде қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы болған. 2011 жылдан бері - Ақтөбе қаласындағы «ОйлТехноГрупп» ЖШС-нің менеджері. Мұнай мен газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999) марапатталды.



**ӘБІЛҚАЙЫРОВ Нұрғали Қабдығалиұлы** (1955 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын бітірген (1985), тау-кен инженері. 1973-1975 жж. КСРО-ның Мәскеу әскери округінде қызметте болды. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Ресейдің Ахтирск қаласындағы СУКК (1989), «BJ services» компаниясында, УПО техникалық мектебінде

(2000-2001), Southern Alberta institute of Technology-да (2003), «Тим Превент Украина» ААҚ-нда, «Step Up» МУЦ-та (2008) тәжірибеден



өткен. 1975-1991жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасында, ББББ-да дизельші-моторшы, бұрғышының көмекшісі, пайдалана және барлама бұрғылауы ісінің бұрғышысы, бұрғышы шебері, терең бұрғылау экспедициясының технологиясы, орталық өндірістік диспетчерлік қызмет (ОӨДҚ) диспетчері, 1991-1999 жж. - ұнғымаларды геофизикалық тұрғыда зерттеу жөніндегі Батыс Қазақстан экспедициясының, «ГеоИгілік-Сервис» АҚ-ның инженер-технологы, инженер-геофизигі, 2001-2003 жж.- «BJ services» компаниясының мұнай-газ ұнғымаларын цементтеу операторы, 2003 ж. - «Сазанқұрак» БК-сі ЖАҚ-нда бұрғылау және ұнғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының инженері, 2004-2008 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-нде еңбекті қорғау жөніндегі бас маман, технологиялық бөлімнің инженер-технологы, өндірісті басқару бөлімінің жетекші инженері, өндірістік-техникалық бөлім бастығы болды. КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне қарасты мұнай кәсіпшілігі бригадаларының арасында социалистік жарыстың жеңімпазы болды, 1997 ж. «Қазақойл-Бұрғылау» СБК, «Қазатүрікмұнай» БК-нің алғыс хаттарын алды.



**ӘЖЕНОВ Сағидолла Серікбайұлы** (1939 ж.т., РКФСР-дің Астрахан обл. Володар ауд. Бакланов-Лопатинское с.). КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі (1985), Қазақ КСР-нің құрметті мұнайшысы (1991). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1960). 1960-64 жж.- Батыс Қазақстан геологиялық барлау басқармасының Мақат бұрғылау кенсесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1964-1972 жж. - «Маңғышлақ-мұнайбарлау» терең бұрғылау тресіне қарасты

Қаракия мұнай барлау экспедициясында бұрғышы шебер, бұрғылаудың бас инженері, 1972-1995 жж. - ББББ-дағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, 1995-1998 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бас инженері, 1998-2001 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнындағы





технологиялық бөлімнің бастығы, бас технологы, 2001-2003 жж. – Жерасты кабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттырудың және ұңғымаларды күрделі жөндеудің Атырау басқармасындағы бұрғылау бөлімінің инженер-технологы болды. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен, бірнеше рет «Социалистік жарыс үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Мұнай ұңғымаларының құрылыс технологиясын жақсарту мақсатында бірнеше онтайлағыш ұсыныстар берген. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ӘЖІБАЕВ Жұмакерей Шәкешұлы** (18.7.1951 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Құлсары к.). Алматыдағы Қазақтың В.И. Ленин атындағы политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. 1970-1972 жж. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. 1968-1970 жж. - Тәжіғали телімінің мұнай өндіру операторы, 1973-1988 жж. - ББББ-дағы АИТҚ-лардың бұрғышысының көмекшісі, бұрғылау орындарының терең бұрғылау шебері, аға технолог, өндірістік тұрғыда камту базасының аға инженері, 1988-1993 жж. - Қараарна мен Қаратон кеніштерінің мұнай өндіру шебері, 1993-2003 жж. - «Теңізмұнай» МГӨБ-інің қазандық шебері, «Теңішевройл» БК-ның технологиялық қондырғылар операторы, 2003-2005 жж. - «Казкомсервис» ЖШС-нде инженер-технолог болды, 2005 жылдан бері - «НИА Дриллинг» ЖШС-нде бұрғылау бастығы.



**ӘЖІҒАЛИЕВ Максат Дүйсенғалиұлы** (2.2.1955 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Қаратон кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1977). Германияда, Голландияда білімін жетілдірді. 1977-1983 жж. - «Гурьевмұнайгазгеология» өндірістік-геологиялық бірлестігінің Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясындағы бұрғышының



4-5-разрядты көмекшісі, ОИТҚ-ның аға инженер-технологы, технологиялық бөлімнің құбырлар жөніндегі инженері, 6-разрядты бұрғышысы, технологиялық бөлімнің бұрғылау инженері, 1983-1986 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-нің ББББ-сындағы өнімді қабатты ашу тобының инженері, №1 АИТҚ-сының аға технологы, №3 АИТҚ-сындағы ауысымның бастығы, ББББ-дағы технологиялық бөлімнің аға инженері, 1986-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-індегі бұрғылау технологиясы бөлімінің бастығы, бас технологы, бұрғылаудың өндірістік-технологиялық бөлімінің бірінші дәрежелі инженер-технологы, 1991-1995 жж. - қазақстандық-америкалық біріккен «Мұнай» кәсіпорнының бұрғылау инженері, 1995-1997 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы ББББ-ның бас инженері, 1997-2000 жж. - «Ембімұнайгаз» ААҚ-ындағы бұрғылаудың өндірістік-технологиялық бөлімінің бастығы, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ындағы геология, жасақтау және бұрғылау департаментінің бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларды күрделі жөндеу секторының басшысы болды. 2000 жылдан бері – «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ының «Ембімұнайгаз» ӨФ-індегі бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларды күрделі жөндеу департаментінің директоры. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ӘКІМОВ Бақытжан** (1961 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Гурьев (Атырау) мұнай және газ институтын сырттай оқып бітірген (2008). 1980-1982 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1979-1980, 1982-1986 жж. - ББББ-ның Өндірістік тұрғыда камтамасыз ету базасының Электрлік жабдықтарды прокаттау және жөндеу жүргізу цехындағы бұрғылау жабдықтарының слесарь-механигі, 1986-1993 жж. - «Теңізмұнай» МГӨБ-інің бас механигі болды. 1988-89 ж. Францияда Бүкілодақтық «Машинаимпорт» бірлестігінің инспекторы лауазымын атқара жүріп, Теңіз кен орнына жолданатын жабдықтарды тексерді. 1993 жылдан қазіргі күнге дейін «Теңізшевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында



слесарлық қызметтің бастығы, Техникалық қызмет көрсету орталығының кеңесшісі болып жұмыс жасайды



**ЭЛЖАНОВ Жұмабек Әбішұлы** (11.9.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) Мақат ауд. Доссор к.). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтын (кейін (1974-1976) сырттай оқып бітірген (1976), геолог-мұнайшы. Ботакан кенішін тұңғыш ашушы. 1973-1979 жж. – «Жайықмұнай» МГӨБ-нің мұнай өндіру операторы, ұнғымаларды зерттеу операторы, жер асты қабаты қысымын сақтау цехының инженері, геологиялық бөлімнің аға геологы, 1979-1988 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы бұрғылау жұмыстарының геологы, аға геологы, АИТҚ бастығының орынбасары, 1988-1992 жж. - «Атыраумұнайгазгеология» өндірістік-геологиялық бірлестігінің аға геологы, жайластыру жасағының бастығы, 1992-1993 жж. - «Эмбаведойл» БК-сінің геология және мұнай өндіру жөніндегі жетекші маманы, бас геологы, 1993-1996 жж. - «Атыраумұнайгазгеология» өндірістік-геологиялық бірлестігіне қарасты Каспий өңірінің мұнайын барлау экспедициясының жетекші геологы, 1996-1998 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-сіне қарасты Қайнар мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай өндіруші операторы, мұнай өндіруші геологы, 1998-2006 жж. - «Сазанқұрақ» БК-сі» ЖАҚ-ының бұрғылау жөніндегі геологы, өндіріс жөніндегі геологы, бас геологы қызметтерін атқарған. Батыс Доссор, Ботакан, Мәтен, Оңтүстік Камыскөл, Төбеарал, Сазанқұрақ кеніштерін бұрғылау, зерттеу жұмыстарына және игеруге қатысқан. 2006 жылдан бері «ЕМЕ» ЖШС-нің бас геологы болып жұмыс жасайды.



# Б.



**БАБАСОВ Әбіл** (1.3.1941 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Молотов атындағы ұжымшар. Жыңғылды тоғай а.). Сағыз стансасындағы училищені (1961), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1970), бұрғылау инженері. 1961-1964 ж. Коми АКСР-нде әскери борышын өтеген. 1965-1973 жж. - Құлсары терең бұрғылау мекемесінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы-технолог, шебер, 1973-1989 жж. - ББББ-да

технолог, бұрғылау бастығы, бұрғышы шебер, 1989-1996 жж. - Құлсары ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасында цех бастығы, жетекші инженер, технолог қызметтерін атқарды. Айранкөл, Гагаринск, Ақсай, Жетібай, Үстірт, Қарақұдық, Арыстан, Адайлы, Тортай, Батыс Прорва, Шығыс Прорва, Орталық Прорва, Досмұхамбетов, Теңіз кеніштерін игеруге қатынасаң. Оның басқарған бригадасы 1978 ж.КСРО Мұнай министрлігінің «Ең озат бригадасы» атағын алды. 1977, 1979 ж. «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Оныншы бесжылдық екпіндісі» төсбелгілерімен марапатталған.



**БАЙЗАКОВ Жолдас** (1948 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). 1967-1969 ж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1969-1987 жж. - «Гурьевмұнайхимиякүрылыс» тресіне қарасты №7 құрылыс-құрастыру басқармасындағы ағаш шеберінің көмекшісі, Гурьев (Атырау) құс фабрикасының электрігі, инженер-электрігі, 1987-1997 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-сының электр монтері болды. Бұл штат қысқарған соң 2002 ж. Атырау қаласының Б. Момышұлы атындағы №25 орта мектебінің

қызметкері, электр монтері болып, еңбек етті. 1981-1983 жж. Гурьев (Атырау) құс фабрикасындағы өндіріске жаңа технологиялық



жабдыктарды енгізуге қосқан үлесі үшін бағалы сыйлықпен марапатталған. Нәтижелі еңбегіне орай салалық, мекемелік Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен сыйланған.



**БАЙМАҒАМБЕТОВ Қайрат Мәзжанұлы** (20.8.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1978), инженер-механик. Мәскеуде білімін жетілдірген. 1978-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-сындағы бұрғылау қондырғысының 4-разрядты моторшысы, №1 АИТК-ның механигі, бұрғылау қондырғыларын жөндеу цехының бастығы, бас механик, 1998-2007 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны»

ЖШС-нің бас механигі, бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болды. 2008 ж. бері аталмыш ЖШС-нің өндірістік тұрғыда қамту жұмыстарының басқарушы директоры болып қызмет атқарады. Өндіріске жаңа техникалық жабдыктарды (румындық 7 метрге арналған «F-400», «F-320» бұрғылау қондырғыларын, Германияның «Камерон» фирмасының күкірт қышқылды ұнғымаларға қарсы қолданылатын превенторларын, Канаданың «Порта-Тест» фирмасының 4 сатылы сепараторлық қондырғыларын) енгізуге атсалысты, олар Теңіз алаңында тиімді пайдаланылды, осының арқасында 34-Теңіз ұнғымасындағы ашық бұрқаққа жол берілмеді. Мақтау грамоталарымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған.



**БАЛҒЫМБАЕВ Аманқос Өтәліұлы** (28.12.1951 ж.т., Атырау қ.). Гурьев политехникалық техникумын бітірген (1973), техник-мұнайшы. 1973-1976 жж. - «Қазмұнайгазбарлау» ӨБ-нің техник-операторы, 1976-1982 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Өндірістік-техникалық тұрғыда қамтамсыз сту және жабдыктармен жабдықтау басқармасының материалдарды қабылдаушысы, 1976-1982 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Бұрғылау



жұмыстары басқармасы бұрғышысының көмекшісі, 1982-1993 жж. - «Гурьевмұнайгазгеология» ӨБ-не қарасты Солтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясының, 1993-1995 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Жылыой басқармасының бұрғышысы, 1995-1999 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы Кеден кеңсесінің жабдықтау инженері, «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнындағы маркетинг бөлімінің инженері, «Данияр және К» ЖШС-і директорының орынбасары, 1999-2000 жж. - «Автобус-троллейбус паркi» көлік кәсіпорны кеңсесінің бастығы, 2000-2008 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨФ-сіне қарасты Үңгімаларды күрделі жөндеу және жерасты кабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттырудың Атырау басқармасындағы жабдықтау бөлімінің маманы болды. 2008 жылдан бері - «Қазмұнайгаз»-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нің 1-ші дәрежелі маманы болып жұмыс жасайды.



**БАЛҒЫМБАЕВ Бауыржан Өтәліұлы**

(7.9.1950, Гурьев (Атырау) - 13.1.1993, сонда (Теңіз кен орны). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975). 1969-1970 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің Нормативтік зерттеу стансасындағы (НЗС) (НИС) сынақтық зертхананың слесары, 1975-1977 жж. - Атырау қаласының Петровский атындағы зауытының аға инженері, 1977-1978 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Нормативтік зерттеу стансасының (НЗС) бас маманы, 1978-1984 жж. - ББББ-ның механигі, бас механигі, 1984-1989 жж. - Бұрқаққа қарсы Облыстық әскерилендірілген бөлім взводының командирі, 1989-1993 жж. - «Теңізмұнайгаз» ӨБ-сі бастығының оперативтік жұмыстар жөніндегі орынбасары болды.



**БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш Балғымбайұлы** (1931, Атырау өңірі – 2005, Атырау қ.). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген (1955). Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1995). КСРО-ның Құрметті мұнайшысы (1991), КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі (1981). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы (1981). Теңіз (1988), Ботакан, Шығыс Мақат (1997), Прорва түсті металл (1999), Мәтен және Ровное

(2001) кен орындарын тұңғыш ашушы. Геология-минералогия ғылымдарының кандидаты (1971). 1955-1993 жж. – Қосшағыл мұнайлы кәсіпшілігінің, Биікжал аса терең бұрғылау, мұнай барлау экспедициясының, ББББ-ның коллекторы, геологы, аға геологы, геология бөлімінің бастығы, бас геологы, «Ембімұнай» ӨБ-сінің бас геологы, 1993-1997 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ының Орталық ғылыми-зерттеу зертханасындағы геология бөлімінің бастығы болды. ҚР-дағы «Мұнайшы» қоғамдық қорындағы Қамқоршылар кеңесінің мүшесі болды. ҚР «Құрмет» орденімен (1999), түрліше медальдармен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**БАЛҒЫМБАЕВ Нұрман** (1951 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975). 1975-1996 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, «Барлау-бұрғылау» бағдармасы бастығының орынбасары. Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы кәсіподақ комитетінің төрағасы, «МұнайГаз» мемлекеттік холдинг компаниясының басқарма бастығы, 1996-1999

жж. – «Мұнайшы» акционерлік компаниясының (АК) тете-президенті, «Гратен-Вуко» (Қаражанбасмұнай) АҚ-ысының бас кеңесшісі болды. 1999 ж. бері - «Алтиес Энереджен Корпорэйшен» компаниясының тете-



президенті, Қазақстан бойынша бас менеджер. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**БАЛҒЫМБАЕВ Мұрат Қойшығараұлы** (1959 ж.т., Атырау к.). Атырау мұнай және газ институтын бітірген (2002), ұнғымаларды бұрғылау ісінің инженері. 1980-1987 жж. - ББББ-дағы акаутапқы тобында, 1987-2012 жж. - әртүрлі кәсіпорындарда әркілы лауазымдарда болды. 2012 ж. бері «Болашақ Атырау» ЖШС-інде «Тенішевройл» ЖШС-іне, Теніз кенорнына қызметкерлерді тапсыру жөніндегі бас мердігер, күрделі жөндеу мәселелерін үйлестіруші болып жұмыс жасайды.



**БАЛЖАНОВ Асқар Құмарұлы** (23.4.1958 ж.т., Мәскеу қаласы). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген (1980). 1980-1987 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің ББББ-дағы бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, технологиялық бөлімнің аға инженері, ауысым бастығы, АИТҚ бастығының орынбасары, 1987-2004 жж. – Қазақстан КП Гурьев (Атырау) облыстық комитетінің нұсқаушысы, жауапты ұйымдастырушысы,

бөлім менгерушісінің орынбасары, облыстық атқару комитетінің Сыртқы экономикалық байланыстар басқармасының бастығы, «Қазақстанмұнайгаз» ҰМК-сының тете-президенті, сыртқы сауда фирмасының бас директоры, «МұнайГаз» мемлекеттік холдинг компаниясының тете-президенті, «Кворум Энтерпрайзиз» ЖШС-нің бас директоры, «Сұңқар» ЖШС-інің атқарушы директоры, «Катрако» ЖШС-нің бас директоры, «ҚазРосГаз» ЖАҚ-ы бас директорының орынбасары, «Қазмұнайтеніз» Халықаралық мұнай компаниясы» ЖАҚ-ы бас директорының бірінші орынбасары, 2004-2011 жж. – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай компаниясы» атқарушы директоры,





«ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ-ының бас директоры, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай компаниясының» тете-президенті, барлау және мұнай өндіру жұмыстары жөніндегі атқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚының бас директоры болды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**БАЛЖАНОВ Құспан** (1936 ж.т., Гурьев (Атырау обл.). Атырау мұнай техникумын (1959), Уфа мұнай институтын бітірген (1970). 1954-1977 жж. – Доссор автокөлік жөндеу зауытының слесарі-жөндеушісі, Мақат МКБ-сындағы ұнғымаларды күрделі жөндеу цехының слесары, Сағыз МКБ-сының мұнай өндіру операторы, Прорва МКБ-сындағы автокөлік гаражының механигі, ОИТҚ бастығының орынбасары, «Прорва мұнай» МГӨБ-інің бас инженері, 1977-1999 жж. – ББББ-дағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары, ауысым бастығы болды. 1999 ж. бері – зейнеткер.



**БАЛМУҚАНОВ Жаңабай** (1925, Атырау өлкесі, Жылыой өңір. Ракөш а. – 25.5.2009, сонда, Құлсары к.). Ұлы Отан соғысына қатынасушы (1943, қазан - 1946, қаңтар). 4 сыныптық бастауыш білімі болды. 14.4.-12.9.1943 ж. – Құлсары мұнай кәсіпшілігі бұрғышысының көмекшісі, 1946-1948 жж. – Комсомол мұнай кәсіпшілігінің электр монтері, ұнғымаларды жерасты жөндеу жұмысшысы, от жағушы, Бекбике бұрғылау орнындағы бұрғышының көмекшісі, 1949-1963 жж. – Қаратон мұнай кәсіпшілігінің бұрғышысы, Алтыкөл барлау орнының бұрғышысы, ірілендірілген Құлсары мұнай кәсіпшілігіндегі мұнай өндіру операторының көмекшісі, операторы, 1963-1971 жж. – Прорва бұрғылау кенесесіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1971-1980 жж. – ББББ-дағы №1 АИТҚ-ның бұрғышысы болды. Тереңөзек, Прорва, Мартыши, т.б. кен



орындарын бұрғылауға қатысты. Соғыстағы және еңбектегі ерліктері үшін КСРО-ның II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы», РФ-ның «Г. Жуков» мерейтойлық медальдарымен, Қазақстан Республикасының «Астанаға 10 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» медальдарымен, «Қазақстан мұнай өнеркәсібіне 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған.



**БАЛМУҚАНОВ Жәнібек** (1930 ж.т., Атырау обл. Жылой өңірі). 1946-1985 жж. – Комсомол МӨК-ндегі дезмульсатор цехының слесары, Бекбике, Қаратон, Теренөзек кен орындарында жұмысшы, бұрғышының көмекшісі, Құлсары бұрғылау кеңсесінің Жантай бұрғылау бөлімшесіндегі, Мақат бұрғылау кеңсесінің Алтыкөл бұрғылау бөлімшесіндегі бұрғылау қондырғысының моторшысы, Прорва бұрғылау кеңсесіндегі бұрғы қондырғысының дизельші-

моторшысы болды. 1985 ж. бері – зейнеткер. Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» медалімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы» төс белгісімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**БӘШЕКОВ Сарым** (1936, Атырау өңіріндегі Жылой ауд. Ұялы а. – 2012, Атырау к., Ақжар кенті). Атырау мұнай техникумын бітірген (1964), техник-бұрғышы. 1954-1963 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігіне қарасты Қаратон бұрғылау кеңсесіндегі бұрғылау телімінің 1-разрядты моторшысының шәкірті, 3-разрядты моторшысы, баптаушы-слесары, Қаратон МКБ-сының бұрғышысы көмекшісі, бұрғышысы, 1963-1983 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесіндегі



Терсөзек телімінің 5-разрядты бұрғышысы, Прорва бұрғылау телімінің бұрғылау шебері, ББББ-дағы №1, №3 АИТҚ-ның Пустынный алаңындағы бұрғышы шебері, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы №2 АИТҚ-ның ауысым бастығы, №3 АИТҚ-ы бастығының орынбасары, ББББ-дағы №2 АИТҚ-ның бұрғылау шебері, бұрғылау қондырғысының бастығы, 1983-1991 жж. - №1 АИТҚ-ның технологы, №3 АИТҚ-ның бұрғылау шебері, №2 экспедициядағы апаттың салдарын жою жұмыстарының шебері, ОИТҚ-ның күрделі жұмыстар жөніндегі шебері, «Береке» шағын кәсіпорнының бұрғылау шебері қызметтерін атқарған. 1991 жылдан бері зейнеткер болды. Еңбек Қызыл Ту орденімен және Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**БЕКНАЗАРОВА Марфуға** (15.6.1945 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Мақат к.). Алматы қ. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1969), инженер-экономист. 1969 ж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты Қаратон МКБ-сіндегі жоспарлау бөлімінің аға экономисі, 1970-1975 жж. - Прорва МГӨБ-інің аға экономисі, 1975-1979 ж. - осындағы жоспарлау бөлімінің бастығы, 1979-1985 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы жоспарлау бөлімінің экономисі, 1985-1989 жж. - осы бөлімнің бастығы, 1989-1991 жж. - ББББ-дағы жоспарлау бөлімінің жетекші маманы, 1992-1995 жж. - «Эккор-Урал» Ресей банкі филиалының директоры, 1995-2005 жж. - «Нефтебанк» ЖАҚ-нда жұмыс жасаған. 2005 ж. бері - зейнеткер. 1975 ж. социалистік жарыс жеңімпазы атанып, 1991 ж. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.



**БЕКТҮРЛИН Мендеш Өтебайұлы** (20.9.1937 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Доссордағы №19 колонер училищесін бітірген. 1959-1962 жж. Кеңес әскері қатарында қызмет еткен. 1957-1959 жж. - Қаратон бұрғылау кеңсесінің 6-разрядты моторшысы, 1963-1964 жж. - осындағы қосалқы шаруашылықтың жемшөп дайындау цехының механизатор-жұмысшысы, Прорва бұрғылау кеңсесіндегі бұрғылау телімінің 4-разрядты дизельші-моторшысы, бұрғылау қондырғыларының 5-разрядты дизельші-машинашысы, 1964-1966 жж. - «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесіндегі жылжымалы компрессордың 4-разрядты машинашысы, 5-разрядты жөндеуші-слесары, 1966-1971 жж. - Прорва бұрғылау кеңсесіндегі бұрғылау қондырғыларының 5-разрядты дизельші-машинашысы, Доссор телімінің механигі, 1971-1977 жж. - ББББ-дағы №2-ші АИТҚ-нің аға инженер-диспетчері, прокаттау-жөндеу цехының инженері, механигі, 1977-1986 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының жөндеу механигі, прокаттау-жөндеу цехының аға инженері, өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының аға инженері, бастығының орынбасары, құрал-жабдықтар алаңының меңгерушісі жұмыстарын жасаған. 1987 ж. КСРО-ның «Енбек ардагері» медалімен марапатталған.



**БИҒАЛИЕВ Еремекали Акқалиұлы** (11.8.1954, Атырау қ. – 25.10.2004, Атырау қ.). Гурьев политехникалық техникумын (үздік) (1976), Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (үздік) (1981), Мәскеудегі Бұрғылау техникаларының Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының (ВНИИБТ) аспирантурасын (сырттай оқып) (1989), Халықаралық құқық және Нарық Академиясын (сырттай оқып) халықаралық құқық мамандығы бойынша (1999), Алматының Абай атындағы университетіндегі Құқықтану факультетін (сырттай оқып) (үздік)



бітірген. 1973-1975 ж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1987-1988 ж. Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай-газ институтында кәсіби білімін жетілдірді. Техника ғылымдарының кандидаты. 1999 және 2002 жж. Мәскеудің «Недра» баспасынан шыққан екі монографияның, 35 ғылыми еңбектің авторы. Атырау мұнай-газ институтының доценті. Докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғаудың алдында ғана өмірден озды. Ағылшын тілін еркін білді. 1981-1985 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебер, аға бұрғышы шебер, АИТҚ бастығының орынбасары, 1985-1988 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі Тампонаж кеңсесінің бас инженері, 1988-1995 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі Тампонаж кеңсесінің директоры, 2002-2004 жж. - «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Бас менеджері, 2004 ж. бастап өмірінің ақырына дейін Өңдеу және өндіру жөніндегі департамент директорының орынбасары болып жұмыс жасады. 1993 ж. - Атырау қалалық Мәслихатына депутат, 1995-1997, 1997-2002 жж. - екі рет ҚР Парламенті Сенатына сенатор болып сайланды. «Теніз» кенішіндегі №37 ұңғыманың алапат өргін өшіру кезіндегі ерлік істері үшін КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Мұнай өнеркәсібі саласының үздігі» құрметті атағына ие болды. ҚР мерейтойлық «Астана» медалімен (1998), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен (2001), түрліше Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**БИКТАШЕВ Рифат Хусайнович** (10.3.1936 ж.т., РКФСР-дің Пенза обл., Усть-Уза с.). Саратов мұнай техникумын бітірген (1957). 1957-1960 жж. - «Нижеволжскнефть» бірлестігінің Коробково бұрғылау кеңсесіндегі бұрғышының көмекшісі, еңбек бөлімінің инженері, бұрғышы, 1960-1963 жж. - бұрғышы шебер, 1963-1967 жж. - Березово бұрғылау кеңсесінің бұрғышы шебері, бұрғылау телімінің бастығы, кеңсенің бас инженері, 1970-1975 жж. - Бұрғылау



жұмыстарының Коробково басқармасының Бұрғылау жұмыстарының Березово аудандық басқармасы бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары, Бұрғылау жұмыстарының Коробково басқармасындағы №3 АИТҚ-ның бастығы, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1975-1977 жж. – БББ-дағы №3 АИТҚ-ның бастығы, 1977-1986 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы №1 АИТҚ-ның бастығы, 1986-1997 жж. - «Прикаспийбурнефть» тресіндегі Бұрғылау жұмыстарының Волгоград басқармасындағы ОИТҚ бастығының орынбасары, 1997-2004 жж. - Қазақстандағы «Прикаспийбурнефть» ЖШС-ндегі материалдық-техникалық тұрғыда қамтамсыз ету бөлімінің бастығы-бас директордың орынбасары қызметтерін атқарған. 2006 жылдан бері жеке кәсіпкерлікпен айналысады.



**БИСӘЛИЕВ Төлеген Мұхамбетұлы** (29.4.1947 ж., Атырау обл., Балықшы ауд., Қайыршақты а.). Гурьев политехникалық техникумын «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша бітірген (1986), техник-мұнайшы. 1964-1968 жж. - «Жетібаймұнайбарлау» терең бұрғылау экспедициясының 4-разрядты слесары, 1969-1986 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты БББ-ның нормалаушы инженері, 1986-1997 жж. - Өндірістік-техникалық тұрғыда

қамтамасыз ету және жабдықтармен жабдықтау басқармасындағы Балықшы базасы директорының орынбасары, 1997-2004 жж. - «Қазақойл-Ембі» АҚ-на қарасты «Жабдықтармен жабдықтаудың орталық базасы» ЖШС-нің директоры, 2004-2005 жж. - Қойма шаруашылығы басқармасының бастығы қызметтерін атқарған. Қазақ мұнайының 100 жылдығына байланысты «Ерен еңбегі үшін» медалімен (1999), Ембі кенішінің 70 жылдығына орай Мақтау қағазымен марапатталған.



**БИСЕКЕНОВ Қанатқали** (6.5.1953 ж.т., Атырау обл. Жылой ауд., Қосшағыл к.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітірген (1975), тау-кен инженері. 1975-1987 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы бұрғышының 4-разрядты көмекшісі, №4-ші АИТҚ-ның бастығы, 1987-1992 жж. – «Манғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедициясындағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1992-1994 жж. – «Гурьевмұнайгазгеология» АҚ-ы бастығының өндірістік мәселелері жөніндегі орынбасары, 1994-1997 жж. – Солтүстік Ембі экспедициясының бас инженері, «Қайнаркөз» АҚ-ның бұрғылау жұмыстары жөніндегі тете-президенті, президенті, 1997-2000 жж. – «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ның геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі 1-ші тете-президенті, 2000-2004 жж. – «Ембікуатмұнай» ЖШС-і директорының орынбасары, 2004-2006 жж. – «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ның технологиялар жөніндегі тете-президенті, 2006-2012 жж. – «Атыраумұнайгазгеология-Бұрғылау» ЖШС-і бас директорының ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстары жөніндегі орынбасары, «Атыраумұнайгазгеология-Бұрғылау» ЖШС-інің бас директоры болды. 2012 ж. маусым айынан бері «Атыраумұнайгазгеология АҚ-ы басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарып келеді.



**БИСЕНҚҰЛОВ Қуанышқали** (16.10.1951 ж.т., Атырау обл. Жылой ауд. Қаратон к.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1974). Франция, Италия, Голландия және Қытай елдерінде болып, тәжірибе алмасқан. 1974-1987 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, технолог, бұрғышы шебер, АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, 1987-1988 жж. –



«Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінің Маңғышлақ кешенді мұнай-газ барлау экспедициясындағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, 1988-1993 жж. - Каспий өңірін геологиялық барлау тұрғысында терең бұрғылау экспедициясының бас инженері, бастығы, 1993-2000 жж. - «Мұнайгаз» МХК-сіндегі Ашық мұнай және газ бұрқақтарының алдын алу және оларды жою жөніндегі бұрқаққа қарсы Қазақстан бөлімінің бастығы, 2000-2004 жж. - «Орта Азиялық мұнай» ЖШС-нің өндірістік директоры, 2004-2008 жж. - Қытайлық компанияның филиалдары - «Құлжанойл», «Құлжанұялы» ЖШС-ілері директорларының орынбасары болып жұмыс жасады. 2008 жылдан бері - «АбылайханГрупп» ЖШС-нің техникалық директоры, «ЕМЕ» ЖШС-нің бас инженері.



**БӨЛЕКБАЕВ Нұраш Елеуұлы** (25.2.1928 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.)). Гурьев мұнай техникумын (1947), Мәскеу мұнай-газ өнеркәсібі институтын (1962) бітірген. Еңбек жолын 1942 ж. геологиялық барлау кеңсесінің аға коллекторы жұмысынан бастаған. 1942-1961 жж. - «Қазмұнайгазбарлау» тресіндегі геологиялық іздестіру кеңсесінің геологиялық картаға түсіру, құрылымдық іздестіру жұмыстарының коллекторы, техник-геологы, аға геологы,

сынамалық тұрғыда пайдалану телімінің бастығы, 1961-1968 жж. - Қарсақ, Алтыкөл, Жамбай мұнай барлау орындарының бастығы, Мақат мұнай барлау экспедициясының бас геологы, Мартыши мұнай барлау орнының аға геологы, Қарсақ мұнай барлау экспедициясының бас геологы, 1968-1972 жж. - «Маңғышлақ-мұнайгазбарлау» тресіндегі Оңтүстік Маңғыстау экспедициясының бастығы, трестің аға инженері, 1972-1977 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы ОИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, 1977-1985 жж. - «Қазмұнайгазбарлау» Өндірістік-геологиялық бірлестігі бас директорының өндіріс, материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз ету және көлік мәселелері жөніндегі орынбасары, 1985-1990 жж. - ҚазГБЗФИ-дегі Тәжірибелік-әдістемелік Атырау экспедициясының





бастығы болған. 1990 ж. бері зейнеткерлікте болды. Оның есімі Өзен, Теңге, Еспелісай, Донға, Песчаный қойнауы, Қауынды Қорғанбай және басқа да кеніштердің ашылуымен байланысты. «КСРО геологиялық барлау ісінің үздігі», «Кеніштерді барлауға сіңірген еңбегі үшін» медальдарымен, Қазақстан мұнайының 100 жылдығына арналған төсбелгімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мұнайшысы» атағын алған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**БҰРХАНОВ Мəжит Тасқалиұлы** (17.12.1958 ж.т., Атырау обл., Жылыой ауд., Қаратон к.). Гурьев политехникумын бітірген (1978), техник-механик. 1978-1988 жж. «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіндегі кәсіпорындарда – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасында (БЖКБ) және ББББ-да 5-разрядты дизельші-моторшы, бұрғылау қондырғыларының машинисі және Теңіз кенішіндегі 2-АИТҚ-да механик болды. Пустынное, Ровное және Теңіз кен орындарында жұмыс жасады. Әртүрлі бұрғылау бригадаларының құрамында 1980-1988 жж. Теңіз кен орнында № 19, 29, 33, 28-ұңғымаларды бұрғылауға қатысты. 1988-2001 жж. - «Теңізмұнайгаз» МҒӨБ-індегі ҰңғИЦ-ның Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының 5-разрядты машинашысы-дизельшісі, механигі, «Теңізмұнайгаз» МҒӨБ-індегі мұнайкәсіпшіліктік жабдықтарға механикалық тұрғыда қызмет көрсету телімінің механигі, аға механигі. 2002 жылдан күні бүгінге дейін осы ЖШС-індегі механикалық қызметтің жетекші инспекторы болып жұмыс жасайды.



**БҮРГЕБАЕВ Рақым** (10.12.1947 ж.т., Атырау обл. Жылыой ауд., Қаратон к.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1972), тау-кен инженері. 1965-1967 жж. - Прорва бұрғылау кенесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1972-1973 жж. - Оңтүстік Ембі мұнай-газ бұрғылау экспедициясындағы бұрғышының көмекшісі, 1973-1993 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да бұрғышы, бұрғылау бригадасының

бастығы, АИТҚ-ның аға инженер-технологы, ауысым бастығы, АИТҚ бастығының технология жөніндегі орынбасары, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1993-1998 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Жылыой басқармасындағы АИТҚ-ның бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, 1998-2000 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнында, 2000-2011 жж. - «Прорвамұнай» МГӨБ-інің, «Жылыоймұнай» МГӨБ-інің бұрғылау жұмыстары жөніндегі жетекші инженер болып жұмыс жасаған. «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған.

## В.



**ВАРОЧКИН Владимир Ильич** (1.4.1946 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Ұлты – орыс. Гурьев политехникалық техникумын (1966), Политехникалық білімдердің Бүкілодақтық сырттай оқу институтының үш толық курсы бітірген, «Ақберен» арнайы мамандандырылған оқу орталығында оқыған (2006). 1964-1999 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы шебер, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік

басқармасындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы шебер, «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-да бұрғышы шебер, 2001-2003 жж. -



«Каспиймұнайгазбұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының, 2003-2004 жж. - Dask Drilling, «Атыраумұнайгазбұрғылау», «Dos-7» ЖШС-лерінің бұрғышы шебері жұмыстарын атқарған.

## Г.



**ГАРАЙЗУЕВ Магомед Исраилұлы** (29.12.1933 ж.т., Дағыстан АКСР-і, Лак ауданы, Хурхи селосы), Ұлты – лак. Грозныйдың мұнай институтын бітірген (1957). 1951-1958 жж. - Дағыстан АКСР-індегі Каспийск қаласының №1 зауытындағы слесарьдың шәкірті, әрлеушісі, Котово қаласындағы «Сталинградбурнефть» тресінің бұрғылау кенсесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1958-1964 жж. – аталмыш кенсенің жабдықтар жөніндегі инженері, технологиялық

қызметтің аға инженері, №1 бұрғылау кенсесіндегі бұрғылау телімінің аға инженері, 1964-1974 жж. – РКФСР-дегі Волгоград облысының Котово қаласындағы «Жириновскнефтеразведка» бірлестігінің Коробково бұрғылау кенсесіндегі бұрғылау телімінің бастығы, технологиялық бөлімнің бастығы, шетелдік іссапарда жүріп, Алжирдің супервайзері (1969-1972), Коробково БЖБ-сындағы АИТҚ-ның аға инженер-технологы, «Нижневожскнефть» бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Коробково басқармасындағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, бас технологы, 1974 ж. бастап «Ембімұнай» ӨБ-сі бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. Кейіннен басқа елді мекенге жұмысқа ауысуына байланысты «ұмырнамасының соңғы деректері табылмады. КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальдарымен марапатталған.



# Ғ.



**ҒАБДОЛЛИН Махмұт Мағзомұлы** (15.1.1960 ж.т., Алматы қ.). Атырау политехникалық техникумын (1979), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1988), Атырау инженерлік-гуманитарлық институтын (2005) бітірген, тау-кен инженері, қаржыгер. 1982-1989 жж. - ББББ-да 3-4-ші разрядты моторшы, бұрғышының 3-5-ші разрядты көмекшісі, 1989-1998 жж. – жоспарлау

және экономика бөлімінің смета жөніндегі жетекші инженері, жобалау-сметалау тобының инженері, 1998-2008 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» (кейін – «Қазмұнайгаз-Бұрғылау») сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нде қаржылық талдау және жаңа жобалар жасақтау бөлімінің жетекші экономисі, бастығы, ЖШС-і бас директорының экономика жөніндегі орынбасары, жоспарлау және экономика бөлімінің бастығы, бюджетті жасақтау және экономикалық талдау бөлімінің бастығы, калькуляция және нормалау бөлімінің бастығы, 2008-2009 жж. - «DASK Drilling» ЖШС-нің жоспарлау экономисі болып жұмыс жасады. 2009 жылдан бері «MHINDUSTRY» ЖШС-нде өндіріс жөніндегі бас менеджер жұмысын атқарады.



**ҒАЛИЕВА Әмина** (1932 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Еңбек жолын 1957 ж. тазалықшы болып бастап, 1963-1977 жж. - Прорва бұрғылау кенесінің зертханашы-коллекторы, дизельші-моторшысы, 1977-1996 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының зертханашы-коллекторы, 1996-1997 жж. - ББББ-ның зертханашы-коллекторы болып жұмыс жасаған. Мақтау грамоталарымен марапатталған.



**ГАЛИЕВ Қаса Қарекенұлы** (1929 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Махамбет ауд., Редут а.). №19-шы Доссор колөнер училищесін бітірген (1945). 1950-1972 жж. - Балықшы барлама бұрғылау басқармасының Телес кен алаңындағы бұрғышының көмекшісі, 6-разрядты бұрғышы, бұрғышы шебер, бұрғылау телімінің шебері, бастығы, 1972-1989 ж. - ББББ-да бұрғышы шебер, технолог болды. Зейнеткер. 1983 ж. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 65

жылдығы құрметіндегі социалистік жарыстың жеңімпазы болып, 1981ж. «Ерен еңбек екпіндісі» төсбелгісімен марапатталған.



**ГАЛИЕВ Нұрлан Қасаұлы** (18.4.1957 ж.т., Гурьев (Атырау) қ. Алматы қаласының Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақтың Ұлттық техникалық институтын мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау мамандығы бойынша бітірген (1996), тау-кен инженері. Еңбек жолын 1973 ж. «Ембімұнай» ӨБ-дегі ББББ-ның дизельші-моторшысы болып бастаған. 1973-1998 жж. – сонда дизельші-моторшы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, 1998-

2006 жж. - «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» Сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нің бұрғылау шебері, ОИТҚ-ның бас диспетчері, 2006-2007 жж. - «DASK Drilling» ЖШС-нің бас диспетчері болып қызмет атқарды. 2007 жылдан күні бүгінге дейін «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» Сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-ндегі ОИТҚ-ның бас диспетчері, бастығы болып қызмет атқаруда. Мұнай мен газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999 ж.), Шығыс Мақат кен алаңын алғаш ашушының дипломымен марапатталған.



**ГУБАЙДОЛЛИН Сәбит Камалұлы** (10.2.1946 ж.т., Маңғыстау обл., Таушық к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумынын бітірген (1971), техник-механик. 1965-1968 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. Еңбек жолын 1962 ж. №2 құрылыс-құрастыру басқармасындағы ағаш шеберінің шәкірті болып бастады. 1968 ж. Бұрғылау жұмыстарының Маңғыстау басқармасына жолдамамен жіберілген. Сол жылы Прорва бұрғылау кеңсесіне дизельші-моторшы жұмысына ауыстырылды. 1974 ж. ББББ-дағы бұрғылауға қызмет көрсету механигі, бас механик, цех бастығы, өндірістік қызмет көрсету базасының бастығы болған. Зейнеткерлікке шыкса да, «Доссормұнаймаш» ЖШС-нде өндірістік-техникалық бөлім бастығы қызметін атқарады.

## Д.



**ДӘУЛЕТІЯРОВ Фатқулла** (1957 ж.т.). 1979-1989 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, ТҚ жөніндегі инженер, ұңғымаларды бекіту жұмыстарының инженері, аға инженері, №2 экспедицияның ауысым бастығы, бұрғылау шебері, бұрғылау жұмыстарының инженері, 1989-1993 жж. – «Теңізмұнай» МГӨБ-і жанындағы “САМСО” компанияларынан алынған ұңғымаларды игеру жұмыстарының шебері, 1993-2013 жж. – ТШО-дағы бұрғылау

бөлімінің инженері, супервайзері, басқарушының орынбасары болды. Қазіргі күні «Теңішевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнындағы бұрғылау бөлімі менеджерінің орынбасары болып жұмыс жасайды.

**ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ Кеңес Рақымұлы**

(12.7.1948 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1972), Алматы жоғарғы партия мектебін (1981), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1981) бітірген, инженер-геолог. 1967-1969 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1966-1967 жж. – 3-Гурьев теміржол стансасының жүк түсірушісі, 1972-1973 жж. – Солтүстік Үстірт мұнай және газ алаңдарын барлау экспедициясындағы

бұрғышының көмекшісі, 1973-1977 жж. – Маңғышлақ обл., Бейнеу ауд. комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімі менгерушісі, 1977-1979 жж. – Прорва мұнай және газ өндіру басқармасы партия комитетінің хатшысы, 1981-1998 жж. – ББББ-ның технологы, бұрғышы шебері болды, 1-АИТҚ, ОИТҚ, Атырау сервис бұрғылау мекемелерінде әртүрлі инженерлік қызметтерде болып, Досмұхамбетов, Солтүстік Қолтық, Оңтүстік Қарасор, Оңтүстік Матин, Теңіз алаңдарында еңбек етті. 1999-2009 жж. Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымын арттырудың Атырау басқармасындағы өндірістік қызмет көрсету базасының шебері, бастығы болды. 2009 жылдан бері «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нде әлеуметтік даму бөлімінің бастығы қызметін атқарып келеді.

**ДӘУЛЕТОВ Әбсамат Қожыбайұлы** (1958 ж.т.,

Атырау обл. Мақат аудан. Комсомол кенті). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1983), техник-мұнайшы, Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1990), тау кен инженері-геолог. 1978-1980 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1977-1978 жж. – «Ембімұнайгаз» ӨБ-ндегі Технологиялық көліктер басқармасының (ТКБ-сының) көлік жөндеуші

слесары, 1983-1987 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, ӨТБ-ның инженері, ОИТҚ-ның геологы, 1987-1996 жж. – ҚазГБҒЗИ-дегі бұрғылау бөлімінің технигі, жетекші инженері, ғылыми қызметкері,



1996-2005 жж.-ҚазМұнайГаз»ӨБ «Ембімұнайгаз» ӨДБ-сындағы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің мұнай өндіруші шебері, геологы, МГӨЦ бастығының орынбасары, ЦНИПР-дың бастығы, 2005-2006 жж.- «АдайПетролеумКомпаний» ЖШС-інің мұнай өндіруші инженері, 2006-2008 жж.- «Атыраумұнайгазгеологиябұрғылау» ЖШС-інің жетекші геологы, 2008-2010 жж.- «ЗаманЭнерго» ЖШС-інің инженер-технологы болды. 2010 ж.бері – «OPTIDRIL» ЖШС-інің инженер-технологы болып жұмыс жасайды.

**ДӘУЛЕТОВ Әділбай Қожыбайұлы** (1960 ж.т., Атырау обл. Мақат аудан. Комсомол кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1983), тау кен инженері-геолог, Алматының Д.А. Қонаев атындағы гуманитарлық университетін бітірген (2001), заңгер. 1979-1991 жж. – ББББ-дағы 4-АИТҚ-ның (Прорва кен орны) бұрғышысының көмекшісі, 1-АИТҚ-ның (Теңіз кен орны) барлама бұрғылау және пайдалануға беру жұмыстарының бұрғышысы, аға технологы, 3-АИТҚ-ның (Қос өзен аралығы) бастығы орынбасары, Терең бұрғылаудың №1 экспедициясындағы Доссор, Таңатар, Жолдыбай, Мәтен, Шығыс Мақат, Ботакан кен орындарындағы ОДҚ-ның бас диспетчері, 1991-1994 жж. – Қазақстан Компартиясы Гурьев (Атырау) обкомының әлеуметтік-экономикалық саясат бөлімінің референті, Атырау облыстық әкімшілігінің «Теңізшевройл» БК-сін құру жөніндегі арнаулы шаруашылық есептегі тобының бұрғылау жұмыстары бойынша жетекші маманы, қала және аудандар әкімшіліктерімен жұмыс секторының меңгерушісі, облыс шаруашылығын оралымды басқару жөніндегі департаменттің бас маманы, «Сырткынвест» компаниясының сарапшысы, 1995-1996 жж.- БАСФ-ның Қазақстандағы мұнай химиясы жөніндегі маманы, өңірлік өкілі, 1996-2009 жж.- «Бейкер Хьюз Сервисез Интернэшнл, Инк.» корпорациясының Қазақстандағы «Бейкер Петролайт» бөлімшесінің Қазақстан бойынша менеджері, 2009-2012 жж.- «Малти-Кем Продак-шнКемикалс» компаниясы дербес бөлімінің Қазақстан бойынша директоры, 2012-2013 жж. - «Халлибуртон Интернэшнл Инк.» компаниясы дербес бөлімінің «Малти-КемПродакшнКемикалс» арнаулы бөлімшесіндегі бизнес-сараланым операциялары жөніндегі менеджері болды. 2013 ж.бері – «ECOLOGYE XPERT» ЖШС-інің Батысқазақстандық дербес бөлімінің директоры.





**ДӘУЛЕТОВ Ербол Қожыбайұлы** (1962 ж.т., Атырау обл. Мақат аудан. Комсомол кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1988), тау кен инженері. 1980-1991 жж. - БББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, технологиялық бөлімнің инженері, 1991-2000 жж. - Алматы қаласындағы "Мұнай" НПЦ АҚ-ындағы ӨТБ-нің жетекші инженері, бұрғылау және ҰКЖ (КРС) қызметінің жетекшісі, 2001-2009 жж. - Алматы қаласындағы "Бейкер Хьюз компаниясының "Хьюз Кристенсен" бөлімшесінің техникалық менеджері, 2009 ж. бері - Алматы қаласындағы "ОптиДрил" компаниясының жетекшісі.



**ДОСЖАНОВ Айтқали** (20.3.1939 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд., Қарабау с.). 1956-1974 жж. - Сарыкамыс кәсіпшілігінде бұрғышының көмекшісі, 1974-1992 жж. - Жыңғылды бұрғылау орнының бұрғышысы болды. 1992 ж. бері зейнеткер. КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Еңбек озаты» белгісімен, түрліше Алғыс хаттармен марапатталған.



**ДОСМҰХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы** (25.12.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Мәскеу қаласының И.М. Губкин атындағы мұнай химиясы мен газ өнеркәсібі институтын бітірген (1983), инженер-геолог. ҚР Жер қойнауын барлау ісінің үздігі (2003 ж.), ҚР Жер қойнауын барлау ісінің құрметті барлаушысы (2005 ж.). Атырау облысындағы «Шығыс Мақат» кен орнын тұңғыш ашушы (1997).



1983-1989 жж. – ББББ-дағы АИТҚ-ның геологы, «Ембімұнай» ӨБ-сінің аға геологы, бас геологы, 1989-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты «Доссормұнай» МГӨБ-індегі геологиялық бөлімнің бастығы, 1991-1997 жж. – «Мұнай» БК-сінің жетекші геологы, «АНАКО» компаниясының кәсіпшілік директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы геологиялық бөлімнің бастығы, 1997-2009 жж. – «ҚазМұнайГаз»ҰК» ЖАҚ-ының бас геологы, геология жұмыстары жөніндегі бас менеджер, геология және мұнайгаз кен орындарын жайластыру департаментінің директоры, үлестерді басқару департаменті директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ының геология мен жасақтамалар департаментінің директоры, «Қазгермұнай» БК-сі ЖШС-інің бас геологы, 2009-2012 ж.қарашасы аралығында – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ы бас директорының геология мен жасақтамалар жөніндегі орынбасары, 2012 ж.қарашасы мен 2013 ж. қыркүйегі аралығында – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ы бас директорының бірінші орынбасары болып, абыройлы жұмыс жасады. 2013 жылдың қыркүйегінен күні бүгінге дейін - «Ембімұнайгаз» АҚ-ының бас директоры. Ерен еңбегіне орай ҚР «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен (2001), KAZENERGY ассоциациясының «Мұнайгаз саласын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін» медалімен (2013), ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен (2007, 2009), «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-ының Құрмет грамотасымен (2011, 2013), KAZENERGY ассоциациясының грамотасымен (2009), ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатымен марапатталды.



**ДОСМУҚАНОВ Нәбидолла Есенұлы** (1967 ж.т., Атырау облысының Балықшы ауданы). Атырау мұнай-газ институтының бұрғылау факультетін бітірген. 1989-91 жж. - «Атыраумұнайгазгеология» бірлестігіндегі Каспий өңірін терең бұрғылау экспедициясында бұрғышының көмекшісі, 1991-98 жж. - «Ембімұнайгаз» бірлестігіндегі ББББ-да бұрғышы, 1998-2012 жж.- «Мәтен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ұңғы-



маларды күрделі жөндеу шебері, бұрғылау инженері, бас механик болып жұмыс атқарды. Кобяковская, Сарышағыл терең бұрғылау ұңғымаларында, Оңтүстік Қамыскөл, Орысқазған, Қарсақ, Солтүстік Қотырмас кен орындарында бұрғылау жұмыстарын жүргізді. Қазіргі кезде «Матен Петролеум» акционерлік қоғамында жетекші инженер-механик қызметін атқарады.



**ДОСЫМБЕТҰЛЫ Құрманбай** (15.04.1923 ж.т., Гурьев (Атырау) өңірі. Томарлы ауылы). Ұлы Отан соғысының ардагері (1942-1944), П-топ мүгедегі. Үш айлық тракторшылар курсы бітірген (1940). 1940-1942 жж. - геологиялық-барлау кеңсесінің моторшысы, 1945-1947 жж. - бұрғышының 5-разрядты көмекшісі, 1947-1969 жж. - Майкөмген, Қарашүңгіл, Новобогат, Маңғыстаудағы Төбежік, Қараған түбек, Қаңғыбаба, Қызыл өзен, Қарасаз тасбас,

Еспелісай, Бозащы түбек, Қызан, Ақшмырау, Мыңкісі, Қошақ тенге, Жетібайда құрылымдық бұрғылау кен орындарында бұрғышы, бұрғышы шебер, бұрғышы, ұңғымаларды зерттеу, сынау кеңсесінің бұрғышысы, бұрғышы шебер, 1969-1975 жж. - Қаракия барлау экспедициясындағы Ералиев с. су қоймасының бастығы, 1975-1993 жж. - ББББ-да цех бастығы, бумен-сумен жабдықтау жүйесінің инженері, бұрғышылар кентіндегі Тұрғынжайларды пайдалану телімінің (ТПТЖ (ЭУ) бастығы болды. 1993 ж. бері - зейнеткер. Бірнеше рет социалистік жарыстың жеңімпазы болып танылды. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» (1966), 2-дәрежелі «Отан соғысы» (1985) ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Маңғыстау облысындағы Жетібай селолық кеңесінің, Атырау облысындағы «Новостройка селолық кеңесінің депутаты болып сайланған.



**ДҮЙСЕНОВА Қаламқас** (5.11.1946 ж.т., Гурьев (Атырау) облысы). Дизельші-моторшылардың курсы бітірген (1964). 1963-1971 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Прорва МӨБ-сінің Прорва бұрғылау кеңсесіндегі Мұнара құрастыру цехының 2-разрядты мұнара тұрғызушысы, аспаптар алаңының 2-разрядты жұмысшысы, 1-разрядты мұнара құрастырушы, бұрғылау қондырғыларының дизельші-моторшысы, Прорва бұрғылау телімінің 1,2-разрядты коллектор-зертханашысы, 1972-1998 жж. – ББББ-дағы №1 АИТҚ-ның дизельші-моторшысы, оператор-коллекторы, Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының (ӨҚБ) тазалықшысы, 1998-2003 жж. – «Қазақойл» СБК-сының ЦБТО-сының тазалықшысы, орталық қойманың қоймашысы, әртүрлі жұмыстарды атқарушы жұмысшысы болды. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» мерейтойлық медалімен (1970) марапатталды.



**ДІҢҒАЛИЕВ Сембай Мәтжанұлы** (1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Гурьев политехникумын (1977), Атырау мұнай және газ институтын бітірген, мұнайшы-техник және тау-кен инженері. 1977–1988 жж. – ББББ-ның Батыс Прорва, Қара арна, Королевское, Ботакан, Доссор және басқа кенорындарында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болды. 1988 ж. бері - «Теңізшевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында

Пайдалануға берілетін жобаларды қолдау тобының (ПЖКТ) кеңесшісі болып жұмыс жасайды.



# Е.



**ЕЛЕУСИНОВ Қайырбай Елеусиұлы** (1945 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд. Жантерек ст.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1965), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1984) бітірген, инженер-геолог. 1965-1968 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1964-1965 жж. - Прорва бұрғылау кеңсесінің моторшысы, 1968-1974 жж. - Прорва МГӨБ-нің слесары, цех механигі, 1974-1981 жж. -

«Ембімұнай» ӨБ-ндегі мұнай өндіру бөлімінің инженері, 1981-1997 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының, ББББ-ның геологы, аға геологы, АИТҚ бастығының геология жөніндегі орынбасары, 1997-1999 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» СБК»ЖШС-нің жетекші геологы болды. 1999 жылдан бері - осы кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің төрағасы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен (2011), «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999), Халықаралық мұнай-газ құрылыс кешендері кәсіподақтар Конфедерациясы сыйлығының лауреаты белгісімен (2004), «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2008), Халықаралық мұнай-газ құрылыс кешендері кәсіподақтары Конфедерациясының, Кәсіподақтардың жалпыға ортақ конфедерациясының, ҚР «Қазмұнайгаз-кәсіподағы» Орталық кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.



**ЕРҒАЛИЕВ Аманкелді Ермекқалиұлы** (1.2.1944 ж.т., Гурьев (Атырау) облысы, Мақат ауданы, Мақат стансасы). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1968), Мәскеудің Бүкілодақтық сырттай оқытатын политехникалық институтын (1982) бітірген, инженер-механик. 1969-1971 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді.

1961-1965 жж. - Петровский атындағы зауыттағы темір жонушының шәкірті (оқушысы), 1968-1969 жж. - Жетібай мұнай бұрғылау кеңсесінің дизельші-моторшысы, механигі, 1971-1972 ж.ж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-ндегі НЗС-ның инженері, Еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру бөлімінің бастығы, 1972-1986 жж. - ББББ-дағы Бас механик бөлімінің инженер-механигі, мұнара құрастыру цехының бастығы, мұнара құрастыру кеңсесінің бас механигі, бас инженері, директоры, ББББ-дағы ӨҚБ-ның аға инженері, 1986-1989 ж. - «Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігіндегі жаңадан ашылған Балықшы мұнара құрастыру мекемесінің бас инженері, 1989 -1995 ж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі мұнара құрастыру мекемесінің бас инженері, 1995-1998 жж. - ӨТБ-нің бастығы, 1998-2007 жж. - «Ембімұнай» АҚ-ндағы Ұнғымаларды күрделі жөндеу және жерасты мұнай қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру басқармасының бас механигі болып жұмыс жасады. 2007 жылдан бері зейнеткер. 1973-1990 жж. бұрғылау қондырғылары мен машиналарын пайдалану, құрастыру салаларында көптеген оңтайлағыш (рационализаторлық) жаңалықтар ашып, өндіріске енгізуге өзіндік үлес қосты. 2007 жылғы сәуірден бері құрметті еңбек демалысында. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» мерейтойлық медалімен (1970) марапатталды.



**ЕРҒАЛИЕВ (ИРГАЛИЕВ) Равиль Күсейінулы**, 23.11.1949 ж.т., РКФСР-дің Астрахан облысындағы Кряжевое кенті). Гурьев (Атырау) мемлекеттік педагогикалық институтын, Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын, Ивано-Франково мұнай және газ институтын, IDF, Англия фирмасындағы ғылыми-зерттеу орталығының, Бұрғылау ерітінділері жөніндегі курстарын бітірді. 1971-76 жж. – Қазақ КСР ҒА Мұнай және табиғи тұздар химиясы

институтының инженері, кіші ғылыми қызметкері, 1976-2000 ж.ж. - «Ембімұнай» ӨБ-нің түрлі құрылымдық бөлімдерінде: ББББ-да, Орталық ғылыми-зерттеу зертханасында, тампонаждық кенесде, «Қазақойл-бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнында бұрғылау және тампонажды ерітінділер жөніндегі инженер, бұрғылау бөлімі тобының бастығы, зертхана меңгерушісі, бас инженер, бас маман, 2001-2009 жж. - «Лиман Каспиан Ойл Б.В.» компаниясында, «RadTech International Inc» компаниясында, «КМС-Технологиясы» ЖШС-інде, «ЗаманЭнерго» ЖШС-інде, «Құлжан-Ойл» ЖШС-інде бұрғылау және ҰКЖ супервайзері, филиал директоры, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып еңбек етті. Масабай, Алақай, Пустынный, Батыс-, Шығыс-, Орталық Прорва, Огай, Қарасор, Досмұхамбетов, Солтүстік Қолтық, Жолдыбай, Сүгір, Білеулі, Қызыл құм, Жарбас, Забурын, Қисымбай, Солтүстік Торғалы, Шығыс Теген, Солтүстік Қыртұз, Күмісбек және тағы да басқа мұнай-газ алаңдары мен кен орындары құрылысын жүргізуге атсалысты. Ұңғымаларды терең параметрлік, іздестіру, барлау және пайдалану құрылысын жүргізуде жаңа техника мен технологияны енгізумен айналысты. Бұрғылау жұмыстары туралы 5 ғылыми жаңалығы, 5 мақаласы, 2 баяндамасы бар, оның ғылыми жұмыстары тәжірибеде алғаш рет мұнай өндірісінде сәтті енгізілген еңбек болды, оның жетекшілігімен біздің облысымызда қоршаған ортаны қорғаудың бірінші зертханасы ашылды. Еңбегі еленіп КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасымен, «КСРО өнертапқышы» төсбелгісімен, Қазақ КСР ХШЖК-сінің қола медалімен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.



**ЕРЖАНОВ Жұмабай Ержанұлы** (23.12.1928, Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қызылкорған ауылы - 2.10.2009, Атырау қ. Ақжар кенті). Доссор ФЗО мектебін (1944), Гурьев мұнай техникумын (1956) бітірген, техник-бұрғышы. КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі. 1944-1945 жж. - №19 Доссор колөнер кәсіптік училищесі шеберінің көмекшісі, 1945-1947 жж. - Сағыз мұнай кәсіпшілігінің кадр инспекторы, мұнай өндіру операторы, 1956-1966 жж. - Сағыз кәсіпшілігіндегі бұрғышының көмекшісі,

Байшонас кәсіпшілігінің бұрғылау шебері, Құлсары барлау-бұрғылау кеңсесінің, Қарсақ телімінің бұрғылау шебері, Прорва аймағындағы Жаңғызшағыл, Лебяжье, Оңтүстік Қаратон және Пустынный барлау алаңдарының бастығы, 1966-1973 жж. - Қара арна мұнай барлау орнының бұрғышы шебері, аға инженері, бастығы, Орталық Прорва мұнай алаңдарында қондырғы бастығы, телім бастығы, 1973-1987 жж. - Теңіз мұнай кенішіндегі №15, №45 ұңғымалардың қондырғы бастығы болды. ББББ бойынша Ж. Ержановтың бригадасы мердігерлік үнемдеу әдісімен ұңғыманы бұрғылауға алғашқы болып көшті. Кеңестер Одағы бойынша еңбек тәжірибесін алмасу семинарларына қатысып, Баку, Ставрополь, Грозный, Львов, Ивано-Франковск, Киев, Самара, Мәскеу қалаларының өндірістерінде тәжірибе алды. Облыстық басылымдарда бірнеше мақалалары жарық көрді. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, 1973-1980 жж. «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.

**ЕРШИЕВ Қайрат Тұрланұлы** (6.1.1976 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Атыраудың мұнай және газ институтын бітірген (1997). Мұнай өнеркәсібінің Алматы қаласындағы оқу орталығындағы, Италияның Милан қаласындағы ENI компаниясының бас кеңсесінде білімін жетілдірді (2010-2011), мұнай бизнесінің магистрі. 1997-2012 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының 4-разрядты бұрғышысының көмекшісі, осы АҚ-ындағы Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты мұнай қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттырудың Атырау





басқармасының бұрғышысы, шебері, «Ембімұнайгаз» ӨФ-індегі «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-інің шебері, аталмыш ӨФ-індегі бұрғылау жұмыстары және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу бөлімінің инженері, 1-санатты инженері, аға инженері, «ҚазМұнайГаз» ӨБ»АҚ-ындағы бұрғылау жұмыстары және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу департаментінің инженері, аға инженері, геологиялық барлау жұмыстарын басқару департаментінің аға инженері болды. 2012 ж. бері «ҚазақМұнайГаз» ӨБ» Барлау активтері» ЖШС-індегі ұңғымаларды бұрғылау және сынақ жүргізу бөлімінің бастығы болып, жұмыс жасайды. ҚР Мұнай өнеркәсібінің 110 жылдығына орай «ҚазМұнайГаз» ӨБ»АҚ-ының Құрмет грамотасымен (2009), Алғыс хаттарымен (2009, 2012), «ҚазақМұнайГаз» ӨБ» Барлау активтері» ЖШС-інің Құрмет грамотасымен (2013), Прорва кен орнының игерілуінің 50 жылдығына арналған төсбелгімен (2013) марапатталған.



**ЕСЕКЕНОВ (ИСЕКЕНОВ) Жолдасқали Мұқанұлы** (10.1.1938 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1967). 1956-1960 жж. әскердегі азаматтық борышын «Зымырандар жасағы» қатарында Мәскеу облысының Химки қаласында өтеген. 1955-1964 жж. – Қаратон мұнай кәсіпшілігінің операторы, Доссор кентіндегі Құрылыс-құрастыру басқармасының (ҚКБ-ның) автокөлік жүргізушісі, 1973-1990

жж. – ББББ-дағы цехтың бөлім бастығы, Тампонаж мекемесінің цехтық бөлімі бастығы, Каспий өңірінде мұнай мен газға барлама бұрғылау басқармасының цех бастығы, 1990-1998 жж. Технологиялық көлік басқармасының (ТКБ-ның) автокөлік жүргізушісі қызметтерін жасаған. Қазіргі таңда зейнеткерлікте.



**ЕСЕКЕНОВ Идеят Сәрсенұлы** (12.10.1947 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1972). 1966-1973 жж. - Қаратон мұнай өндіру басқармасының әртүрлі тапсырмаларды орындаушы жұмысшысы, Прорва бұрғылау кеңсесінде, Пустынный кен орнында тәжірибе өткеруші, Сағыз мұнай кәсіпшілігіндегі бұрғышы, Оңтүстік-шығыс Қамысты кен орнында бұрғылау шебері болып, кейіннен - күрделі жұмыстар жөніндегі шебер, инженер,

АИТҚ және №3 экспедициясының бастығы болды. Новобогат кенішінде Жем мұнай өнеркәсібі тарихында тұңғыш рет тереңдігі 7000 м. ұңғыманы бір жыл турасында ешбір апатсыз, қиындықсыз 6094 метр тереңдікке дейін бұрғылауға атеалысты. «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Құрастыру жұмыстарының құрылыс басқармасы (СУМР) мекемесінің арнайы техниканы қалпына келтіру жөніндегі басқарушысы болды. Еңбек жолын 2010 ж. бұрғылау шебері қызметімен аяқтады. «Қазақстан мұнайының 100 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды (1999).

**ЕСЕНБАЕВ Бақытқали Мақажанұлы** (1.1.1947 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Орынбор есеп жүргізу механизациясы және есептеу жұмыстары техникумын (1972) (техник-механик), Гурьев педагогикалық институтын (1984) (математика пәнінің мұғалімі), Кипр халықаралық бизнес мектебін (1991) бітірген. 1965-1974 жж. - Оңтүстік-Манғышлақ мұнай барлау экспедициясындағы бұрғышының көмекшісі, мемлекеттік банктің механигі, инженері, Гурьев (Атырау) химия зауытының инженері, 1974-1986 жж. - ББББ-ның Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының инженері, 1986-1994 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ақпараттық-есептеу бюросының бастығы, 1994-2000 жж. - жеке кәсіпкер, 2000-2011 жж. - «Ембікуатмұнай» басқармасындағы өндірістік тұрғыда қамтамсыз ету базасының бастығы, «Ембімұнайавтоматика» ЖШС-нің директоры болды.



**ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай** (1926 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Ұлы Отан соғысының (1942-1945) ардагері. Саратов құрылыс техникумын сырттай оқып бітірген (1970), техник-құрылысшы. 1945-1950 жж. – КСРО-ның соғыстан қираған қалаларын қалпына келтіруге атсалысты. 1950-1966 жж. - Мақат мұнайлы кәсіпшілігінің дәнекерлеушісі, ағаш өңдеу цехының жұмысшысы, ағаш шебері, цех бастығы, Доссор, Сарықамыс, Қаратон, Мартыши

кәсіпшіліктерінде құрылыс-құрастыру басқармасының бастығы қызметінде жүріп, мұнайшыларға жатақхана, баспана салуға үлкен үлес қосқан. 1966-1986 жж. - Атырау қаласындағы 99-шы Жылжымалы механикаландырылған колоннаның бас инженері, ББББ-ның құрылыс прорабы болды. Бұрғышыларға арнайы салынған Ақжар селосының бой көтеруіне атсалысқан. Майдандағы ерлігі үшін КСРО-ның II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы», «Еңбек ардагері», Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Қазір құрметті зейнеткерлік демалыста. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ЕСҚОЖИЕВ Бітімғали Сапаұлы** (7.12.1944 - 11.7.2008). Грозный мұнай институтын (1971) бітірген, 1963-1966 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өткерген. 1961-1962 жж. - Байшонас мұнай өндіру басқармасындағы Қарсақ мұнай өндіру қондырғыларын жөндеуші 2-разрядты ағаш шебері, 1971-1999 жж. - Прорва бұрғылау кеңсесіндегі Доссор телімінің, ББББ-ның моторшы-дизельшісі, №2 АИТҚ-ның аға инженер-диспетчері, мұнара құрастыру



цехының бастығы, Өндірістік тұрғыда қызмет көрсетудің орталық базасының қызметкері, 1999-2008 жж. - «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ндағы трактор паркінің бастығы, Мұнай өнімділігін арттыру және ұнғымаларды күрделі жөндеу басқармасындағы бұрғылау цехының механигі, «Бұрғылау» ЖШС-інің Атырау филиалындағы бұрғылау цехының механигі қызметтерін атқарған.



### **ЕСМАҒАМБЕТОВ (ИСМАҒАМБЕТОВ)**

**Әскер Рақметжанұлы** (23.5.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) облысы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. 1975-1977 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1975-1994 ж.ж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі ББББ-ның 4-разрядты бұрғышысының көмекшісі, инженері, жобалық-сметалық топтың жетекші инженері, жобалық-сметалық бюросының

бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы жоспар және экономика бөлімінің бастығы, 1994-1996 жж. - «Ембімұнай» АҚ-ындағы Экономикалық бөлімінің бастығы, 1996-1999 жж. - Қазақстан-Кипр «Гюрал» бірлескен кәсіпорны бас директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары, «Гюрал» ЖШС-інің бас экономисі, «Армак» ЖШС-і директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары, 1999-2000 жж. - «АтМӨЗ-Транс» ЖШС-і Бас директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары, 2000-2005 жж. - «АтМӨЗ-Транс» ЖШС-і бас директорының бірінші орынбасары, 2005-2008 жж. - «Қазқұмұнайсервис» ЖШС-і директорының экономика жөніндегі орынбасары, 2008-2009 жж. - «Гюрал» ЖШС-інің кеңесшісі болды. 2010 жылдан бері - «Қазмұнайгазбұрғылау» ББК ЖШС-інің жетекші инженері.



**ЕСІМОВА Бұлдаш Борашқызы** (1950 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1976) бітірген. 1967-1970 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының есепшісі, 1976-1979 жж. - «Жайықмұнай» МГӨБ-нің мұнай өндіріші операторы, шебері, 1979-2006 жж. - ББББ-дағы өндірістік-техникалық бөлімнің қызметкері, инженер-экологы, 2000-2006 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау СБК» ЖШС-ндегі ӨТБ-нің, техника

қауіпсіздігі бөлімінің маманы, инженер-экологы, 2006-2008 жж. - «Ембімұнай» ӨФ-сінің Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай кайтарымдылығын арттырудың Атырау басқармасындағы Бұрғылау бөлімінің инженер-технологы, болды. Зейнеткер. «Қазақстан мұнайына 100 жыл» (1999) төсбелгісімен марапатталған. 1980 ж. соқ. жарыс жеңімпазы атанды, 1986 ж. Теңіз кенішіндегі №37 ұңғымадағы мұнай бұрқағын ауыздықтауға қатынасканы үшін ақшалай сыйлық алды.

## Ж.



**ЖАҚСЫЛЫҚОВ Қанатқали Жұмағазыұлы** (1938, Гурьев (Атырау) обл.Жылыой ауд. Қосшағыл кенті - 1993). Оралдың №9 техникалық училищесін, Алматының Қазақ политехникалық институтын (1965) бітірген. 1954-1956 және 1957-1959 жж. - Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына қарасты Құлсары автокөлік кеңсесінің слесары, 5-разрядты токары, 1965-1972 жж. - Құлсары мұнай барлау экспедициясының терең бұрғылау

қызметінің телімдік геологы, аға инженер-геологы, 1972-1999 жж. - «Ембімұнай» ӨБ жүйесінде геолог, ББББ-ның аға геологы болып жұмыс жасады. Республиканың мұнай өндірісіне қосқан үлесі, жоғары еңбек көрсеткіштері үшін бірнеше мәрте КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі



мен мұнай өнеркәсібі саласы қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің Мақтау қағаздарымен марапатталды. Қызметтегі ұтымды ұсыныстары үшін ХШЖК-ның күміс медаліне ие болды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ЖАҚЫПОВ (ЯКУБОВ) Нәжімеден**

(31.10.1956 ж.т., РКФСР-дің Астрахан обл.) 1961 ж. бері Гурьев (Атырау) қаласында тұрады. Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1978) бітірген. 1979-1982 жж. – Ақтөбе мұнай барлау экспедициясының Жанажол телімінің бұрғышысы, 1982-85 жж. – ББББ-дағы 2-АИТҚ-ның аға инженер-технологы, 1985-87 жж. – Атырау политехникумының арнаулы пәндер жөніндегі оқытушысы, 1987-93 жж. –

«Теңізмұнай» МГӨБ-інде инженер, импорттық жабдықтар жөніндегі жетекші инженер, әскери гарнизонның (ВГСЧ-ның) взвод командирі, отряд командирі, Техникалық тұрғыда қадағалау ісінің жетекші инженері, зертхананың басшысы, Теңіз газөңдеу зауытының (ТГПЗ) техникалық гарнизонындағы отряд командирінің орынбасары болып, жұмыс жасады. 1993 ж. бастап бүгінге дейін «Теңізшевройл» бірлескен Қазақстан-Американ кәсіпорнында қызмет етіп келеді: газдан қауіпсіздендіру телімінің бастығы, ТҚБ (ОТО) бастығының ТҚ (ТБ) жөніндегі орынбасары, орман және окшаулау мәселелері жөніндегі супервайзер, қоршаған ортаны қорғау мен техника қауіпсіздігі нормативтік-құқықтық бөлімінің (ТБ и ООС) кеңесшісі, орталық жобалау бөлімінің (ОЦП-ның) үйлестірушісі.



**ЖАЛҒАСБЕКОВ Ізбасар** (1957 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1978), техник-механик. 1978-1980 жж. әскер қатарындағы азаматтық борышын өтеді. Еңбек жолын 1978 ж. «Ембімұнайқұрылыс» тресіндегі Құрылысты механикаландыру басқармасының слесары болып бастады.

1980-1985 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің ББББ-сындағы 2-АИТҚ-ның дизельші-моторшысы, бұрғылау қондырғысының машинашысы, аға механигі, 1985-1989 жж. - «Ақтөбемұнайгазгеология» экспедициясының дизельшісі, 1989-1997 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-дағы ӨҚКБ-ның аға механигі, ОИТҚ-дағы іске қосу-баптау бригадасының аға механигі, Терең барлама бұрғылаудың №1 экспедициясының жөндеу жұмыстары жөніндегі аға механигі, №2 АИТҚ-ның аға механигі қызметтерін атқарды. 1997 жылдан күні бүгінге дейін Атырау облысы бойынша төтенше жағдайлар және өндірістік қауіпсіздікті мемлекеттік тұрғыда бақылау басқармасының мемлекеттік жетекшісі, бас маманы болып жұмыс жасайды. Түрліше салалық Мақтау грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Социалистік жарыстың екпіндісі» атағы берілді (1981).



**ЖАМАНБАЕВ Тілекқабұл** (20.2.1956 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1978), техник-мұнайшы. 1974-1975 жж. - электрдің және газдың 3-разрядты дәнекерлеушісі, 1977 ж. - Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасындағы 3-разрядты бұрғышының көмекшісі, 1978-1983 жж. - ББББ-дағы 1-АИТҚ-ның 4-разрядты бұрғышысының көмекшісі, 1983-1990 жж. - 6-разрядты бұрғышы, ғылыми-зерттеу институтының инженері, 1990-1991 жж. - №3

БНГРЭС бригадасының 5-разрядты бұрғышысы, 1991-1993 жж. - ББББ-дағы №2 экспедициясының 5-разрядты бұрғышысының көмекшісі, 1993-1997 жж. - Жылыой барлау-бұрғылау басқармасындағы 5-разрядты бұрғышының көмекшісі, 1997-1999 жж. -



«Жылыойбұрғылау сервис» басқармасындағы 5-разрядты бұрғышының көмекшісі, 2000-2001 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнындағы 4-разрядты бұрғышының көмекшісі, 2001-2002 жж. – күзетші-кезекші, 2002-2003 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнындағы 3-ші және 4-ші разрядты бұрғышының көмекшісі, 2003-2004 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының 5-разрядты бұрғышысы, 2004-2006 жж. – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының қойма шаруашылығындағы 6-разрядты жұмыстарды таратушы, 2007-2009 жж. – «Абылайхан-Групп» ЖШС-нің 6-разрядты бұрғышысы болып жұмыс істеді.



**ЖАМАНСАРИЕВ Жылқыбай Турабайұлы** (14.3.1954-30.5.2002). Атырау мұнай техникумын сырттай оқып бітірген. 1971-1972 жж. - Қазақ КСР-нің 50 жылдығы атындағы Прорва мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік базасына жұмысқа орналасты. 1972-1974 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1974-2000 жж. - ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, «Қазақойл-Бұрғылау» мекемесінің бұрғышы шебері, 2000-2002 жж. - Атырау ұңғымаларды

күрделі жөндеу және мұнай қабаты өнімділігін арттыру басқармасының бұрғышы шебері болды. Батыс Прорва (1977), Ақтөбе, Қамысты, Орысқазған, Мәтен, Қотырғас алаңдарын, №31, 36, 37 ұңғымаларды (1985) бұрғылады. ББББ белгілеген «ББББ сыйлығының лауреаты» (1990 ж. тамызы) деген құрметті атағы берілді. 2002 жылдың қорытындысы бойынша Астанадан «Қазмұнайгаз» ҰК)-ның «Таңдаулы бригада» атты арнаулы жүлдесін жеңіп алды.





**ЖАМАУОВ Асқар Қадырбайұлы** (18.3.1958 ж.т., Гурьев (қазіргі Атырау) обл.Мақат ауд. Сағыз кенті). Гурьев политехникалық техникумын (1977), Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай (1986) бітірген, тау-кен инженері. Еңбек жолын 1977 ж. «Ақтөбешол» тресінің слесары болып бастады. 1979-1981 ж.ж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да мұнай және газ ұңғыларын пайдалану және

барлама бұрғылаушы бұрғышының көмекшісі, 1981-1984 жж. – Целиноград (бүгінгі – Астана) қаласындағы «Қазақәуылшаруашылығы машинасы» зауытының слесары, 1984-1993 ж.ж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да мұнай және газ ұңғыларын пайдалану және барлама бұрғылаушы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, 1994-1999 жж. – Қазақстан-Кипр бірлескен «Гюрал» кәсіпорнының бұрғышысы, бұрғылау шеберінің көмекшісі, 1999-2002 жж. – «Автотехмаш» ЖШС-нің механигі, 2002-2005 жж. – «Ембімұнайгаз» АҚ-ндағы «Ұнғымаларды күрделі жөндеу және мұнай қабаты өнімділігін арттыру» басқармасының бұрғылау шебері, 2005-2007 жж. «Қазақмұнайсервис» ЖШС-нің бұрғылау шебері, 2007-2009 жж. – «Гюрал» ЖШС-нің аға бұрғылау шебері болды. 2009 жылдан күні бүгінге дейін «Вианор» ЖШС-нің бұрғылау шебері болып қызмет атқаруда. Мұнай мен газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін түрліше Мақтау грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.



**ЖАМАУОВ Әскер Қадырбайұлы** (1.6.1960 ж.т., Гурьев (қазіргі Атырау) обл. Мақат ауд. Сағыз кенті). Гурьев (қазіргі Атырау) политехникалық техникумын (1979), Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы политехникалық институтын (1988) сырттай оқып бітірген. 1979-1981 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. Еңбек жолын 1981 ж. «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да дизельші-моторшы болып бастады. 1981-1993



жж. - осында мұнай және газ ұңғыларын пайдалану және барлама бұрғылаушы бұрғышының көмекшісі, бұрғылау шебері 1993-1997 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты Жылыой барлама бұрғылау басқармасының бұрғылау шебері, 1997-2002 жж. - Қазақстан-Кипр бірлескен «Гюрал» кәсіпорнының, «Армак» ЖШС-інің жабдықтау жөніндегі маманы болды. Мұнай мен газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін басқарманың Мақтау грамоталарымен марапатталды.



**ЖАНӘБІЛОВ Бақыт** (1930, Гурьев (Атырау) өңірі – 1988, Атырау обл.). 1950-1987 жж. – Құлсары бұрғылау кеңесінің бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, Прорва бұрғылау кеңесінің бұрғышысы, ББББ-ның бұрғылау шебері болды. КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



**ЖАНБОСЫНОВ Зейнеш** (1930 - 2000; Атырау қаласы). Гурьев (Атырау) колонер училищесін (1950), Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген. 1950-54 жж. – Сағыз, Байшонас мұнай кәсіпшіліктеріндегі бұрғылау цехтарының слесары, Байшонас мұнай өндіру цехының, бұрғылау цехының слесары, 1954-58 жж. - Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты, Байшонас мұнай кәсіпшілігінің бұрғылау цехының машинашысы, жұмысшысы, мұнара құрастыру цехының ағаш шебері, слесары, аға шеберлерінің бригадирі, Қарсақ бұрғылау цехының прорабы, 1958-1968 жж. - Байшонас мұнай кәсіпшілігінің мұнай өндіру цехындағы мұнара тұрғызушылардың бригадирі, прорабы, Прорва бұрғылау кеңесіндегі мұнара құрастыру цехының бастығы, прорабы, Байшонас мұнай кәсіпшілігіндегі құрылыс цехының прорабы, Кенкияқ мұнай кәсіпшілігі



басқармасының прорабы, Байшонас МКБ-сіндегі Мартыши алаңының прорабы, 1968-1990 жж. - Прорва МКБ-сының (кейін – МГӨБ-інің) шебері, бумен-сумен камту цехының бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-дегі мұнара құрастыру кенселеріндегі 1-мұнара құрастыру цехының бастығы, цех бас инженерінің міндетін атқарушы, директордың орынбасары, 1-МҚЦ-ның бастығы, прорабы, слесары болды.



**ЖАНҒАЛИЕВ Ақас** (1940 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Орта білімді. Доссордағы бұрғышылар курсы бітірген (1964). 1957-1995 жж. – Қаракие, т.б. барлау-бұрғылау экспедицияларындағы Қамысты, Мартыши алаңдарында, ОИТҚ-да, №4 АИТҚ-да 5-разрядты бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болды. Бірнеше рет Мақтау грамоталарымен, төсбелгілермен марапатталды. Бүгінде құрметті еңбек демалысында.



**ЖАРАСОВ Бекболат Есболайұлы** (10.11.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Қаратон кенті). 1979-1981 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1982-1989 жж. – ББББ-да, 1,3-АИТҚ-да (Теңіз, Досмұхамбетов, Прорва және б.кен орындарында) аға моторшы, 1989-1998 жж. – «Теңізмұнай» МГӨБ-індегі, «Теңізшевройл» БК-сындағы көлік бөлімінде маман болып жұмыс жасады. 1998 ж. бері ЮСС-те колонна бастығы.



**ЖАРЫЛҒАС Қайрақ Жолмағамбетұлы** (1936 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Ескене а.). 1955-1958 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1952-1955 жж. - Құлсарыдағы бұрғылау мекемесінің 3-разрядты слесары, 1958-1964 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі автокөлік мекемесінің көлік жүргізушісі, 1964-1981 жж. - Прорвадағы цементтеу агрегатының машинашысы, механигі, цех бастығы, 1981-1988 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі жол құрылысы мекемесінің цех бастығы, 1988-1992 жж. - «Теңізмұнайгаз» бірлестігіндегі Сарықамыс технологиялық көлік цехындағы автоколоннаның бастығы, 1992-1993 жж. - Теңіз газ өңдеу зауытындағы автокөлік мекемесі директорының орынбасары, 1993-1994 жж. - «Теңізшевройл» ЖШС-інің газ өңдеу зауытындағы автокөлік кәсіпорны бастығының орынбасары, 1994-1999 жж. - ТШО-ның автокөлік жөндеу-механикалық цехының бастығы, №2 көлік жөндеу паркінің бастығы, көлік бөлімінің техникаларды дайындау телімінің бастығы болды. КСРО-ның «Еңбектері ерлігі үшін» медалімен марапатталған.



**ЖИЕНБАЕВ Берік Кенжебекұлы** (10.11.1961 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Балықшы ауд. Жұмыскер кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын үздік бітірген (1984). 1984-1993 жж. - ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, бұрғылау орнының бастығы, №2 терең барлама бұрғылау экспедициясының бас инженері, 1993-1997 жж. - «Теңізмұнайгаз» бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Жылыой басқармасының бас инженері, 1997-2003 жж. - «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының бұрғылау жөніндегі бас менеджері, 2003-2009 жж. - «ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясындағы Өндірістік-техникалық департаменттің директоры, Теңіз жобаларын басқару жөніндегі департаменттің директоры болды. 2009 жылдан бері «Норт Оперейтинг Компани» ЖШС-і бас директорының орынбасары болып жұмыс жасайды. Теңіз, Прорва,



Қисымбай, Акқудық, Теренөзек кен орындарында пайдалану мақсатындағы ұңғымаларды қазуға қатысты. Ерен еңбегі үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, төсбелгілермен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ЖОЛДАСОВ Едіге** (1953 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген (1975). 1975-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі ББББ-да оператор, АИТҚ геологы, аға геологы, геология бөлімінің аға геологы, бастығы, Атырау обл. әкімшілігіндегі еркін экономикалық аймақ жасау бөлімінің бастығы, шетелдік инвестициялар департаменті директорының орынбасары, 1991-2004 жж. – «ҚазақстанКаспийқайраңы» ААҚ-ының аға кеңесшісі, бөлім бастығы, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы басқармасының бастығы, «Қазақойл» ҰМК ЖАҚ-ының Теңіз жобалары департаментіндегі Солтүстік Каспий жобасының жетекшісі, осы департамент директорының орынбасары, директоры болды. 2004 ж. бері – «ҚазМұнайГаз МК» АҚ-ындағы Теңіз жобаларын басқару департаментінің директоры.



**ЖОЛДАСОВ Серік** (5.9.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Махамбет ауд. Есбол ауылы). Гурьев политехникумын (1975), Алматының Қ. Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университетін сырттай оқып бітірген (2003). 1972-1974 жж. әскер қатарындағы азаматтық борышын өтеді. 1975-1993 жж. ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, 1993-2007 жж. - Каспий өңіріндегі мұнай мен газға барлама бұрғылау басқармасының супервайзері, телім бастығы, бұрғылау инженері болды. 2007 ж. бері «ҚазмұнайГаз-Бұрғылау» ӨСБ ЖШС-індегі ОИТҚ бастығының орынбасары болып еңбек етеді.



**ЖОЛЫМБАЕВ Марат Түлкібайұлы** (8.7.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1972), Алматы қаласының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1983) (сырттай) бітірген. Техникалық ғылымдардың кандидаты. 1973-1975 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1972-1980 жж. - «Гурьевмұнайгазгеология» ӨБ-сінің Каспий өңірінің мұнайын барлау экспедициясындағы бұрғылау шеберінің көмекшісі, бұрғышы, 1980-

1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі ББББ-да бұрғышы, бұрғылау шебері, экспедицияның бас инженері, экспедиция бастығы, 1991-1993 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасы бастығының орынбасары, 1993-1994 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-і бас директорының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары, 1994-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының бастығы, 1998-1999 жж. - «Сазанқұрақ» БК-сінің бас директоры, 1999-2002 жж. - «ГЮС» компаниясының аймақтық директоры, 1999-2010 жж. - «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-нің бас директоры болды. 2010 жылдан бастап күні бүгінге дейін «BNG LTD (Би Эн Джи Лтд)» ЖШС-нің басқарушы төрағасы болып қызмет атқаруда. «Жер қойнауын барлау ісінің үздігі» төсбелгісімен (2005), «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісімен және дипломмен (2010), әртүрлі Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ЖУБАЕВ Ідіріс Сәрсенғалиұлы** (5.12.1935 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Мақат кенті). Доссор кентіндегі №19 колонерлік училищені (1953) бітірген, бұрғылау саласының маманы – 6-разрядты бұрғышы, Иваново-Франковск қаласындағы мұнай және газ институтында білімін жетілдірген (1980). 1955-1958 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1953-1964 жж. - Қаратон кен орнындағы 7-разрядты бұрғышының көмекшісі, 1964-1967

жж. – Құлсары бұрғылау кеңсесінің орнында 6-разрядты бұрғышы, 5-разрядты бұрғышының көмекшісі, 1967-1971 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғылау шебері, 1971-1977 жж. - ББББ-дағы қазылған ұңғымалардың мұнай және газ қабаттарының қорын есептеу, өндіру цехының шебері, 1977-1990 жж. – Каспий өңіріндегі мұнай мен газды барлама бұрғылау басқармасындағы ауысымының басшысы, күрделі жұмыстар жөніндегі инженер, АИТҚ бастығының орынбасары, технолог, ұңғымаларды сынақтан өткізуші аға шебер болды. Таңатар, Түктібай, Мәтенқожа, Гран, Жаңаталап алаңдарын бұрғылауға қатысты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 1990-1997 жылдары ББББ-дағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы болды. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970), «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» (2010), «Еңбек ардагері» (1987) медальдарымен, «КСРО газ өнеркәсібінің 100 жылдығы (1864-1964 жж.)», «Социалистік жарыс жеңімпазы» (1973, 1975), «Тоғызыншы бесжылдық екпіндісі» (1976), «Он бірінші бесжылдық екпіндісі» (1982) төсбелгілерімен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұқатайұлы** (20.8.1942 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын (1962), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1971) үздік бітірген. 1992-1993 жж. – АҚШ-тың Бостон қаласындағы Массачусет университетінде оқыды. 1963-1966 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1962-1963 жж. – Гурьев геологиялық іздестіру экспедициясындағы Прорва бұрғылау кенесінің слесары, моторшысы, 1971-1977 жж. – бұрғылау

шебері, бұрғылау бастығы, аға инженер, «Қазмұнайбарлау» тереңнен бұрғылау басқармасының Каспий өңіріндегі мұнай-газды барлау экспедициясындағы геологиялық-іздестіру партиясының бастығы. 1977-1979 жж. – осы басқармадағы Орталық геологиялық-іздестіру экспедициясының бас инженері, 1979-1983 жж. – Ауғанстан Демократиялық Республикасындағы Шиберган бұрғылау кенесіндегі Кенестік маман-мұнайшылар тобының техникалық басқарушысы, 1983-1984 жж. – «Гурьевмұнайгазгеология» мекемесінде өндірістік бөлімнің бастығы, 1984-1989 жж. – Мұнай-газды барлауды тереңнен бұрғылаудың Оңтүстік Ембі экспедициясының бастығы. 1989-1992 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-і бас директорының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары болды, 1993-1994 жж. – АҚШ-тың Хьюстон қаласындағы «Nabors Drilling Int, LTD» бұрғылау компаниясында жұмыс жасады, 1994-1995 жж. – «Ембімұнай» АҚ-ының тете-президенті, 1995-2001 жж. – «Степной Леопард, ЛТД» Қазақстан-Канада БК-сында Бас директордың орынбасары, 2001-2002 жж. – «Арал Петролеум» ААҚ-ының Атыраудағы филиалының Бас директоры. 2003-2007 жж. – «Лиман Каспиан Ойл В.В.» компаниясының Атыраудағы филиалының директоры болды. 2005 жылдан бері – құрметті еңбек демалысында. Еңбек еткен жылдарында қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. 1973 ж. «Қазмұнайгазбарлау» басқармасында топ комитеті төрағасының орынбасары болды. 1984-1989 жж. – халық депутаттарының Атырау облысындағы Ембі аудандық кеңесінің депутаты, 2003-2007 жж. – Атырау облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. 2 жаңалықтың, 8 ғылыми мақаланың авторы. КСРО-ның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл» (1965), «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» (1967) медальдарымен, КСРО





елшілігі және АДР мұнай және газ департаментінің Құрмет грамотасымен (1983), «Жер қойнауын барлауда сіңірген еңбегі үшін» (1987), «Қазақстан мұнайына 100 жыл» (1999) төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» (2002) медалімен, «Қазақстан Республикасының Құрметті барлаушысы» төсбелгісімен (2003), «Ауғанстан соғысының ардагері» (1999) «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуына 15 жыл» (2006), «ТМД-2006» жауынгер-интернационалистер Комитетінің естелік медалімен, Атырау облыстық мәслихатының (2007), Махамбет ауданы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ЖҰМАҒАЛИЕВ Балтабек** (16.2.1958 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Байшонас кенті). Гурьев политехникумын бітірген (1980). 1980-1987 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, 6-разрядты бұрғышы, 1987-1989 жж. – Маңғыстау мұнай-газ барлау экспедициясының 6-разрядты бұрғышысы, 1989-1994 жж. – Каспий өңірінің мұнайын барлау экспедициясының 6-разрядты бұрғышысы, 1994-2002 жж. – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ындағы «Қаламқас» ТБ-сының технологиялық жабдықтарды жөндеу жөніндегі 5-разрядты слесары, 2003-2004 жж. – «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ының 6-разрядты бұрғышысы, 2004-2012 жж. – «ҚазМұнайГазБұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны ЖШС-нің 6-разрядты бұрғышысы болып еңбек етті.



**ЖҰМАҒАЛИЕВ Жақсымекен Әжіғалиұлы** (14.3.1938, Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд. Көздіқара ауылы – 22.1.1997, Атырау). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын, Уфа мұнай институтын (1970) бітірген. Еңбек жолын Гурьев (Атырау) қаласының Петровский атындағы зауытының құрастырушысы болып бастады. Гурьев (Атырау) облысының аумағындағы кен орындарында моторшы, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-ның аға механигі қызметтерін



абыроймен атқарды. КСРО-ның II дәрежелі «Еңбек Данқы» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, «Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен, түрліше Мақтау қағаздарымен марапатталды. Ғұмынамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ЖҰМАҒАЛИЕВ Мұса** (1934-1974) Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай институтын бітірген (1962). 1962-1974 ж.ж. Прорва бұрғылау кенсесінде және ББББ-да геолог болып жұмыс жасады.



**ЖҰМАҒАЛИЕВ Рақым Сарыұлы** (20.6.1946, Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Мұнайлы кенті – 2001). 1970-1971 ж.ж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1964-1970 ж.ж. - Доссор кентіндегі Автокөлік жөндеу зауытының (АЖЗ-АРЗ) механикалық цехындағы әрлеушінің шәкірті, әрлеуші, 1971 ж. Прорва бұрғылау кенсесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1971-1984 ж.ж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, 1984-2001 ж.ж. – 6-разрядты бұрғышы болды. Осы

жылдар ішінде Мартыши, Қамысты, Ровное, Есболай, Мәтен, Жолдыбай, Шығыс-Мақат, Ботакан т.б. мұнай кеніштерін игеруге атсалысты. Өз міндетіне жауаптылықпен қарағаны және ұқыптылығы үшін ББББ басшылығының әлденеше рет Алғысына ие болып, құрмет тақтасына ілінді.



**ЖҰМАЛНІЕВ Жолдас** (23.2.1940, Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд.Ескене кенті – 29.10.1997, Атырау обл. Жылыой ауд. Құлсары қаласы). Алматының Қазақ политехникалық институтын (1963), Мәскеудегі академик И.М. Губкин атындағы институтты (1975) бітірген. 1963-1967 жж. - Байшонас мұнай өндіру кәсіпшілігінің операторы, геологы, аға геологы, 1967-1972 жж. - Прорва бұрғылау кенесінің бас геологы, 1975-1984 жж. – БББ-дағы ОИТҚ бастығының орынбасары. 1984-1989 жж. -

«Прорвамұнай» МГӨБ-ндегі партия ұйымының хатшысы, 1989-1991 жж. - Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясының бастығы, 1991-1997 жж. - «Теңізмұнайгаз» АҚ-ының бас геологы, тете-президенті болды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ЖҰМАТОВ Меңдіғали** (18.10.1949 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген, техник-механик. 1968-1970 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. ДОСААФ-та қарулы күштерге арналған көлік жүргізушісі мамандығы бойынша оқыған. 1966-1968 жж. - Гурьев (Атырау) қаласының Петровский атындағы зауытының теміржонушысы, 1970-1972 жж. – Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты кабаттарының мұнай

қайтарымдылығын арттырудың Атырау басқармасының көлік жүргізушісі, 1973-1991 жж. – БББ-ның цехында, КСБР, ұңғымаларды бекіту цехында (кейіннен - «Ембімұнай») ӨБ-сінің тампонаждық кеңсесі) көлік жүргізушісі, Прорва телімінде механик, аға механик, арнайы техника цехының инженері, 4-АИТҚ-ның А-50 станоктары бойынша ұңғымаларды меңгеру және сынау жөніндегі аға механигі, 1991-2004 жж. Атырау барлау бұрғылау басқармасының (АБББ-ның) ол таратылғанға дейін жабдықтау және көлік инженері, 2004-2010 жж. - «Қазақойл бұрғылау» (кейірінек - «Қазмұнайгаз бұрғылау») мекемесіндегі жабдықтау бөлімінің жетекші инженері болып еңбек



етті. 2010 жылдан бері «Абылайхан ГРУПП» АҚ-да жабдықтау ісі жөніндегі менеджер қызметінде жүр.



**ЖҮСП Аралбай Баймұқанұлы** (1928 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Мәскеудегі КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі жанындағы үш айлық бас (аға) есепшілердің білім жетілдіру курсы (1946), Астрахандағы «Бас (аға) есепшілердің журнал-ордерлі есеп жүйесінің әдістемесі» бойынша курсы (1960) бітірген, сырттай жалпы орта білім алды (1967). 1950-1952 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1943-1950 жж. - Байшонас мұнай өндіру

басқармасы есепшісінің көмекшісі, есепші, аға есепші, бас есепшінің орынбасары, «Қазмұнайбарлау» тресіндегі барлау кеңсесінің бас есепшісі, Мұнайлы барлау орнының аға есепшісі, «Қазмұнайбарлау» тресіндегі механикалық шеберхананың аға есепшісі, 1952-1955 жж. осы трестің автоколоннасындағы трактор паркінің аға есепшісі, Даңғар барлау орнында аға есепші, аталмыш трестегі механикалық шеберхананың аға есепшісі, 1957-1990 жж. - «Ембімұнай» бірлестігіндегі Доссор мұнай өндіру басқармасының аға есепшісі, Қошқар, Мақат МГӨБ-лерінің аға есепшісі, Құрылыс-құрастыру басқармасының бас есепшісі, «Прорвамұнай» МГӨБ-і бас есепшісінің орынбасары, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі «Жайықмұнай» МГӨБ-сінің бас есепшісі, ББББ-ның бас есепшісі болып еңбек етті. 1990 жылдың 1 қарашасынан құрметті еңбек демалысында болды. 1991-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі тампонаждық кеңсесінің бас есепшісі, «Ембімұнайгаз» АҚ-ндағы Ұңғымаларды жөндеу және мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру басқармасының бас есепшісі болып, 70 жасқа дейін еңбек етті. КСРО-ның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» (1946), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы» (1985), «Еңбек ардагері» (1987), Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы» (1995), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» (2005), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы» (2010), Украина Республикасының «60 років



визволення України від фашистських загарбників» (2004) медальдарымен, КСРО-нын «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1973,1980), Қазақстан Республикасының «Доссор мұнай кен орнына 100 жыл» (2011), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы» (2000), төсбелгілерімен марапатталды.

**ЖҮСПОВ Бактығали** (6.5.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Индер ауд.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген(1978). 1977-1978 жж. – 2-АИТҚ-да, Масабай кен орнында, 3-АИТҚ-да, Мартышида бұрғышының көмекшісі, 1978-1984 жж. - ББББ-да мұнай және газ ұңғыларын пайдалану және барлама бұрғылаушы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып қызмет атқарды.

## И.



**ИГЛІК (ДӘУЛЕТОВ) Қожыбай Әлжанұлы** (1927, Атырау өңіріндегі Үшоба ауылы – 2003, Атырау к.). ФЗО мектебін(1943), Атырау политехникумын (1949), Мәскеу мұнай институтын (1962) бітірген. Танатар, Досмұхамбетов, Прорва кен орындарын тұңғыш ашушы. 1944-54 жж. – Мақат мұнай өндіру басқармасының мұнай өндіруші операторы, 1954-58 жж. – «Қазмұнайгазбарлау» тресіне қарасты Қасқырбұлақ, Тақырбұлақ, Қызылқұдық, Даңғар және Танатар мұнай барлау партияларында техник, аға геолог, 1958-66 жж. – «Ембімұай» бірлестігіндегі ірілендірілген Комсомол мұнай кәсіпшілігінің, Прорва бұрғылау кеңсесінің бас геологы, 1966-68 жж. – «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресі партия комитетінің хатшысы, 1968-76 жж. – Жаңа Өзен аудандық партия комитетінің хатшысы, Ералы



аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1976-88 жж. – ББББ-ның бас геологы, бастықтың орынбасары болып, абыройлы еңбек етті. Зейнетке шыққан (1988 ж.) соң да 1990 ж.дейін ҚазмұнайЖҒЗИ-дің ғылыми бөлімінде жұмыс жасады, 1990-1993 жж. Қоршаған ортаны қорғау комитетінің сарапшысы болды. Мұнай өнеркәсібінің тарихы мен мұнайшылар туралы кітаптар («Мұнайлы Ембі: Қарашүңгілден Теңізге дейін». Атырау, (1994); «Өмір жолы – өнеге; Тасыған тасқын. (1998), «Ембі мұнайы 100 жылда» (1999), «Қазыналы қарашанырақ» (2001) жазды.



**ИМАНҒАЛИЕВ Базарбай** (1952 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1976) бітірген. Еңбек жолын 1975 ж. Маңғышлақ бұрғылау басқармасындағы мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану және барлама бұрғылаушы бұрғышының көмекшісі болып бастады. 1976-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану және барлама бұрғылаушы бұрғышы, бұрғылау шебері болды. 1998 жылдан бүгінге дейін «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ЖШС-нің сервистік бұрғылау кәсіпорнындағы ОИТҚ-ның бұрғылау шебері, бұрғылау жөніндегі инженері, бұрғылау телімі бастығының орынбасары болып қызмет етуде. Жем өңіріндегі мұнай қорларын ашуға белсене араласып, Доссор, Мақат, Қотырмас, Прорва, Қамысты, Забурын, Ровное, Мәтен, Оңтүстік-Шығыс Новобогат және т.б. көптеген кен орындарын бұрғылауға тікелей қатысып, оларды игеруге қосқан еңбегі зор. Көп жылғы еңбегі ескеріліп, «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999), Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен (1986) марапатталды.



**ИМАНДОСОВА Қаламқас Тынышбекқызы** (4.7.1947 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1971) бітірген, инженер-энергетик. 1972-1975 ж. – ББББ-дағы энергетикалық-механикалық бөлімде, «ҚазмұнайЖҒЗИ» мекемесінде инженер-энергетик, 1976-1997 жж. – ББББ-да инженер-энергетик болып жұмыс істеді. Бүгінде зейнеткерлікте.



**ИМАНДОСОВ Әлімгерей Үмітбекұлы** (8.3.1951 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд. Сағыз кенті – 19.8. 1983, Атырау қ.). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1974) бітірген. 1974-1979 жж. - Қаратон бұрғылау кеңсесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1979-1983 жж. – Каспий өңіріндегі мұнай мен газға барлама бұрғылау жүргізу басқармасының бұрғышысы болып жұмыс жасады. Ембі (Жылыой) аудандық

комсомол комитетінің мүшесі болып, қосымша қоғамдық жұмыстар атқарды, аудандық, облыстық комсомолдық конференцияларға белсене қатысты.



**ИМАНДОСОВ Ғалымжан Тынышбекұлы** (10.12.1951 ж.т.). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975), тау-көп инженері. 1975-1981 жж. – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да мұнай және газ өндіру цехының, ұңғымаларды күрделі жөндеу цехының (ҰКЖЦ-ның) операторы, шебері, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1981-1988 жж. – ББББ-ның аға технологиясы, ауысым бастығы, телім бастығы, 1988-1995 жж. – «Ембімұнай»

ӨБ-сіндегі ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1995-2007 жж. –



«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-і бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, 2007-2010 жж. - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-і бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, 2010-2011 жж. - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-індегі өндірістік-техникалық қызметтің маманы болды. 2003-2004 жж. Қызылқоға аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды.

## К.



**КЕНЖЕБАЕВ Марат Әбілқайырұлы** (1.12.1957 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1980), инженер мұнайшы-механик. Әр жылдары Канада (Эдмонтон қ.), Англия (Лондон қ.), Румыния (Бухарест қ.) елдерінде тәжірибе алмасқан. 1980-1986 жж. - «Ембімұнай» ӨБ жүйесінің Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасындағы бұрғылау қондырғысының жөндеушісі, шебері,

өндірістік базадағы өңдеу цехының жетекші инженері, басқарманың бас механигі, 1986-1992 жж. – әскер қызметіне ауысып, рота командирінің орынбасары, Алматы әскери зауытының бас механигі, 1993-1997 жж. - «Жилстройиндустрия» АҚ-ның бас механигі, бас инженері, 1998-2004 жж. - «Маникол» ЖШС-нің директоры, 2004-2008 жж. – Ақтөбе облысында барлау жұмыстарын жүргізген «ВМВ-Минау» ЖШС-нің бас директоры, 2009-2010 жж. - «ДДТ Трединг» ЖШС-нің техникалық кеңесші болды, ал 2011 ж. бері «Фирма НУКЕ» ЖШС-нің техникалық директоры болып жұмыс жасайды. КСРО Қарулы күштерінің медальдарымен марапатталған.





**КЕНЖЕГАЛИЕВ Аманжан** (2.7.1953 ж.т.). 1970-1975 жж. түрлі салада еңбек етті. Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1980) бітірген, тау-кен инженері. 1980-1988 жж. – Каспий өңірінің мұнайы мен газын барлама бұрғылау басқармасындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебер, 1988-2012 жж. – АИТҚ бастығы, жетекші инженер болды. Ботақан, Қисымбай, Төлес, Аққұдық, Ақінген,

Прорва, Ақтөбе, Қотырғас, Көкарна, Қараарна, Молдабек, Забурунөе, Жаңаталап, Балғымбаев, Шығыс Новобогат пайдалану алаңдарында, Королевское, Оңтүстік-Шығыс Қамыскөл, Есболай, Қазанғап, Қондыбай, Уз, Бажыр, Торғалы, Бозай, Әшім, Батыс Новобогат, Батыс Баксай барлау алаңдарында жұмыс жасаған. ҚР «Қазақстан мұнайының 90 жылдығы» төс белгісімен марапатталған.



**КЕНЖЕГАЛИЕВ Серік** (1933, Гурьев (Атырау) қаласы – 1993, Атырау қаласы). Атырау мұнай техникумын бітірген (1958), техник-бұрғышы. 1958-1960 жж. - «Қазақмұнайгазбарлау» тресіне қарасты Қызыл мұнай барлау алаңындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1960-1973 жж. - «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне қарасты Жетібай мұнай барлау экспедициясының саз ерітіндісі жөніндегі инженері, аға инженері, ұнғымаларды жуу сұйықтарын дайындау

зертханасының бастығы, экспедициядағы техникалық бөлімнің аға инженері, басшының орынбасары, 1973-1993 жж. – ББББ-дағы өндірістік тұрғыда камту базасының бастығы, технологиялық көлік басқармасындағы ұнғыларды цементтеу цехының бастығы, «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары, Мартыши мұнай кәсіпшілігіндегі материалдық техникамен жабдықтау бөлімшесінің бастығы болып еңбек еткен. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**КЕНЖИБЕВ** Аманқұл (1926 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1950), Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын (1965) бітірген. 1942-1953 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Доссор кәсіпшілігіндегі бұрғышының көмекшісі, 1953-1955 жж. – Қаратон кәсіпшілігінің аға механигі, 1955-1964 жж. – Қаратон кен орнындағы мұнара құрастыру цехының бастығы, 1964-1971 жж. – Қаратон МӨБ-індегі Прорва бұрғылау кеңсесінің бас механигі, 1971-1977 жж. – ББББ-ның бас

механигі, 1977-1986 жж. – Каспий өңірінің мұнай мен газын барлама бұрғылау жұмыстары басқармасының бас механигі болды. КСРО-ның мерекелік «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен, өндірісте қол жеткізген жетістіктері үшін 1973, 1976 1977, 1980 жылдары «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгілерімен марапатталды.



**КЕНЖИИН** Хамит (1927, Гурьев (Атырау) окр. Қызылқоға өлке. Қаттыкөл ауылы – 1987, Атырау қаласы). Доссордағы №19 қолөнер училищесін, РКФСР-дағы «Татнефть» бірлестігінің Альметьев бұрғышылар дайындау мектебін (1963), РКФСР-дың Краснодар қаласындағы «Краснодарнефтегаз» бірлестігінде газ, мұнай және су белгілерінің алдын алу және жою бағдарламасы бойынша бұрғылау мекемелеріндегі басқарушы және инженерлік-

технологиялық қызметкерлерді оқыту курсы (1982) бітірген. 1949-1957 жж. - «Қазақстанмұнай» бірлестігіне қарасты Қошқар, Сағыз мұнай кәсіпшіліктерінің бұрғылау цехтарында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1957-1971 жж. – Құлсары МКБ-дегі бұрғылау цехының бұрғышысы, бұрғылау шебері, 1972-1987 жж. - ББББ-дағы №1 АИТҚ-ның бұрғылау шебері болды. КСРО-ның «Октябрь революциясы» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбек ардагері» медальдарымен, социалистік еңбек озатының түрліше белгілерімен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



# Қ.



**ҚАДЫРӘЛІ Қазихан Байжанұлы** (23.11.1954 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Сағыз кенті). Қошқар орта мектеп-интернатын (алтын медальмен) (1972), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1977) бітірген. Мақат ауданының Құрметті азаматы (2007). 1977-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-іне\* қарасты ББББ-дағы 2-АИТҚ-ның 4-разрядты бұрғышысының көмекшісі, ОИТҚ-ның технологы, 1-АИТҚ-ның Шығыс Прорва

теліміндегі аға технологы, 4-АИТҚ-дағы ауысымның бастығы, ӨТБ-ның аға инженері, бастықтың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары, 1-АИТҚ-ның бастығы, ОИТҚ-ның аға технологы, ӨБ-ның, ӨТБ-ның аға инженері, Терең барлама бұрғылаудың №2 экспедициясындағы ӨТБ-ның бастығы, ӨҚД-дағы (ПДС-тегі) ауысымның бастығы, ЕҚ мен ТҚ бөлімі бас инженерінің орынбасары, басқарма ОИТҚ-сының бастығы, басқарма бастығының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары, 1998-1999 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ына қарасты «Қазақойл-Бұрғылау» СБК-дағы ӨТБ-ның жетекші инженері, 1999-2007 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-не қарасты Ұңғымаларды күрделі жөндеудің және мұнай қабаты өнімділігін арттырудың Атырау басқармасы Ұңғымаларды бұрғылау тобының жетекшісі – жетекші инженер-технолог, Бұрғылау бөлімінің бастығы, Басқарма бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары, 2007-2010 жж. – «Бұрғылау» ЖШС-нің Атыраудағы филиалының бас технологы, бас инженері, «Бұрғышы Сервис» ЖШС-інің бас директоры, «Құлан-Атырау» ЖШС-нің техникалық директоры болды. 2010 ж. шілдесінен бері «Ромпетрол Уэлл Сервисиз С.А.» компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалының бастығы болып келеді. Ботақан, Қарсақ, Оңтүстік-Батыс Доссор, Алтыкөл, Оңтүстік Таңатар, Шығыс Мақат, Солтүстік Жолдыбай, Мәтен, Білеулі алаңдарында барлау және пайдалану ұңғымаларын, Гурьев дөңесіндегі П-1 Қарсақ, П-2 Жарбас



терең параметрлік-іздістіру ұнғымаларын қазуға атсалысты, жас мамандарды тәрбиелеуге үлес қосты. Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» (1999), «Доссор мұнайына 100 жыл» (2011) ескерткіш төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары Федерациясының Құрмет грамотасымен (2007), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ының Құрмет грамотасымен (2004), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ының Күмістелген Ескерткіш белгісімен (2004) марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ҚАДЫРБАЕВ Бекет** (1.12.1947 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Новобогат ауд. Манаш ауылы). Гурьев политехникумын (1971), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып (1981) бітірген, инженер-механик. 1965-1966 жж. – Гурьев химия зауытының, Орск қаласының ғылыми-зерттеу институтындағы «Іргетас-жоба» («Фундамент-проект») іздеу партиясының бұрғылау жұмысшысы, 1966-1968 жж. –

Балықшы ауданындағы «Қызыл балық» ұжымшарының балықшысы, 1971-1972 жж. – Гиссар мұнай барлау экспедициясында дизельші, 1972-1978 жж. – Гурьев машина жасау зауытындағы механикалық цехтың шебері, 1978-1998 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-нің мұнара құрастыру цехының мұнара құрастырушысы, бригадирі, цех бастығы, 1998-2011 жж. – «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» мекемесіндегі мұнара құрастырудың жұмыс атқарушысы болып жұмыс істеді. 2011 ж. зейнеткерлікке шықты. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай ұйымдастырылған жүгіру марафонына қатысты. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі мен Мұнайшылар кәсіподағы Орталық комитетінің КСРО-ның 60 жылдығына орай берген дипломымен (1982), Құрмет грамотасымен (1989), Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999), Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасымен (2004) марапатталды.



**ҚАЗИЕВ Әбдірақман Хайроллаұлы** (8.1.1954 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылоу ауд. Қаратон кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1976) бітірген. КСРО-ның Альметовск, Грозный, Баку, Пермь, Уфа, Мәскеу қалаларындағы арнайы білім жетілдіру орталықтарында оқыды. 1976-1977 жж. – Каспий өңірінің мұнай және газға байлығын зерттеу экспедициясындағы бұрғышының көмекшісі, 1977-1978 жж. – Гурьев политехникалық техникумындағы «Бұрғылау

жұмысының технологиясы және құрал жабдықтары» пәнінің оқытушысы, 1978-1987 жж. – Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасындағы технология бөлімінің инженері, техникалық-өндірістік бөлімнің аға инженері, бұрғылау шебері, ауысым бастығы, технологиялық бөлімнің жетекші инженері, 1988 ж. – ББББ мен Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасының бірігуіне байланысты №1 экспедициядағы техникалық-өндірістік бөлімнің бастығы, 1989-1991 жж. - «Забурьин» кен орнындағы ауысымның бастығы, 1991-1995 жж. – Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасындағы технологиялық бөлімнің жетекші инженері, бөлім бастығы, бас технолог, 1995-1996 жж. - «Қазбұрғаз» АҚ-ның бас инженері, бас технологы, 1997-1998 жж. - «Қарашығанақгазкәсіпшілігі» МГӨБ-нің бас технологы, 1998-2005 жж. – КЮ b.v. Бұрғылау және жөндеу департаментіндегі жер асты жөндеу қызметтерін Колтубинг (икемді құбыр), сым техникасын (темір арқандық техникаға бейімделген ҰЖЖ-ны (ПРС) қолдану әдістерімен жөндеу жұмысының бас маманы, 2005-2006 жж. – «Қаз-ПетроЖоба» ЖШС-інің техникалық директоры, 2006-2007 жж. – «Бас басқарушы басқармасы» АҚ-ындағы МЭМР бөлімінің бастығы, 2007-2009 жж. – «Құрманғазы Петролеум» ЖШС-інің бұрғылау жұмыстары жөніндегі бас менеджері, 2009-2010 жж. – «Қандыағаш Бұр.Сервис» ЖШС-інің техникалық директоры, 2010-2011 жж. – «Қазмұнайгаз» БӨ» АҚ-ының инженерлік орталығындағы бұрғылау және жөндеу жұмыстарын қадағалаушы маман болды. 2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін «ҚазГерМұнай» ЖШС-де бұрғылау және жөндеу департаментінің директоры болып жұмыс атқарады. «Ембімұнай» ӨБ-індегі Ескене кен орнының №280 ұңғымасында, Ботақан кен орнының №85 ұңғымасында башқұрттық мамандармен бірлесіп тұңғыш рет көлденең бұрғылау



жұмыстарын жүргізді. Ұңғыманы бақылаудың «International Well Control Forum» дүниежүзілік оқу орталығының, Пласт стимуляциясы және ұңғымаларды цементтеудің «Caspian Schlumberger» дүниежүзілік оқу орталығының, Жұмсақ құбырмен жұмыс жасау жөніндегі «BJ» дүниежүзілік оқу орталығы сертификаттарының иегері. ҚР «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Доссор мұнайына 100 жыл» төсбелгілерімен және Мұнай министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



**ҚАЗИЕВ Бақытжан Ығылманұлы** (1943, Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Қосшағыл кенті – 30.9.1997, Атырау қ.). Алматының Қазақ политехникалық институтын бітірген (1966), тау-кен инженері. Институттағы оқу тәжірибесі кезінде оператор, 4-разрядты бұрғышының көмекшісі болып еңбек етті. 1966-1977 жж. - «Қазақстанмұнай» ӨБ-не қарасты «Өзен» МӨБ-нің мұнай және газ өндіруші 5-разрядты операторы, Жетібай МӨБ-нің мұнай өндіруші шебері, мұнай өндіру телімі бастығының м.а., өндірістік-диспетчерлік қызмет бастығының м.а., ОИТҚ-дағы ауысымның бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, 1977-1988 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-ның 2-АИТҚ-сындағы ауысымның бастығы, 2-АИТҚ бастығының орынбасары, Басқармадағы ӨТБ-нің аға инженері, материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау бөлімі бастығының м.у.а., аға инженері, 1988-1997 жж. – осы бөлімнің бастығы болды. Ерен еңбегіне орай “КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі” төсбелгісімен (1975) марапатталды.



**ҚАЙЫРБЕК Жанас** (24.2.1951 ж.т. Гурьев (Атырау) обл.Мақат ауд.Комсомол кенті). Мәскеудің И.М.Губкин атындағы Мұнай химиясы мен газ өнеркәсібі институтын бітірген (1979 ж.). 1970-1972 жж.әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. Еңбек жолын 1969 ж. «Мақатмұнай» МГӨБ-інің операторы болып бастады. 1979-1983 жж. – ББББ-да моторшы, механик, аға механик, аға инженер, 1986-1993 жж. – «Теңізмұнай» МГӨБ-інің бас механигі, Бүкілодақтық «Машиноимпорт» бірлестігінің

инспекторы болды. Теңіздегі №37 ұңғыманың өртін сөндіруге белсене араласты. 1993 ж.бері - «Теңішевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында Слесарьлық қызметтің басшысы, Техникалық қызмет көрсету орталығының кеңес-түсінік берушісі болып жұмыс жасайды.



**КАЛИЕВ Ерік Қайырбекұлы** (27.3.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Алматының В.И. Ленин Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975). 1968-1970 жж.әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1967-1968 жж. – Байшонас мұнай кәсіпшілігінің реттеуші операторы, 1975-1994 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-да, Каспий өңірін БББ-нда бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, ӨТБ инженері, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, ӨТБ-ның аға инженері, 1994-2000 жж.

– ПНП және КРС – ЕҚ және ТҚ инженері, ӨТБ аға инженері, ЕҚ және ҚТ, экология, ТЖ қызметі жетекшісі, ӨҚБ бастығы – басқарма бастығының орынбасары, аталмыш басқармадағы кәсіподақтар комитетінің төрағасы болды. 2008 -2013 жж. - «Қазмұнайгазбұрғылау» ЖШС-нің ЕҚ және ҚТ, экология, ТЖ жөніндегі аға инженері, ОИТҚ-тің бұрғылау жұмыстары жөніндегі жетекші инженері, Ұңғымаларды күрделі жөндеудің Атырау цехындағы телімнің бастығы болды. Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» естелік төсбелгісімен (1999), Атырау облысының Құрмет грамотасымен



(2004), «Мақат мұнай кен орнына 90 жыл» естелік төсбелгісімен (2005), «Қазмұнайгазкәсіподақ» ОК-сінің Құрмет грамотасымен (2007), Мұнай-газ кешені күніне орай «Қазмұнайгазкәсіподақтың» Алғыс хатымен (2007), салалық Құрмет грамоталарымен марапатталды.



**ҚАЛНИЕВ Қайырбек Аманжолұлы** (Қараша, 1916, Гурьев (Атырау) өңіріндегі Жылыой кенті – 23.9.2003). 1933-1935 жж. ФЗО-да оқыған. 1939-1940 жж. Белоруссияда әскер қатарындағы азаматтық борышын өтеді. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысты, 1945-1947 жж. Батыс әскери округінде қызмет етті. 1935-1939 жж. - Қоспағыл мұнай кәсіпшілігінің есепшісі, пошта бөлімшесінің, арнаулы бөлімнің бастығы, 1947-1949 жж. – Жылой ауданында ТКБ-ның есепшісі,

бастығы, Аудандық арнаулы бөлімнің бастығы, Құлсары мұнай кәсіпшілігі бас есепшісінің орынбасары, 1949-1950 жж. – облыстық ауылшаруашылығы басқармасының аға есепшісі, 1951-1972 жж. – Байшонас мұнай кәсіпшілігінің аға есепшісі, кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, ЖЖБ (ОРС) бастығының орынбасары, 1972-1976 жж. – Сағыз, Ганюшкино стансаларындағы 14-НОД-ЖЖБ-сының бастығы, 1977-1985 жж. – «Ембімұнайгаз» ӨБ-сіндегі ББББ кәсіподақ комитетінің аға есепшісі болды. Бірнеше рет мемлекеттік Мақтау қағаздары мен марапаттауларға ие болды: КСРО-ның «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Праганы азат еткені үшін», «Берлинді шабуылдап алғаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», КСРО-ның «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл» медальдарымен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының ардагері» төсбелгілерімен марапатталды.





**ҚАЛМУРАТОВ Ембі Санаулы** (15.6.1947, Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Қосшағыл кенті – 14.07.2013, Атырау қ.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1972). 1964-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясы бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы, 1973-1998 жж. – ББББ-да бұрғылау шебері, бұрғылау қондырғысының бастығы, АИТҚ-ның бастығы, 1998-2010 жж. -

«Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ЖШС-інің сервистік бұрғылау кәсіпорнында бас диспетчер, бұрғылау шебері, 2010-2013 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты өндірістік оқу бөлімінің оқу шебері болды. Ембі өңірінде мұнай қорларын ашуға белсене араласып, Доссор, Мақат, Қотырғас, Прорва, Қамысты, Забурунье, Ровное, Мәтен, Оңтүстік- Шығыс Новобогат кен орындарын және атакты Теңіз кенішін, т.б. бұрғылауға тікелей қатысты, олардың игерілуіне атсалысқан. Ерен еңбегіне орай 70-ші жылдары 3 жыл қатарынан КСРО-ның «Ең үздік бұрғышы шебері» атанды, ҚР «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Теңіз мұнай-газ кешеніне 25 жыл», «Теңіз мұнай-газ кешеніне 30 жыл», «Доссор мұнайына 100 жыл» төсбелгілерімен, Қазақстан мұнай-газ кешені кәсіподағы Орталық кеңесінің Құрмет грамотасымен, бірнеше рет кәсіпорынның мақтау грамоталарымен марапатталды.



**ҚАМИЕВА ГҮЛНӘР** (15.9.1957 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Сарыкамыс кенті). Еңбек жолын 1975 жылғы 25 тамызда ББББ-дағы 1-АИТҚ-ның Шығыс Прорвадағы 64-ші, 66-шы бұрғылау қондырғыларында моторшы болып бастады. 1991-1994 жж. – тампонаж кеңсесінде зертханашы, 1994-1996 жж. – «Теңізшевройл» БК-сының техникалық қызметкері, техникалық қызметкерлердің бригадирі болды. 1996 ж. бері – ESS Support

Servises LLP-да техникалық қызметкерлердің бригадирі болып жұмыс жасайды.



**ҚАНАШЕВ Боранбай Қанашұлы** (1940 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Аралтөбе ауылы), Доссор оқу комбинатын (1957), Саратов қаласындағы мұнай техникумын сырттай оқып (1971) бітірген. 1961-1964 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1957-1961 жж. - Төңірекшын барлау орнында моторшының көмекшісі, 1964-1972 жж. - Тампонажды бұрғылау кеңсесінің агрегат жүргізушісі, 1972-1973 жж. - ББББ-ның Сағыз кәсіпорнындағы аға механигі, 1974-1987 жж. - КСБР СУМР цехының бастығы болды.



**ҚАПАНОВ Валерий Төлеуұлы** (22.9.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Махамбет ауд. Сарытоғай кенті). Гурьев политехникумын (1974) бітірген. 1969-1971 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1967-1969 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты құрылыс цехының жұмысшысы, 1974-1976 жж. - «КазНИПИнефть» мекемесіндегі іздестіру бөлімінің технигі, 1976-1977 жж. - «КазНИГРИ» мекемесіндегі геофизика бөлімінің маманы, 1977-1978 жж. -

Гурьев (Атырау) политехникалық техникумы директорының орынбасары, 1978-1979 жж. - ББББ-да әлеуметтік дамыту мәселелері жөніндегі инженер, 1979-1985 жж. - ББББ-дағы Прорва, Ақтөбе, Теңіз кен орындарының геологы, 1985-1998 жж. - вахталық тасымал тобының жетекшісі қызметтерін атқарды.



**КАПАШЕВ Қуан.** 1979-81 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1977-79, 1991 жж. - ББББ-дағы Өнеркәсіптік тұрғыда қамтамасыз ету базасының Электр жабдықтарын прокаттық жөндеу цехындағы бұрғылау жабдықтарының слесарь-механигі болып, жұмыс жасады. 1991 ж. бері қазақстандық-америкалық бірлескен «Теңізшевройл» кәсіпорнында жұмыс жасайды.



**ҚАРАЖАНОВ Акат Бисембайұлы.** 1977-1998 жж. - ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1998-2005 жж. - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ндегі ұңғымаларды жер асты жөндеу жұмысының операторы, шебері, 2005-2009 жж. - «Тараз» ЖШС-інің, «Қазақмыс «Петролеум» компаниясының бұрғылау супервайзері болып жұмыс жасады. 2009 ж. компанияның тарауына байланысты «Сервистік бұрғылау кәсіпорны (СБК) Қазмұнайгаз» ЖШС-і компаниясындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының шебері болып осы күнге дейін еңбек етуде. КСРО Мұнай министрінің грамотасымен (1987), салалық мақтау грамоталарымен, дипломдармен, марапатталды, ББББ сыйлығының лауреаты (1990), «Өз мамандығының үздігі» (2005) атағын алды.

**ҚАСБАЕВ Серік Байтілеуұлы** (17.5.1962 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Атырау университетінің мұнай және газ институтын бітірген (2000), тау-кен инженері. Түрліше шетелдік білім жетілдіру курстарында болған (2001-2007). 1981-1993 жж. - ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1993-1998 жж. - АИТҚ бастығының орынбасары, 1998-2001 жж. - «Сазанқұрақ» БК-да бұрғылау жөніндегі жетекші инженер, 2001-2005 жж. - «First International Oil» мекемесінде бұрғылау жөніндегі бас инженер, 2005-2007 жж. - «Ural Oil Gas» ЖШС-де бұрғылау жөніндегі жетекші инженер, 2007-2008 жж. - «Victoria energy Central Asia» ЖШС-



де бас инженер, 2008-2011 жж. – «Қазақмыс Петролеум» ЖШС-і бас директорының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. 2011 жылдан күні бүгінге дейін – «ББК «Қазмұнай-газ-Бұрғылау» ЖШС-і бас директорының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметінде жүр.



**ҚИБАСОВ Қалдыбай Қибасұлы** (20.10.1949 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Жылой ауд., Қаратон кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1972), мұнайшы инженер. 1964-1967 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-іне қарасты Прорва бұрғылау кенесіндегі бұрғылау қондырғыларының 4-разрядты дизельші-моторшысы, 1972-1987 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-іне қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы шебер,

АИТҚ-ның ауысым бастығы, АИТҚ бастығының орынбасары, 1987-2007 жж. – «Прорвамұнай» МГӨБ-індегі Ұңғымаларды жер асты жөндеу цехының бастығы болды. 2007 жылдан бері «Жылыоймұнай» МГӨБ-індегі Ұңғымаларды жер асты жөндеу цехының бастығы болып, жұмыс жасайды. 1976-1980 жж. социалистік жарыстың жеңімпазы болған, ҚР «Қазмұнайгаз» ЖАҚ-ның Құрмет грамотасымен (2011) «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999) марапатталған.



**ҚИСЫҚБАСОВ Берден** (1919, Гурьев (Атырау) өңірі – 2009, Атырау қаласы). Ұлы Отан соғысына (1941-1946) қатынасушы. Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген (1961). 1938-1939 жж. – геологиялық іздегіру кенесінің коллекторы, 1946-1976 жж. – Қаратөбе, Кенсуат, Жаршық, Мибулак, Қараарна мұнай барлау орындарында машинист, бастық, Прорва терең бұрғылау кенесінің инженері, аға инженері болды. 1976

ж.зейнетке шықты. КСРО-ның Қызыл Жұлдыз, бірінші, екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің



мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ҚОЖАҒАЛИЕВ Ыдырыс** (1931, Гурьев (Атырау) өңірі – 1991, Атырау қаласы). Доссордағы №19 колонер училищесін бітірген (1947). 1947-1986 жж. – Мұнайлы кәсіпшілігінің слесары, тракторшысы, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының Құлсары бұрғылау кеңесіндегі бұрғылау қондырғыларының машинисі, Прорва бұрғылау телімінің механигі, Мартыши, Пустынный бұрғылау телімдерінің аға механигі, Прорва бұрғылау кеңесінің аға

инженері, механигі, технологы, машинашы-дизельшісі болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ҚОНЫСБАЕВ Қадырғали** (28.12. 1935 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой кенті). Гурьев (Атырау) политехникумын (1963), Мәскеудегі Бүкілодақтық сырттай оқытатын политехникалық институтты (1966), Уфа мұнай және газ институты жанындағы біліктілікті арттыру курсы (1987), Қазақстан Компартиясының Гурьев облыстық комитеті жанындағы марксизм-ленинизм университетін (1980) бітірген. 1954-1957 жж. әскер қатарында

азаматтық борышын өтеді. 1954-1977 жж. – Байшонас мұнай кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының 3-разрядты слесары, Ескене ДЭС-інің, Мақат аудандық энергетикалық басқармасының 3-разрядты, 4-разрядты слесары, Ескене кәсіпшілігіндегі мұнай өндірудің 5-разрядты операторы, Ескене мұнай кәсіпшілігіндегі дезэмульсатордың 5-разрядты машинашысы, Ескене мұнай кәсіпшілігіндегі ұнғымаларды жер асты жөндеу шебері, Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасының Қарсақ кәсіпшілігіндегі мұнай айдау-деэмульсация цехының бастығы.



Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасының ұнғымаларды жер асты жөндеу бригадасының шебері, Қарсақ мұнай кәсіпшілігіндегі АИТҚ-ның бастығы, Байшонастағы АИТҚ-ның ауысым бастығы, 1977-1991 жж. – «Доссормұнай» МГӨБ-індегі тампонаждық кеңесінің инженері, ЕҚ және КТ жөніндегі аға инженер болды. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен (1985), «1980 ж. социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен (1981), КОБОК-тың Құрмет грамотасымен (1985), КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы Орталық комитетінің Құрмет грамотасымен (1982) және Алғыс хатымен (1982 ж.), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1985), Мұнай және химия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы облыстық комитетінің (1965), облыстық комсомол комитетінің Құрмет грамоталарымен (1962) марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ҚОНЫСБАЕВ Мұхамбет Қонысбайұлы** (1.1.1913, Гурьев (Атырау) өлкесі Қызылқоға өңіріндегі 7-ші ауыл – 7.5. 1972, Атырау обл. Жылой ауд. Сарықамыс кенті). Доссордағы өнеркәсіптік тау-кен училищесінде оқып (1930), Гурьев мұнай техникумын (1933) бітірген. 1933-1934 жж. – Қосшағыл мұнай кәсіпшілігі директорының көмекшісі, бұрғылау цехының бұрғылау жөніндегі технигі, 1936-1963 жж. – «Ембімұнай» тресі басқармасының ӘШБ

бастығы, Байшонас кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының бұрғылау шебері, бұрғылау цехының бастығы, техникалық бөлім бастығы, Сағыз бұрғылау телімінің аға инженері, Доссор кәсіпшілігіндегі Бұрғылау кеңсесінің техникалық бөлімі бастығы, «Франкс» станогын оқып-үйрену курсының курсанты, Сағыз кәсіпшілігіндегі «Франкс» станогын бұрғылау шебері, осы кәсіпшіліктегі бұрғылау цехының бастығы, ОРКТиЗ бастығы, Қошқар кәсіпшілігіндегі ОРКТиЗ бастығы, Тентексор барлау орнының бастығы, Комсомол кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының бастығы, Қошқар кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының бастығы, Құлсары кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының бастығы, «Қосшағылмұнай» тресіндегі ОРКТиЗ бастығы,



«Қазақстанмұнайбұрғылау» тресіндегі ӨТБ-ның бастығы, «Қазақстанмұнайбарлау» тресіндегі Бұрғылау кеңсесінің директоры, осы Трестегі Ұнғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің күрделі жұмыстар жөніндегі аға инженері, Құлсары МКБ-сы директорының орынбасары, 1963-1972 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесі директорының орынбасары болды. Мақат аудандық кеңесінің (1939-1947 жж.), Құлсары кенттік кеңесінің (1950-1953 жж.) депутаты болып сайланды, Құлсары кәсіпшілігіндегі Мұнайшылар Одағы аудандық комитеті төрағасының орынбасары (1951-1952 жж.), Құлсарыдағы ұнғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің партбюро хатшысы (1954-1955 ж.ж.) болды. КСРО-ның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен (1945), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1966), «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен, Гурьев облыстық партия комитетінің бірнеше грамоталарымен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали** (1909, Батыс Қазақстан өлкесіндегі Тайпак өңірінің Қызылкоға кенті). 1944-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатынасушы. 1926-1944 жж. - «Ембімұнай» тресіндегі геологиялық-іздістіру кеңсесінің бұрғылау жұмысшысы, Доссор жинақ кассасының 1-разрядты бөлімше меңгерушісі, мемлекеттік банкінің Жылой кентіндегі бөлімшесінің басқарушысы, Доссор жинақ кассасының 1-разрядты бөлімше меңгерушісі, облыстық сауда басқармасының Ескене кәсіпшілігіндегі №1 сауда базасының қоймасындағы есептеушісі, «Ембімұнай» тресінің Байшонас кәсіпшілігіндегі есеп айырысу үстелінің есептеушісі, кассирі, есеп айырысу үстелінің есепшісі, «Қазақстан» мұнай комбинатының Байшонас кәсіпшілігіндегі есепші-кассирі, 1945-1958 жж. – еңбекшілер депутаттары Байшонас кенттік кеңесі атқару комитетінің төрағасы, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Байшонас кәсіпшілігіндегі есепшінің көмекшісі, Ескене телімдік техникалық тұрғыда жабдықтау қоймасының меңгерушісі, телімнің 5-разрядты



мұнай өндіру операторы болды. Еңбек еткен жылдарында КСРО-ның II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1985), «Ерлігі үшін» (1946), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (1946), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 70 жыл» медальдарымен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 25 жыл» төсбелгісімен марапатталды.



**ҚОНЫСБАЕВ Темірбек Мұхамбетұлы** (28.10.1948 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.Мақат ауд. Сағыз кенті – 29.5.2004). Алматының Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып бітірген. 1967-1969 жж.әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1965-1967, 1970-1986 жж. – Прорва МӨБ-інің Прорва бұрғылау кенсесінде бұрғышының көмекшісі, мұнай және газ өндіруші оператор, 1993-1994 жж. – «ТеңізМұнайГаз» АҚ-ындағы Жылыой БББ-нда, 1994-1995 жж. – «Прорвамұнай» МГӨБ-інде еңбек етті. Еңбектегі жетістіктері үшін алған мақтау қағаздары мен марапаттаулары бар.



**ҚОНЫСБАЕВ Тынышбек Мырзағалиұлы** (14.12.1960 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1984), тау-кен инженері. Алматыдағы, Алматыевскідегі, Мәскеудегі білім жетілдіру курстарынан өткен. 1981-1982, 1984-1993 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің тампонаждық кенсесіндегі машинашының көмекшісі, Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасында және ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғылау шебері, 1993-1997 жж. – Бұрғылау





жұмыстарының Жылыой басқармасындағы №2 АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, өндірістік-технологиялық бөлім бастығының орынбасары, ОИТҚ бастығы, 1997-2001 жж. - «Қазақойл-бұрғылау» ҰМК-сындағы «Қазақойл» Сервистік бұрғылау кәсіпорнының (СБК) бұрғылау шебері, 2001-2007 жж. - «Ембімұнайгаз» ААҚ-ына қарасты Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жұмыстарының Атырау басқармасындағы ОИТҚ-ның жетекші инженер-технологы, өндірістік-технологиялық бөлімнің жетекші инженері, бастығы, «Бұрғылау» ЖШС-інің Атырау филиалындағы ӨТБ-нің бастығы болды. 2007 ж. бері - «Қазмұнайгаз БӨ» АҚ-дағы «Ембімұнайгаз» ӨФ-нің ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстары бөлімінің бастығы. Еселі еңбегіне орай Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999) марапатталған.



**ҚОРЖЫМБАЙ Габит Тасеменұлы** (15.6.1955 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1978). 1972-1973 жж. - Гурьев (Атырау) мұнай өңдеу зауытының ішкі жөндеулерді жүргізуші слесарі, 1978-1997 жж. - ББББ-ның №2 АИТҚ-сындағы бұрғылау қондырғыларының 4-разрядты моторшы-дизельшісі, бұрғылау қондырғыларын күтімге алушы механик, инженер-электр механигі, БӨБ-нің бас механигі,

1-АИТҚ-ның аға механигі, 1997-1998 жж. - «Қазақойл-бұрғылау» ББК-сындағы Жамансор бұрғылау телімінің аға механигі, 1999 ж. - «Бехтел-Энка» БК-сіндегі механикалық-құрастыру телімінің айналмалы тетіктер механигі, 1999-2000 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» ББК-дағы «Кремко-900» бұрғылау қондырғысы жөніндегі механик, 2000-2002 жж. - бұрғылау қондырғыларын энергетикалық-механикалық тұрғыда күтімге алу қызметінің жетекшісі, 2002-2008 жж. - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ББК-дағы бұрғылау қондырғыларын жөндеу тобының жетекшісі, бас механиктің орынбасары, бас механик, 2008-2009 жж. - «Смарт-Ойл» ЖШС-нің бас механигі болды. 2009 ж. бері - «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ББК-да энергетикалық-механикалық бөлімнің аға механигі. Еселі еңбегіне орай Қазақстан Республикасының



«Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999) марапатталған. Өндіріске онтайландырушы ұсыныстар бергені үшін «Қазақойл» АҚ-ы тарапынан арнайы дипломмен және бағалы сыйлықпен сыйланған. «Өз мамандығының үздігі» атағы берілген.



**ҚОРҚЫТОВ Қазбек Берікұлы** (19.9.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы), 1969-1971 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1971-1976 жж. Гурьев (Атырау) педагогикалық институтындағы арнаулы бөлімде түрлі жұмыстар атқарды. 1976-1983 жж. – ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, 1983-1998 жж. – Каспий өңірін бұрғылау басқармасының бұрғылау шебері, 1998-2008 жж. – бұрғышы, 2008-12 жж. – «Қазмұнайгаз» АҚ-ында центрифуга операторы қызметтерін атқарды.

«Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгісімен (1980), түрлі салалық Құрмет грамоталарымен марапатталды. Социалистік жарыс қорытындысы бойынша «Жыл маманы» (1980 жылдың I жартыжылдығы) атанды. Қазақстан мұнай өндірісінің 100 жылдығына орай Қазақстан Республикасының мерейтойлық сағаты тарту етілді.



**ҚУАНТЫРОВ Қазыбек Әбуұлы** (5.3.1941, Гурьев (Атырау) қаласы – 20.1.1990, сонда). Атырау политехникумын бітірген (1963), техник-механик. 1963-1990 жж. – Прорва мұнай бұрғылау кеңсесінің, ББББ-ның механигі, ӨТЖЖБ (БУПТОиКО) директорының орынбасары, ТКБ (ЖКО)-дағы цехтың бастығы болып жұмыс жасады.



**ҚУАНТЫРОВ Қамза** (12.8.1929 ж.т., Гурьев (Атырау) өңірі, Қызылқоға ауд. Қарабау ауылы). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1950), КСРО Мұнай министрлігі жанындағы алты айлық мамандық жетілдіру курстарын аяқтаған (1951, 1955). КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі (1979), Құрметті кен барлаушы. 1950-1963 жж. – Қаратон мұнай кәсіпшілігіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғылау шебері, бақылау-өлшеу аспаптарының шебері,

қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер, Қызылқұдық, Қарсақ мұнай барлау экспедицияларының, Теренөзек, Оңтүстік Сарықамыс, Тәжіғали телімдерінің бастығы, Құлсары бұрғылау кенесінің аға инженері, ӨТБ-нің бастығы, 1963-1972 жж. – Прорва бұрғылау кенесінің бас инженері, ӨТБ бастығы, 1972-1977 жж. – ББББ-ның бас инженері, ОИТҚ бастығы, 1977-1997 жж. – Каспий өңірін БББ-ның ауысым бастығы болды. 1997 ж. бері зейнеткер. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбек ардагері» медальдарымен, КСРО Мұнай министрлігінің Құрмет грамотасымен (бірнеше рет) марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.

**ҚҰЛБАЕВ Түлкібай Исламұлы** (22.2.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Атырау политехникалық колледжін бітірген (2004), инженер-технолог. 1975-1993 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-ның бұрғышысы, 1993-1994 жж. – «Прорва мұнай» МГӨБ-нің құрастырушысы, 1994-2000 жж. – «Паркер Дриллинг» мекемесінің бұрғышысы, 2000-2007 жж. – Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жұмыстарының Атырау басқармасының 5-разрядты бұрғышысы, бұрғылау цехының бұрғылау шебері, 2007-2008 жж. – «Бұрғылау» ЖШС-індегі Атырау филиалының бұрғылау шебері, 2008-2009 жж. – «ББК«ҚМГ-бұрғылау» ЖШС-нің бұрғылау шебері болды. 2009 ж. ақпанынан бері – бұрғылау цехының бастығы.



**ҚҰЛҒАЗИЕВ Байқаден Мырзағалиұлы** (18.1.1939, Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд. Қарабау селосы – 22.6. 1983). Өндірістік жолдамамен 1959-1963 жж. Алматыдағы құрылыс техникумында оқып, электр техникі мамандығын алды. 1956-1959 жж. – Қаратон кәсіпшілігінің электр монтері, 1963-1983 жж. – Прорва кен орнында бас энергетик болды.



**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Ермеқбай Өрбісінұлы** (16.11.1949 ж.т.). Білімі – жоғары. 1968-1970 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1964-1968, 1970-1971 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесінің электр монтері, нормалаушы, аға есепші, 1971-2004 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты кәсіпорындардың аға есепшісі, бас есепшісі, 2008 ж. бері – «ПАУЭР Комм. КО» ЖШС» БК –сының бас есепшісі.



**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Серік Дінішұлы** (19.11.1955 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Доссор кәсіптік-техникалық училищесін (1973) бітірген. 1975-1977 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1973-1977 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты Автокөлік басқармасының көлік жөндеушісі, 1977-1993 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы және бұрқаққа қарсы қондырғының жөндеушісі, 1993 жылдан «Ембіведойл» БК-

сының ұнғымалардың жерасты жөндеу операторы, жабдықтау қызметінің үйлестірушісі қызметтерін атқарып келеді. «Қазақойл» Ұлттық компаниясының Алғыс хатын (2001) алды, «Прорва мұнай кен орнына 50 жыл» төсбелгісімен марапатталды.



**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Өрбісін** (1925 ж.т.).

Саратов мұнай техникумын бітірген. 1940-1943 жж. – темір жолда пойыздарды құрастырушы, 1943-1949 жж. – «Ембімұнай» тресіне қарасты №441 зауыттың (ГМӨЗ (бүгінгі – АГМӨЗ) моторшысы, машинашысы, 1949-1958 жж. – Қаратон бұрғылау кеңсесінің машинашысы, нормалаушысы, 1958-1963 жж. – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің аға инженері, еңбек және кадрлар бөлімінің бастығы

(Таушық кенті, Форт-Шевченко қаласы, Ералиев кенті), 1963-1971 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесіндегі ЕЖЕАБ-ның (ОТИЗ) бастығы, 1971-1985 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы Еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру және өндірісті басқару бөлімінің бастығы болды. 1985 жылы Құрметті еңбек демалысына шықты.



**ҚҰЛОВ Аманкелді** (1947 ж.т., Гурьев (Атырау)

обл.Доссор ауд.Доссор к.). Әзірбайжан мұнай-химия институтын бітірген (1974). 1974-1976 жж. – ББББ-ның моторшысы, машинашысы, инженер-механигі, 1976-1980 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің Өндірістік тұрғыда қызмет көрсетудің орталық базасындағы ӨТБ-ның бастығы, 1980-1997 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы ауысымның бастығы, бас механик, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ӨТБ-ның бастығы, Өндірістік қызмет көрсетудің орталық

базасы бастығының орынбасары, «Мұнайгаз» ҰК тете-президенті, «ҚазТрансОйл» ҰК-нің бас маманы болды. 2003 ж. бері - «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ-ының бас менеджері. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



**КҰРДАШЕВ Жексенбай** (28.9.1957 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1980). 1977-1979 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1980 ж. техникумдағы дипломдық жобасын қорғауға байланысты ББББ-ға бұрғышының көмекшісі ретінде жұмыс жасауға жіберіледі. 1980-1994 жж. – ББББ-ның №1 АИТК-сында, №2 Солтүстік Қолтықта бұрғышының көмекшісі, Шығыс, Орталық, Батыс Прорва, Қарасор алаңдарында, №19, 45, 31 Теңіз кен ұңғымаларын бұрғылау

жұмыстарында еңбек етті, 1994-1997 жж. – Жылыой барлама бұрғылау басқармасында (ЖБББ) бұрғышының көмекшісі, 1997-2003 жж. – Теңіз кен орнының термоораушысы, 2003-2007 жж. – «Қазмұнайгаз» сервис бұрғылау» мекемесінде, Ботакан, Масабай алаңдарында, «Абылайхан Групп» ЖШС-де бұрғышының көмекшісі болды. Әлі де осы компанияда еңбек етеді.



**КҰРМАНҒАЗИЕВ Нұрлан** (1950 ж.т., Атырау к.). Гурьев (Атырау) мемлекеттік педагогикалық институтын, Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. 1976-1978 жж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп, азаматтық борышын өтеген. 1968-1978 жж. - Гурьев (Атырау) облыстық радио және телехабар тарату басқармасында дыбыс операторы, дыбыс режиссері, 1978-2005 жж. – Бұрғылау жұмыста-

рының Каспий өңірлік басқармасындағы моторшының көмекшісі, бұрғылау шебері, тәлім бастығы, аға инженер болды. 2005-10 жж. - «Қазмұнайхим» АҚ-нда департамент директоры, «АдельБурСервис» ЖШС-нде бас директордың орынбасары болған. Қазір Қызылорда облысында еңбек етеді. «Қазақстан мұнайына 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің атаулы сағатымен марапатталған.



**ҚҰРМАНҒАЗИЕВ** Тасқали (2.4.1926, (Атырау) обл., Қызылқоға ауд. – 4.4.1988, Атырау қ.). Алматы қ. С.М. Киров (бүгінде – әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (1950), КОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебін (1958) бітірген, жорналшы. КСРО Журналистер Одағының мүшесі. 1950-1960 жж. – Атырау облыстық «Социалистік құрылыс» (бүгінде – «Атырау») газетінде меншікті тілшіден бастап насихат

бөлімінің меңгерушісіне дейінгі лауазымдарда, 1960-1965 жж. – Гурьев облыстық радиохабарларын тарату комитетінің төрағасы, 1965-1977 жж. - Гурьев облыстық радио және телехабарларын тарату басқармасының төрағасы болды. Денсаулық жағдайына байланысты «Ембімұнай» өндірістік бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасына ауысып, 1977-1986 жж. кадр бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Оның ерекше араласуымен 1967 жылы облыста алғашқы телестудия ашылып, Радио үйі салынды. 1986 ж. «Қазақ КСР-нің дербес зейнеткері» атағымен құрметті демалысқа шықты. Халық депутаттарының қалалық, облыстық кеңестеріне депутат болып бірнеше рет сайланды. Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



**ҚҰРМАНҚҰЛОВ** Аманжол Қойшыекенұлы (14.11.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Сағыз кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1976), тау-кен инженері. Голландияда білім жетілдіру курсынан өткен. 1976-1998 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-ның Прорва кен алаңындағы бұрғышысының 4-разрядты көмекшісі, 1-АИТҚ-ның технологы, аға технологы, ауысым бастығы, 4-АИТҚ

бастығының орынбасары, №2 экспедициядағы өндірістік-диспетчерлік қызметтің ауысым бастығы, терең барлама бұрғылаудың № 2 экспедициясының бас инженері, бас диспетчері, Бұрғылаудың



Атыраулық телімінің бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, 1998-2001 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» СБК-сіндегі ОИТҚ-ның бастығы, бас директордың бірінші орынбасары, 2001-2012 жж. - «Ойл Технолоджи Оверсиз» ЖШС-інің Құмкөл кен орнындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және бұрғылау жұмыстарының жетекшісі, «Akzhol» ЖШС-і директорының орынбасары, «НБК» ЖШС-індегі цехтың бастығы, директордың филиалдағы өндіріс мәселесі жөніндегі орынбасары, директоры, «КМС» ЖШС-інің бұрғылау жұмыстары жөніндегі супервайзері, «Құлжан Ойл» ЖШС-індегі директордың филиалдағы өндіріс мәселесі жөніндегі орынбасары болды. Прорва, Теңіз, Қисымбай, Қотыртас, Жаңаталап, Новобогат, т.б. кен орындарында, Тайсойған өңірінде бұрғылау жұмыстарына атсалысты. Әлі де мұнай кеніштерін игеруге үлес қосуда.



**ҚҰРМАНОВА Рәзия Әділбайқызы** (16.10.1945 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып бітірген, тау-кен инженер-геологы. Мақат ауданының Құрметті азаматы. 1961-1972 жж. - «Мақатмұнай» кәсіпшілігінің мұнай өндіруші операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, геология бөлімінің геологы, 1972-1992 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-ның геология

бөлімінің геологы, геологиялық барлаудың тақырыптық партиясы жобасының басшысы, геологиялық барлау тақырыптық партиясының бас геологы, ББББ-дағы кәсіподақ комитетінің төрайымы, 1993-1998 жж. - «Қазақстан-Каспий қайраңы» АҚ-ның шақыруы бойынша Солтүстік-Каспий жобасында жұртшылықпен байланыс жасау бөлімінің үйлестірушісі, 1998-2001 жж. – ОКИОК халықаралық консорциумының жұртшылықпен байланыс жасау бөлімінің үйлестірушісі, 2001-2012 жж. - «Аджип» КҚО компаниясының жұртшылықпен байланыс жасау бөлімінің бастығы болды. Демеушілік және қайырымдылық көмектерді, жоғары лауазымды адамдардың қатысуымен өтетін республикалық және жергілікті деңгейдегі іс-





шараларды, жыл сайын Мұнай және Газдың халықаралық және жергілікті көрмелерін жоғары деңгейде ұйымдастырып келеді. Солтүстік-Каспий жобасының ардагері. 2008 жылдың қорытындысы бойынша компанияның ең жақсы қызметкері болып табылды. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен (скеуі де - 2011), түрліше салалық грамоталармен марапатталды.

## М.



**МАҚАТОВА Дәмелхан** (17.3.1938 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Прорва селосы). Доссордағы №10 орта кәсіптік-техникалық училищесін бітірген (1983). 1963-1971 жж. – Прорва бұрғылау теліміндегі бұрғылау кондырғылары дизельші-моторшысының шәкірті, бұрғылау кондырғыларының 3-разрядты дизельші-моторшысы, 1971-1988 жж. – ББББ-дағы №1-АИТҚ-ның 3-разрядты дизельші-моторшысы, бұрғылау кондырғыларының 4-разрядты дизельші-моторшысы болды. 1988 ж. 1 шілдеде зейнеткерлікке шықты. КСРО-ның II, III дәрежелі «Ана даңқы» орденімен (1976, 1973), «Еңбекте үздік шыққаны үшін» (1971, 1986), «Еңбек ардагері» (1987), I, II дәрежелі «Аналық медалі» (1971, 1968) медальдарымен, Қазақстан Республикасының «Алтын алқа» (2010), «Күміс алқа» (2000) ордендерімен, КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Мұнай өнеркәсібінің озаты» (1986) төсбелгісімен марапатталды. Мәскеудегі Еңбек ардагерлер слетіне (1987) қатысты. «Коммунистік еңбектің екпіндісі» атағы (1986) берілді.



**МАҚАШЕВ Қосымбай** (1.1.1931 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Балықшы ауд. Алғабас ауылы – ақпан, 1998, Атырау қ.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген (1950). 1950-1958 жж. – Доссор ауданындағы Комсомол кәсіпшілігінің механигі, 1958-1963 жж. – Сағыз кәсіпшілігінің бас механигі, 1963-1975 жж. – Комсомол кәсіпшілігінің бас механигі, 1975-1991 жж. – ББББ-ның механигі, ӨЖОБ-ның (ЦБПО) механигі болып жұмыс жасады.

Өндірісте қоғамдық тапсырма ретінде партиялық қызметті қоса атқарды. 1991 жылы зейнеткерлікке шықты.



**МАРАБАЕВ Нәсіпқали** (1937, Атырау – 2010, Алматы қаласы). Мәскеу мұнай институтын (1959), КОКП Орталық комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар институтын (1987) бітірген. 11-ші рет шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ақтау және Жана Өзен қалаларының құрметті азаматы. 1959-1980 жж. – Ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің бұрғышысы, бұрғылау шебері, Прорва бұрғылау кеңсесінің бас инженері, Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының

директоры, «Манғышлақмұнай» ӨБ-сі бас директорының орынбасары, 1980-1988 жж. – Қазақстан КП Манғышлақ обкомының хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан КП Орталық комитетінің кадрлармен жұмысты ұйымдастыру бөлімінің инспекторы, 1988-1995 жж. – Қазақ КСР Халықтық бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Манғышлақ облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыс әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, «Манғышлақмұнай» ӨБ-сінің бас директоры, 1995-2004 жж. – «Мұнайгаз» МХК-сі президентінің, «ҚазақОйл» ҰМК-нің кеңесшісі болды. 2004 жылдан өмірінің соңына дейін «Мұнайшы» қоғамдық қорының құрылтайшысы және атқарушы директоры болды. «Қазақстанның мұнай энциклопедиясы» атты қос томдық энциклопедияның (2005) шығуына үлкен үлес қосты. КСРО-ның Еңбек



Қызыл Ту (екі рет), «Құрмет» ордендерімен, медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Ақтау және Жаңа Өзен қалаларының Құрметті азаматы. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**МАСАЛОВ Хатим** (8.5.1947 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын бітірген. 1965-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі БББ-да бұрғышының көмекшісі, ұңғымаларды бұрғылаушы, күрделі жұмыстар шебері, Каспий өңірі БББ-нда, Балықшы БББ-нда бұрғылау шебері, 1998-2002 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» СБК-нда бұрғылау шебері, күрделі жұмыстар шебері, ОИТҚ бастығының орынбасары, 2002-2003 жж. - «Орталық Азия мұнайы» ЖШС-інің

бұрғылау супервайзері, 2003-2004 жж. - «Төбеарал Ойл» ЖШС-дегі кәсіпшіліктің бастығы, 2004-2007 жж. - «FIOS, Прикаспийан Петролеум Компани» ЖШС-інде бұрғылау жөніндегі аға супервайзер, «Сазанқұрақ» БК-нда бұрғылау жөніндегі аға супервайзер, 2007-2008 жж. - «Консалтинг Мұнай Сервис» ЖШС-інің (Күмкөл кен орны, Қызылорда қаласы) бұрғылау жөніндегі аға супервайзер болды. 2008 жылдың қаңтарынан бері - «Қазақмыс Петролеум» ЖШС-інің (Ақжар кен орны, Ақтөбе қаласы) бұрғылау жөніндегі аға супервайзері, бұрғылау жөніндегі суперинтенданты.



**МАХАМБЕТОВА Окиза Әбілқызы** (7.5.1941 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Новобогат ауд. Мыңтөбе ауылы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1966). 1966-1994 жж. - Прорва МГӨБ-нің инженер-геологы, ББББ, Каспий өңірі БББ, Атырау бұрғылау басқармаларында инженер-геолог болып қызмет етті. 1994 жылдан бері зейнеткер.



**МАХАМБЕТОВ Ким Жәрдемұлы** (15.7.1935, Орал қаласы – 5.4.1986, Атырау қ. Ақжар кенті). Лениногорск мұнай техникумын «Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қондырғылардың электр жабдықтары» мамандығы бойынша бітірген (1978), инженер-энергетик. 1952-1986 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің Доссор, Қаратон мұнай кәсіпшіліктерінің электр монтері, «Жайықмұнай» МГӨБ-нің, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік

басқармасының инженер-энергетигі болды.



**МАХМУТОВ Теміржан Орынбасарұлы** (21.9.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Осы кенттің Абай атындағы орта мектебін үздік бітірген (1973). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1980), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1986). 1975-1977 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. Украинадағы Ахтырск қаласындағы «Теңіз кен орнының күкіртті

сутекті алаңдарындағы газды-мұнайлы құбылыстардың алдын алу және жою» тақырыбы бойынша біліктілікті көтеру курсынан өткен (1986). Еңбек жолын 1980 ж. 25 шілдеде «Ембімұғай» ӨБ-сіндегі ББББ-да Теңіз алаңындағы бұрғышының көмекшісі болып бастады, кейін 1985 ж. дейін аталмыш алаңдағы пайдалану және терең барлама бұрғылау ісінің 6-разрядты бұрғышысы болып жұмыс жасады. 1985-1995 жж. – бұрғышы шебер, F-320 Гурьев күмбезіндегі L-7000 м параметрлік ұнғымасындағы терең барлама бұрғылау экспедициясының бұрғылау ісі бастығы, 1995-1997 жж. – аталған кәсіпорындағы П-АИТҚ-ның бастығы, 1997-1999 жж. – 1600-БҚ, 75-БҚ бұрғылау қондырғыларында бұрғылау шебері, 1999-2004 жж. – Атырау қаласына қарасты Ақжар кентінің әкімі, 2004-2006 жж. – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» Сервистік бұрғылау кәсіпорны ЖШС-інде шарттар жасақтау және жабдықтау бөлімінің бастығы, 2006-2007 жж. –



«ПНБК-Қазақстан» ЖШС-і бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Потенциал Ойл» ЖШС-і бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, 2007-2008 жж. – «ДемеуЭнерджиГрупп» ЖШС-інің Атыраулық филиалының директоры, 2008-2014 жж. – «ӘділБұрғылауСервис» ЖШС-інің бас директоры лауазымдарын абыроймен атқарды. 2014 жылдың мамыр айынан бері – «ПВАСС ОШ» РМҚК-сының «Ақ Берен» атты Атыраулық АҚЖЖ филиалының директоры.



**МӘМБЕТӘЛИЕВ Сағызбай** (18.2.1957 ж.т.). 1975-1981 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, 1981-1991 жж. – МГӨБ-нің мұнай өндіруші операторы болды. 1991 ж. бері – қазақстандық-америкалық бірлескен «Теңішевройл» кәсіпорнында технологиялық қондырғылардың операторы болып жұмыс жасайды. Шығыс Прорва және Батыс Прорва кен орындарын игеруге қатысты.



**МӘМБЕТОВ Мақсат Төлеуішұлы** (11.10.1955 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Махамбет ауд. Зауральный кеншары). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1977), тау-кен инженері, бұрғышы. 1977-1998 ж.ж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, терең бұрғылау экспедициясының бастығы, 1998-2005 жж. – «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-нің бас диспетчері, бас директордың бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары, 2005-2006 жж. - «DASR Drilling» ЖШС-де, «ТөбесаралОйл» ЖШС-де директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары, 2006-2010 жж. – «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ЖШС-індегі сервистік бұрғылау кәсіпорны бас директорының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. 2010 ж. бері соңғы аталған



кәсіпорынның бас директоры қызметін ойдағыдай атқарып келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен (2001 ж.), «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999 ж.), Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен (2000 ж.), Халықаралық мұнай-газ кәсіподақтар конференциясының лауреаты белгісімен (2010 ж.) марапатталды.



**МЕРГЕНОВ Қуаныш** (4.2.1938 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.Жылой ауд. «Қызыл Жем» ұжымшары). Қызылорда обл. Қазалы қаласындағы Ауыл шаруашылығы механизациясының училищесін (УМСХ) бітірген (1956). 1958-1960 жж.әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1957-1958 жж. – Құлсары Машина-трактор стансасының (МТС-тің) тракторшысы, 1960-1972 жж. – Қазақстан темір жолы дистанциясында механиктің көмекшісі, 1972-1978 жж. – Гурьев (Атырау)

өндірістік комбинатының 4-разрядты газбен және электрмен дәнекерлеушісі, «Қазақстан темір жолдары» дистанциясында (МЧ-да) 5-разрядты газбен және электрмен дәнекерлеуші, 1978-1994 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-інің Каспий өңіріндегі мұнайды барлама бұрғылау басқармасындағы №3 АИТҚ-ның электрмен дәнекерлеушісі, ББББ-ның 5-разрядты газбен және электрмен дәнекерлеушісі болып жұмыс жасады. 1994 ж. зейнеткерлікке шықты. «Ембімұнайгаз» ӨБ-сіндегі 4-ТПТ-да (ЖЭУ-4-ге), «Су арнасы» басқармасында моторшы болды. Бірнеше рет ақшалай, заттай сыйлықтармен марапатталды.

**МИЗАМҒАЛИЕВ Байназар Жексенұлы** (12.4.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.) Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1986), тау-кен инженері. 1978-1988 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасы бұрғышысының 4-разрядты көмекшісі, 6-разрядты бұрғышысы, бұрғылау шебері, 1988-1995 жж. – ББББ-ның бұрғылау шебері, 1995-2000 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы ОИТҚ-ның инженер-технологы, Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жұмыстарының



Атырау басқармасының 5-разрядты бұрғышысы, Ұнғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының шебері, бұрғылау шебері, 2007-2008 ж.ж. - «Бұрғылау» ЖШС-де бұрғылау шебері, «ҚазМұнайГаз СБК-сі» Бұрғылау» ЖШС-де бұрғылау шебері болды.

**МИСЮТА Нина Романовна** (02.1926, РКФСР-дағы Иркутск облысының Слюдянка қаласы). Қокан мұнай техникумын бітірген (1948). 1973-1953 жж. – Слюдянка қаласындағы орта мектептің есепшісі, комсомолдық жолдамамен келіп, Қазақ КСР-інің Гурьев (Атырау) облысындағы Мақат ауданының Комсомол кәсіпшілігі бұрғышысының көмекшісі, Құлсары МБК-індегі ертінді жөніндегі техник, бұрғылау кеңсесінің бұрғышысы, ӨТБ-ның технигі, инженері, ЖЭБ-нің инженер-экономисі, ӨТБ-ның инженер-экономисі болды. Кейін ББББ-да инженер-экономист қызметін атқарды.



**МУСИН Мұрат Мусаұлы** (30.3.1944 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Баксай ауд. Жалғансай ауылы). Атырау қ. Химия зауыты жанынан ашылған №13 кәсіптік-техникалық училищесін (1963), Атырау политехникалық техникумын сырттай оқып (1982) бітірген. 1963-1966 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1966-1967 жж. – Атырау қ. №2553 автоколоннаның слесары, «Теңдік» кеңшарының көлік жүргізушісі, 1968-1980 жж. - Талқайраң сегіз жылдық мектебінің мұғалімі, 1980-1984 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-ның көлік жүргізушісі, 1984-2000 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ТКБ-ның (УТТ) шебері, тексеруші механигі, 2000-2007 жж. – Атырау қ. С. Датұлы атындағы №26 орта мектебінің «Көліктану» пәнінің мұғалімі, «Қазакмұнайбарлау-бұрғылау» ЖШС-інің көлік жүргізушісі болды. 2007 жылдың сәуір айынан – зейнеткерлікте.



**МУҚАЕВ Бақытжан** (23.12.1942 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Шоқпартоғай ауылы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1969), мұнайшы-инженер. 1963-1989 жж. – Құлсарыдағы №1-ші автобаза директорының көлік жүргізушісі, Прорва бұрғылау кенесіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, бұрғылау бастығы, АИТҚ-ның аға инженері, АИТҚ бастығының орынбасары,

1989-1997 жж. – ОИТҚ-ның аға инженері, Құлсарыдағы «Су жүйесін салу» мекемесінің бас инженері, «Каспий өңірінің мұнай-газ құрылысы (ПНГС)» тресінің телім бастығы, 1997-2005 жж. – Теңіз кенішіндегі «Мұнайқұрылыссервис» ЖШС-нің шебері болды. Прорвада №11-ші ұңғымалдан бастап Ақтобе, Досмұхамбетов, Пустынный, Күзбақ, Акқудық, Акінген, Масабай, Алақай, Қарағанды, Солтүстік Қамыскөл, Оңтүстік Қамыскөл кен орындарының қазылуына қатысқан. Қисымбай, Оңтүстік Жолдыбай, Мәтен, Кенбай, Қырықмылтық телімдерін жайластырып, іске қосуға атсалысқан. 2005 ж. зейнеткерлік демалысқа шықты. 2005-2012 жж. – «ТеОР» оқу орталығында, «Дүние» университетінде, мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау, техника қауіпсіздігі, тербомонтаж жұмысшыларын оқыту мекемелерінде оқытушы болды.



**МУҚАНОВ Амантай** (28.1.1958 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Алтыкөл ауылы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1989). 1976-1978 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1975-1976 жж. – ББББ-дағы бұрғылау жабдықтарын жөндеу слесарі, 1978-1986 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі жобалау-зерттеу стасасының жөндеуші-калыптаушысы, мұнара құрастыру кенесінің мұнара

құрастырушысы, 1986-1994 жж. – ОИТҚ-дағы мұнай өндіру цехының инженер-механигі, аға механигі, цех бастығының орынбасары, 1996-





2007 жж. - «Прорва мұнай» МГӨБ-інің бас механигі, 2007-2011 жж. – «Жылыой мұнайгаз» МГӨБ-індегі механикалық-энергетикалық қызметтің жетекшісі, МГӨБ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, «Қайнар мұнайгаз» МГӨБ-дегі механикалық-энергетикалық қызметтің аға маманы болды. 2011 ж. бері соңғы қызметтің жетекшісі санатында жұмыс жасайды.



**МҰҚАНОВ Базарбай** (1914, Гурьев (Атырау) өңірі Ракөш к. – 2001, Атырау обл.). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы (1971 ж.). 1932-1944 жж. – Ескене мұнай өндіру басқармасындағы мұнара құрастыру цехының ағаш ұстасы, 1944-1964 жж. – Қаратон, Теренөзек, Акқыстау, Алтыкөл, Мартыши, Мәтенкожа мұнай кәсіпшіліктері мен кен орындарының мұнара құрастырушысы, 1964-1972 жж. - Прорва мұнай кәсіпшілігі басқармасының мұнара құрастыру цехының бастығы болды. КСРО-ның Ленин (1953), Еңбек Қызыл Ту (1951) ордендерімен және «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (1946), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. 1972 ж. дербес зейнеткерлікте болды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**МҰҚАШЕВ Орынбасар Жақайұлы** (12.10.1953 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1977), тау-кен инженері, геолог. 1977-93 жж. - «Ембі мұнай» ӨБ-сіне қарасты Каспий өңірінің мұнайына барлама бұрғылау басқармасының оператор-коллекторы, 1993-1998 жж. - БББ-ның бас геологы болып жұмыс жасады. 1998 жылдан бері «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнының бас геологы қызметін ойдағыдай атқарып



отыр. Оның тікелей басшылығымен Гран, Ровный, Камысты, Батыс Новобогат, Қондыбай, Уаз және т.б. мұнай-газ кен орындары өндірістік пайдалануға берілді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Жайық мұнайына 40 жыл» төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасының мұнай-газ қызметкерлерінің кәсіподағы Орталық Кеңесінің Құрмет грамотасымен және басқа да сыйлықтармен марапатталды.



**МУСАНГАЛИЕВ Исламғали** (1953 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Қазақтың көлік және коммуникациялар академиясын бітірген (2001). 1969-1971 жж. – Қаратон кәсіпшілік геофизика партиясының автослесары, 1971-1978 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-не қарасты ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, 1978-2002 жж. - КСРО Газ өнеркәсібі министрлігіне қарасты трестегі №2 Құрылыс басқармасының жұмысшысы, «Өзенмұнай» МГӨБ-інің мұнай

мен газ өндіруші операторы, «Маңғышлақмұнай» ӨБ-індегі №3 Өзен ТКБ-сының тракторшысы, Ұңғымаларды жабдықтау жөніндегі №1 басқармасындағы көтергіш машинаның жүргізушісі болды. 2002 ж. бері «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ының «Өзенмұнайгаз» МГӨБ-інің өндірістік филиалындағы Ұңғымаларды жабдықтау жөніндегі №1 басқарманың кезекші механигі болып жұмыс жасайды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған (1980).

**МЫҢБАЕВ Марат** (1956 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Куйбышев политехникалық институтын бітірген (1979). 1979-1988 жж. – ББББ-ның бұрғышысы, бұрғылау шебері, технолог, ауысым бастығы, 1988-1997 жж. – Қазақстан КП Гурьев (Атырау) облыстық комитетінің өндіріс және көлік бөлімінде нұсқаушы, облыстық атқару комитетіндегі отын-энергетикалық бөлім меңгерушісінің орынбасары болды. 1997 ж. бері «Гюрал» БК-нің бас директоры болып жұмыс жасайды.



**МЫРЗАҒҰЛ Нұржан Қадиеұлы** (25.1.1957 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1976), мұнайшы-техник. 1979-1994 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру және өндірісті басқару бөлімінің инженері, аға инженер, 2-санатты инженер, 1-санатты инженер, 1994-2007 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨФ-не қарасты Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты кабаттарының мұнай қайтарымын арттыру

жұмыстарының Атырау басқармасындағы жетекші экономисі, 2007-2008 жж. – «Бұрғылау» ЖШС-інің Атырау филиалындағы жоспарлау, еңбекті ұйымдастыру және еңбекақы бөлімінің жетекші экономисі, «Қазмұнайгаз СБК-сі» Бұрғылау» ЖШС-нің жетекші инженері болды. 2008 жылдың мамырынан бері - «Қазмұнайгаз СБК-сі» Бұрғылау» ЖШС-ндегі еңбекті нормалау және еңбекақы секторының менеджері.

## Н.



**НАЗАРҒАЛИЕВ Бактыбай** (1953 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.Жылой ауд. Қосшағыл кенті). Астрахан ЖТОО-сын бітірген (1987), инженер-механик. 1975 – 1977 жж.- ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, 1978-1991 жж. – Теңіз алаңының бұрғышысы болды. 1991-1996 жж. – Теңіз газ өңдеу зауытының ағаш шеберлерінің бригадирі, қазақстандық-америкалық бірлескен «Теңізшевройл» кәсіпорнындағы Балқан қоймасы менеджерінің м.а., Техникалық

тұрғыда қамтамасыз ету бөлімінің слесары болды. Бүгінде осы БК-да аға шебер болып жұмыс жасайды.



**НАМАЗГАЛИЕВ Әбетисан** (1935, Гурьев (Атырау) обл. Мақат кенті – 1993, Атырау қ.). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1963), техник-бұрғылаушы. 1956-1962 жж. - Қаратон мұнай өндіру басқармасының бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, 1962-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты Құлсары бұрғылау кенесінің Прорва бөлімшесінде бұрғышы, бұрғылау шебері, аға инженер, ұңғымаларды сынау және тексеру цехының шебері, ерітінді шаруашылығының аға инженері болып еңбек етті. 1991 ж. зейнеткерлікке шықты. КСРО-ның III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен және медальдарымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**НАУРЫЗБАЕВ Аманбай Балжігітұлы** (8.12.1964 ж.т, Гурьев (Атырау) обл. Махамбет ауд.). Гурьев (Атырау) қ. БЛКЖО-ның 50 жылдығы атындағы №5 орта мектебін (алтын медальмен) (1982), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1987) бітірген. 1987-1993 жж. – ББББ-ның №2 терең барлама бұрғылау экспедициясындағы бұрғышының 4-разрядты көмекшісі, технологы, бұрғылау шебері, 1993-1995 жж. – Бұрғылау

жұмыстарының Жылыой басқармасының бұрғылау шебері, 1995-1998 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бұрғылау шебері, 1998-2007 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» («Қазмұнайгаз-Бұрғылау») СБК-сінің бұрғылау шебері, құбырлар шебері және инженері, диспетчері, қойма шаруашылығының бастығы қызметтерін атқарған. 2007 ж. бері «Абылайхан Групп» АҚ-нда ұңғымаларды байқау және сынақтан өткізу бригадасының шебері, бұрғылау шебері болып жұмыс жасайды.



**НОВИКОВ Алексей Сергеевич** (22.11.1947 ж.т, РКФСР-дің Пенза облысындағы Городище қаласы). Ұлты – орыс. Грозный мұнай институтын сырттай оқып бітірген (1966-1976). 1964-1974 жж. – «Калмыкгазразведка» тресіндегі Элиста жөндеу-механикалық зауытының электр сымын ораушысы, «Калмыкнефтегазразведка» тресінің барлау-терең бұрғылау экспедициясындағы (ЭГРБ) бұрғышының көмекшісі, Каспий өңіріндегі кәсіпшіліктік

геофизикалық экспедициядағы газ каротажының технигі, «Калмыкгазразведка» тресіндегі тақырыптық партияның аға инженері, Арман барлау экспедициясындағы балшықты ерітіндіні дайындау жөніндегі аға инженер, 1974-1988 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Волгоград басқармасының Қазақ КСР-індегі Атырау облысының Ембі (Жылыой) ауданындағы Қаратон кәсіпшілігінің №3 АИТҚ-сының аға технологы, ауысым бастығы, Бұрғылау жұмыстарының Волгоград басқармасының Теңіз барлау-терең бұрғылау экспедициясындағы ОИТҚ-ның бастығы, 1988 ж. – «Каспий өңірін мұнай бұрғылау» ӨБ-сіне ауысты, 10.2.1984 ж. «Ембімұнай» ӨБ-сі директорының орынбасары болды.



**НУРҒАЛИЕВ Бақытжан Алданғанұлы** (11.6.1948 ж.т, Гурьев (Атырау) қаласы). Грозныйдың академик М.Д. Миллионщиков атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді мұнай институтын бітірген (1972). 1972-1973 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-ндегі «Жайықмұнай» МГӨБ-нің өнеркәсіптік жабдықтарды жөндеу слесары, 1973-1976 жж. – осындағы жабдықтарды прокаттау, жөндеу және пайдалану цехының аға инженері, 1976-1977 жж. - бас механик,

1977-1981 жж. – «Гурьевмұнайгазгеология» ӨМБ-ндегі бас механик бөлімі бастығының орынбасары, 1981-1989 жж. – Солтүстік Ембі терең бұрғылау экспедициясы бастығының көлік, жабдықтау, құрылыс және тұрмыс мәселелері жөніндегі орынбасары, 1989-1992 жж. – осы



Экспедицияның бас механигі, 1992-1996 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының бастығы, 1996-1998 жж. – осы Басқарманың бас механигі, 1998-2008 жж. – «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» СБК» ЖШС-нің өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының бастығы болды. 2008 ж. бері осы ЖШС-нің бас механигі қызметін абыроймен атқаруда.



**НУРГАЛИЕВ** Максотжан Алданғанұлы (3.3.1951 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Куйбышев политехникалық институтын бітірген (1973). 1971-1973 жж. – Куйбышевтегі (Самарадағы) автопарктың 3-разрядты слесары, 1973-1974 жж. - «Маңғышлақмұнай» ӨБ-не қарасты Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының 4-разрядты бұрғышысының көмекшісі, 5,6-разрядты бұрғышы, бұрғылау шеберінің көмекшісі, 1974-1977 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не

қарасты ББББ-дағы технологиялық бөлімнің инженері, аға инженері, 1977-1986 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Каспий өңірінің мұнай қорын бұрғылау басқармасындағы технологиялық бөлімнің аға инженері, 1-АИТҚ-ның ауысым бастығы, осы Қызмет бастығының орынбасары, бастығы, 1986-1998 жж. – басқармадағы технологиялық бөлімнің бастығы, басқарманың бас технологы, 1999-2008 жж. - «Арал Петролеум» ЖШС-нің аға супервайзері, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық басқарманың бас маманы, «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ның бас технологы, «Қазмұнайхим-Бұрғылау» ЖШС-нің бас технологы, бас инженері, өкілеттік өкілі, 2008-2009 жж. - «СмартОйл» ЖШС-нің өндіріс жөніндегі тете-президенті (арнайы шақыртумен барды), «Заман Энерго» ЖШС-нің бұрғылау ісі жөніндегі бас инженері болды. 2010 ж. бері - «ҚазРосОйл» МӨБ ЖШС-і бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.



**НҮРЖАНОВ Сағидолла** (20.2.1926, (Атырау) обл., Бақсай ауд. 18 ауыл – 26.12.1994, Атырау қ.). КСРО-ның құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы (1972). Гурьев мұнай техникумын (1946), Мәскеудің академик И.М. Губкин атындағы мұнай институтын (1953) бітірген. 1946-1948 жж. - «Қазмұнайгазбарлау» тресіндегі геологиялық іздестіру кеңсесінің техник-геологы, Қараөзек креліустық барлау орнының бастығы, 1953-1962 жж. - «Қазмұнайгазбарлау» тресіндегі

Теренөзек геологиялық партиясының бастығы, №5 Опорная кен орнының аға инженері, Қошқар МӨБ-індегі Техникалық бөлімінің бастығы, басқарманың бас инженері, бастығы, 1962-1964 жж. - Қазақстан КП Мақат аудандық комитетінің бірінші хатшысы, 1964-1965 жж. - Прорва МӨБ-індегі Ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің директоры, Прорва МӨБ-нің бастығы, 1965-1975 жж. - Жетібай МГӨБ-нің бастығы, «Қазақстанмұнай» бірлестігі бастығының орынбасары, Кәсіподақтардың Гурьев облыстық Кеңесінің төрағасы, Өзен МГӨБ-нің бастығы, 1975-1988 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі жобалау-іздестіру бөлімінің бастығы, бірлестіктің Тампонаж кеңсесінің бастығы болды. 1988 ж. дербес зейнеткерлікке шықты. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» орденімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, көптеген медальдармен марапатталған. Шығыс Прорва кен орнына С. Нұржановтың есімі берілді. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**НҮРХАНҰЛЫ Ержігіт** (1925, Гурьев (Атырау) обл. Бақсай (Махамбет) ауд. Өлішығанақ (№16) ауылы – 2010, Атырау қаласы). Ұлы Отан соғысына (1942-1945 жж.) қатынасқан, Сталинград, 3-ші Украин, 1-2 Беларусь майдандары қатарында взвод командирі болып шайқасады, 1945-1947 жж. әскери комендатурада еңбек етіп, Германия жеріндегі соғыстан қирап, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысады. Уфа қаласындағы



жаяу әскер училищесін (1942), Мәскеу қаласындағы мемлекеттік өндірістік банктің қызметкерлерін дайындайтын арнайы курсты (1950), Алматының С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (1958) бітірген, өндіріс саласының қаржыгері, осы саладағы мамандығын И. Губкин атындағы мұнайгаз институтында жалғастырып, білімін тереңдетеді (1978). КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі, КСРО жер қойнауын барлау ісінің үздігі. 1941-1942 жж. – Сарайшық ауылындағы орта мектептің кітапхана меңгерушісі, 1947-1953 жж. – Сағыз мұнай кәсіпшілігінің әскерилендірілген күзетінің командирі, өндірістік банктің Ембі аудандық бөлімшесінің несие жөніндегі инспекторы, инженері, бастығы, 1958-1988 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі Ұнғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің инженер-экономисі, аға экономисі, жоспарлау бөлімінің бастығы, партия ұйымының хатшысы, Бірлестіктің жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары, бастығы, ББББ-ның бас экономисі, осы басқарма бастығының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары, партия ұйымының хатшысы болды. 1988 ж. зейнеткерлік демалысқа шықты. Ұзақ жылдар «Ембімұнайгаз» ӨБ-сі филиалында ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. КСРО-ның «Қызыл Жұлдыз», бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Еңбек ардагері», Халықаралық қоғамдық қордың «1941-1945 жж. ерлігі мен Отанға деген махаббаты үшін», РФ-ның «Маршал Г.К. Жуков», «Жеңіске қосқан үлесі үшін», Қазақстан Республикасының «Тыңға 50 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, КСРО-ның «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1973, 1974, 1975, 1976, 1977, 1978, 1980), «10-шы бесжылдықтың үздігі», Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 55 жыл», «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Доссор мұнайына 90 жыл», «Мақат кенішіне 90 жыл», «Қосшағылға 70 жыл», «Теніз кен орнының ашылғанына 25 жыл» төсбелгілерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.





**НҰРХАНОВ Хамит Ержігітұлы** (1955 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Ембі (Жылыой) ауд. Құлсары кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының дайындық курсы (1974) және институтын бітірген (1979). 1972-1973 жж. – Ұңғымаларды геофизикалық тұрғыда зерттеу жөніндегі Гурьев (Атырау) партиясының слесары, 1979-1983 жж. - «Гурьевмұнайгазгеология» ӨБ-сіне қарасты Каспий өңіріндегі мұнай қорын терең бұрғылай

барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісі, инженер-технолог, бұрғылау шебері, 1983-1988 жж. - ББББ-дағы 2-АИТҚ-ның аға технологы, бұрғылау шебері, 2-АИТҚ бастығының орынбасары, №1 экспедицияның бас инженері, 1988-1995 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-да бөлім бастығы, бас инженердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі орынбасары, 1995-1998 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-не қарасты мұнара жөндеу кеңсесінің директоры, 1998-2000 жж. - «Бұрғышы-Сервис» ЖШС-нің бас директоры, 2000-2003 жж. - «Ембімұнайгаз» ААҚ-ның Бұрғылау жұмыстары және ҰКЖ департаментінің жетекші инженері, кадр қызметінің жетекшісі, 2003-2005 жж. - «Қазақстан-америкалық «АралПаркер» бірлескен кәсіпорны» ЖАҚ-ының Атырау филиалында өндіріс және ЕК мен КТ менеджері, 2005-2007 жж. - «Victoria Energy Central Asia» (VECA) ЖШС-нің бас директоры, 2007-2009 жж. - «АдилБурСервис» ЖШС-нің бас директоры, «KinDreamPLC» ЖШС-нің аймақтық өкілетті өкілі, 2009-2012 жж. - «Гюрал» ЖШС-нің өндірістік мәселелер жөніндегі директоры болып еңбек етті. «Қазақстан мұнайының 100 жылдығы» төсбелгісімен, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрмет грамотасымен, Теңіз кен орнының ашылу салтанатына орай шығарылған мерейтойлық төсбелгілерімен марапатталды.



# О.



**ОРАЗОВ Тілекбай** (1930 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Доссордағы №19 қолонер училищесін бітірген (1947). 1947-1951 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі Қошқар, Ескене, Қарсақ, Мұнайлы мұнай кәсіпшіліктерінің бұрғылау цехтарындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1951-1985 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғышысы, зерттеу жұмыстары жөніндегі шебері, ұңғымаларды пайдалана бұрғылаудың бұрғышысы болды. 1985 ж. бері зейнеткер. КСРО-ның «Құрмет Белгісі», III дәрежелі «Еңбек Данқы» ордендерімен және медальдарымен марапатталған.



**ОРАЛОВ Ермек Кеңеғалиұлы** (4.9.1957 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Ембі (Жылыой) ауд., Құлсары кенті). Доссордың 10-политехникалық училищесін (1975), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып (1986) бітірген. Польшадағы Краков қаласынан ұңғыманы басқару жөніндегі халықаралық сертификат (2000) алған. 1975-1977 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. Еңбек жолын 1975 ж. «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы бұрғылау қондырғысының 3-разрядты дизельші-моторшысы болып бастаған. 1977-1980 жж. - ББББ-ның 4-разрядты дизельші-моторшысы, 1980-1991 жж. – бұрғышының 4-, 5-разрядты көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, 1991-1998 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бұрғылау шебері, тәлім бастығы, ОИТҚ бастығының орынбасары, 1998-1999 жж. - «Жылыойбұрсервис» басқармасының, «Қазақойл-Бұрғылау» СБК» ЖШС-інің бас диспетчері, 1999-2004 жж. - «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау»



СБК-нің, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ындағы Ұңғымаларға күрделі жөндеу және жерасты қабатының мұнай қайтарымдылығын арттыру басқармасының, «Қазбұрғаз» ААҚ-ның бұрғылау шебері болды. 2004 ж. бері - «Абылайхан групп» АҚ-ның бұрғылау шебері.



**ОРАЛОВ Таңбай** (1926 ж.т., Гурьев (Атырау) өңірі). Доссордағы ФЗО мектебін бітірген. 1942-1963 жж. – «Қазмұнайбарлау» тресінің Алтыкөл, Әлімбай мұнай барлау алаңдарындағы бұрғышының көмекшісі, Мақат бұрғылау кеңсесінің Новобогат, Жанатай, Оңтүстік Қамыскөл, Қаратайқыз, Мәтенкожа мұнай барлау алаңдарындағы бұрғышысы, 1963-1981 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғышысы болды. 1981 ж. бері зейнеткер. Қазақ КСР

Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



**ОРЖАНОВ Әбуғали** (1922 ж.т., Гурьев (Атырау) өңірі). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1942). 1942-1974 жж. - Сағыз, Қошқар, Қаратон МКБ-ларындағы, Құлсары бұрғылау кеңсесіндегі, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасындағы кадр, еңбек және еңбекақы бөлімінің бастығы, топтық кәсірдақ комитетінің төрағасы, 1974-1983 жж. – ББББ-дағы еңбек және еңбекақы бөлімінің бастығы, нормалау-зерттеу стансасының аға инженері

болды. 1981 ж. зейнеткер болды. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (1972).

**ОРЫНБАСАРОВ Қобыланды Алпамысұлы** (1.5.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Қызылқоға ауд.). Гурьев (Атырау) ауыл шаруашылығы техникумын бітірген (1980), техник-механик. 1980-1981 жж. ББББ-дағы 1-ші және 2-ші АИТҚ-ларда 3-разрядты дизельші-моторшы болып еңбек еткен.



**ОРЫНБАСАРОВ Сембай Жолдасұлы** (23.11.1957 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1977), техник-мұнайшы. 1980-1981 жж. – ББББ-дағы 1-ші, 2-ші, 4-ші АИТҚ-ларда бұрғышының 4-разрядты көмекшісі болып жұмыс жасады.

## Ө.



**ӨМІРЗАҚОВ Қойшығұл** (1926, Атырау өлкесінің Жылой өңіріндегі Шоқпартоғай а. - 1997, Сондағы Сарыкамыс к.). Саратов қаласындағы Бүкілодақтық мұнай техникумын бітірген (1966). 1964 жылға дейін Жылой ауданындағы Қаратон, Теренөзек, Тәжіғали, Қара арна, Үлкен төбе, Боранқұл мұнай кәсіпшіліктері мен телімдерінде жұмысшы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебер, 1964-1984 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесінің инженер-диспетчері болып еңбек етті. Еселі еңбегі үшін КСРО-ның «Еңбекте үздік шыққаны үшін» (1957), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына жыл толуы құрметіне» (1970), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1960), КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасымен (1953) марапатталған.

**ӨМІРЗАҚОВ Хамит Қойшығұлұлы** (21.4.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Мұнайлы кенті). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген. 1979-1981 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1978-1990 жж. – ББББ-дағы Мұнара құрастыру кеңсесінің слесарі, 5-разрядты дизельші-моторшысы, 1990-1993 жж. - «Теңіз мұнай» МГӨБ-ндегі Ұнғымаларды игеру цехының (ҰнғИЦ-ның) моторшысы болды. 1993 жылдың сәуірінен бері Қазақстандық-Америкалық «Теңізшевройл» БК-сындағы Кәсіпшіліктерді пайдалану бөлімінің операторы болып жұмыс жасайды.



**ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы** (8.11.1944 ж.т., Гурьев (Атырау) обл., Мақат ауд., Доссор кенті). Атыраудағы техникалық училищені, Алматының Қазақ политехникалық институтын (1969) бітірген, тау-кен инженері. Техника ғылымдарының кандидаты. «Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының академигі, ҚР ғылымға еңбегі сіңген қайраткері, ҚР жер қойнауын барлау ісінің үздігі. Атырау облысындағы Мақат ауданының Құрметті азаматы. Германияда,

Ресейде білімін жетілдірген. 1964-69 жж. – Гурьевкуат басқармасындағы Құлсары ОЭС-нің машинашысы, 1969-1972 жж. – Терең бұрғылаудың Солтүстік Үстірт мұнай барлау экспедициясындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебер, 1972-1988 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-нің ББББ-дағы және Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы өндірістік-техникалық бөлімінің аға инженері, АИТҚ-ның ауысым бастығы, технологиялық бөлімнің аға инженері, бастығы және бас технологы, 1988-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-нің Орталық ғылыми-зерттеу зертханасындағы бұрғылау бөлімінің бастығы, 1991-2007 жж. – мұнай өндіруші «Ембіведойл» БК-сінің өндіріс жөніндегі директоры, бас менеджері болды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кеніштердің көбінде игеру, бұрғылау, өңдеу жұмыстарына қатысқан. 90 ғылыми мақаланың, 8 өнертабу патентінің және 3 кітаптың, 1 оқулық көмекші құралдың авторы. Өнертапқыштық жөніндегі «Шапағат» атты республикалық бәйгенің дипломын жеңіп алған. «Ембімұнайгаз» компаниясына қарасты бүгінгі барлық дерлік қолданыстағы мұнай кәсіпшіліктерінің бұрғылана ізделуі мен игерілуіне белсене үлес қосты. «Мақат мұнайының 90 жылдығы», «Қазақстан мұнайының 100 жылдығы», «Доссор мұнайының 100 жылдығы», ҚР «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» естелік төсбелгілерімен, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-ның, Атырау облысы Әкімінің Құрмет грамоталарымен, «Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының «М.В. Ломоносов» атындағы медалімен, салалық «Ғалым жұлдызы», «Құрмет жұлдызы» ордендерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ӨСЕЕВ (УСЕЕВ) Акқозы Сақыпұлы** (13.11.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Алматы қаласының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1977), тау-кен инженері. Мәскеудің Губкин атындағы Мұнай және газ институтында білім жетілдіру курсы бітірді (1988). 1979-1988 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасында бұрғышының көмекшісі, ОИТҚ-ның технологы, аға технологы, вахталық тасымалдаулар тобының жетекшісі, 1988-1991 жж. – ББББ-дағы еібекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары, 1991-1997 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау және көлік бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары болды. 1998-2011 жж. - «Сазанқұрақ» ЖШС-інің логистика жөніндегі менеджер болып жұмыс жасады. 2011 жылдан бері – аталмыш ЖШС-інің кедендік операциялар жөніндегі менеджері.



**ӨСЕРБАЕВ Жауылбай Сүйеуұлы** (12.02.1921, Гурьев (Атырау) өлкесі, Жылой өңірі – 15.02.1985, Атырау қаласының Ақжар селосы). Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ұзақ жылдар Прорва бұрғылау кенесінің есепшісі, 1972-1981 жж. - ББББ бас есепшісінің орынбасары болған. КСРО-ның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» (1975), «КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл» (1978), «Еңбек ардагері» (1981 ж.) медальдарымен, «Социалистік жарыс жеңімпазы» (1979, 1981 жж.) төсбелгілерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1981) марапатталды.



**ӨТЕБӘЛИЕВ Темірғали Әділғалиұлы** (13.4.1939 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Сағыз кенті). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1972), техник-механик. 1978-1991 жж. – ББББ-ның Басқармадағы жабдықтау инженері, ӨТБ-ның аға инженері, ОБПЖҚ-ның слесарі, механигі, аға инженері, диспетчері, аспаптар алаңының меңгерушісі, аға механигі, 2-ші экспедициядағы аспаптар алаңының меңгерушісі, ОБПЖҚ-ның шебері болып,

абыройлы еңбек етті.

**ӨТЕГЕНОВ Жолдасқали Есболғанұлы** (7.9.1958 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Ембі (Жылыой) ауд. Құлсары кенті). Атырау техникумының «Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау» бөлімін бітірген (1980), техник-мұнайшы. 1980-1982 жж. ББББ-дағы 2-АИТҚ-ның, 1-АИТҚ-ның бұрғышысының көмекшісі болды.



**ӨТЕПҚАЛЕВ Абат.** 1978-1990 жж. – ББББ-да бұрғышы, 1990-1994 жж. - бұрғышы шебер, технолог болып жұмыс жасады. Қазіргі күні «Теңішевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында жұмыс жасайды.



**ӨТЕПОВ Сырым.** 1960 ж.т., 1978-1992 жж. ББББ-да жұмыс жасады. 1992 ж. бері «Теңізшевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында жұмыс жасайды.



**ӨТЕУОВ Иманбай** (11.11.1947 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) қаласындағы политехникалық техникумды бітірген (1972). 1972-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, экономика және жоспарлау бөлімінің экономисі, аға инженері, «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасындағы экономика және жоспарлау бөлімінің инженері, бөлім бастығы, 1998-2010 жж. - «ҚазМұнайГаз-

Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-ндегі экономика және жоспарлау бөлімінің талдамашы-экономисі, өндірістік диспетчерлік қызметтің диспетчері қызметтерін атқарды.

**ӨТЕШОВ Досан** (1927 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). 1948-1982 жж. – Құлсары бұрғылау кеңсесінде, ББББ-да жұмысшы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болды. 1982 ж. зейнеткер. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (1977). Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.





## П.



**ПАНГЕРЕЕВ Амантай Серікқалиұлы** (28.11.1954 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1974), Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтын (1983) бітірген, тау-кен инженері. 1974-1976 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді, осындағы бұрғылау-жарылыстар жасау ротасының құрамында бүкілодақтық БАМ құрылысына қатысты. Еңбек жолын 1974 ж. ББББ-да бұрғышының көмекшісі болып бастаған. 1976-1978 жж. - ББББ-да

Қамысты, Гран, Ровное кен орындарында бұрғышының көмекшісі, 1983-1989 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі ББББ-да, Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасында, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасында бұрғышы, технолог, АИТК бастығының орынбасары, I-геологиялық-барлама бұрғылау экспедициясындағы өндірістік-диспетчерлік қызметінің (ӨДК) бастығы, 1989-1993 жж. - ҚР Мемлекеттік тау-кендік техникалық бақылаудың Батыс Қазақстан округі басқармасындағы бөлімнің бастығы, 1993-1999 жж. - «Каспиймұнайгаз» өндірістік ғылыми зерттеу институты (ӨФЗИ) бастығының орынбасары, 1999-2001 жж. - Атырау облысы бойынша төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары - Мемлекеттік инспекция бастығы, 2001-2007 жж. - Теніз кеңішіндегі Екінші буын зауыты жобаларында КОО ПФД Интернэшнл компаниясының инженері, үйлестірушісі, менеджері қызметтерін атқарған. 2007 ж. тамызынан бері Аджип ККО компаниясында Қашаған В.УКМГ. компаниясы атынан жіберілген құрлық және су нысандарын техникалық бақылаудың желілік менеджері қызметінде жүр. Еңбек еткен жылдары Гран, Жанаталап, Шығыс Мақат, Молдабек және басқа да кен орындарының ашылуына қатысты. ҚР Мұнай өнеркәсібі министрлігіне қарасты арнайы топ құрамында болып, 78-ден астам нормативтік құжаттарды (ереже, нұсқау) және алғашқы ҚР «Мұнай туралы» заңын әзірлеуге қатысқан. КТК, Қарашығанак, Теніз кеңішінің ПВП, ПЗГ жобаларын жасақтауға қатысты.



**ПАРИТОВ Талғат** (1962 ж.т., Гурьев (Атырау) обл.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1985). 1985-1992 жж. – ББББ-дағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, 1993-2004 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі Коммерциялық орталық директорының орынбасары, «Мұнайгаз» МХК-сіне қарасты «Мұайгаз»-қаржы» қаржылық-инвестициялық фирмасының бас маманы, директордың орынбасары, «ҚазМұнайГаз»ҰК-нің бас менеджері, 2004-2012 жылдары «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ының бөлім бастығы, Бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларды күрделі жөндеу департаментінің директоры болды.

## Р.



**РАҚМЕТОВ Мақаш** (15.9.1932 ж.т., Гурьев (Атырау) округі Қызылқоға ауд. Ақшелек ауылы). Алматыдағы Қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университетін бітірген (1956). КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі және КСРО-ның Құрметті мұнайшысы (1982 ж.). Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары Академиясының толық мүшесі. 1956-1972 жж. – Жантай барлау алаңының коллекторы, «Қазақстанмұнайбарлау» тресінің Құлсары бұрғылау кеңсесіне қарасты Төңірекшің (Төресай), Жаңасу, Сарықұм және Боранқұл барлау алаңдарында геолог, аға геолог, Прорва бұрғылау кеңсесінің аға геологы, бас геологы, 1973-1997 жж. – ББББ-дағы ұңғымаларды сынау цехының бастығы, Каспий өңірін бұрғылау басқармасының бас геологы, ББББ-ның бас геологы, Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бас геологы, «Ембімұнай»



және «Онғар» КМС» ЖШС-лерінің директоры болып, абыройлы және нәтижелі жұмыс жасады. 1997 ж. бастап құрметті демалыста. 1957 ж. Батыс Қазақстанда біріншілер қатарында Оңтүстік Ембі тұз астындағы палеозойлық үлкен құрылымның Төнірекшың (Төресай), Жаңасай және Сарықұм алаңдарының геологиялық құрылысын зерттеуді бастады. Осы зерттеудің нәтижесі үлкен геологиялық мәні бар Пустынный алаңында бұрғылау жұмыстарын бастауға жол ашты. Осы алаңды бұрғылау барысында тұз астындағы тереңдікте карбон мұнай қабаттарының барлығының анықталуы Теңіз алаңына бұрғылау, іздестіру жұмыстарын бастауды тездетті, әрі Теңіз кенішінің ашылуына себепкер болды.

Р. Прорва (Шығыс, Орталық және Батыс), Қара арна, Прибережный, Пустынный, Теңіз, Королевское, Қараған, Масабай, Айранкөл, Акінген, Акқұдық, Ровное, Ботакан, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Мәген, Шығыс Мақат, Новобогат (Оңтүстік Шығыс, Батыс), Жанаталап (Пермотриаас), Көкарна (Шығыс) және Гран мұнай кеніштерін ашуға және оларды игеруге тікелей қатысты. Батыс Қазақстанда жаңадан ашылған мұнай және газ кеніштерін игеру кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне көп еңбек сіңірді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының қолдауымен Рұсынысы бойынша Теңіз мұнайының күкіртті сутегімен араласқан мұнай қалдықтарын жоғары бор дәуірінің су қабаттарына айдамақшы болған Одақтық Мұнай министрлігінің әрекеті тоқтатылып, оның бұл шешімі экологиялық қауіпті деп танылды. Бірнеше ғылыми еңбектер мен жарияланымдардың туындыгері.

Ол Қазақстан Коммунистік партиясының Ембі аудандық комитетіне бірнеше дүркін мүше болып сайланды. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970), «Еңбек ардагері» (1985), Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» (2002), «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» (2010), «KAZENEGRY» (2010) медальдарымен және КСРО-ның «КСРО мұнайына 100 жыл» (1964 ж.), Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» (1999), «Теңіз кенішіне 30 жыл» (2009), «Доссор кен орнына 100 жыл» (2011) мерейтойлық ескерткіш белгілермен, төсбелгілерімен, КСРО Мұнай және газ министрлігінің, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның, Атырау



облыстық Мәслихатының Құрмет грамоталарымен және ҚР Премьер-Министрінің, Атырау облысы әкімінің, «Қазмұнайгаз» Ұлттық мұнай-компаниясының басқарма төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталды. Мұнай өндірісін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін, жана кен орындарын ашқаны үшін және геология саласындағы елеулі еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының кен орындарын алғашқы ашушы» (4 рет, Ботақан, Ровное, т.б., 1997-2001 ж.ж.), «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» (2008) құрметті атақтары берілді.

## С.

**САБЫРОВ Жұмабай Сабырұлы** (10.1.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Ескене кенті), Гурьев (Атырау) қаласындағы политехникалық техникумды сырттай оқып бітірген. 1974-1990 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы №№1,2,4 АИТҚ-ларының дизельші-моторшысы, №2 терең бұрғылау экспедициясындағы бұрғылау қондырғысының машинашысы болып жұмыс жасады.



**САДЫҚОВ Қайреден Жұмабайұлы** (9.9.1946 ж.т.), Гурьев (Атырау) политехникумын (1966), Атырау мұнай және газ институтын бітірген, тау-кен инженері. Еңбекке 1964 жылғы қаңтардан бастап араласты, өндірістік тәжірибеде жүріп, бұрғышының көмекшісі, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау бұрғышысы, бұрғылау шебері, ұңғымаларды бекіту инженері, апаттарды жөндеу шебері, ББББ-дағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, «КаспийӨңіріБұрМұнай-Қазақстан» ААҚ-ның бұрғылау шебері, «Заман-энерго» ЖШС-нің ұңғымаларды жөндеу жөніндегі шебері болып жұмыс жасады.



**САЛЫҚОВ Халел** (1926, Гурьев (Атырау) өңірі Қызылқоға өлкесіндегі Тайсойған а. – 1998). Гурьев (Атырау) қаласындағы политехникалық техникумды сырттай оқып бітірген (1961). 1941-1998 жж. – Жылой аудандық жер бөлімінің, Қосшағыл мұнай кәсіпшілігіндегі ЖЖБ-ның есепшісі, Жылой аудандық қаржы бөлімінің аға инспекторы, Құлсары бұрғылау кенесінің кадрлар жөніндегі инспекторы, «Құлсарымұнай» МГӨБ-індегі кәсіподақ комитетінің төрағасы, мұнай өндіру операторы, Қазақстан КП Ембі (Жылой) аудандық комитетінің нұсқаушысы, «Прорвамұнай» МГӨБ-індегі партком хатшысы, ББББ бастығының орынбасары болды. Кенттік кеңеске депутат болып сайланған.

**САНЖАРОВ Ізімберген** (1928, Гурьев (Атырау) өңірі – 2004). Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген. 1948-1987 жж. – «Қазмұнайбарлау» тресіндегі бұрғышының көмекшісі, инженері, «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі озат тәжірибені өндіріске енгізу жөніндегі топтың жетекшісі, Қарсақ телімінің, Прорва бұрғылау телімінің, Кенкияк бұрғылау цехының, «Кенкиякмұнай» МГӨБ-інің бастығы, осындағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы болды. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.



**САПБАЕВ Сабыр Сәрсенұлы** (1939, Гурьев (Атырау) қаласы – 7.11.1974, Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1959). 1959-1961 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1961-1972 жж. – «Өзенмұнай» МГӨБ-інің, «Маңғышлақмұнай» мекемесінің бұрғылау шебері, бұрғылау телімінің инженері, 1972-1974 жж. – ББББ-ның аға инженері болды. Адал және шынайы еңбек етті. Еңбегі түрліше бағалы сыйлықтармен марапатталды.



**САПБАЕВ Сайын Сәрсенұлы** (1937 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын (1958), Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтын (1965) бітірген. 1958-1959 жж. – Механикалық жұмыстар басқармасының темір жөндеушісі, 1965-1968 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің Байшонас МӨБ-ндегі бақылау-өлшеу аспаптарының (КИП) операторы, жөндеуші, Байшонас кәсіпшілігінің аға инженері, 1968-1979 жж. – Мартыши кен орнының жер асты жабдықтарын жөндеу шебері, мұнай өндіру телімінің бастығы, аға инженері, Қамысты кен орнындағы АИТҚ-ның бастығы, «Жайықмұнай» МГӨБ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі жобалау-смета жасақтау бөлімінің бастығы, 1979-2003 жж. – ББББ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болды. 2003 ж. зейнеткерлік демалысқа шықты.



**САРИЕВ Боранбай Дүйсенұлы** (14.12.1939–11.3.1997, Атырау қаласы). Иваново энергетикалық институтын бітірген (1963). 1963-1965 жж. – Жылой ауданының Құлсары кентіндегі Қамыскөл шағын электр стансасының шебері, 1966-1971 жж. – Маңғыстау ауданының Өзен қаласындағы шағын электр стансасының бастығы, 1972-1981 жж. – ББББ-ның бас энергетигі, 1982-1989 жж. – осы Басқармалағы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1989-1997 жж.

- «Атырау-Жарық» АҚ-нда пайдалану жұмыстары қызметінің бастығы болды. Адал және шынайы еңбек етті.



**САРИЕВ Жексен** (15.5.1949 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Мақат кенті). Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1976) бітірген. 1967-1971 жж. – Мақат МГӨБ-нің мұнай өндіруші операторы, 1976-1978 жж. – «Саратовтрансгаз» ЖӨБ-сінің ауысым инженері, 1983-1992 жж. – ББББ-ның Өндірістік тұрғыда қамтамасыз ету базасындағы прокаттық-жөндеу цехының шебері, аға инженері, бастығы, 1992-1993 жж. –

«Теңізмұнай» МГӨБ-індегі Бас механик бөлімінің аға механигі болды. 1993 жылдан күні бүгінге дейін қазақстандық-америкалық бірлескен «Теңішевройл» кәсіпорнында Техникалық тұрғыда қызмет көрсету бөлімінің үйлестірушісі болып жұмыс жасайды.



**САРИЕВ Сүлеймен Қисымұлы** (29.7.1956 ж.т., Гурьев (қазіргі Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1976), Алматы қаласының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып (1986) бітірген, тау-кен инженері. 1976-1998 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-ның мұнай және газ ұңғыларын пайдалану және барлама бұрғылау бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, ұңғыларды шегендеу жөніндегі инженері, терең барлама бұрғылау

экспедициясының бас инженері, АИТК бастығы, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, 1998-2007 жж. – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорны» ЖШС-дегі өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, жобаларды басқару бөлімінің бастығы, шарттар және жана жобаларды дамыту бөлімінің бастығы, бас директордың маркетинг жөніндегі орынбасары, 2007-2011 жж. – «ЕмбіОңтүстікМұнай» ЖШС-нің өндіріс мәселелері жөніндегі директоры болды. 2011 ж. бері Ақтөбе қаласындағы «ОйлТехноГрупп» ЖШС-нің бас директоры болып жұмыс жасайды. ҚР Президентінің Алғыс хатымен (2001 ж.), ҚР «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен (1999 ж.) марапатталды.



**САРТАЛИЕВ Марат Рашидулы** (1.11.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Теніз (Құрманғазы) ауд. Ганюшкин селосы). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1980), техник-мұнайшы. 1980-1998 жж. – ББББ-ның 1-АИТҚ-ндағы бұрғышының көмекшісі болды.



**САТАЕВ Қабас Нұғымашұлы** (6.6.1926, Гурьев (Атырау) өлкесіндегі Ракөш ауылы). Ұлы Отан соғысына (1944-1945 жж.) қатынасқан, 1946-1951 жж. Германияда, КСРО-ның шығысында әскери қызмет атқарды. Сталинград қаласындағы әскери ұшқыштар дайындайтын училищеде бірнеше ай оқыған. 1941-1944 жж. – Ескене бұрғылау кеңсесінің есепшісі, аға есепші, 1951-1966 жж. – Мақат бұрғылау кеңсесіндегі Ескене цехының мұнара құрастырушысы, 1966-1986 жж. – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіндегі мұнара құрастыру цехының аға ұстасы, бригадирі, прорабы, аға прорабы, цех бастығы болды. Атырау мен Маңғыстау облыстарының сол кездердегі барлық мұнай алаңдарын игеруге және ашуға үлес қосты. 1986 ж. зейнеткерлікке шықты. 1988-2002 жж. – Сарықамыс кентіндегі ақсақалдар алқасы мен Отан соғысы ардагерлерінің төрағасы болып сайланып, қоғамдық жұмыстар атқарды. КСРО-ның II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1985), «Ерлігі үшін», «Берлинді шабуылмен алғаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, ҚР Президенті Н.Н. Назарбаевтың қолы қойылған Алғыс хатымен (1999) марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.





**САСАБАЕВ Жылгелді** (1926 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). 1944-1948 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1944-1945 жж. – сейсмикалық партияның жұмысшысы, 1948-1968 жж. – Атырау геофизикалық партиясының жұмысшысы, «Қазмұнайбарлау» тресіндегі Құлсары бұрғылау кенесіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1968-1981 жж. – БББ-ның бұрғышысы болды. 1981 ж. бері зейнеткерлікте. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған (1976).



**САУРАНБАЕВ Күнжарык**. 1955 ж.т., 1975-1977 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1973 – 1980 жж. – БББ-ның мұнара құрастыру бөлімшесіндегі бұрғышының көмекшісі, 1980-1991 жж. – Қазақ КСР-інің 50 жылдығы атындағы «Прорвамұнай» МГӨБ-нің операторы болып жұмыс жасады. Қазіргі күні «Тенішевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнындағы мұнай өңдеу зауытының қондырғы операторы болып жұмыс жасайды.



**СВЕРБИХИНА Ирина Ивановна** (10.3.1959 ж.т.). Ұлты – орыс. Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын (1982), Атырау мұнай және газ институтын (2008) бітірген, тау-кен инженері. 1976-1977 жж. - «Ембімұнайгеофизика» тресінің зертханашысы, 1982-1985 жж. – РКФСР-дің Ставрополь қаласындағы Табиғи газдарды ғылыми зерттеудің Солтүстік Кавказ институтындағы Газдық және газ-конденсаттық ұнғымаларының үлгілерін жасақтау зертханасының инженері, 1985-1988 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің Каспий өңірі БББ-дағы өндірістік-техникалық бөлімнің инженері, 1988-1991 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ының БББ-дағы жобалау-смета жасақтау тобының инженер-экономисі, 1991-1998 жж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Атырау БББ-дағы жоспарлау



және экономика бөлімінің инженері, 1998-2002 жж. - «Қазақойл-Ембі» ААҚ-дағы қаржы секторының 1-санатты экономисі, 2002-2004 жж. - «Ембімұнайгаз» ААҚ-ндағы қаржы секторының жетекшісі, 2004-2007 жж. - «Қазмұнайгаз» БӨ» АҚ-ндағы «Ембімұнайгаз» ӨФ-нің Төлемақы және өзара есептесулер бөлімінің бастығы болды. 2007 ж. ақпанынан бері – осы ӨФ-ндегі әлеуметтік саясат бөлімінің аға инженері. Соңғы 5 жылда білімін жетілдіру мақсатында түрлі оқу курстарына қатысты. «ҚазМұнайГаз» КМК-сының Құрмет грамотасымен (2004), «Ембімұнайгаз» ӨФ-нің Құрмет грамотасымен (2005, 2007), Алғыс хатымен (2011), Қазақстан мұнайының 100 жылдығы құрметіне орай қол сағаты түріндегі бағалы сыйлықпен марапатталған.



**СЕЙТАЕВ Жәніс Сейтжанарұлы** (1955 ж.т., Қостанай к.). Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1977), мұнай кәсіпшілігі жабдықтарының инженер-механигі. Канадада тағлымдамадан өтті (1984). 1977–1984 жж. – ББББ-дағы 1-АИТҚ-ның моторшысы, 2-АИТҚ-ның бұрғылау қондырғыларын күтімге алушы механигі, 3-АИТҚ-ның механигі, Өндірістік тұрғыда қамтамасыз ету базасының Пайдаланымдағы

жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехы (ПРЦЭО) жанындағы ұңғымалар сағасын жабдықтау жөніндегі топтың аға инженері болды, Теңіз кен орнында жұмыс жасап, Т23 және Т29 ұңғымаларын дайындау мен сынау жұмыстарына қатынасты, 1985-1986 жж. Т37 ұңғымасындағы өртке ұласқан бұрқакты ауыздықтауға қатысты. 1987-1993 жж. - «Теңізмұнай» МГӨБ-індегі ӨҚБ-і бастығының орынбасары болды.

1993 ж. бері «Теңізшевройл» қазақстандық-америкалық бірлескен кәсіпорнында жұмыс жасайды, қазіргі таңда – осы ЖШС-інің Өндірістік бөліміндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға оқытып-үйрету тобының жетекшісі.



**СЕМГАЛИЕВ Аманжан Сайынұлы** (28.2.1949 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1969), Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің математика факультетін (1983), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1991) бітірген, тау-кен инженері. 1969-1991 жж. – «Ембімұнай» ӨБ жүйесінде бұрғышының көмекшісі, технолог, бұрғылау шебері, өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары,

ОИТҚ-ның аға инженері, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары, материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, 1991-1997 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасы бастығының орынбасары, 1997-2002 жж. – Атыраудағы «Сазанқұрақ» БК ЖАҚ-ысы бас директорының орынбасары, 2003-2005 жж. – «Жайықмұнай» МГӨБ-і бастығының күрделі құрылыс мәселелері жөніндегі орынбасары, 2005-2006 жж. – Ұңғымаларды күрделі жөндеу жөніндегі Атырау басқармасы бастығының орынбасары болды. 2006 ж. бері - «Экогеомұнайгаз» ЖШС-індегі Бұрғылау, өндіру және жайластыру жөніндегі департаменттің директоры – Атырау филиалының директоры.



**СИСЕНГАЛИЕВ Аманкелді Салауатұлы** (19.10.1962 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1986), тау-кен инженері. 1980-1981 жж. – «Гурьевмұнайгаз геология» ӨБ-нің Каспий бойы мұнай барлау экспедициясындағы бұрғышының көмекшісі, 1986-1998 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-дағы экспедицияның бұрғышысы көмекшісі, технолог, бұрғылау шебері, 1-АИТҚ-дағы ауысымның бастығы, 1998-2005 жж. –

«Қазақойл-Бұрғылау» СБК-да ББ технологы, супервайзер, ТТО-ның жетекші инженері, бұрғылау жөніндегі бас маман, жетекші инженер, бұрғылау технологиясының бас маманы болды. 2005 ж. шілдесінен бері - осындағы технологиялық бөлімнің бастығы.



**СИСЕНОВ Серік Жолдасұлы** (1958 ж.т., Атырау к.). КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағандыдағы жоғары мектебін бітірген (1979), заңгер. 1982–1983 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1979–1981 жж. – Маңғыстау облыстық Ішкі істер басқармасының қызметкері, 1982–1989 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-інің заңгері, осы бірлестікке қарасты ББББ-ның аға заңгері, 1989–1991 жж. – халық депутаттары Гурьев (бүгінгі – Атырау) қалалық кеңесі

Төралқасындағы ұйымдастыру бөлімінің аға референті, Гурьев (бүгінгі – Атырау) облыстық атқару комитетіндегі еркін экономикалық аймақты құру жөніндегі бөлімнің жетекші маманы, 1991–1994 жж. – «Светланд-ойл» мұнай компаниясының заңгері болды. 1994 ж. ақпанынан бері «Тенішевройл» ЖШС-інің құқықтық аға кеңесшісі – сот істері жөніндегі менеджер болып жұмыс жасайды.



**СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы** (1.2.1926 ж.т., Гурьев (Атырау) өлкесі Жылой өңіріндегі Жем ауылы). Ұлы Отан соғысына (1944–1945) қатынасқан, 1945–1950 жж. әскерде болды. 1942–1944 жж. – Жылой ауданындағы «Қызыл Жем» ұжымшарының бақташысы, 1950–1955 жж. – Құлсары бұрғылау кеңсесіндегі құбыр базасының дәнекерлеушісі, балғашысы, 1955–1961 жж. – Құлсары бұрғылау кеңсесіндегі Құбыр базасының дәнекерлеушісі, балғашысы,

Мақат барлама бұрғылау кеңсесіндегі Алтыкөл барлау бөлімшесінің бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, 1961–1986 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты мұнара құрастыру кеңсесінің тракторшысы болды. 1986 ж. зейнеткерлікке шықты. КСРО-ның II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Маршал Г.К. Жуков», «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысына 30 жыл», «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысына 40 жыл», Қазақстан Республикасының «Астананың



10 жылдығы», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына 50 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына 60 жыл» медальдарымен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына 55 жыл», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына 65 жыл», «Социалистік жарыс жеңімпазы» төсбелгілерімен марапатталған.



**СҮЙЕСІНОВ Аманжол Дүйсенұлы**

(13.10.1952 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Сағыз кенті). Мәскеудің М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетін бітірген (1974), 2000-2004 жж. Мәскеудің Губкин атындағы мұнай және газ институтындағы білім жетілдіру курсынан өтті. 1974-1979 жж. – «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының аға геологы, 1979-1984 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты Каспий өңірі бұрғылау жұмыстары басқармасының телімдік геологы, 4-АИТҚ бастығының орынбасары. 1984-1986 жж. – Каспий өңірі БББ-дағы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1986-1994 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1994-1995 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-індегі Ұнғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттырудың Атырау басқармасының бас геологы, 1995-2004 жж. – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің бас геологы, 2005-2011 жж. – «Тараз» ЖШС-нің бас геологы, «Victoria Energy Central Asia» ЖШС-нің бас геологы, «ЛарГеоЭнерджи» ЖШС-нің директоры қызметтерін атқарды. Ботакан, Кенбай кен орындарын игеруге атсалысты.



**СҮЛЕЙМЕНОВ Борис** (12.5.1942-31.1.1984).

Гурьев (Атырау) мұнай және газ техникумын бітірген (1962). 1962-72 – Жетібай бұрғылау кенсесіндегі бірінші мұнай атқан №6 ұнғымадағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, Ералиевтегі күрделі жөндеу цехының бастығы, 1972-1984 жж. – БББ-ның шебері болды.



**СҰЛТАНОВ Исламғали Сұлтанұлы** (10.1.1933, Қызылорда обл. Арал ауд. Сексеуіл стансасы - 3.4.2003, БҚО, Орал қ.). Ақтөбесін авиамеханиктер мектебін (1950), Қарағанды политехникалық институтын бітірген (1963), тау-кен инженері. 1952-1956 ж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1950-1952 жж. – Алматы әуежайының 1-сыныпты авиамоторшысы, Ақтөбе әуежайының 3-сыныпты авиамеханигі, 1956-1958 жж. –

Хромтау кентіндегі ДЭС машинашысы, 1958-1960 жж. – Қарағанды институтының слесарі, Берсүгірдің телімдік милиционері, 1963-1966 жж. – БҚО-ның Мәстексай кентіндегі барлау орнының аға механигі, 1966-1973 жж. – «Манғыстаумұнайгазбарлау тресіндегі Қаракия экспедициясының аға механигі, бас механигі, 1973-1977 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты ББББ-дағы Өндірістік тұрғыда жабдықтау базасы бастығының м.а., бастығы, мұнара құрастыру кеңсесінің бас инженері, 1977-1987 жж. – Технологиялық көлік басқармасының (ТКБ-ның) бастығы, МҚЦ-ның бас инженері, 1987- 1989 жж. – ББББ-дағы ГРЦБО-ның механигі, 1989- 1993 жж. – БҚО-дағы Қарашығанақ кен орнының қызметкері, 1993-2003 жж. – аудандық тау-кен инспекциясының бастығы, кеңесшісі болып, абыройлы жұмыс жасады. Ерен еңбегіне орай КСРО министрі В.С. Черномырдин оған 1989 ж. «УАЗ» көлігін сыйға берді, ҚР «Доссор мұнайына 90 жыл» тес белгісімен марапатталды.



**СҰЛТАШЕВ Иван** (22.2.1940 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Аралтөбе ауылы). Алматының Қазақ политехникалық институтын инженер-электрик мамандығы бойынша бітірген (1969). 1957-1963 жж. – Мұнайлы мұнай кәсіпшілігінің электр монтері, 1969-1973 жж. – Қаратон мұнай кәсіпшілігіндегі автоматтандыру бөлімшесінің шебері, аға инженері, 1973-1975 жж. - ББББ-ға қарасты өндірістік қызмет көрсетудің Прорва базасының аға инженері,



1975-1989 жж. - «Прорвамұнай» МГӨБ-нің бас энергетигі, 1989-1995 жж. - «Теңізуатмұнай» басқармасының бас инженері, бастығы, 1995-1999 жж. - «Теңізмұнайгаз» АҚ-ның бас энергетигі, 1999-2003 жж. - «Кұлсарымұнайгаз» МГӨБ-нің бас энергетигі болды. 2004 ж. зейнеткер. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, «Қазақстан мұнайының 100 жылдығы» төсбелгісімен, түрлі Мақтау қағаздарымен марапатталды.

## Т.



**ТАҢКИЕВ Жалғас** (6.11.1948, Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Құлсары кенті – 2013, Атырау қ.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1976). 1967-1969 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1964-1989 жж. – Ақинген, Масабай, Аққұдық, Доссор, Мәтен, Орысқазған бұрғылау алаңдарында моторшы, машинашы, аға механик, ауысым бастығы, 1989-2004 жж. - Өндірістік қамтудың орталық базасындағы ауысымның бастығы, цех бастығының көмекшісі, цех бастығы, техника қауіпсіздігі бөлімінің бастығы, бас инженер, 2005-2012 жж. – «Жылоймұнайгаз» МГӨБ-ндегі жер асты жөндеу бригадасының шебері болды.

**ТАПАЛОВ Ашықбай** (1925, Гурьев (Атырау) өңірі). Доссордағы ФЗО мектебін бітірген (1942). 1942-1963 жж. – Байшонас МӨБ-індегі бұрғышының көмекшісі, Ескене, Қарсақ, Байшонас МӨБ-індегі бұрғылау цехы бұрғы-шысының көмекшісі, бұрғышы, 1963-1980 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесінің және ББББ-ның бұрғышысы болды. 1980 ж. зейнетке шықты. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.



**ТАРАБРИН Вячеслав Александрович** (13.9.1958 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Ұлты – орыс. Гурьев (Атырау) политехникумының «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» бөлімін бітірген (1978), техник-мұнайшы. 1978-1980 жж. Әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1980- 1982 жж. – ББББ-дағы 1-ші АИТҚ-ның, 3-ші АИТҚ-ның бұрғышысы көмекшісі болды.

**ТАРАБРИН Павел Иванович** (1926, Гурьев (Атырау) өңірі). Ұлты – орыс. Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1957). 1941-1963 жж. – «Ембімұнай» тресіндегі Байшонас МӨБ-і электршісінің шәкірті, Қошқар және Құлсары МӨБ-леріндегі электрдің аға жөндеушісі, электр цехының бастығы, цех шебері, электрші-инженер, электр шеберханасының шебері, аға шебері, бұрғылау цехының электршісі, 1963-1986 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесіндегі механикалық шеберхананың шебері, электр цехының бастығы, Өзен пайдалана бұрғылау кеңсесіндегі ӨДҚ-ның (ПДС) электр механигі, «Манғыстаумұнай» ӨБ-сіндегі Өзен БББ-сының аға диспетчер-инженері болды. 1986 ж. зейнетке шықты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ТАРАСОВ Геннадий Михайлович** (12.1.1938 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Ұлты – орыс. Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бұрғылау технигі мамандығы бойынша бітірген (1959). Еңбек жолын 1959 ж. бастаған. 1977-1980 жж. – ББББ-дағы 1-АИТҚ-ның инженері, технологы, ауысым бастығы, ұңғымаларды игеру шебері, 1980-1987 жж. - 4-АИТҚ-ның сазды ерітінділер жөніндегі инженері болып жұмыс жасады.





**ТАРБАҚОВ Мұрат Сарыұлы** (23.10.1955 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1975), техник-мұнайшы. 1978-1987 жж. – ББББ-дағы 1-АИТҚ-да бұрғышының көмекшісі, 2-АИТҚ-да бұрғышы, 3-АИТҚ-да бұрғылау шебері, 1-АИТҚ-да бұрғылау шебері болды. 1987 ж. «Гурьевтұрғынүйқұрылыс» тресіне жұмысқа ауысты.



**ТАСТАНБЕКОВ Сатыбалды Айтмұқанбетұлы** (1957 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Ескене кенті). 1975-1977 жж. әскерде азаматтық борышын өтеді. 1974-1975 жж. – «Кенқияқмұнай» МГӨБ-інің бетоншысы, 1977-1981 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, 1981-1991 жж. – Қазақ КСР-інің 50 жылдығы атындағы “Прорвамұнай” МГӨБ-інің операторы болды. 1991 ж. қазан айынан бері қазақстандық - америкалық бірлескен

«Тенішевройл» кәсіпорнындағы мұнай құю эстакадасының аға операторы болып, жұмыс жасайды.



**ТЕЛЖАНОВ Тұран** (1931 Гурьев (Атырау) өлкесінің Жылой өлкесіндегі Қарағай а., 2002–Атырау қ.Ақжар а.); КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі. Қазақ КСР-інің мұнай және газ өнеркәсібінің еңбегі сіңген қызметкері (1981). 1957-1965 жж. – Мақат бұрғылау кенсесіндегі Алтыкөл теліміндегі, «Маңғышлақ-мұнайгазбарлау» тресінің Қарақия мұнай барлау экспедициясындағы (МБЭ-сіндегі) бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1965-1987 жж. – Прорва



бұрғылау кеңсесіндегі бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болды. 1987ж. зейнетке шықты. КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдарымен және «КСРО мұнай өндіру өнеркәсібінің үздігі» тос белгісімен марапатталған. Есімі – Қазақ КСР-нің Алтын Құрмет кітабына, ғұмырнамасы – «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999, 2005) енгізілді.



**ТЕЛІШЕВА Самат Аманжанқызы** (9.8.1957 ж.т.). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1982). 1974-1976 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің «Мақатмұнай» МГӨБ-індегі Мақат АИТҚ-сының мұнай мен газ өндіруші операторы, 1982-1989 жж. – БББ-дағы 2-АИТҚ-ның 3-разрядты оператор-коллекторы, геологиялық бақылау тобының геологы, 1989-1994 жж. – ОИТҚ-дағы ұңғымаларды бекіту тобының инженері, технологиялық бөлімдегі технологиялық топтың

инженері, басқармадағы геологиялық бөлімнің геологы, 1994-2009 жж. – «Ембімұнайгаз» АҚ-ындағы Жер қыртысы қабаттарының мұнай қайтарымдығын арттыру және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу басқармасындағы геологиялық қызметтің 1,2 - санатты геологы, геологиялық бөлімнің 1-санатты геологы, жетекші геологы, бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу бөлімінің инженері болды. Қазақстан мұнайының 100 жылдығы құрметіне орай – «Бұрғылау» ЖШС-інің Атырау филиалы мерейтойлық сағатпен, 55 жасқа толуына орай - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ы Құрмет грамотасымен марапаттады.



**ТЕМІРТАШЕВ Асқар Әмірғалиұлы** (1.9.1960 ж.т., Гурьев (Атырау) қ.). Алматы қаласының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1982), тау-кен инженері. Алматыда, Амстердамда, Миланда, Мәскеуде білім жетілдірген. Мұнай бизнесінің магистрі. 1982-1986 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-ның 2-АИТҚ-дағы бұрғышының көмекшісі, инженер, 1986-1990 жж. – «Гурьевмұнайгазгеология» ӨМБ-сіндегі терең

барлама бұрғылаудың Солтүстік Ембі экспедициясындағы технологиялық бөлімнің аға инженері, 1990-1992 жж. – «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-ның Тәжірибелік-әдістемелік экспедициясындағы бұрғылау партиясының 2-санатты инженері, ӨТБ-нің 1-санатты инженері, 1992-2004 жж. – «Ембімұнайгаз» ААҚ-ның, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ның, «Ембімұнай» ӨБ-нің Орталық аппаратында ӨТБ-нің, Геология және бұрғылау департаментінің 1-санатты инженері, Бұрғылау жұмыстары мен ҰКЖ департаменті директорының орынбасары, «ҚазҒЗГБИ»-дің Атыраудағы тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының 2-санатты инженері, Бұрғылау жұмыстары және ҰКЖ департаменті директорының орынбасары, 2004-2008 жж. – «Қазмұнайгаз» БӨ» АҚ-дағы Бұрғылау жұмыстары мен ҰКЖ департаментінің менеджері, бас менеджері, аға инженері болып еңбек етті. 2008 ж. қаңтарынан бері - «МН Industry» ЖШС-нің өндіріс жөніндегі атқарушы директоры. «Қазмұнайгаз» ҰК ЖАҚ-ының Құрмет грамотасымен (2004), «Қосшағылға 70 жыл», «Мақатқа 90 жыл» ескерткіш төсбелгілермен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ТӨЛЕУБАЕВ Қалаубай Қибасұлы** (10.12.1944 ж.т. Гурьев (Атырау) Жылой ауд. Ракөш ауылы). Алматының Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітірген (1969), тау-кен инженері. 1963-1964 жж. – Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясындағы Прорва телімінің дизельші-моторшысы, 1969-1971 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-ның аға инженері, АИТҚ бастығы, ОИТҚ бастығының технология мәселелері жөніндегі

орынбасары, 1972-1998 жж. – ББББ-ның Жылой аумағындағы қызмет орындарда, өте терең орналасқан кабаттардан мұнай іздестіруге қатысушы, 1998-2011 жж. – Жылыой мұнайы-газ өндіру басқармасы бөлімінің бастығы, ұңғымаларды жер асты жөндеу жұмыстарының шебері болды. Еңбек еткен жылдарында Шығыс, Орталық, Батыс Прорва, Морская, Ақтөбе, Досмұхамбетов кен орындары (пермотриас, орта юра кабаттары – 3500 м); Пустынное, Теңіз кеніші, Королев кеніші, Огай тұз асты мұнай кабаттарын барлау жұмыстарына (4000-4500 м.), Солтүстік Қолтық, Лебяжье, Байтөбеарал, Көрпеш, Оңтүстік Қаратон, Қонысбай, орта юра кабаттарын барлама бұрғылау жұмыстарына қатысқан. Жаңа технологиялар енгізу барысында пайдалану ұңғымаларын бұрғылауда өте жоғары коммерциялық жылдамдыққа қол жеткізіп, нәтижесінде өндіріске жаңа ұңғымаларды көптеп тапсыруға атсалысқан. Қотыртас кен орнын өндіріске дайындауға қатысқан. Прорва кен орындарында 1980-1983 жылдары пайдалану ұңғымаларын көптеп тапсырып, жылына миллионнан астам тонна мұнай өндіруге үлес қосқан. Өндіріске аса тиімді онтайлағыш 85 ұсыныс берген. 1972-1982 жж. «Бесжылдық үздігі» атанған.



**ТӨЛЕУОВ Жексенбай Есегенұлы** (20.6.1959 ж.т.). 1979-1991 жж. ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып жұмыс жасады. №37 ұңғымадағы апатты ауыздықтауға, Теніз, Досмұқанбетов, Қарасор және Қолтық кен орындарын игеруге қатынасты.

1991 ж. Теніздегі мұнай өңдеу зауытына ауысып, қазіргі күні қазақстандық-америкалық бірлескен «Тенізшевройл» кәсіпорнында жұмыс жасайды.



**ТУХВАТУЛЛИН Идият Сафиулович** (25.5.1925, Татарстан – 10.7.1996, Атырау қ.). Ұлты – татар. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Татарстан жастарының жолдамасымен 1951 ж. Мақат кәсіпшілігіне келді. Училище бітірген. 1951-1971 жж. – «Қазақстанмұнай» тресіне қарасты Байшонас МӨБ-ндегі Бұрғылау цехының бұрғышысы көмекшісі, бұрғышы, бұрғышы шебері, Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғышы шебері, 1971-1977 жж. – ББББ-ның

бұрғышы шебері, Мұнара құрастыру цехының бастығы, АИТҚ-ның ауысым бастығы, апаттардың зардаптарын жою жөніндегі шебері, 1977-1988 жж. - Барлама бұрғылаудың Каспий өңірлік басқармасындағы АИТҚ-ның және ОИТҚ-ның ауысым бастығы, өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының бастығы болды. Шығыс Мақат, Ботақан, Алтыкөл, Қамысты, Ровное, Қара арна және т.б. кен орындарының бұрғылауға атсалысты. КСРО-ның Ленин (1966), Қызыл Жұлдыз ордендерімен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен, түрлі Мақтау қағаздарымен марапатталды. Оның бұрғылау бригадасы 1967 ж. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің сыйлығына ие болды.



**ТУХВАТУЛЛИН Мансур Идиятұлы** (1.2.1954, Гурьев (Атырау) обл. – 7.3.2002, Атырау к.). Ұлты – татар. Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын, Алматының Қазақ политехникалық институтын сырттай оқып бітірген. 1975-93 жж. – Каспий өңірін барлама бұрғылау басқармасы бұрғышысының көмекшісі, технолог, бұрғылау шебері, АИТҚ-ның ауысым бастығы, АИТҚ бастығы, 1993-1996 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨФ-дегі коммерциялық бөлімнің бастығы болды.

Ровное, Қамысты, Гран, Ботакан, Мақат, Доссор, Алтыкөл және т.б. кен орындарын игеруге қатысушылардың бірі.



**ТУХВАТУЛЛИН Марат Идиятұлы** (1.12.1960, Гурьев (Атырау) обл. – 1.7.1997, Атырау қаласы). Ұлты – татар. Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген. 1982-97 жж. – ББББ-ның Қамысты, Гран, Ботакан, Алтыкөл, Қара арна кен орындарында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болды.



**ТУҚПАТОВ Зайден** (1934 – 2004, Атырау қаласы). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын (1958), Мәскеудің Сырттай оқытатын Бүкілодақтық политехникалық институтын бітірген (1978), инженер-электрик. 1958-1972 жж. – Қаратон мұнай кәсіпшілігі басқармасының электр құралдарын жөндеушісі, электр цехының шебері, 1972-1985 жж. – “Ембімұнай” ӨБ-сіндегі ББББ-ның электр қондырғыларын жөндеу шебері, инженер-электригі, бас

энергетигі болды. Қамысты, Мартыши, Орталық және Шығыс Прорва, Батыс Прорва, Королевское, Теніз және т.б. мұнай өндіру орындарын



электрлендіру кезінде үлкен белсенділік көрсеткен. КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1970), түрліше төсбелгілермен марапатталған.



**ТҮСІПҚАЛИЕВ Наурызбай (Науан) Қарешұлы** (14.03.1947, (Атырау) обл. Мақат ауданының Қошқар кенті – 30.7.2007, Атырау). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975), инженер-энергетик. 1966-1971 жж. – Сарықамыс кентіндегі Прорва бұрғылау кеңсесінің автокөлік жүргізушісі, 1975-2007 жж. – аталмыш бұрғылау кеңсесінің электршісі, инженер-энергетігі, цех бастығы, бас энергетігі, ББББ-ның (кейін - «Қазмұнайгаз бұрғылау сервистік кәсіпорнының») энергетігі болды. Қаратон, Прорва, Акінген, Акқұдық, Ақнияз, Мәтен, Орысқазған, Ботақан кен орындарын зерттеуге, игеруге атсалысты.



**ТІЛЕГЕНОВ Аманжол Жұбайдоллаұлы** (9.11.1958, Гурьев (Атырау) обл. – 9.9.2009, Атырау қаласы). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1982). 1982-1983 жж. – ББББ-дағы бұрғышының 5-разрядты көмекшісі, 1983-1987 жж. – 4-АИТҚ-ның инженер-технологы, 1987-1992 жж. – Сазды ерітінділер жөніндегі аға инженер, 1992-1994 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының бұрғылау шебері, 1994-1997 жж. – ӨТБ-нің құбырлар жөніндегі инженері, техникалық бөлімнің жетекші инженері, 1997-1998 жж. – техникалық бөлімнің бастығы, 1998-1999 жж. – «КаспийӨңірБұрМұнай-Қазақстан» ЖШС-нің Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері, 1999-2002 жж. – «Қазақойл-Бұрғылау» СБК-ның жетекші инженері, ӨТБ-нің бастығы, бұрғылау және ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізу жұмыстары жөніндегі инженері, техникалық-технологиялық бөлімнің бастығы, 2002-2003 жж. – «ОТӨ Пром» ЖШС-нің технологы, 2003-



2005 жж. – «ҚазБұрГаз» АҚ-ының №1 Атырау филиалының (АФ-ның) бас инженері, 2005-2007 жж. - «DASK DRILLING» ЖШС-інің Атырау филиалының (АФ-ның) директоры, 2007-2009 жж. - «Жаңа Әлем Бұрғылау» ЖШС-нің директоры қызметтерін атқарды.



**ТЛЕПОВ Өмірзақ** (12.12.1948 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1972), тау-кен инженері. Кен орындарын тұңғыш ашушы. 1972-1977 жж. – ББББ-ның инженер-геологы, сынау жұмыстарының аға инженері, аға геологы, 1977-1987 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы АИТҚ-ның ауысым бастығы, АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, ОИТҚ-дағы ауысымның бастығы, Геологиялық-технологиялық бақылау тобының жетекшісі, 1987-1991 жж. – ББББ-дағы №3 экспедицияның бас геологы, «Ембімұнай» ӨБ-сінің Атырау БЖБ-сындағы геологиялық бөлімінің бастығы, 1991-1993 жж. – «Мемтаукентехқадағалаудың» Батыс Қазақстан округтік бөлімшесінің бас инженері, 1993 – 2004 жж. – Атырау облыстық әкімшілігіндегі Экономикалық комитеттің мұнай және газ жөніндегі бас маманы, «Батысқазжеркойнауы» аумақтық басқармасындағы Атырау облыстық геологиялық бақылау және жер қойнауын қорғау бөлімінің бастығы, «Ембіведойл» қазақ-венгер БК-сінің бас геологы, «Қазақойл» ҰМК-сінің аға сараптамашысы, жетекші геологы, бас маманы, бас геологы, менеджері, бас менеджері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ының бас менеджері болды. 2004 ж. бері «ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ-ының бас менеджері болып жұмыс жасайды. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алғыс хатымен, ҚР «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.





## У.



**УӘЛИЕВ Әшім** (4.10.1918, Гурьев (Атырау) өңірі, Индер өлкесі, Есбол ауылы – 19.11.1978, Атырау қаласы). Кәсіптік училищені (1939), Гурьев (Атырау) политехникумын бітірген (1946). 1939-1946 жж. – мұнай саласының жұмысшысы, 1946-1963 жж. – «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Байшонас кәсіпшілігінде мұнай бұрғылау техникі, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, техник, инженер, аға инженер, Қосшағыл, Мұнайлы кәсіпшіліктері мен

Теренөзек, Ұялы, Жаңасу, Қара арна кен орындарында аға инженер, цех, телім, база, барлау орнының бастығы, 1963-1971 жж. – Прорва МӨБ-індегі ӨТБ-ның бастығы, 1971-1978 жж. – ББББ-дағы №3 АИТҚ-ның аға технологы, бастығы болды. Бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңестерге депутат болып сайланды. КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1976), бірнеше салалық Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

## Ү.



**ҮМБЕТЖАНОВ Дүйсенбай Серікбайұлы** (5.4.1976 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Байшонас кенті). Жаңа Өзен мұнай техникумын үздік дипломмен, Гуманитарлық институтты «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (1999) бітірген. 1993-1995 жж. – Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасындағы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 2000-2008 жж. – «Ембімұнайгаз» АҚ-ына қарасты Жерасты



қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру және ұнғымаларды күрделі жөндеу басқармасының бұрғылау шебері, бұрғылау цехының бастығы, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервистік мекемесінің инженер-технологы, 2008-2010 жж. - «Бұрғышы-Сервис» мекемесінің бұрғылау шебері, цех бастығы болды. 2010 ж. бері осы мекеменің директоры қызметін атқарып келеді.

## X.



**ХАЙДАРОВ Гаділше** (1926, Гурьев (Атырау қ.). 1950-1981 жж. – «Қазмұнайбарлау» тресіндегі Геологиялық-іздістіру кеңсесінің, «Ембімұнай» бірлестігіндегі Байшонас МКБ-сының, Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышысы болды. 1981 ж. зейнетке шықты. КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



**ХАЛЕЛОВ Аскар Мазанұлы** (18.3.1950 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы – 1994, Атырау қаласы). Гурьев политехникумын бітірген (1969). 1969-1971 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 20.6.-15.7.1983 ж. «Ембімұнай» ӨБ мамандары тобының құрамында Канададағы «Порта-Тест» фирмасына іссапармен барып қайтты. Еңбек жолын 1969 ж. Батыс Қазақстан геологиялық басқармасындағы (БҚГБ) НИП-те бұрғылау тобының технигі болып бастады. 1971-1973 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіндегі НЗС-ның аға инженері, 1973-1991 ж. – ББББ-дағы технологиялық бөлімнің технологи, 3-АИТҚ бастығының орынбасары, 3-АИТҚ-ның ауысым бастығы, 3-АИТҚ-ның бастығы, ОИТҚ-дағы ауысымның бастығы, АИТҚ бастығы, №3



экспедициясының бас диспетчері, №3 экспедиция бастығының орынбасары, №1 экспедициядағы өндірістік-диспетчерлік қызметтің ауысым бастығы, 1991-1994 жж. - Бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасындағы ОИТҚ-ның бұрғылау телімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1985 ж. Теңіз кенішіндегі №37 бұрқақтың апатын ауыздықтау ісіне тікелей қатынасты.



**ХАСАНОВ Еламан** (1941 ж.т.). Бұрғылау технигі. 1964-1967 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1961-1964 жж. - Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының Геологиялық іздестіруші Гурьев (Атырау) мұнай экспедициясындағы бұрғышының 3-разрядты көмекшісі, техник-геолог, №2 көліктік кеңсесіндегі тепловоз машинанышының көмекшісі, 1967-1972 жж. - Батыс Қазақстан геологиялық басқармасындағы Геологиялық іздестіруші Гурьев (Атырау) мұнай экспедициясының №6 партиясындағы бұрғылау шеберінің көмекшісі, бұрғылау шебері, бұрғылаудың аға шебері, №3 іздеу партиясының техникалық жетекшісі, 1972-1977 жж. - ББББ-дағы Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасының инженер-диспетчері, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, №2 АИТҚ-ның бастығы, 1977-1998 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сінің Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы ОИТҚ-ның ауысым бастығы, қызмет бастығының орынбасары, Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасы бастығының м.а., бастығы, ББББ-дағы Өндірістік тұрғыда қызмет көрсету базасы бастығының м.а., бастығы, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1-АИТҚ бастығының орынбасары, ОИТҚ-ның ауысым бастығы, 1998-2004 жж. - «Қазақойлбұрғылау» СБК-сындағы ОИТҚ-ның диспетчері, ауысым бастығы, Өндірістік-диспетчерлік қызметтің диспетчері болды. Салалық грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапатталған.



**ХРУЛЕВ Николай Сосипатрович** (19.12.1917-11.9.2005). Ұлты – орыс. Мұнай техникумын бітірген (1947), инженерлік-техникалық кадрлардың біліктілігін жетілдіру курсында оқыған (1954-1955). Ұлы Отан соғысының сарбазы, 1939-1946 жж. әскер қатарында бомбалаушы-авиациялық полкта болды. 1947-1972 жж. – Мұнай өнімдерін арналық құбырмен жөнелту басқармасындағы Сағыз, Пешной стансаларында механик, мұнай айдау стансасының бастығы, 1972-1977 жж. – ББББ-ның механигі, 1977-1986 жж. – Бұғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының механигі болып, жұмыс жасады. 1986 ж. бастап зейнеткерлікте болды. КСРО-ның 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Берлинді шабуылмен алғандығы үшін», 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және Жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

## Ч.



**Чертыхина Наталья Вячеславовна** Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1985) бітірген. 1976-1980 жж. – ББББ-дағы ОИТҚ-ның радиооператоры, 1980-1989 жж. – Теңіз кенорнының оператор-коллекторы, бұрғылау ерітінділері зертханасының инженері, инженер-геологы, әлеуметтік даму бөлімінің инженері, 1989-2003 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-сінің әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі инженері, жабдықтау бөлімінің инженері болып, абыройлы еңбек етті. Бүгінгі күні Атырау қаласындағы мұнай саласы кәсіпорнында жұмыс жасайды.



# Ш.



**ШАВАЛИЕВ Мұрат Харесұлы** (1.2.1948 ж.т.). Гурьев (Атырау) политехникалық техникумын (1966), Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының (1975) бітірген. 1966-1970 жж. – Мұнай өнімдерін арналық құбырмен жөнелту басқармасындағы мұнай айдау стансасының операторы, тауарлы-тасымалдау бөлімінің инженері, 1975-1992 жж. – ББББ-да бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, басқарманың бас инженері, бастықтың өндіріс жөніндегі орынбасары, 1992-1995 жж. – Атырау облыстық әкімшілігінің Экономикалық басқармасындағы Өнеркәсіп бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары, 1995-2002 жж. - «АНАКО» АҚ-ның кәсіпшілік менеджері, 2002-2004 жж. - «КаспийӨңіріБұрМұнай-Қазақстан» ЖШС-і бас директорының орынбасары, 2004-2006 жж. - «Адай Петролеум» ЖШС-нің бас инженері болды, 2006 ж. бері «Потенциал Ойл» ЖШС-нің бас директоры қызметін атқарып келеді. Мұнай саласындағы ұзақ жылғы еңбегі үшін «Жер қойнауын барлау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.



**ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович** (10.9.1940 ж.т., Ресейдің Воронеж обл.). Ұлты – орыс. Грозныйдағы колонері училищесін, Жирновск қаласындағы мұнай және газ ұңғымаларын терең бұрғылау шеберлерінің оқу курсы, Саратовтағы Бүкілодақтық мұнай техникумын (1975), Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1986) бітірген, тау-кен инженері. 1958-1975 жж. - Волгоград облысының Котово қалашығындағы Коробков БББ-на қарасты «Нижеволжскмұнай» мекемесінде пайдалану және



барлама бұрғылау жұмыстары бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері, аға технолог болады. 1975 ж. «Ембімұнай» ӨБ-сінің шақыртуымен ББББ-ға бұрғылау шебері болып келеді, 1975-1981 жж. – бұрғылау орнының бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-не қарасты мұнай және газ бұрқақтарының алдын алу және зардаптарын жою – нысандарға қызмет көрсетудің әскерилендірілген отрядының командирі, 1992-2000 жж. – Қазақстанның мұнай және газ бұрқақтарының алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі әскерилендірілген бөлімінің бас инженері, 2001-2002 жж. – «Атырауоблгаз» АҚ-ының ЕҚ және ҚТ жөніндегі техникалық бас жетекшісі, 2002-2010 жж. - «Ембіокуорталығы» ЖШС-де жұмысшы жастарды мұнай кәсіпорындары мамандығына даярлау жөніндегі өндірістік оқу шебері қызметтерінде болды. КСРО-ның «Құрмет Белгісі» орденімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Ейбек ардагері» медальдарымен, Ботакан кен орнын ашу құрметіне орай дипломмен, «Кен орнын алғашқы ашушы» төсбелгісімен, «Теңіз кенішінің ашылуына 25 жыл» естелік төсбелгісі мен, Құрмет грамоталарымен, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



**ШАРИПОВ Рафик** (1939 ж.т.). 1970-1972 жж.

Ералиев мұнай барлау экспедициясының бұрғылау шебері, 1973-1988 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бұрғылау шебері, 1973-1977 жж. – бұрғылау шебері, бұрғылау қондырғысының бастығы, 1977-1988 жж. – АИТҚ бастығы, 1988-1990 жж. – РКФСР-дің «Волжскнефть» бірлестігіндегі Бұрғылау жұмыстарының Арчедин басқармасының Теңіз кенішіндегі бұрғылау

қондырғысының бастығы, 1991-1995 жж. - РФ-ның «Орынбормұнай» бірлестігіндегі Қарашығанак бұрғылау жұмыстары басқармасының бұрғылау орны бастығы, АИТҚ бастығы қызметтерін атқарған.



**ШӘУКЕНОВ Қалыр** (7.8.1951 ж.т., Гурьев (Атырау) қ. Қайыршақты ауылдық кеңесі). Тюменьдегі индустриялық институтты бітірген (1974). 1974-1977 жж. – ББББ-дағы АИТҚ-да слесарь, инженер, ауысым бастығы, 1977-1985 жж. – Каспий маңы бұрғылау жұмыстары басқармасында, 1985-1998 жж. – аталмыш кәсіпорындағы ӨҚБ бастығы, «Ембімұнай» ӨБ-дегі жаңадан құрылған ӨҚКОБ-ның бастығы, аталмыш кәсіпорынның бастығы,

«ҚазақстанКаспийқайраңы» АҚ-ының жетекші маманы болды. 1999 жылдың 1 ақпанынан бүгінге дейін FIOS компаниясында бұрғылау жұмыстарын қолдау жөніндегі менеджер санатында жұмыс жасап келеді. Қара арна, Шығыс Қара арна, Көк арна, Пустынная, Прорва, Королевская, Мартыши., Камышишовое, Ровное, Береговая, Новобогатинское, Сазанқұрақ, Мыңтеке, Исатай, Ащыкөл, Қардасын, Қағанай, Тасқұдық, Сарықұмақ, Сарлы, Шығыс Жарлы, Шоқат, Соркөл, Левиты, Биікжал, Ұшқан, Майкөмген, Қасқырбұлақ, Орысқазған, Солтүстік Мұнайлы алаңдарын бұрғылауға қатысты.



**ШУВАЛОВА Вера Федоровна** (Өзбек КСР-нің Андижан қ.). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын, Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген. Еңбек жолын ББББ-дағы №4 АИТҚ-ның оператор-коллекторы болып бастаған, кейін нормалаушы инженер қызметін атқарған. 1980-1994 жж. Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасындағы ӨТБ-нің ГТИ және оңтайландыру жұмыстары жөніндегі инженері,

Геологиялық бөлімнің геологы, АИТҚ-ның маманы, «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты тақырыптық партияның геологы, 1-ші Қашаған сейсмикалық жобасының, Шелл, ОКИОК, Аджиб ККО маманы, NSPOC супервайзері болып, абыройлы қызмет етті. 1994 жылдан бері зейнеткерлік демалыста.



**ШЕГПРЕЕВ Иманғали** (1929 ж.т., Гурьев (Атырау) к.). Гурьев (Атырау) политехникумы жанындағы бір жылдық курсты бітірген (1949), 1949-1985 жж. – Гурьев (Атырау) геологиялық іздестіру кеңсесіндегі Қарсақ телімінің бұрғышысы көмекшісі, Қосшағыл мұнай кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехының, Құлсары, Прорва бұрғылау кеңсесінің бұрғышысы болды. 1985 ж. зейнетке шықты. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған (1985).



**ШЫРДАБАЕВ Бағыт Тәжіғараұлы** (1951 ж.т., Атырау обл. Мақат ауд. Доссор). Алматыдағы Қазақтың политехникалық институтын бітірген, тау-кен инженері. 1967-1979 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-індегі Автокөлігін жөндеу зауытының (АЖЗ) слесары, «Өзенмұнай» МӨБ-нің, «Жайықмұнай» МГӨБ-інің мұнай мен газ өндіруші операторы, 1979 –1988 жж. – Каспий өңірін бұрғылау жұмыстары басқармасындағы бұрғылау жабдыктарын жөндеуші слесарь,

ӨҚБ-дағы құбыр цехының шебері, «Ембімұнай» ӨБ-індегі ӨТҚК ж ЖЖБ базасы директорының орынбасары, «Ембімұнайгаз» ААҚ-ндағы МТС және маркетинг департаментінің директоры, «Қазмұнайгаз» БӨ-сіндегі ӨҚКОБ-ның ЖШС-і директорының орынбасары, «Қазақстанкаспийқайраңы» АҚ-ы директорының кеңесшісі, «Арал – Паркер» АҚ-ы бас директорының орынбасары болды. Қазақстан Республикасының мұнай мен газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстан мұнайына 100 жыл» (1999), «Мақат кенішіне 90 жыл», «Прорва мұнай кен орнына 50 жыл» төсбелгілерімен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.





**ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы** (1953 ж.т., Гурьев (Атырау) қаласы). Уфа мұнай институтын (1976), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген. «Шеврон» корпорациясының Бас менеджерлері бағдарламасының (Сан-Франциско (2000); Компанияның Жоғарғы басшылығы бағдарламасы. Колумбиялық университеттегі Бизнес мектебінің (Нью-Йорк (2002) түлегі. 1970-1971 жж. - «Өзен» МГӨБ-

ндегі оператордың көмекшісі, мұнай өндіруші оператор, 1976-1980жж. –«Ембімұнай» ӨБ-індегі ББББ-ның бұрғылау қондырғыларының моторшысы, машинашысы, аға механигі, бас механигі, 1980-1988 жж. - Қазақстан Компартиясы Жаңа Өзен қалалық комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Маңғыстау облыстық атқару комитетіндегі бас экономикалық басқарманың бастығы, 1988-1990 жж. - «Жетібаймұнай» МГӨБ-і бастығының орынбасары, 1990-1994 жж. - «Казпромстрой» АҚ-ының бас директоры, 1994-1997 жж. - «Манғышлақмұнай» ӨБ-сі бас директорының орынбасары, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-ының тете-президенті, 1998-2000 жж. - «Қазақойл» ҰМК-сінің мұнайды барлау және өндіру жұмыстары жөніндегі тете-президенті, «Өзенмұнайгаз» ААҚ-ындағы, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ындағы, «Қазақстан-Каспийқайраңы» ААҚ-ындағы ДК(СД) төрағасы, 2000-2003 жж. – «Тенішшевройл» БК-сының директоры болды. Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі Бірлескен Комитеттің мүшесі. Қазақстан мұнайының 100 жылдығын мерекелеуді дайындау мен өткізуге белсене қатынасты, Қазақстанның тұңғыш Мұнай Энциклопедиясын шығаруға қатысты. 2003 ж. бері - «ВМВ Мұнай, Инк.» компаниясы (АҚШ) Директорлар Кеңесінің төрағасы. ҚР «Құрмет» орденімен және медальдармен, «Прорва мұнай кен орнына 50 жыл», «Теңіз кен орнының ашылғанына 25; 30 жыл» төсбелгілерімен марапатталған. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедияларына» (1999; 2005) және «Элита Казахстана кітабына енгізілді.



**ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы** (23.7.1946 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Жамбылдың гидромелиоративтік-құрылыс институтын (1973), Мәскеудің И.М.Губкин атындағы мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын (1985) бітірген. Солтүстік Америка, Батыс және Шығыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мұнай компаниялары мен оқу орталықтарында білімін жетілдіріп, тәжірибеден өтті. ҚР Ұлттық инженерлік академиясының

және «Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбегі сіңген қайраткері, ғылым қайраткері, «ҚР Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері», ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы. Жайық-Каспий Орхус орталығының және Атырау мұнай-газ институтының қамқорлық кеңесінің төрағасы. ҚР Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің Атырау облысындағы Экология департаментінің мемлекеттік сарапшысы. 1962-68 жж. – Доссор автокөлік жөндеу зауытының әрлеушісі, «Өзенмұнай» МӨБ-нің мұнай және газ өндіру операторы, 1973-1978 жж. – ББББ-ның аға инженері, ӨКБ бастығы, 1978-1981 жж. – Ауғанстанның солтүстік бөлігінде жүргізілген бұрғылау жұмыстарына қолдау көрсеткен кеңес геолог-мұнайшылары тобының мүшесі, 1981-1991 жж. – Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бас технологы, «Ембімұнай» ӨБ-і бас директорының орынбасары, партком хатшысы, 1985-1986 жж. – КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің апаттардың зардаптарын жою жөніндегі штабының (№37 Теңіз ұңғымасындағы газ-мұнай бұрқағын сөндіру және тоқтату жұмыстары) мүшесі болды. 1991 жылдан бері - «Ембіведойл» БК-ның бас директоры. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры. Халықаралық ғылыми-көпшілік «Табиғатты пайдалану және антропосфера мәселелері» журналының редакция алқасы мүшесі. 200-ден аса ғылыми жұмыстардың және 6 кітаптың авторы («Стратегия комплексного освоения аридной территории для развития экономики Казахстана», Алматы – Ғылым 1994; «Пути



формирования рыночных отношений и создания условий саморазвития нефтегазового комплекса Республики Казахстан» Алматы – Ғылым 1995; «Буровые машины и оборудование», Алматы - «Эверо» 1996; «Азаматтық парыз») Алматы-Арыс 2006, т.б. 9 ғылыми жаңалық ашқан, 4 ғылым кандидатын, 10 магистр дайындаған. 1999-2012 жж. (үш шақырылу қатарынан) Атырау облыстық мәслихатының депутаты болды. Атырау облысының Мақат және Жылыой аудандарының Құрметті азаматы. КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Ерекше қызметі үшін», «Ауғанстан соғысы ардагері», «За отвагу и Мужество», «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығуының 10;15;20;25 жылдығы», «Ғылымға және білімге қосқан үлесі үшін», М.В. Ломоносов медальдарымен марапатталған. «ҚР Журналистер Одағына 50 жыл», «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Доссор мұнайына 90;100 жыл», «Мақат кенішіне 90 жыл», «Қосшағыл мұнай кен орнына 70 жыл», «Прорва мұнай кен орнына 50 жыл», «Теңіз кен орнының ашылғанына 25;30 жыл» төсбелгілерімен марапатталған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін (2011ж.) дипломымен марапатталды. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (1999; 2005) енгізілді.



**ШЫРДАБАЕВ Тасқали Теңізбайұлы** (1941, (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті–1998). Доссор кентіндегі №19 колөнер училищесін бітірген (1959), 1959-1998жж. БКГБ-ның (ЗКГУ) механикалық шеберханаларының слесары, Қаратон мұнай кәсіпшілігі басқармасының, «Ембімұнай ӨБ-сіндегі Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының Құлсары кеңсесінің, «Прорва мұнай» МГӨБ-нің, ББББ-дағы БОИС цехының, «Жайықмұнай» МГӨБ-нің көтергіш

машинасының жүргізушісі болып жұмыс жасады. Ғұмырнамасы «Қазақстанның мұнай энциклопедиясына» (2005) енгізілді.



**ШЛДЕНОВ Есен Қалымұлы** (12.1.1952 ж.т.), Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1974), тау-кен инженері. Алматыда, Мәскеуде білім жетілдіру курстарын бітірген. 1974-1995 жж. – ББББ-дағы Прорва кен орны бұрғышысының көмекшісі, бұрғышы, терең бұрғылау шебері, Теңіз кен орнындағы бұрғылау орнының бастығы, 2-экспедицияның бұрғылау шебері, 1-экспедицияның бұрғылау шебері, технологы, 1-АИТҚ-ның ауысым бастығы, 1995-2000 ж.ж. – «Атыраумұнайгазгеология» АҚ-дағы ОИТҚ-ның бастығы, 2000-2007 жж. - Ұңғымаларды күрделі жөндеу және жерасты қабаттарының мұнай қайтарымдылығын арттыру жөніндегі Атырау басқармасындағы бұрғылау бөлімінің бастығы, 2007-2009 жж. – «Бұрғылау» ЖШС-нің Атырау теліміндегі технологиялық бөлімнің бастығы, «АтыраумұнайГазГеология-Бұрғылау» ЖШС-нің Атырау телімінің бастығы болды. 2009 ж. тамызынан бері - «КМС-Технологиясы» ЖШС-ндегі Құмкөл кенішінің бұрғылау жұмыстары жөніндегі супервайзері.

## Ы.



**ЫБЫРАЙЫМОВ (ИБРАЙЫМОВ) Асан** (1953 ж.т., Атырау қ.). Әзербайжан мұнай және химия институтын бітірген (1975). 1982-1984 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1975-1977 жж. – «Ембімұнай» ӨБ-дегі ББББ-да бұрғылау қондырғысының дизельші-моторшысы, БӨАЖА инженері, мұнара тұрғызу цехының прорабы, 1977-1982 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі Мұнара тұрғызу кенесінің прорабы, аға прорабы, мұнара тұрғызу цехының бастығы, бас механигі, 1984-1987 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-дегі Мұнара тұрғызу кенесінің бас инженері, директоры, 1984-1995 жж. – «Теңізмұнайгаз»



ӨБ-дегі Өндірістік-техникалық жабдықтар және жабдықтарды толықтыру басқармасының бас инженері, Арнайы механикаландырылған жұмыстар басқармасының бастығы, Өндірістік-жөндеу-пайдалану тресінің басқарушысы, 1995-1999 жж. - «Теңізмұнайгаз» АҚ-ы Энергия-механика бөлімінде бас механик, Өндіріс департаментінің жабдықтар жөніндегі бас менеджері, 1999-2004 жж. - «Ембімұнайгаз» ЖАҚ-ындағы Мұнай және газ департаментінің бас механигі болды. 2004 ж. бері - «ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ-ының «Ембімұнайгаз» ӨФ-дағы Механика-энергетика департаментінің директоры. КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі және Мұнай-газ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы ОК-нің Құрмет грамотасымен марапатталған (1978).



**ЫҚСАНҒАЛИЕВ Рақым** (11.11.1958, Гурьев (Атырау) к. - 2003, сонда). 1975-2003 жж. ББББ-дағы әртүрлі жұмысшы мамандықтарында жұмыс жасады. 1980-ші жылдары Теңіз кен орнындағы №33 бұрғылау қондырғысының бұрғылау шебері болды. Прорва, Забурунье және басқа кен орындарында жұмысын жалғастырды. Халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты болып сайланды.



**ЫРЫСЖАНОВ (Рысжанов) Сейітқали Әміржанұлы** (3.3.1948 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылой ауд. Аласыр с.м.). Алматының В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1975), инженер-механик. 1969-1970 жж. әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. Германияда кәсіби-техникалық білімін жетілдірді (1984). 1966-1970 жж. - Гурьев (Атырау) обл. Ембі (Жылой) ауд. «Ембі» кеншарындағы механикалық шеберхананың слесары, 1975-1976 жж. - Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты «Құлсарымұнай» МГӨБ-індегі Пайдалану жабдықтарын пайдалану-



жөндеу жөніндегі Қаратон цехының 5-разрядты слесары, 1976-1981 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-дағы 3-АИТҚ-ның бұрғылау қондырғылары жөніндегі 4-разрядты дизельші-моторшысы, Бұрғылау жұмыстарының Каспий маңы басқармасындағы 2-АИТҚ-ның 4-разрядты дизельші-моторшысы, Масабай мұнайлы алаңындағы бұрғылау қондырғылары жөніндегі 5-разрядты дизельші-моторшысы, осы Басқарманың механикалық-энергетикалық бөліміндегі ӨҚБ-ның инженер-механигі, 1981-1985 жж. - «Кұлсарымұнай» МГӨБ-індегі Теңіз кен орны жөніндегі технологиялық тобындағы жайластыру жұмыстарының технологу, 1985-1990 жж. - «Тенізмұнайгаз» ӨБ-сіне қарасты «Тенізмұнай» МГӨБ-індегі тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғының механигі, аға механигі, ӨТЖЖЖБ-дағы Шетелдік жабдыктарды жинақтау бөлімінің инженері, 2-санатты инженері, жетекші инженері, 1990-2011 жж. - «Тенізмұнайгаз» ӨБ-сіне қарасты «Кұлсарымұнай» МГӨБ-інің инженер-механигі, Құлсары мұнай өндіру телімінің механигі, слесарь-жөндеушісі, Басқармадағы бас механик бөлімінің 1-санатты инженері, өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының жөндеушісі болып, абыройлы еңбек етті. 2011 ж. бері - зейнеткерлікте. Қазақстан Республикасының «Қосшағыл кен орнының ашылуына 70 жыл» төсбелгісімен (2005), салалық Құрмет грамоталарымен марапатталды.



**ЫСМАҒҰЛОВ (ИСМАҒҰЛОВ) Марат Тәжіаяқұлы** (4.8.1956 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Мақат ауд. Доссор кенті). Алматының В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген (1978), тау-кен инженері. Лондон (Англия), Абердин (Шотландия) қалаларында (1993), Краков (Польша) қаласында (2000) оқып, халықаралық сертификаттар алған. 1978-1991 жж. - «Ембімұнай» ӨБ-сіне қарасты ББББ-да

5-дәрежелі бұрғышының көмекшісі, инженер-технолог, бұрғышы, бұрғышы шебері, ауысым бастығы, экспедицияның бас инженері, 1991-1997 жж. - Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасындағы технологиялық бөлімнің бастығы, бас технолог, ОИТК бастығы,



басқарма бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары, 1997-1999 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау мекемесіндегі «Жылыой Бұрғылау Сервис» басқармасының бастығы, 1999-2004 жж. - «Қазақойл-Бұрғылау» сервистік бұрғылау мекемесінің супервайзері, ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының басшысы, өндірісті басқару бөлімінің бастығы, 2004-2008 жж. - «Абылайхан Групп» АҚ-ының техникалық директоры болды. 2008 ж. қазіргі уақытқа дейін - «Абылайхан Групп» АҚ-ының президенті және «ЕМЕ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» тосбелгісімен, «Доссор мұнай кен орнына 100 жыл» ескерткіш белгісімен, «Польша Республикасының құтқарушысы», Халықаралық ИНСАМ кәсіпкерлік және басқару жоғары институтының «Мінсіз іскер беделі үшін» алтын алқасымен марапатталған.

# I.



**ІЗТІЛЕУ Төлеген Қайрошұлы** (1940 ж.т., Гурьев (Атырау) обл. Жылыой ауд. Естекбай елді мекені). Алматыдағы Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде оқып, Алматы Халық шаруашылығы институтын бітірген (1966). Мәскеу, Киев, Ташкент, Минск, Пермь, Саратов қалаларында экономикалық білімін жетілдірген. 1958-1961 жж. - Қаратондағы бұрғылау мекемесінің слесары, моторшысы, 1966-1975 жж. - Қазақ КСР Тамақ өнеркәсібі министрлігі мен оқу орнының тапсырысы

бойынша Гурьев (Атырау) нан-кондитер ӨБ-сінде ауысым бастығы, өндірістік бөлімінің бастығы, директоры, 1975-1983 жж. - «Ембімұнайгаз» ӨБ-сіндегі Экономика және жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары, 1983-1988 жж. - осы Бірлестіктегі Қаржы бөлімінің бастығы, 1988-1994 жж. - ББББ бастығының экономика жөніндегі орынбасары, 1994-2003 жж. - Атырау ұңғымаларды күрделі жөндеу және мұнай қабаты өнімділігін арттыру басқармасының бас экономисі болып еңбек етті. 2004 ж. зейнеткерлікке шықты. Еңбек



ұжымдарында әртүрлі қоғамдық қызметтер атқарды: 1978-1988 жж. Бүкілодақтық мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы Орталық комитетінің штаттан тыс нұсқаушысы, партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымының, «Қазақ тілі» қоғамының, ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. КСРО-ның «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан мұнайына 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен, бірнеше Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен, партия орындарының грамоталарымен марапатталған.



### **ІЗТҰРҒАНОВ Сапарғали Тасжанұлы**

(14.3.1936, Гурьев (Атырау) обл. Махамбет ауд. Жалғансай селосы – 19.5.1995, Атырау к.). Гурьев (Атырау) мұнай техникумын бітірген (1956), инженер-геолог. 1956-1958 жж. эскер қатарында азаматтық борышын өтеген. Еңбек жолын 1956 ж. «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі Комсомол мұнай кәсіпшілігі басқармасының ұңғымаларды зерттеу жөніндегі 6-разрядты операторы болып бастады. 1958-1965 жж. - «Қазақстанмұнай» бірлестігіндегі Комсомол

мұнай кәсіпшілігі басқармасының мұнай өндіруші 6-разрядты операторы, ұңғымаларды зерттеуші техниктің м.а., мұнай өндіру жөніндегі уақытша геолог, 1965-1972 жж. – Прорва бұрғылау кеңсесіндегі Прорва бұрғылау телімінің инженер-геологы, аталмыш кеңсенің инженер-геологы, 1972-1995 жж. - ББББ-дағы ұңғымаларды сынақтан өткізу және пайдалану қызметінің (кейіннен - цехының) аға инженері, шебері, №3 АИТҚ-дағы ауысымның бастығы, №1 АИТҚ-ның аға технологы, аға геологы, №2 АИТҚ-ның аға геологы, Терең бұрғылау жөніндегі №2 экспедицияның аға геологы, 1-санатты аға геологы, Бұрғылау жұмыстарының Атырау телімінің жетекші геологы болып, абыройлы жұмыс жасады. Қисымбай, Мақат, Теңіз, Тереңөзек, Қондыбай, Жамансор кен орындарында барлауға қатысты. Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1973, 1980) төс белгілерімен, түрліше салалық Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.





## БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ БҮГІНГІДЕН ДЕ ЖАРҚЫН БОЛМАҚ

(түйін сөз)

Осы еңбектің деректерінен, мазмұны мен өн бойынан көрінгендей, елдің экономикасын көтерер басты шаруашылықтық тетіктің бірі – мұнай өнеркәсібі болса, оны өркендетер күштің бәрі барлама бұрғылау жұмысына тәуелді болады екен. Ендеше, барша игіліктерге қол жеткізетін аса мәртебелі еңбек иелері – Бұрғышылар болады. Біз бүгін соның бір парасын ғана сөз ете алдық. Осы бір абзал істі әлі де жан-жақты қамти отырып жазу, жаңғырту, толықтыру қажет-ақ. Бұл алдағы күндердің үлесі болсыншы!

Ал, мұнай өнеркәсібіндегі барлама бұрғылау ісінің болашағы бүгінгіден де көркем, бұдан да мазмұндырақ болатындығы ешқандай күмән туғызбайды. Себебі, елдің ілгері дамуы, Мемлекетіміз белгілеген «Қазақстан-2050» стратегиясының, күні кеше ғана Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жариялаған “Нұрлы жол” бағдарламасының орындалуы көп ретте мұнай өнеркәсібінің бізде одан әрі ойдағыдай, әлемдік деңгейде өркендеуіне, үнемі биік деңгейде дамып отыруына ерекше тәуелді болады. Сондықтан да, Қазақстанда оның басты байлығының бірі және ең бастысы – мұнай өнеркәсібінің қарышты қарқындауы, оны мүмкін қылатын барлама бұрғылаудың кенінен өрістеуі күн тәртібінен түспейтін және бір сәтте назардан тыс қалмайтын болуға керек. Бұл – заманның асқар талабы, бұл – әлемдік мұхитта басқалармен тең жүзуді қалайтын қазақстандықтардың асыл арманы және абзал міндеті! Ендеше, еліміздегі мұнай өнеркәсібінің, оның ішінде, барлама бұрғылау ісінің өркендеуіне абзал тілектер арнаймыз!!!

Редакциялық алқа



## КОСЫМШАЛАР:

### I. МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕРГЕ СӨЗ БЕРСЕК...

(«Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің «Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы» қорынан (667-қор)  
тарихи анықтама

Гурьев облысында Прорва жаңа ірі мұнай кен орнының жасақтауды басталуымен және Ембі ауданының Қаратон-Прорва аймақтарында бұрғылау жұмыстарының белсенді майданының шоғырлануымен, сонымен қатар ұңғыма тереңдігінің күрт өсуімен байланысты, Батыс Қазақстан экономикалық әкімшілік ауданының халық шаруашылығы Кеңесінің 1963 жылғы 5 қаңтардағы Қаулысына сәйкес, 1963 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстанмұнай» бірлестігі тағайындаған еңбек және әкімшілік-басқару қызметкерлері бойынша шектеулері және бұрғылаудағы тіркеме қағаз бен әкімшілік-шаруашылық шығындары шектеулері көлемінде «Қазақстанмұнай» бірлестігіне тікелей бағынатын II санатты Прорва бұрғылау кеңсесі құрылды. Прорва бұрғылау кеңсесінің өндірістік-техникалық базасын және цехтарын уақытша орналастыру Қаратон елді мекенінде қарастырылды. Кеңсе құрамына бұрғылаудың Прорва және Қаратон бөлімшелері, мұнара құрастыру, шегендеу, турбиналық құбыр цехтары, сонымен қатар құрал-саймандар алаңы мен материалдық-техникалық қамсыздандыру базасы және механикалық шеберхана енді.

Бұрғылау кеңсесі жүйесінің нақты тұрақталуын тездету үшін төмендегідей шұғыл шараларды жүргізу қажет болды. Яғни ғимараттар, қойма орындары құрылыстары, өндірістік-техникалық база, сонымен қатар алынатын жабдықтар, құралдар мен материалдарды орналастыру үшін қоршалған алаңдар құрылыстарын жүргізу. Кеңсені көлікпен қамтамасыз ету үшін Қаратонда автоколонна мен Құлсары АТК трактор цехын және саз зауытының құрылысын ұйымдастыру. Қаратонда «Қазақстан мұнай жабдықтау» кеңсесінің Құлсары базасы бөлімшесін құру ұйымдастырылды.

Сарықамыс және Прорва елді мекендеріндегі тұрғындарды өндірістік және азық-түлік тауарларымен қалыпты және үздіксіз



камтамасыз ету мақсатында нан пісіру цехтарын, асхана, дүкен және койма орындары құрылыстарын салу, ауыз сумен камтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде автоцистерна жеткізуді ұйымдастыру.

*(Атырау облыстық мұрағаты, 667-қор, оп 1-тіз., 1-іс, 17-19-бб.)*

1963 жыл бойына Прорва бұрғылау кеңсесі Сарыкамыс елді мекеніне түпкілікті орналастырылды. Оның негізгі міндеті Прорва аймағындағы жаңа және ескі алаңдарда мұнайға және газға барлау жасау және пайдаланамдық бұрғылау өндірісін ұымдастыру болып саналды. Ол «Прорва» МКБ және «Қазақстанмұнай» бірлестігінің жоспарлы тапсырмалары мен нұсқаулары көлемінде шаруашылық есеп бастамасындағы жеке заңды ұйым болып саналды және өз қызметін бекітілген Бұрғылау кеңсесі туралы ережеге сәйкес жүргізді.

25 бірлікте штаттық кесте бекітілді, оның ішінде:

Әкімшілік-басқару қызметкерлері (ӘБК -АУП) – 6 адам;

Өндірістік-техникалық бөлім – 3 адам;

Геологиялық бөлім – 2 адам;

Мамандар, еңбек және еңбекақы бөлімі – 3 адам;

Жоспарлау-экономикалық бөлім – 3 адам;

Есеп бөлімі – 4 адам;

Техникалық қамсыздандыру бөлімі – 1 адам;

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі (ӘШБ-АХО) – 3 адам.

Кеңсе директоры – Мүтіғолла Маташев.

Бас инженер – Х. Қуантыров.

Бас геолог – Қ.Ә. Дәулетов.

Директордың орынбасары – М.Қ. Қонысбаев.

Бұрғылау кеңсесі құрамына енген өндірістік құрылымдар:

1. Прорва, Қаратон және Терезөзек бұрғылау бөлімдері;

2. Мұнара құрастыру цехы;

3. Шегендеу цехы;

4. Механикалық шеберхана;

5. Турбина цехы;

6. Материалдық-техникалық қамсыздандыру цехы;

7. Электр цехы.



Бұрғылау кеңсесі қызметкерлерінің жалпы саны жыл аяғында 465 адамға жетті.

*(Атырау облыстық мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 6-іс)*

Кенсе директоры жанында түрлі өндірістік мәселелерді, жана өндірістік нормаларды қолдануды және бұрғылау жұмыстарының барысын талқылайтын кеңестер жұмыс жасады.

1966 жылы кенсе қызметкерлерінің саны 534 адам болды, соның ішінде:

Инженерлік-техникалық қызметкерлер (ИТК-ИТР) – 64 адам;

Қызметкерлер – 16 адам;

МҚҚ (МОП) – 1 адам;

Жұмысшылар – 453 адам.

Қызметкерлердің жалпы санының:

Жоғары білімдісі – 13 адам;

Орта техникалық білімдісі - 32 адам;

ИТҚ қызметін орындаушы тәжірибелі мамандар – 25 адам.

*(Атырау облыстық мұрағаты., 667-қор, 1-тіз., 33-іс)*

Қазақстан Компартиясы ОК, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі және Кәсіподақтар Кеңесінің Қаулысы негізінде 1967 жылы өндіріске екі демалыс күнімен бес жұмыс күні тәртібі енгізілді. Осыған байланысты бұрғылау жұмыстарының үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында «Прорва» МКБ-ның 1965 жылғы 1 тамыздағы бұйрығымен 1 қыркүйектен бастап бұрғылау кеңсесінің Шығыс және Орталық бөлімшелері базасында «Прорва» алаңынан өндірістік-диспетчерлік қызмет (ПДС) құрылды, сонымен қатар ұңғымаларды сынау цехы ашылды.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1970 жылдың 16 тамызындағы №356 бұйрығына сәйкес «Ембімұнай» комбинаты «Қазақстанмұнай» бірлестігі құрамынан бөлініп шықты. Осыған орай ол Мұнай өнеркәсібі министрлігіне тікелей бағынышты «Ембімұнай» мемлекеттік өндірістік бірлестігі болып қайта құрылды.

«Ембімұнай» бірлестігінің 1970 жылғы 18 тамыздағы №1 бұйрығымен Прорва бұрғылау кеңсесі басқа да 19 өнеркәсіп және ұйымдармен қатар бірлестік құрамына енді.



*(Атырау облыстық мұрағаты, 667-қор, 1-тіз., 106-іс)*

КОКП XXIV съезінің ескі мұнай аудандарында мұнайды өндіруді барынша дамыту туралы директиваларына сәйкес және Жайық-Ембі аудандарында жана кен орындары мен шоғырларын ашу перспективаларын ескере отырып, «Ембімұнай» бірлестігі ұжымының алдына іздестіру-барлама бұрғылау жұмыстарының көлемін ұлғайту, барлау алды жұмыстарын тез аяқтау және Батыс Прорва мұнай және газ кен орны қорларын есептеу міндеттері қойылды.



Бұрғылау қондырғысы. Тікұшақтан караганда



Ұңғыманы шегендеу қызметінің көрінісі



## БАЛЫҚШЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСТЫҚТАРЫ



Мүтиғолла Маташев



Евгений Лаврентьевич  
Шилимов



Асабай Хисметов



Қазақстан компартиясы мен облыс басшылары  
Теңіздегі №37 ұңғыма басында



**Луқпанов Кенжегазы –**  
кәсіптік алғашқы бұрғышы  
маманның бірі



**Өрекешев Сәрсен –**  
турбиналық бұрғыны алғаш  
менгеруші Ленин орденді шебер



**Сабырғали Зорбаев –**  
Ленин орденді  
майталман бұрғышы



**Бисенғали Өтеулиев –**  
қос Ленин орденді  
жаңашыл бұрғышы





Бұрғышылардың тұңғыш слеті. 1974 ж.



Өндіріс басшылары өндіріс басында



Батыс Қазақстан мұнайын игеру жөніндегі аймақтық конференцияға қатысушылар



Прорва бұрғылау кеңсесінің басшы қызметкерлері



Балықшы басқармасының басшылары



Әріптестердің кездесуі



Вахтадан шыққан бұрғышылар



Шегендеу алдындағы дайындық.  
Солдан оңға қарай: И. Тухватуллин, Қ. Төлеубаев,  
Р. Аманқұлов, аты-жөні белгісіз.



Атышулы №37 Теңіз ұңғымасындағы апатты ауыздықтауға арналған шетелдік қондырғы қызмет үстінде



Бір топ мамандар



Шетелдік мамандар бірлестіктің бұрғылау бөлімшесінде

1988 жыл



Балықшы басқармасының ардагерлерімен кездесуі



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлымен кездесу  
(сол жақтан бірінші тұрған Е.Бигалиев (сенатор))



Теңіз алаңында туындаған мәселе қаралды



Теңізді бұрғылаудың алғашқы сәттерінің бірінде



Балықшы басқармасы ұжымы мерекеге шықты





«Бұрғышы-72» қоғамдық қоры алқасының мәжілісі



Әріптестердің бас қосу шараларының бірі кезінде



## БАТЫС КАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘКІМШІЛІК АУДАНЫ

Қ А У Л Ы

Ақтөбе қаласы

№3

5 қаңтар 1963 жыл

«Қазақстанмұнай» бұрғылау бірлестігінің

Прорва кеңсесін құру туралы

Халық шаруашылығы Кеңесі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Прорва жаңа ірі мұнай кен орнын жасақтаудың іске қосылуына және Қаратон-Прорва аудандарында бұрғылау жұмыстарының ұйымдастырылуына, сонымен қатар ұңғыма тереңдіктерінің күрт өсуіне байланысты 1963 жылдың I қаңтарынан бастап «Қазақстанмұнай» бірлестігі тағайындаған еңбек және әкімшілік-басқару қызметкерлері бойынша шектеулері және бұрғылаудағы тіркеме қағаз бен әкімшілік-шаруашылық шығындары шектеулері көлемінде «Қазақстанмұнай» бірлестігіне тікелей бағынатын II санатты Прорва бұрғылау кеңсесі құрылсын.

2. Халық шаруашылығы кеңесінің Күрделі құрылыс басқармасына (Е.Г. ПРЕСС жолдасқа) «Қазақстанмұнай» бірлестігіне пайдалану бұрғылауындағы жалпы күрделі қаржы есебінен Прорвада бірінші жартыжылдықта бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыруға 220 мың сом көлемінде күрделі қаржы бөлу міндеттелсін.

«Қазақстанмұнай» бірлестігіне бөлінген күрделі қаржы көлеміне бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыруға тез арада смета жасақтау және Халық шаруашылығы кеңесіне бекітуге ұсыну тапсырылсын.

3. Халық шаруашылығы кеңесінің Жоспарлау және экономика басқармасының бастығы Ж.Ә. ТАҢҚЫБАЕВ жолдасқа ауыр өнеркәсіп басқармасымен (Г.И. ГЕРШМАН жолдас) бірлесіп, «Қазақстанмұнай» бірлестігі бойынша 1963 жылға еңбек жоспарын қарастыру және бұрғылау жұмыстары мен бұрғылау жылдамдығы көлемінде еңбекақы қорымен бұрғылаудың сандық құрамын анықтау міндеттелсін.



4. «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы Ж.А. ДОСМҰХАМ-БЕТОВ жолдасқа:

а) 1963 жылға бұрғылау жоспарын 63,2 мың метр көлемінде жүзеге асыру, соның ішінде 8 мың барлау метражы және 55 мың пайдалану, оның 35 мың метрін Прорва кен орнында жүзеге асыру;

ә) Прорва кеңсесі құрамында Прорва және Қаратон бұрғылау бөлімдерін, мұнара құрастыру, шегендеу, турбиналы құбыр цехтарын, сонымен бірге құрал-жабдықты алаңды материалдық-техникалық жабдықтау базасын және механикалық шеберхана ұйымдастыру;

б) Қаратон, Байшонас, Құлсары бұрғылау цехтарын тарату;

в) Қаратонда Прорва бұрғылау кеңсесінің өндірістік базалары мен цехтарын уақытша орналастыруды жүзеге асыру;

г) 1963 жылдың 15 қаңтарынан бастап уақытша ғимараттар, қойма орындарының және уақытша өндірістік базалар, сонымен бірге Қаратон мен Прорваға алынатын жабдықтарды, құрал-саймандарды, материалдарды орналастыруға арналған ағаш қоршаулы алаңдар құрылысына кірісу;

ғ) Прорва бұрғылау кеңсесін көлікпен қамтамасыз ету үшін Қаратонда 1963 жылдың 15 қаңтарынан бастап - барлық кеңсенің, 1963 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап - кезекті ауысумен автоколонна және Құлсары АТК трактор цехын ұйымдастыру;

д) бірлестікте 1963 жылға саз зауыты, Прорвада бұрғылау өндірістік базасын және Қаратонда автотрактор шаруашылығы құрылысын қарастыру;

е) 1963 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғашқы бұрғылауды 1963 жылдың 1 сәуірінде іске қосуды жүзеге асыру есебімен Прорваға бұрғылау жабдықтарын, құрал-саймандарды және құрылыс материалдарын жеткізуді бастау тапсырылсын.

5. «Гипроказнефть» институтының директоры А.И. РЫЖЕВСКИЙ жолдасқа «Қазақстанмұнай» бірлестігіне төменде көрсетілгендей жобалау-сметалық құжаттарын:

а) Прорвадағы саз зауытына – жобалау тапсырмасын 1963 жылдың қаңтарына, жұмыс сызбаларын – 1963 жылдың маусым айына;

ә) Прорвадағы бұрғылау өндірістік базасына – 1963 жылдың 15 ақпанына беру міндеттелсін.



6. МНПП басқармасының бастығы В.А. ШАРОНОВ жолдасқа:

Прорва бұрғылау кеңсесінің тапсырысы мен сызбалары бойынша 1963 жылдың I мамырына 10 дана металл шаналардағы ағаш үйшіктер құрастыру, сонымен бірге 1963 жылдың I наурызынан және 1963 жылдың I сәуірінен бастап сәйкесті 10 топтамадан Гипрогеологострой тұрпаты бойынша 20 топтамамен төрт бөлмелі үйлер дайындамасын жасау тапсырылсын.

7. Халшаркеңінің Заттар өтімдігін қамтамасыз ету басқармасының (Упрснабсбыт) бастығы Е.А. ЩЕЛОКОВ жолдасқа:

а) «Запказэнерго», «Қазақстанмұнай» бірлестігімен және «Казглавнефтеснаб» тресінің Гурьев облыстық тауар-көліктік басқармасымен бірлесіп, он бес күн мерзімде Қаратонда мұнай базасын ұйымдастыру бойынша шаралар дайындау;

ә) 1963 жылдың I токсанында Қаратонда «Казтехснабнефть» кеңсесінің Құлсары тасымалдау базасы бөлімшесін құру;

б) Уралмаш-5Д бұрғылау станоктары астына ірі блокты тіректер дайындау үшін 1963 жылдың I жарты жылдығында «Қазақстанмұнай» бірлестігі тапсырған металл құрылымдарын толық сатып алуды жүзеге асыру, сонымен бірге мақсатты пайдалануға ірі блоктар үшін 15 тонна сапалы электрод бөлу, олардың 10 тоннасын 1963 жылдың I токсанында және 5 тоннасын II токсанында бөлу;

в) «Қазақстанмұнай» бірлестігіне Прорва кеңсесі үшін 1963 жылдың I токсанында 100 дана оттегі баллондарын бөлу;

г) 1963 жылдың I жарты жылдығында Прорва бұрғылау кеңсесіне «Уралмаш 5-Д» бұрғылау станоктары үшін 5 топтама резецке тоқымалы жабындыға материал және 2 дала станогын бөлу;

ғ) 1963 жылдың II токсанында қор бойынша «Қазақстанмұнай» бірлестігіне 1963 жылдың IV токсанына бөлінген 2 дана «Уралмаш 5-Д» бұрғылау станогын жеткізуді қамтамасыз ету шараларын алу, сонымен бірге 1963 жылдың III токсанында қосымша тағы 3 дана «Уралмаш 5-Д» бұрғылау станогын бөлуді ұйымдастыру;

д) Республиканың Бас жоспары арқылы 1963 жылдың қоры бойынша алынатын барлық 5Д бұрғылау станоктарын 4 СГУ тұрпатты гидроциклонды қондырғылармен жинақтауға қол жеткізу;

е) Сарықамыс және Прорва елді мекен тұрғындарын ауыз сумен



қастамасыз ету үшін, сонымен бірге бұрғылау кенесі кәсіпорындарын тұщы сумен жабдықтау үшін 1963 жылы бірлестіктің бөлінген қорына қосымша:

ЗИЛ-164 автоцистернасының – 20 данасын, 355М дөңгелекті автоцистернасының – 10 данасын алуға мүмкіндік іздестіру;

ж) 1963 жылдың 1 қаңтарына 310 тонна металл қорын бөлу мәселесін шешу, оның ішінде Прорвада саз зауыты мен бұрғылау өндірістік базасы құрылысы үшін қажетті 105 тонна толқынды болат, сонымен қатар 50 дана Вагон-үйшіктер бөлу;

з) «Қазақстанмұнай» бірлестігіне 1963 жылға Прорвада тиеу-түсіру жұмыстары өндірісі және ауыр жабдықтарды құрастыру үшін 4 дана КП-25 трактор крандарына, сонымен бірге ұзын өлшемді жүктерді тасу үшін 5 дана МАЗ-502 және 4 дана АЗИНМАШ-22 құбыр тасығыштарына қаржы алуға жұмыстану;

и) «Қазақстанмұнайдың» Мақат базасына 1963 жылдың I тоқсанында Прорвадағы тұрғын үйлер құрылысы үшін 120 текше метр көлемінде еден тақтайларын алуға және түсіруге жұмыстану;

к) Ауыр өнеркәсіп басқармасымен бірлесіп үш күн мерзімде Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне Прорва кен орнындағы жұмыстар үшін қажетті жабдықтар мен материалдар жеткізу туралы өтініш пен хат дайындау тапсырылсын.

8. Халшаркеңнің Еңбек және еңбекақы бөлімінің (ОТиЗ) бастығы М.Ф. ЧЕРНОВ жолдасқа Қазақ КСР Министрлер Кеңесі арқылы еңбек және еңбекақы мәселесі бойынша КСРО Министрлер Кеңесінің Мемлекеттік Комитеті алдына Прорва кен орны қызметкерлеріне қазіргі кезде Қазақ КСР-нің Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі қызметкерлеріне төленетін жеңілдікті қолдану туралы (шөл және сусыз аудандардағы жұмыс үшін 1,4 мөлшерде коэффициент және алаңдағы жұмысы үшін 40% мөлшерде төлем төлеу туралы) өтініш-хатты дайындау міндеттелсін.

9. Сарықамыс елді мекеніндегі тұрғындарды өндірістік және азық-түлік тауарларымен қалыпты және үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Халшаркеңдегі УПС бастығы С.С. САППАЕВ жолдасқа мыналар:

А) 1963 жыл лауазымына төмендегі құрылыстарды:



1963 жылға бөлінген қаражат есебінен жұмысшыларды жабдықтау бөліміне нан пісіру орындары, асхана және аралас дүкен, койма орындарын салу және іске қосу;

Ә) 1963 жылдың I маусымынан бастап қажетті өндірістік және азық-түлік тауарларын саудасын ұйымдастыру міндеттелсін.

10. «Қазақстанмұнай» бірлестігі ұсынған 1963 жылға бұрғылау жұмыстары жоспарын орындауды қамтамасыз ету шаралары бекітілсін.

11. Осы Қаулының орындалу барысын қадағалау Халшаркендегі Ауыр өнеркәсіп басқармасына жүктелсін.

ХАЛШАРКЕН ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ:

Г.Д. КИТИН

«ЕМБІМҰНАЙ» БІРЛЕСТІГІНДЕГІ БАЛЫҚШЫ БАРЛАУ  
БҰРҒЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ БОЙЫНША

БҰЙРЫҚ

Сарықамыс елді мекені

№3-к

17.12.1971 ж.

§ I.

Төменде «Ембімұнай» Бірлестігінің 1971 жылдың 7 желтоқсанындағы №101-II бұйрығын хабарлаймын:

«Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1971 жылғы 16 тамыздағы «Ембімұнай» бірлестігінде геофизикалық, барлау және құрылыс жұмыстарын күшейту туралы» №437 бұйрығын орындау мақсатында



## БҮЙЫРАМЫН:

1. 1972 жылдың I қаңтарына дейін мыналар:

- Прорва бұрғылау кеңсесі,
- «Кеңкияқмұнай» МГӨБ-індегі бұрғылау цехы таратылсын.

Прорва бұрғылау кеңсесін және «Кеңкияқмұнай» МГӨБ-індегі бұрғылау цехын тарату үшін төмендегідей құрамда комиссия құрылсын:

Оржанов Т.Қ., «Ембімұнай» бірлестігінің бас инженері – төраға  
Шилимов Е.Л., Бұрғылау жөніндегі өндірістік бөлімнің бастығы – комиссия мүшесі

Мағашаев М.М., Прорва бұрғылау кеңсесінің директоры – комиссия мүшесі

Качарава И.Н., «Кеңкияқмұнай» МГӨБ-нің бастығы – комиссия мүшесі

Байтақов Н., бұрғылау кеңсесінің бас есепшісі – комиссия мүшесі

Ордабаев Ш., «Кеңкияқмұнай» МГӨБ-нің бас есепшісі – комиссия мүшесі.

2. «Ембімұнай» бірлестігіне тікелей бағынышты:

а) таратылатын Прорва бұрғылау кеңсесі және «Кеңкияқмұнай» МГӨБ-індегі бұрғылау цехы базасында Гурьев облысының Балықшы ауданында орналасатын Балықшы барлау-бұрғылау басқармасы және оның құрамында орталық инженерлік-технологиялық қызмет құрылсын;

ә) Гурьев облысының Балықшы ауданында орналасатын №2 Құрылыс-құрастыру жұмыстары басқармасы құрылсын.

3. Барлау-бұрғылау басқармасының құрылымы №1 жалғамаға сәйкес бекітілсін.

4. КҚБ (ОКС) бастығы С.М. Афанасьев жолдасқа:

а) өндірістік бөлімдермен бірлесіп, МӨМ-нің жоғарыда көрсетілген бұйрығының №5 жалғамасына сәйкес үстіміздегі жылдың 15 желтоқсанына дейін «ҚазМҒЗжЖИ» институтына бірлестіктің Балықшы ауданында салынатын өндірістік базаларын жобалауға нақтыланған тапсырмаларды жіберу міндеттелсін.



5. Барлау-бұрғылау басқармасының бастығы Бұрғылау жөніндегі өндірістік бөліммен (Шилимов жолдас) және есеп бөлімімен (Приданова жолдас) бірлесіп, 1972 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде Прорва бұрғылау кенесінің шаруашылығын қайтадан базаландыруға сметалық-қаржы есебін дайындасын және бекітуге ұсынсын.

6. Кадрлар бөлімінің бастығы Үрістембаев жолдас Бұрғылау жөніндегі өндірістік бөліммен (Шилимов жолдас), Күрделі жөндеу жұмыстары бөлімімен (Афанасьев жолдас), Балықшы барлау-бұрғылау басқармасы, №2 Құрылыс-құрастыру жұмыстары басқармасы басшыларымен бірлесіп, жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың штаттарын инженер-техник және жұмысшы кадрлармен толықтыру шараларын алсын.

7. Жабдықтарды топтау бөлімінің бастығына (Гречаник жолдас) жабдықтар, автокөліктер, бұрғылау жабдықтары үшін қажетті тетіктер мен қосалқы бөлшектерге бөлінген қаржыларды МӨМ-нің 1971 жылдың 16 тамыздағы №437 бұйрығының №1,2,3 жалғамаларына сәйкес мөлшерде және мерзімінде алуды қамтамасыз ету, сонымен қатар, іздестіру-барлау бұрғылауы мен құрылыс-құрастыру жұмыстары бойынша тағайындалған жұмыс көлеміне сәйкес 1972 жылға материалдық ресурстар қажеттілігін қорғауды жүзеге асыру міндеттелсін.

8. Барлау-бұрғылау басқармасының бастығына Ғылыми-зерттеу жұмыстарының орталық зертханасымен (ЦНИЛ), бірлестіктің геологиялық бөлімімен бірлесіп бір айлық мерзімде төмендегі шараларды:

а) 1972 жылдың іздестіру-барлау бұрғылауы жоспарын 35 мың метрге дейін қамтамасыз ету және 1975 жылы – 55 мың метрге дейін жеткізуді;

ә) Батыс Прорва кен орнының мұнай және газ қорларын барлау алды және есептеуді аяқтауды жүзеге асыру тапсырылсын.

9. Бірлестік бөлімдерінің бастықтары С.М. Афанасьев, Е.Л. Шилимов, Е. Тастамбеков жолдастарға БББ басшыларымен бірлесіп ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін уақытша өндірістік және







Балықшы барлама бұрғылау басқармасы бойынша

## БҰЙРЫҚ

Балықшы ауданы

№ 276

17 қараша 1972 жыл

Төменде «Ембімұнай» бірлестігінің 1972 жылғы 17 қарашадағы №267-к бұйрығын жариялаймын:

### §1.

«Евгений Лаврентьевич Шилимов жолдас «Ембімұнай» бірлестігінің Бұрғылау бөлімі бастығы қызметінен босатылып, Балықшы барлама бұрғылау басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалсын.

### §2.

Барлау-бұрғылау басқармасының құжаттарын тапсыру-қабылдау үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1. Шапошников С.А., механика-энергетика бөлімінің бастығы;
2. Тілемісов К.Ж., бас есепші;
3. Агужев В.В., бұрғылау бөлімінің аға инженері.

### §3.

Комиссия жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісін маған 28.11.1972 ж. ұсынатын болсын.

«Ембімұнай» бірлестігінің бастығы:

**Б. Сағынғалиев**

Балықшы барлау-бұрғылау  
басқармасының бастығы  
міндетін уақытша атқарушы:

**Е. Шилимов**



Балықшы барлама бұрғылау басқармасы бойынша

**БҰЙРЫҚ**

Балықшы ауданы

№69

22 наурыз

Төменде осымен «Ембімұнай» бірлестігі бойынша 1973 жылғы 19 наурызда шыққан №30 К бұйрығы жарияланады:

§1.

«Ембімұнай» бірлестігі бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары А.Х. Хисметов жолдас 1973 жылдың 20 наурызынан бастап Балықшы барлама бұрғылау басқармасының бастығы міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалсын.

§2.

Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының бастығы міндетін уақытша атқарған Е.Л. Шилимов жолдас өзінің тікелей міндетін – «Ембімұнай» бірлестігінің Бұрғылау жұмыстары жөніндегі өндірістік бөлімнің бастығы міндетін атқаруға кіріссін.

«Ембімұнай» бірлестігінің бастығы:

**Б. Сағынғалиев**

Балықшы барлама бұрғылау  
басқармасының бастығы  
міндетін уақытша атқарушы:

**Е. Махамбетов**



## II. Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы дамуының ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1963 жылғы 5 қаңтар	- «Қазақстанмұнай» бірлестігіне тікелей бағынатын II санатты Прорва бұрғылау кеңсесі құрылды, бұл кейін Балықшы барлама бұрғылау басқармасының (ББББ-ның) өмірге келуіне жол ашты;
1971 жылғы 16 тамыз -	- КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Балықшы барлама бұрғылау басқармасының (ББББ) құрылуына негіз салған «Ембімұнай» бірлестігіндегі геофизикалық, барламалық және құрылыстық жұмыстарды күшейту туралы» №417 бұйрығы шықты
1971 жылғы желтоқсан -	- «Ембімұнай» бірлестігі КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1971 жылғы 16 тамыздағы № 417 бұйрығын орындауды мақсат тұтқан №101-П бұйрығын шығарды;  - Прорва кен орнында барлығы 30500 м жер бұрғыланды;  - Басшы қызметкер С. Нұржановқа «Қазақ КСР-інің еңбегі сіңген мұнайшысы» атағы берілді
1972 жылғы 1 қаңтар -	- Балықшы барлама бұрғылау басқармасы (бастығы М. Маташев) құрылды;  - ББББ бойынша барлығы 27800 м жер бұрғыланды;
1973 жыл -	- Барлығы 50000 м жер бұрғыланды;
1974 жыл -	- Басқармадағы еңбек озаттарының бірінші слеті өткізілді;  - 1974 жылғы социалистік жарыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгендіктері үшін ББББ-дан 2-АИТҚ-ның ұжымы (бастығы Р. Шәріпов), мұнара құрастыру бригадасы (прорабы Х. Жәлелов), Б. Жан-әбіловтің бұрғылау бригадасы, бұрғышы А. Тапалов, мұнара тұрғызушы Б. Әбуев «Ембімұнай» бірлестігінің Құрмет тақтасына енгізілді;  - Барлығы 57800 м жер бұрғыланды;



1975 жыл -	- 3-АИТҚ-ның бұрғылау шебері С. Бәшеков КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды; - Барлығы 87400 м жер бұрғыланды;
1976 жыл -	- ББББ-да 26 бұрғылау бригадасы жұмыс жасады, олардың ішінде 5 кен орнында жұмыс жасайтын пайдаланымдық 11 бригада, 10-нан астам алаңдарда еңбек өрістеткен 15 барлама бұрғылау бригадасы болды; - Барлығы 90500 м жер бұрғыланды;
1977 жыл -	- «Ембімұнай» бірлестігіндегі бұрғышылар арасында ББББ-ның озат бұрғышы шебері Ж. Ержанов басқаратын бұрғышылар бригадасының озық тәжірибесі таратылды; - басқарманың еңбек ұжымдарының арасындағы 1977 жылғы социалистік жарыстың жеңімпазы болып 1-АИТҚ-ның ұжымы (бастығы Ж. Жұмалиев) танылды; - барлама бұрғылау жұмыстарын одан әрі кең ауқымда жүргізу мақсатында «Ембімұнай» бірлестігінде ББББ-мен қапталдас жұмыс жасайтын Барлама бұрғылаудың Каспий өңірлік басқармасы (бастығы Е.Ж. Махамбетов), Мұнара құрастыру кенесі (директоры А.А. Барыльник), Тампонаж кенесі (директоры С.Н. Нұржанов) құрылды; - Барлығы 120000 м жер бұрғыланды; - ББББ-да 26 бұрғылау бригадасы болды;
1978 жыл -	- Досмұхамбетов, Ровное, Орталық Прорва, Айранкөл кен орындары ашылды;



1979 жыл -	<p>- Теңіз, Шығыс Көкарна кен орындары ашылды;</p> <p>- Теңіздегі 23, 29-ұңғымалардан БББ бұрғышылары мұнай бұрқағын атқызды;</p>
1980 жыл -	<p>- Батыс Прорва, Ботакан, Грядовое, Масабай, Акінген кен орындары ашылды;</p> <p>-</p>
1981 жыл -	<p>- 3-АИТҚ-ның бұрғылау шебері С. Бөшекөв Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды;</p> <p>- басқарма бастығы А. Хисметов КСРО-ның Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды;</p> <p>- геолог М. Балғымбаевқа «КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі» және «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы» атақтары берілді;</p> <p>- Теңіз алаңындағы №1 ұңғыманы сынаудың нәтижелері бойынша 4 маусымда КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақстанның батысындағы геологиялық-барлама жұмыстарын күшейту және мұнай өндіру өнеркәсібін дамыту туралы» №522 Қаулысы шықты, бұл БББ-ның дамуындағы жана кезенді бастап берді; ол атакты бірегей мұнайлы-газды Теңіз кенішін игерушілердің қатарында құрметке бөленді;</p>
1982 жыл -	<p>- Акқұдық, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орындары ашылды;</p>
1984 жыл -	<p>- Батыс Новобогат, Королевское, Қараған кен орындары ашылды;</p> <p>- бұрынғы бұрғышы, ҚазПТИ-дың ғалымы Ә. Аманқұл КСРО Геология министрлігінің «Жер қойнауын барлау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды;</p>



1985 жыл -	<p>- Ұлы Отан соғысының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына орай КСРО-ның бірінші және екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды;</p> <p>- Теңіздегі №37 ұңғымадан өрт шығып, ол бір жыл бойы ауыздықталмады;</p>
1986 жыл -	<p>- Мәтен кен орны ашылды;</p> <p>- Топограф С. Аманғалиев КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды;</p> <p>- Теңіздегі №37 ұңғымадағы өрт ауыздықталды;</p> <p>- - Басшы қызметкер С. Нұржановқа «КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі» атағы берілді</p>
1987 жыл -	<p>- Ұжымның бір топ мүшесі (М. Бектұрлин, т.б.) КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды;</p>
1988 жыл -	<p>- Шығыс Мақат кен орны ашылды;</p> <p>- Геолог С. Аманкелдин КСРО-ның «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды;</p>
1990 жыл -	<p>- Ұлы Отан соғысының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығына орай КСРО-ның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығы» төс белгісімен марапатталды;</p> <p>- бұрғышы Ж.Т. Жамансариев «ББББ сыйлығының иегері» атанды;</p>



1991 жыл -	<p>- геолог М. Балғымбаевқа «КСРО-ның Құрметті мұнайшысы» атағы берілді;</p> <p>- «Ембімұнай» бірлестігі ҚР-дағы тұңғыш бірлескен мұнай өндіру кәсіпорны «Эмбаведьойл»ды құрды, оған ББББ-ның түлегі М.Т. Шырдабаев бас директор болып тағайындалды;</p> <p>- байырғы қызметкер М. Бекназарова КСРО-ның «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды;</p>
1992 жыл -	Оңтүстік-Батыс Доссор, Орталық Прорва, Шығыс Жанаталап, Уаз кен орындары ашылды
1993 жыл -	Оңтүстік-Шығыс Новобогат, С. Нұржанов кен орындары ашылды;
1994 жыл -	- ББББ-ның түлегі М. Исаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды;
1995 жыл -	<p>- ҚР Министрлер Кабинетінің 4 сәуірдегі Қаулысымен «Батыс Қазақстандағы бірегей Теңіз мұнай кен орнын ашқаны үшін» марқұм А. Хисметовке және М. Балғымбаевқа Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы 1994 жылғы Мемлекеттік сыйлығы берілді;</p> <p>- Ұлы Отан соғысының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына орай ҚР «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы» медалімен марапатталды;</p> <p>- Ұжымның түлегі Е. Биғалиев ҚР Парламентінің Сенатына Атырау облысы бойынша тұңғыш депутат болып сайланды;</p>





1997 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- Атырау өңіріндегі мұнай мен газға бұрғылау жұмыстарын жүргізетін барлық кәсіпорындар біріктіріліп, «Қазақойл» ҰМК-сіне қарасты «Қазақойл-Бұрғылау» СБК-сі болып аталды;</li><li>- ББББ-ның бір топ түлектері (К. Ыбырашев, т.б.) ҚР «Құрмет» орденімен марапатталды;</li></ul>
1998 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- Ұжымның түлегі Е. Биғалиев ҚР Парламентінің Сенатына екінші рет депутат болып сайланды;</li><li>- Бір топ бұрынғы қызметкерлер (Е. Биғалиев, Жаңабай Балмұқанов, т.б.) ҚР «Астана медалімен марапатталды;</li></ul>
1999 жыл	<ul style="list-style-type: none"><li>- ББББ-ның түлегі Б.Т. Шырдабаев Қазақстанның тұңғыш Мұнай Энциклопедиясын шығаруға қатысты;</li><li>- Қазақстан мұнайының 100 жылдығына орай ұжымның көптеген сол кездегі және бұрынғы қызметкерлері ҚР «Құрмет» орденімен марапатталды;</li><li>- Қазақстан мұнайының 100 жылдығына орай ұжымның көптеген сол кездегі және бұрынғы қызметкерлері ҚР «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен марапатталды;</li><li>- Қазақстан мұнайының 100 жылдығына орай ұжымның көптеген сол кездегі және бұрынғы бір топ қызметкерлері (Т. Бисәлиев, т.б.) ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалімен сыйланды;</li></ul>
2000 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- Ұлы Отан соғысының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығына орай Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды;</li></ul>
2001 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- Алматыдағы «Арыс» баспасынан шыққан О. Есқазиевтың, Т. Байзақовтың, М.Т. Шырдабаевтың «Атышулы Теңіз: 37» кітабының тұсаукесері Атырау қаласында болып өтті;</li></ul>



2002 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақойл-Бұрғылау» СБК ЖШС-і «Қаз-МұнайГаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-і болып, қайта аталды;</li> <li>- ББББ-ның бір топ түлектері (Е. Биғалиев, т.б.) ҚР «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды;</li> <li>- Бұрғышы шебер Ж.Т. Жамансариевтың бригадасы «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның «Тандаулы бригадасы» атты арнаулы жүлдесін жеңіп алды;</li> </ul>
2005 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұлы Отан соғысының және майдансыртының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» медалімен марапатталды;</li> <li>- ББББ-ның түлегі М.Т. Жолымбаев «ҚР Жер қойнауын барлау ісінің үздігі» төс белгісімен сыйланды;</li> </ul>
2006 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ББББ-ның түлегі М.Т. Шырдабаев «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды;</li> <li>- ББББ-ның түлегі А. Аралбаев ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Алғыс хатын» алды;</li> </ul>



2008 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- 30 мамырда ББББ-ның ардагерлері «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-інің және «Атыраудың мұнай мен газ институты» РМҚК-сінің басшыларымен бірлесе отырып, «Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібін ғылыми-технологиялық және кадрлық тұрғыда қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» деген тақырыпта бірінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді;</li><li>- ББББ-ның ардагерлері «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-інің және «Атыраудың мұнай мен газ институты» РМҚК-сінің басшыларымен бірлесе отырып, ББББ-ның құрылуына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері А.Х. Хисметовті еске алуға арналған мерейтойлық шараларды өткізді;</li><li>- «Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібін ғылыми-технологиялық және кадрлық тұрғыда қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» деген тақырыптағы бірінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастыруды мақсат тұтқан тұрақты жұмыс жасайтын «Бұрғышы-72» қоғамдық қоры (төрағасы Т. Байзақов) құрылды;</li><li>- ББББ-ның қысқаша тарихын баяндайтын «Бұрғышы-71» атты суретті-танымдық бұктеме (көлемі 16 бет) баспаханалық әдіспен шығарылды;</li><li>- ББББ-ның бір топ түлектері (Қ. Айтжан, О. Мұқашев, т.б.) «Жайық мұнайына 40 жыл» мерекелік ескерткіш төсбелгісімен сыйланды;</li><li>- ББББ-ның ардагері Жаңабай Балмұқанов ҚР «Астанаға 10 жыл» медалімен марапатталды;</li></ul>
2009 жыл -	<ul style="list-style-type: none"><li>- «Бұрғышы-72» қоғамдық қорының (төрағасы Т. Байзақов) демеушілігімен Алматыдағы «Нұрлы Әлем» баспасынан белгілі журналшы С. Муньянованың «Асабай Хисметов. Өмір жолы» атты кітабы (көлемі 336 бет+24 бет жапсырма) жарыққа шықты;</li></ul>



2010 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұлы Отан соғысының және майдансыртының бір топ ардагерлері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Қазақстан Республикасының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды;</li> <li>- ББББ-ның бір топ түлектері (Қ. Ыбырашев, т.б.) ҚР «Парасат» орденімен марапатталды;</li> </ul>
2011 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ББББ-ның бір топ ардагерлері (Қ. Елеусінов, т.б.) ҚР «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды;</li> </ul>
2012 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ББББ-ның ардагері, белгілі мұнайшы Т. Байзақовтың Теңіз кен алаңы мен ББББ тарихын да қамтитын «Оңғарылған талап-Целеустремленное усердие» атты кітабы Атыраудағы «Ақ Жайық» баспасынан шықты;</li> </ul>
2013 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ББББ-ның ардагері, белгілі мұнайшы С.С.Өрекешев, ҚР «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталды</li> </ul>
2014 жыл -	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ББББ-ның ардагері, белгілі мұнайшы М.Т.Шырдабаев ҚР «Парасат» орденімен, «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.</li> </ul>

*А. Әміржанұлы құрастырды*



## III. АНЫҚТАМАЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ДЕРЕКТЕР

I. КСРО-ның мемлекеттік марапаттарымен марапатталғандар

## I.КСРО-дағы орден-медальдардың иегерлері

<i>Марапат атауы мен марапатталушының аты-жөні</i>	<i>Марапаттың дәрежесі</i>	<i>Алған жылы</i>
--	--------------------------------	-----------------------

*ЛЕНИН ОРДЕНІ*

МУҚАНОВ Базарбай		
ТУХВАТУЛЛИН Идият Сафиоллаұлы		1966

*ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ОРДЕНІ*

КЕНЖИН Хамит		1971
--------------	--	------

*ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІ*

АҚҚАЛИЕВ Нұрым		
БӘШЕКОВ Сарым		
МАРАБАЕВ Нәсіпқали (2 рет)		
МУҚАНОВ Базарбай		
ТЕЛЖАНОВ Тұран	1971	
ХАЙДАРОВ Ғаділше		
ХИСМЕТОВ Асабай	1981	

*«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» ОРДЕНІ*

ЕРЖАНОВ Жұмабай		
НҰРЖАНОВ Сағидолла		
ТАПАЛОВ Ашықбай	1971	
ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович		

*«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ*

МАРАБАЕВ Нәсіпқали		
--------------------	--	--

*ЕҢБЕК ДАҢҚЫ ОРДЕНІ*

ЖҰМАҒАЛИЕВ Жақсыбекен	II	
НАМАЗҒАЛИЕВ Әбетисан	III	
РЖЕВСКИЙ Виктор Васильевич	III	1986
ТИТОВ Виктор Константинович	III	1986



### ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ ОРДЕНІ

ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай  
 ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы  
 МАТАШЕВ Мүтиғолла  
 НҰРХАНОВ Ержігіт  
 ТУХВАТУЛЛИН Идият Сафиоллаұлы

### ЕКІ ДӘРЕЖЕЛІ «ОТАН СОҒЫСЫ» ОРДЕНІ

БАЛМУҚАНОВ Жаңабай	II
ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай	II
ЖҮСІП Аралбай	II
ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы	II
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	II
НҰРХАНОВ Ержігіт	I
ӨСЕРБАЕВ Жауылбай	II
САТАЕВ Қабас	II
СИСЕНОВ Шайыр	II

### ҮШ ДӘРЕЖЕЛІ «ДАҢҚ» ОРДЕНІ

ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай	III
--------------------	-----

### ҮШ ДӘРЕЖЕЛІ «АНА ДАҢҚЫ» ОРДЕНІ

МАҚАТОВА Дәмелхан (1976 ж.)	II
МАҚАТОВА Дәмелхан (1973 ж.)	III

### «ЕРЛІК ЕҢБЕГІ ҮШІН. В.И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚҰРМЕТІНЕ» МЕДАЛІ

АҚҚАЛИЕВ Нұрым	1970
ГАРАЙЗУЕВ Мағомед Исраилұлы	1970
ДҮЙСЕНОВА Қаламқас	1970
ЕРҒАЛИЕВ Амангелді Ермекқалиұлы	1970
ЖҰБАЕВ Ідіріс Сәрсенғалиұлы	1970
КЕНЖИН Хамит	1970
НҰРХАНОВ Ержігіт	1970
РАҚМЕТОВ Мақаш	1970
КЕНЖИЕВ Аманкүл	1970
СҰЛТАШЕВ Иван	1970
ТУХВАТУЛЛИН Идият	1970



УӘЛИЕВ Әшім 1970  
 ІЗТІЛЕУ Төлеген Қайрошұлы 1970

*«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ГАРАЙЗУЕВ Магомед Исраилұлы  
 ДОСЖАНОВ Айтқали  
 ДҮЙСЕНОВА Қаламқас 1971  
 ЖАРЫЛҒАС Қайрак Жолмағамбетұлы

*«ЕҢБЕКТЕ ҮЗДІК ШЫҚҚАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІ*

МАҚАТОВА Дәмелхан, 2 рет 30.3.1971, 29.4.1986  
 ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович

*«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» МЕДАЛІ*

АМАНҚҰЛ Әмен  
 ӘЖЕНОВ Сағидолла  
 БАЛМУҚАНОВ Жаңабай  
 БЕКНАЗАРОВА Марфуға  
 БЕКТҮРЛИН Меңдеш  
 ЕРЖАНОВ Жұмабай  
 ЖҮБАЕВ Ідіріс  
 ЖҮМАҒАЛИЕВ Жақсыекен Әжіғалиұлы  
 ЖҮСПІ Аралбай Баймұқанұлы  
 КЕНЖИН Хамит  
 ҚОНЫСБАЕВ Қадырғали  
 МАҚАТОВА Дәмелхан  
 ӨСЕРБАЕВ Жаулыбай Сүйеуұлы  
 РАҚМЕТОВ Мақаш 1985  
 ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович  
 ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы 1989  
 ІЗТІЛЕУ Төлеген Қайрошұлы

*«ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

БАЛМУҚАНОВ Жаңабай  
 ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали  
 ХРУЛЕВ Николай Сосипатрович



*«ПРАГАНЫ АЗАТ ЕТКЕНІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы 1945

*«БЕРЛИНДІ ШАБУЫЛМЕН АЛҒАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы 1945  
 САТАЕВ Қабас 1945  
 ХРУЛЕВ Николай Сосипатрович 1945

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЕРЛІК  
 ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ЖҮСПІ Аралбай 1945  
 ҚОНЫСБАЕВ Мұқанбет Қонысбайұлы 1945  
 ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали 1945

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА  
 ГЕРМАНИЯНЫ ЖЕҢГЕНІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы 1945  
 ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали 1945  
 НҮРХАНОВ Ержігіт 1945  
 ӨСЕРБАЕВ Жауылбай 1945  
 САТАЕВ Қабас 1945  
 ХРУЛЕВ Николай Сосипатрович 1945

*«ТЫҢ ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРГЕНІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұқатайұлы 1967

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
 20 ЖЫЛДЫҒЫ» МЕДАЛІ*

ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұқатайұлы 1965  
 ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы 1965  
 ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали 1965

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
 30 ЖЫЛДЫҒЫ» МЕДАЛІ*

БАЛМҰҚАНОВ Жаңабай 1975  
 ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай 1975  
 ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы 1975  
 ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали 1975





НҰРХАНОВ Ержігіт	1975
ӨСЕРБАЕВ Жаулыбай Сүйеуұлы	1975
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	1975

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
40 ЖЫЛДЫҒЫ» МЕДАЛІ*

БАЛМУҚАНОВ Жаңабай	1985
ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай	1985
ЖҮСІП Аралбай Баймұқанұлы	1985
ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы	1985
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	1985
НҰРХАНОВ Ержігіт	1985
САТАЕВ Қабас	1985
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	1985

*«МАРШАЛ ЖУКОВ» МЕДАЛІ*

БАЛМУҚАНОВ Жаңабай	
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	

*«КСРО ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 50 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы	1968
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	1968

*«КСРО ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 60 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы	1978
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	1978
ӨСЕРБАЕВ Жаулыбай Сүйеуұлы	1978

*«КСРО ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 70 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	1988
---------------------	------

*КСРО-дағы ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ  
КӨРМЕСІ (ХШЖК) МЕДАЛІ*

ЖАҚСЫЛЫҚОВ Қанатқали Жұмағазыұлы	күміс
----------------------------------	-------

*ЕКІ ДӘРЕЖЕЛІ «АНАЛЫҚ МЕДАЛІ»*

МАҚАТОВА Дәмелхан	I	1971
МАҚАТОВА Дәмелхан	II	1968



## 2. Мұнайшыларға берілген әртүрлі КСРО төсбелгілерінің негерлері

*Марапатталушының аты-жөні*

*Алған жылы*

### «КСРО МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНЕ 100 ЖЫЛ» МЕРЕКЕЛІК ТӨСБЕЛГІСІ

ЖҰБАЕВ Ідіріс Сәрсенғалиұлы 1964  
РАҚМЕТОВ Мақаш 1964

### «ЖЕР ҚОЙНАУЫН БАРЛАУДА СІДІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» ТӨС БЕЛГІСІ

ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұқатайұлы 1987

### КСРО ӨНЕРТАПҚЫШЫ

ЕРҒАЛИЕВ Равиль Құсайынұлы

### КСРО-ның ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫСЫ

БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш 1991  
РАҚМЕТОВ Мақаш 1982  
ШИЛИМОВ Евгений Лаврентьевич

### КСРО ЖЕР ҚОЙНАУЫН БАРЛАУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ

АМАНҚҰЛ Әмен  
НҰРХАНОВ Ержігіт

### КСРО МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҮЗДІГІ

ӘЖЕНОВ Сағидолла 1985  
БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш 1981  
БИҒАЛИЕВ Ермекқали  
ЕРЖАНОВ Жұмабай  
ҚАЗИЕВ Бакытжан Ығылманұлы 1979  
ҚУАНТЫРОВ Қамза 1986  
МАҚАТОВА Дәмелхан  
НҰРХАНОВ Ержігіт  
РАҚМЕТОВ Мақаш  
ТЕЛЖАНОВ Тұран

### КСРО-ның ҮЗДІК ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫСЫ

БӨЛЕКБАЕВ Нұраш



**II. Қазақ КСР-нің мемлекеттік марапаттарымен  
марапатталғандар**

**1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасы,  
Грамотасы және құрметті атақтар**

*Мұнайшының аты-жөні*

*Алған уақыты*

**ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ**

БӘШЕКОВ Сарым	
КЕНЖЕҒАЛИЕВ Серік	
ҚОЖАҒАЛИЕВ Ыдырыс	
ҚОНЫСБАЕВ Қадырғали	1985
ҚОНЫСБАЕВ Мұхамбет	
ҚҰЛОВ Аманкелді	
ҚҰРМАНҒАЗИЕВ Таскали	
МАРАБАЕВ Нәсіпқали	
МҮСАНҒАЛИЕВ Исламғали	1980
НҰРЖАНОВ Сағидолла	
ОРАЛОВ Таңбай	
ӨМІРЗАҚОВ Қойшығұл	
ӨСЕРБАЕВ Жаулыбай Сүйеуұлы	1981
УӘЛИЕВ Әшім	1976
ХАЙДАРОВ Ғаділше	
ІЗТҰРҒАНОВ Сапарғали Тасжанұлы	

**ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ГРАМОТАСЫ**

ТАРАБРИН Павел Иванович

**ЕСІМІ ҚАЗАҚ КСР-нің АЛТЫН ҚҰРМЕТ КІТАБЫНА ЕНГІЗІЛГЕН**

ТЕЛЖАНОВ Тұран

**ҚАЗАҚ КСР-інің ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МҮНАЙШЫСЫ**

АЙДЫНӘЛИЕВ Зияиддин	1971
МҰҚАНОВ Базарбай	
МАТАШЕВ Мүтиғолла	1966
НҰРЖАНОВ Сағидолла	1972
ТЕЛЖАНОВ Тұран	1981



*ҚАЗАҚ КСР-інің ҚҰРМЕТТІ МҮНАЙШЫСЫ*

ӘЖЕНОВ Сағидолла

1991

*ҚАЗАҚ КСР-ІНІҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫСЫ*

БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш

1981

*ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІ  
(ХШЖК) МЕДАЛІ*

ЕРҒАЛИЕВ Равиль Құсайынұлы (ҚКСР)

қола

**III. Қазақ КСР-нің депутаты болып сайланғандар**

*Мұнайшының аты-жөні*

*Сайланған уақыты*

*ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ*

ИСАЕВ Мусабек

1994-1995

МАРАБАЕВ Нәсіпқали

*АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕСІ*

ҚҰРМАНҒАЗИЕВ Тасқали

ЫҚСАНҒАЛИЕВ Рақым

*АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ КЕҢЕСІ*

ҚҰРМАНҒАЗИЕВ Тасқали

АЙТЖАНОВА Қамажай

1975-1989

*АУДАНДЫҚ КЕҢЕС*

ЖҰҚАТАЕВ Зәрип (Ембі)

1980-ші жж.

УӘЛИЕВ Әшім

ҚОНЫСБАЕВ Мұхамбет (Маңғыстау)

1939-1947

*КЕНТТІК КЕҢЕС*

ҚОНЫСБАЕВ Мұхамбет (Құлсары) 1950-1953

САЛЫҚОВ Халел (Сарыкамьс)



*АУЫЛДЫҚ, СЕЛОЛЫҚ КЕҢЕСТЕР*

АЙТЖАНОВА Камажай (Ақсай селолық)	1975-1989
ДОСЫМБЕТҰЛЫ Құрманбай (Жетібай селолық)	
ДОСЫМБЕТҰЛЫ Құрманбай (Новостройка селолық)	
УӘЛИЕВ Әшім (ауылдық)	

**IV. Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттарымен марапатталғандар**

**1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы**

<i>Марапаттың атауы және марапатталушының аты-жөні</i>	<i>Марапат алған жылы</i>
--	---------------------------

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ**

БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш	1995
ХИСМЕТОВ Асабай (қайтыс болғаннан кейін)	1995

**2. Қазақстан Республикасының орден-медальдарымен марапатталғандар**

<i>Марапаттың атауы және марапатталушының аты-жөні</i>	<i>Марапат алған жылы</i>
--	---------------------------

**«ПАРАСАТ» ОРДЕНІ**

ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2010
ЫБЫРАШЕВ Кенжебек Ниязұлы	2014

**«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ**

РАҚМЕТОВ Мақаш	
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	1999
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2001
ЫБЫРАШЕВ Кенжебек Ниязұлы	1997



*«АЛТЫН АЛҚА» ОРДЕНІ*

МАҚАТОВА Дәмелхан 24.9.2010

*«КҮМІС АЛҚА» ОРДЕНІ*

МАҚАТОВА Дәмелхан 14.12.2000

*«АСТАНА» МЕДАЛІ*

БИҒАЛИЕВ Ермекқали 1998

*«АСТАНАҒА 10 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

БАЛМУҚАНОВ Жаңабай 2008

СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы 2008

*«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
10 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

БИҒАЛИЕВ Ермекқали 2001

ДОСМУХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы 2001

ЫБЫРАШЕВ Кенжебек Ниязұлы 2001

*«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
20 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ЕЛЕУСІНОВ Қайырбай Елеусінұлы 2011

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы 2011

*«ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА 20 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы 2014

*«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ  
10 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы 2006

*«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ*

БИСӘЛИЕВ Төлеген Мұқанбетұлы

ДОСЫМБЕТҰЛЫ Құрманбай

ЖҮҚАТАЕВ Зәрип Жұқатайұлы

ЖҮМАҒАЛИЕВ Жақсыбек Әжіғалиұлы



РАҚМЕТОВ Мақаш  
СҮЛТАШЕВ Иван  
ЛНИЯСОВ Мұрат

2002

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
50 ЖЫЛДЫҒЫ» МЕДАЛІ*

БАЛМҰҚАНОВ Жаңабай  
ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай  
ЖҮСІП Аралбай Баймұқанұлы  
ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы  
НҮРХАНОВ Ержігіт  
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы

*«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
60 ЖЫЛДЫҒЫ» МЕДАЛІ*

БАЛМҰҚАНОВ Жаңабай  
БАЛМҰҚАНОВ Жәнібек  
ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай  
ЖҮСІП Аралбай Баймұқанұлы  
ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы  
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы

*«ТЫҢҒА 50 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

НҮРХАНОВ Ержігіт

2004

*«ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА 20 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы

*«ҚАЗАҚСТАН КЕДЕН ОРГАНДАРЫНА 20 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы

*«ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 20 ЖЫЛ» МЕДАЛІ*

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы

*«КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒУЫНЫҢ  
ЖЫЛДЫҚТАРЫ» МЕДАЛЬДАРЫ*

ЖҮҚАТАЕВ Зарип (15 жылдығы) 2004  
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы (10;15;20;25 жылдығы) 1999-2014



### 3. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Алғыс хатымен сыйланғандар

*Марапаттың атауы және  
марапатталушының аты-жөні*

*Марапат  
алған жылы*

АРАЛБАЕВ Аманкелді	
БАЙЗАҚОВ Төлеген Байзақұлы	
МАХАМБЕТОВ Екібай Жәрдемұлы	
МӘМБЕТОВ Максот Төлеуішұлы	2001
САРИЕВ Сүлеймен Қисымұлы	2001
САТАЕВ Кабас Нұғымашұлы	
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	

### 4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Алғыс хатымен сыйланғандар

*Марапаттың атауы және  
марапатталушының аты-жөні*

*Марапат  
алған жылы*

ДОСМҰХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы  
РАҚМЕТОВ Мақаш

### 5. Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен сыйланғандар

*Марапаттың атауы және  
марапатталушының аты-жөні*

*Марапат  
алған жылы*

ҚАДЫРАЛЫ Қазихан 1998  
ҚҰРМАНОВА Рәзия Әділбайқызы 2011





**6. Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болғандар**

*Марапаттың атауы және марапатталушының аты-жөні*

*Марапат алған жылы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ҚАЙРАТКЕР**  
Шырдабаев Мағауия Тәжіғараұлы 2006

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫСЫ**  
БӨЛЕКБАЕВ Нұраш Елеуұлы  
РАҚМЕТОВ Мақаш

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ БАРЛАУШЫСЫ**

ДОСМҰХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы 2005  
ЖОЛЫМБАЕВ Марат Түлкібайұлы 2010  
ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұкатайұлы 2003  
ӨРЕКЕШЕВ Серік  
РАҚМЕТОВ Мақаш 2008  
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы 2003  
ЫБЫРАШЕВ Кенжебек Ниязұлы  
ІЛИЯСОВ Мұрат

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН БАРЛАУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ**

ДОСМҰХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы 2003  
ЖОЛЫМБАЕВ Марат Түлкібайұлы 2005  
ЖҰҚАТАЕВ Зәрип Жұкатайұлы  
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы 2004  
ШАВАЛИЕВ Марат Харесұлы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН МҰНАЙШЫСЫ**

БӨЛЕКБАЕВ Нұраш Елеуұлы  
НҰРЖАНОВ Сағидолла



## КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

### МҰНАЙ - ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ

ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	2013
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2014

## 2. Қазақстан Республикасындағы мұнай өнеркәсібінің дамуына арналған төсбелгілермен сыйланғандар

*Марапатталушының аты-жөні*

### «КАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 90 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ

КЕНЖЕҒАЛИЕВ Аманжан	1989
НҰРЖАНОВ Асқар Сағидоллаұлы	1989

### «КАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 100 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ

АМАНҚҰЛ Әмен	1999
ӘБІЛҚАЙЫРОВ Нұржан	1999
БАЙЗАҚОВ Төлеген	1999
БАЙМАҒАМБЕТОВ Қайрат	1999
БАЛМУҚАНОВ Жаңабай	1999
БИҒАЛИЕВ Ермекқали	1999
БӨЛЕКБАЕВ Нұраш Елеуұлы	1999
БҮРГЕБАЕВ Рақым	1999
ҒАЛИЕВ Нұрлан Қисаұлы	1999
ЕЛЕУСІНОВ Қайырбай Елеусінұлы	1999
ЕРҒАЛИЕВ Равиль	1999
ЕСЕКЕНОВ Идеят Сәрсенұлы	1999
ЕСІМОВА Бұлдаш Борашқызы	1999
ЖАМАУОВ Жұмабек Қалдырбайұлы	1999
ЖИЕНБАЕВ Берік	1999
ЖҰҚАТАЕВ Зарип Жұқатайұлы	1999
ИМАНҒАЛИЕВ Базарбай	1999
ҚАДЫРБАЕВ Бекет	1999
ҚАЗИЕВ Әбдірақман Қайроллаұлы	1999
ҚАЛИЕВ Ерік Қайырбекұлы	1999



ҚАЛМУРАТОВ Ембі Санаұлы	1999
ҚИБАСОВ Қалдыбай Қибасұлы	1999
ҚҰРМАНҒАЗИЕВ Нұрлан	1999
МӘМБЕТОВ Максот Төлеуішұлы	1999
МҰҚАШЕВ Орынбасар	1999
НҰРХАНОВ Ержігіт	1999
НҰРХАНОВ Хамит Ержігітұлы	1999
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	1999
РАҚМЕТОВ Мақаш	1999
САРИЕВ Сүлеймен Қисымұлы	1999
СҰЛТАШЕВ Иван	1999
ШЫРДАБАЕВ Бағыт Тәжіғараұлы	1999
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	1999
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	1999
ЫБЫРАШЕВ Кенжебек Ниязұлы	1999
ЫСМАҒҰЛОВ Марат Тәжіаяқұлы	1999
ІЗТІЛЕУ Төлеген Қайрошұлы	1999

*«ЖАЙЫҚ МҮНАЙЫНЫҢ ИГЕРІЛУІНЕ 40 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2008
ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы	2008
МҰҚАШЕВ Орынбасар	2008
ХИСМЕТОВ Берік	2008

*«ДОССОР КЕН ОРНЫНЫҢ ИГЕРІЛУІНЕ 90 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

СҰЛТАНОВ Исламғали	
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2001

*«ДОССОР МҮНАЙ КЕН ОРНЫНА 100 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2011
ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы	2011
ҚАЗИЕВ Әбдірақман Қайроллаұлы	2011
НҰРХАНОВ Ержігіт	2011
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	2011
РАҚМЕТОВ Мақаш	2011
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2011
ЫСМАҒҰЛОВ Марат Тәжіаяқұлы	2011



*«ҚОСШАҒЫЛ МҮНАЙ КЕН ОРНЫНА 70 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2005
НҰРХАНОВ Ержігіт	2005
ТЕМІРТАШЕВ Асқар Әміргалиұлы	2005
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2005
БҰРЫСЖАНОВ Сейітқали Әміржанұлы	2005

*«МАҚАТ МҮНАЙ КЕН ОРНЫНА 90 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2005
ҚАЛИЕВ Ерік Қайырбекұлы	2005
НҰРХАНОВ Ержігіт	2005
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	2005
ТЕМІРТАШЕВ Асқар Әміргалиұлы	2005
ШЫРДАБАЕВ Бағыт Тәжіғараұлы	2005
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2005

*«ПРОРВА МҮНАЙЫНА 50 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2013
ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Серік Дінішұлы	2013
ЕРШИЕВ ҚАЙРАТ	2013
ХИСМЕТОВ БЕРІК	2013
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	2013
ШЫРДАБАЕВ Бағыт Тәжіғараұлы	2013
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	2013
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2013

*«МАҢҒЫСТАУ МҮНАЙЫНА 50 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы

*«ТЕҢІЗ КЕНІШІНЕ - 25 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ*

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2004
НҰРХАНОВ Ержігіт	2004
НҰРХАНОВ Хамит Ержігітұлы	2004
ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович	2004
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	2004
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2004
ІЛИЯСОВ Мұрат	

**«ТЕНІЗ КЕНІШІНЕ - 30 ЖЫЛ» ТӨС БЕЛГІСІ**

АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	2009
НҰРЖАНОВ Асқар	2009
РАҚМЕТОВ Мақаш	2009
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	2009
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	2009
ГЛИСОВ Мұрат	2009

**3.1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің мерейтойлық төс белгілері**

*Марапатталушының аты-жөні* *Алған жылы*

**«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ  
ЖЕҢІСТІҢ 55 ЖЫЛДЫҒЫ» ТӨС БЕЛГІСІ**

СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	2000
------------------------	------

**«1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ  
ЖЕҢІСТІҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫ» ТӨС БЕЛГІСІ**

БАЛМҰҚАНОВ Жәнібек	2005
ЖҰБАЕВ Ідріс Сәрсенғалиұлы	2005
ЖҮСПІ Аралбай Баймұқанұлы	2005
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	2005
РАҚМЕТОВ Мақаш	2005
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	2005

**4. Кен орнын тұңғыш ашушылар**

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Ашқан кен орнының атауы</i>
ӘЛЖАНОВ Жұмабек Әбішұлы	Ботақан
БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш	Теңіз, Ботақан, Шығыс Мақат, Прорва түсті металл, Мәтен және Ровное
ГАЛИЕВ Нұрлан Қисаұлы	Шығыс Мақат
ДОСМҰХАМБЕТОВ	Махамбет Жолдасқалиұлы Шығыс Мақат
ИГЛІК (ДӘУЛЕТОВ)	Қожыбай Әлжанұлы Таңатар, Досмұхамбетов, Прорва



МАХАМБЕТОВ	Екібай Жәрдемұлы Ботақан, Мәтен
РАҚМЕТОВ Мақаш	4 (Ботақан, Ровное)
ТІЛЕПОВ Өмірзақ	
ХИСМЕТОВ Асабай	Жетібай, Өзен, Тенге, Теңіз
ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович	Ботақан

### 5. Есімі Қазақстан Республикасындағы кең орындарына берілген азамат

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Кен орнының атауы</i>
НҮРЖАНОВ Сағидолла	Шығыс Прорва

### 6. Қазақстан Республикасындағы түрліше елді мекендердің Құрметті азаматтары

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Елді мекеннің атауы</i>
ХИСМЕТОВ Асабай (2010 ж.)	Атырау облысы
БАЙЗАҚОВ Төлеген	Мақат ауданы
ҚАДЫРӨЛІ Қазихан Байжанұлы	Мақат ауданы
ҚҰРМАНОВА Рәзия	Мақат ауданы
МАРАБАЕВ Нәсіпқали	Ақтау қаласы
МАРАБАЕВ Нәсіпқали	Жаңа Өзен қаласы
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	Мақат ауданы
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	Мақат ауданы, Жылыой ауданы



## 7. Қазақстан Республикасының Парламентіне және жергілікті мәслихаттардың депутаты болып сайланғандар

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>		<i>Сайланған уақыты</i>
<b>ПАРЛАМЕНТ</b>		
БИҒАЛИЕВ Ермекқали (Сенат)		1995-2002
<b>ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ</b>		
ЖҰҚАТАЕВ Зәрип (Атырау)		2003-2007
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы (Ақтау)		1999-2003
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы (Атырау)		1999-2012
<b>ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ</b>		
БИҒАЛИЕВ Ермекқали (Атырау)		1993-1995
<b>АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ</b>		
АЙТЖАН Қуаныш (Қызылқоға)		1999-2003
ИМАНДОСОВ Ғалымжан (Қызылқоға)		2003-2004

## 8. ТМД Жауынгер интернационалшылар кеңесінің «Ерекше қызмет үшін» естелік медалімен марапатталғандар

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>		<i>Алған уақыты</i>
ЖҰҚАТАЕВ Зәрип		2006
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы		2006

## 9. ҚР Ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының «ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕРІ» қауымдастығы кеңесінің шешімімен «Ұрыс әрекеттерінің ардагеріне» медалімен марапатталған

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>		<i>Алған уақыты</i>
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы		2007



#### IV. Түрліше сыйлықтардың иегерлері

*Мұнайшының аты-жөні*

*Сыйлықтың атауы*

**АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы** - *Халықаралық мұнай-газ кәсіподақтары конфедерациясы лауреатының алтын медалі (2010);*

**ДОСМУХАМБЕТОВ Махамбет Жолдасқалиұлы** - *KAZENERGY ассоциациясының «Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін» медалі*

**ЕЛЕУСІНОВ Қайырбай Елеусінулы** - *Халықаралық мұнай-газ құрылысы кешендерінің кәсіподақтары конфедерациясының сыйлығы (2004)*

**МӘМБЕТОВ Максәт Төлеуішұлы** - *Халықаралық мұнай-газ кәсіподақтары конфедерациясы лауреатының алтын медалі (2010);*

**ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы** - *Халықаралық Ғылым академиясының М.В. Ломоносов медалі;*

*Халықаралық Ғылым академиясының «Ғылым жұлдызы» ордені;*

*Халықаралық Ғылым академиясының «Құрмет Жұлдызы» ордені;*

*«Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының «Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер» атағы;*

*ҚР инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін берілген ҚР Индустрия және жаңа техно логия министрлігінің, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломы (22.04.2011ж.)*

**РАҚМЕТОВ Мақани** *KAZENERGY ассоциациясының «Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін» медалі*

**ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы** - *«Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының «Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер» атағы;*

*ҚР инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін берілген ҚР Индустрия және жаңа техно логия министрлігінің, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломы (22.04.2011ж.)*



**V. Түрліше төсбелгілердің иегерлері**

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Төсбелгінің атауы</i>	<i>Берілген жылы</i>
АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	Қазақстан Кәсіподақтары Федерациясының «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісі;	2008
	Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлері кәсіподағының «Құрмет белгісі»;	2008
	«Атырау облыстық кәсіподақтар федерациясына 60 жыл» төсбелгісі	
ЕЛЕУСІНОВ Қайырбай Елеусінұлы	ҚР Кәсіподақтарына сіңірген еңбегі үшін	2008
ЖҰҚАТАЕВ Зарип Жұкатайұлы	Ауған соғысының ардагері	1999
ЫСМАҒҰЛОВ Марат Тәжіаяқұлы	Польша Республикасының құтқарушысы; Халықаралық ИНСАМ кәсіпкерлік және басқару жоғары институтының «Мінсіз және іскер беделі үшін» алтын алқасы	
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	«Ауған соғысының ардагері» медалі;	2000
	«Қазақстан Республикасы Журналистер Одағына – 50 жыл» медалі	2009



## VI. Ғалымдары

<i>Ғалымның аты-жөні</i>	<i>Алған ғылыми дәрежесі</i>	<i>Алған ғылыми атағы</i>
АМАНҚҰЛ Әмен Сәбитұлы	геология-ми-нералогия ғылымдарының кандидаты	ҚазҰТУ-дің академиялық профессоры
БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш	геология-ми-нералогия ғылымдарының кандидаты (1971)	
БИҒАЛИЕВ Ермекқали Аққалиұлы	техникалық ғылымдардың кандидаты	Атырау мұнай-газ институтының доценті
ЖОЛЫМБАЕВ Марат Түлкібайұлы	техникалық ғылымдардың кандидаты	
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	техникалық ғылымдардың кандидаты	«Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының академигі
РАҚМЕТОВ Мақаш		Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары Академиясының толық мүшесі



ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	экономика ғы- лымдарының докторы	ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және «Тіршіліктің қауіпсіздігі мен экологиясы» халықаралық академиясының академигі, профессор
ЫБЫРАШЕВ (ИБРАШЕВ) Кенжебек Ниязұлы	техникалық ғылымдардың кандидаты	

**VII. Атырау өңірінде жұмыс жасаған Бұрғылау  
жұмыстарының мекеме-кәсіпорындарының басшылары**

**1. Бұрғылау жұмыстарының Прорва кеңсесінің алғашқы  
бірінші басшылары**

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Туған жылы</i>	<i>Басшы болған уақыты</i>	<i>Лауазымы</i>
МАТАШЕВ Мүтиғолла	1916-1991	1963-1971	директор
ҚУАНТЫРОВ Хамза	1929 ж.т.	1963-1971	бас инженер
ДӘУЛЕТОВ Қожыбай	1917-1978	1963-1966	бас геолог
УӘЛИЕВ Әшім		1963-1978	ӨТБ бастығы
МАРАБАЕВ Нәсіпқали	1937-2009	1963-	инженер-геолог
РАҚМЕТОВ Мақаш	1932 ж.т.	1963-1977	аға геолог



## 2. Балықшы барлама бұрғылау басқармасының алғашқы басшы қызметкерлері

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Туған жылы</i>	<i>Басы болған уақыты</i>	<i>Лауазымы</i>
МАТАШЕВ Мүтиғолла	1916-1991	1971-1972	басқарма бастығы
ҚУАНТЫРОВ Хамза	1929 ж.т.	1972-1973	бас инженер
БАЛҒЫМБАЕВ Мақаш	1931-2005		бас геолог
САЛЫҚОВ Халел	1926-1998	1963-1978	басқарма бастығының орынбасары
МАХАМБЕТОВ Екібай	1940-2004	1963-	ӨТБ бастығы

## 3. Балықшы барлама бұрғылау басқармасының бірінші басшылары

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Туған жылы</i>	<i>Басы болған уақыты</i>	<i>Лауазымы</i>
МАТАШЕВ Мүтиғолла	1916-1991	1971 -1972	басқарма бастығы
ШИЛИМОВ Е.Л.	1953-2004	17.11.1972 - 22.3.1973	басқарма бастығының міндетін уақытша атқарушы
ХИСМЕТОВ Асабай	1928-1987	1973-1985	басқарма бастығы
БАЙЗАҚОВ Төлеген	1944 ж.т.	1985-1987	басқарма бастығы
ПАНКОВ А.В.		1988-1988	басқарма бастығы



ПЕТРОВ Леонид	1940-2004	1988-1991	басқарма бастығы
ЫБЫРАШЕВ Кенжебек	1958 ж.т.	1991-1993	басқарма бастығы
ІЛИЯСОВ Мұрат	1941 ж.т.	1993-1995	басқарма бастығы
ТІЛЕГЕНОВ Аман	1957 ж.т.	1995-1998	басқарма бастығы

#### 4. Бұрғылау жұмыстарының Каспий өңірлік басқармасының бірінші басшылары

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Туған жылы</i>	<i>Басшы болған уақыты</i>	<i>Лауазымы</i>
МАХАМБЕТОВ Екібай	1940-2004	1977-1986	басқарма бастығы
ИСАЕВ Мусабек	1947 ж.т.	1986-1988	басқарма бастығы

#### 5. «ҚазМұнайГаз» сервистік бұрғылау кәсіпорнының бірінші басшылары

<i>Мұнайшының аты-жөні</i>	<i>Туған жылы</i>	<i>Басшы болған уақыты</i>	<i>Лауазымы</i>
ИМАНДОСОВ Қуаныш		1998-1999	бас директор
ТІЛЕГЕНОВ Аман		1999-2001	бас директор
НҰРЖАНОВ Асқар		2001-2007	бас директор
ХИСМЕТОВ Берік		2007-2008	бас директор
ЖАМАУОВ Жұмабек		2008-2012	бас директор

*А.Әміржанұлы құрастырды*



## IV. ЕСІМНАМАНЫҢ ӘРІПТІК КӨРСЕТКІШІ

А.	
АБАЙ	203
АБЫЛАЕВА (Шалабаева) Халима	103.
АБЫЛАЕВ Кенжебай	103.
АВРОВ В.П.	39
АГУЖЕВ В.В.	277.
АЙБОЛОВ Қ.	38.
АЙДЫНӘЛИЕВ Зияидин	60,104, 294.
АЙТЖАНОВА Қамажай Қожағалиқызы	104, 295.
АЙТЖАН Қуаныш Елдебайұлы	4,12, 105, 286, 302, 303, 304, 306, 307, 308
АЙТЖАНОВ Алмас Айтжанұлы	106.
АҚҚАЛИЕВ Нұрым	106, 288, 289.
АҚМОЛДИЕВ Ө.	38.
АҚМҰРЗИЕВ Шораш	107.
АЛАНОВ Таңатар	107.
АЛДАҚОВ Жаулыбай	38.
АЛДАҚОВ Өтеулі	38.
АЛЕКСАНДРОВ Н.В.	33.
АЛПЫСБАЕВ Еркінғали	38.
АЛТАЕВ Айдар	38.
АМАНБЕРДИЕВ Ермаш	38.
АМАНҒАЛИЕВ Сағын	108, 282.
АМАНКЕЛДИН Сәлкен	108, 282
АМАНҚҰЛ Әмен Сәбитұлы	109, 281, 290, 293, 301, 309.
АМАНҚҰЛОВА Сәбира Рақметқызы	110.
АМАНҚҰЛОВ Болат Рақметұлы	110.
АМАНҚҰЛОВ Марат Рақметұлы	111.
АМАНҚҰЛОВ Рақмет Сәбитұлы	111.



АМАНШИЕВ Байғана Аманшаұлы	112.
АРАЛБАЕВА (Сарықұлова) Айкүміс	113.
АРАЛБАЕВ Аманкелді Сейітқалиұлы	4, 112, 285, 299
АРАЛБАЕВ Елекбай Сейітқалиұлы	114.
АРАЛБАЕВ Қобдабай Сейітқалиұлы	115
АРАЛБАЕВ Серік Сейітқалиұлы	115.
АРАЛБАЕВ Төлеген Сейітқалиұлы	116.
АРСЫЛАНОВ Жүсіп	38.
АРЫСТАНБАЙ Сырым Дүйсенбайұлы	117.
АТШЫБАЕВ Б.М.	34.
АСАБАЕВ Есім	38.
АУҚАТОВ Қалипа	38.
АУЫСНИЯЗОВ Аққали	38.
АУЫСНИЯЗОВ Аманғали	38.
АФНАСЬЕВ С.М.	274, 275.
АЯЗБАЕВ Ұзақбай	38.
АЯЗБАЕВ Хансұлтан	38.
Ә.	
ӘБДІРАҚМАНОВ Ұлықпен	38.
ӘБЖАНОВ	37.
ӘБУЕВ Б.	78, 279.
ӘБІЛҚАЙЫРОВ Нұржан	118, 301.
ӘБІЛҚАЙЫРОВ Нұрғали Қабдығалиұлы	118.
ӘБІШЕВ Аймағамбет	38.
ӘЖЕНОВ Сағидолла Серікбайұлы	119, 290, 293, 295.
ӘЖІБАЕВ Жұмакерей Шакешұлы	120.
ӘЖІБАЕВ Сәдір	38.
ӘЖІҒАЛИЕВ Мақсат	120.
ӘКІМОВ Бағытжан	121.
ӘЛЖАНОВ Жұмабек Әбішұлы	122, 304.
ӘЛ-ФАРАБИ	198.



ӘМІРЖАНУЛЫ Аманғали	4, 12, 15, 332, 333, 334, 335.
ӘУБӘКІРОВ Бақтығали	38
<b>Б.</b>	
БАБАСОВ Әбіл	123.
БАЙАРЫСТАНОВ Әбдеш	38.
БАЙБАКОВ Н.К.	9.
БАЙЗАҚОВ Жолдас	123.
БАЙЗАҚОВ Төлеген Байзақұлы	4, 12, 63, 80, 88, 89, 284, 286, 287, 299, 301, 305, 311, 333.
БАЙЗОЛЛИЕВ Мехмет	38.
БАЙМАҒАМБЕТОВ Қайрат Мәтжанұлы	124, 301.
БАЙМАҒАМБЕТОВ Сүйеуғали	38
БАЙТАҚОВ Н.	274.
БАЛҒЫМБАЕВ Аманқос Өтәліұлы	124.
БАЛҒЫМБАЕВ Бауыржан	125.
БАЛҒЫМБАЕВ (БАЛГИМБАЕВ) Мақаш	39, 60, 63, 76, 126, 281, 283, 293, 295, 296, 304, 309, 311, 334.
БАЛҒЫМБАЕВ Мұрат Қойшығараұлы	127.
БАЛҒЫМБАЕВ Нұрман	126.
БАЛЖАНОВ Асқар Құмарұлы	127.
БАЛЖАНОВ Құмар	39
БАЛЖАНОВ Құспан	128.
БАЛЖАНОВ Тұрышбай	38.
БАЛКЕНЖИЕВ Зинел	38.
БАЛМУҚАНОВ Жаңабай	128, 284, 286, 289, 290, 291, 292, 297, 298, 301.
БАЛМУҚАНОВ Жәнібек	129, 298, 304.
БАРЫЛЬНИК А.А.	280.





БӘШЕКОВ Сарым	39, 129, 280, 281, 288, 294.
БЕКНАЗАРОВА Марфуга	130, 283, 290.
БЕКТЕНОВ М.	333
БЕКТҮРЛИН Меңдеш Өтебайұлы	131, 282, 290.
БЕРДИЕВ Қыдыр	38.
БЕРДІҒОЖИН Орынбай Адайұлы	55.
БЕРМАҒАМБЕТОВ Нәзен	38.
БИҒАЛИЕВ Ермекқали Аққалиұлы	131, 283, 284, 293, 297, 306, 309.
БИКТАШЕВ Рифат Хусанович	132.
БИСӘЛИЕВ Төлеген Мұхамбетұлы	133, 284, 297.
БИСЕКЕНОВ Қанатқали	134.
БИСЕНБАЕВ Ақтөрес	38.
БИСЕНҚҮЛОВ Қуанышқали	134.
БОГДАНОВ А.А.	33.
БОГУШЕВСКИЙ А.А.	33.
БОҚАЕВ Далапқали	38.
БОНДАРЧУК Ф.	75.
БӨЛЕКБАЕВ Нұраш Елеуұлы	135, 293, 300, 301, 334.
БҮРХАНОВ Мәжит Тасқалиұлы	136.
БҮРГЕБАЕВ Рақым	137, 301.
<b>В.</b>	
ВАНТКЕ К.И.	35.
ВАРОЧКИН Владимир Ильич	137.
<b>Г.</b>	
ГАВРИЛИН С.И.	35.
ГАЛЬПЕРСОН	7
ГАРАЙЗУЕВ Мағомед Исранұлы	138, 289.
ГЕРШМАН Г.И.	269.
ГЛАДЫШЕВ В.Н.	49.
ГРЕЧАНИК	275.



ГРИГОРЯН Н.Г.	33.
ГУБКИН И.М.	61,92,93, 232.
Г.	
ГАБДОЛЛИН Махмұт Мағзомұлы	139.
ГАЙНЕЛҚЫЗЫ Мақлуза	333.
ГАЛИЕВА Әмина	139.
ГАЛИЕВ Қиса Қарекенұлы	140.
ГАЛИЕВ Нұрлан Қисаұлы	140, 301, 304.
ГАЛЫМОВ Фатих	38.
ГҰБАЙДОЛЛИН Сәбит Камалұлы	141.
Д.	
ДАТҰЛЫ С.	206.
ДӘРІҒҰЛОВ Ертаң	38.
ДӘУЛЕТІЯРОВ Фаткулла	141.
ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ Кеңес Рақымұлы	142.
ДӘУЛЕТОВ Әбсамағ	142.
ДӘУЛЕТОВ Әділбай	143.
ДӘУЛЕТОВ Ербол	144.
ДӘУЛЕТОВ (ИГЛІК) Қожыбай	57, 172, 266, 304, 310.
ДӘУЛЕТОВ Тоғызбай	39.
ДӘУЛЕТОВ Шайқым	38.
ДОСЖАНОВ Айтқали	144, 290.
ДОСМҰҚАНОВ Нәбидолла	145.
ДОСМҰХАМБЕТОВ Жолдасқали	38, 57, 64, 66, 67, 68, 80, 270.
ДОСМҰҚАМБЕТОВ Беркінғали	39.
ДОСМҰХАМБЕТОВ Махамбет	144, 297, 299, 300, 304, 307.
ДОСМҰХАМЕДУЛЫ Халел	234, 257.
ДОСЫМБЕТҰЛЫ Құрманбай	146, 296, 297.
ДУЛАТИ М.	257.
ДҮЙСӘЛИЕВ (ДОСАЛИЕВ) Әубәкір	33, 38.



ДҮЙСЕНОВА Қаламқас	147, 289, 290.
ДҮТБАЕВ Ермек	38.
ДІҢҒАЛИЕВ Сембай Мәтжанұлы	147.
Е.	
ЕЛАМАНОВ Б.	39.
ЕЛЕУЛИЕВ Шүрен	38.
ЕЛЕУСІНОВ А.	334
ЕЛЕУСІНОВ Әбіл	38
ЕЛЕУСІНОВ Қайырбай Елеусінулы	148, 287, 297, 301, 307, 308.
ЕЛКИН	55.
ЕРҒАЛИЕВ Аманкелді Ермекқалиұлы	149, 289.
ЕРҒАЛИЕВ (ИРҒАЛИЕВ) Равиль	150, 293, 295, 301.
ЕРЖАНОВ Боран	38
ЕРЖАНОВ Жұмабай Ержанұлы	80, 151, 280, 288, 290, 293.
ЕРКЕНОВ А.Р.	79.
ЕРШИЕВ Қайрат Тұрланұлы	151, 303.
ЕСЕКЕНОВ (ИСЕКЕНОВ) Жолдасқали	152
ЕСЕКЕНОВ Идеят Сәрсенұлы	153, 301.
ЕСЕНБАЕВ Бағытқали Мақажанұлы	153.
ЕСЕНБАЕВ Жаңбырбай	154, 289, 292, 298.
ЕСҚАЗИЕВ О.	39, 284, 333.
ЕСҚАРИЕВ Рамазан	38.
ЕСҚОЖИЕВ Бітімғали Сапаулы	154.
ЕСМАҒАМБЕТОВ Әскер Рақметжанұлы	155.
ЕСІМОВА Бұлдаш Борашқызы	156, 301.
Ж.	
ЖАҚСЫЛЫҚОВ Қанатқали	156, 292.
ЖАҚЫПОВ (ЯКУБОВ) Нәжімеден	14, 157.



ЖАЛҒАСБЕКОВ Ізбасар	158.
ЖАМАНБАЕВ Тілекқабыл	158.
ЖАМАНСАРИНЕВ Жылқыбай	159, 282, 285.
ЖАМАУОВ Асқар Қадырбайұлы	160.
ЖАМАУОВ Әскер Қадырбайұлы	160.
ЖАМАУОВ Жұмабек Қадырбайұлы	4, 90, 297, 298, 301, 302, 312
ЖАНӘБЛЛОВ Бақыт	78, 161, 279.
ЖАНБОСЫНОВ Зейнеш	161.
ЖАНҒАЛИЕВ Ақас	162.
ЖАРАСОВ Бекболат	162.
ЖАРЫЛҒАС Қайрақ Жолмағамбетұлы	163, 290.
ЖӘЛЕЛОВ Х.	78, 279.
ЖИЕНБАЕВ Берік Кеңебекұлы	163, 301.
ЖОЛАМАНОВ Әмір	38.
ЖОЛАМАНОВ Майшенгел	38.
ЖОЛДАСОВА Бибіш	38.
ЖОЛДАСОВ Едіге	164.
ЖОЛДАСОВ Серік	164.
ЖОЛЫМБАЕВ Марат Түлкібайұлы	165, 285, 300, 309.
ЖУКОВ Георгий Константинович	129, 235, 292.
ЖУБАЕВ Ідіріс Сәрсенғалиұлы	75, 166, 289, 290, 293, 304.
ЖУҚАТАЕВ Зарип Жұқатайұлы	167, 293, 295, 298, 300, 301, 306
ЖУМАҒАЗИЕВА Қ.	334.
ЖУМАҒАЛИЕВ Балтабек	168.
ЖУМАҒАЛИЕВ Жақсыекен Әжіғалиұлы	168, 288, 290, 297
ЖУМАҒАЛИЕВ Муса	169
ЖУМАҒАЛИЕВ Рақым Сарыұлы	169.
ЖУМАЛИЕВ Жолдас	63, 74, 80, 170, 280.



ЖҰМАТОВ Меңдіғали	170.
ЖҰМАШЕВ Жанғожа	39.
ЖҮСІП Аралбай Баймұқанұлы	171, 280, 290, 291, 296, 292, 298, 304.
ЖҮСІПОВ Бақтығали	172.
<b>З.</b>	
ЗОРБАЕВ Сабырғали	33,38
ЗЫКОВ Иван	38.
<b>И.</b>	
ИБРАШЕВ (ЫБЫРАШЕВ) Кенжебек	98, 284, 287, 296, 297, 300, 302, 310, 312
ИГЛІК (ДӘУЛЕТОВ) Қожыбай	57, 172, 266, 304, 310.
ИЛҮЯСОВ (ЛИЯСОВ) Мұрат Илиясұлы	99, 298, 300, 303, 304, 312.
ИМАНҒАЛИЕВ Базарбай	173, 301.
ИМАНДОСОВА Қаламқас Тынышбекқызы	174.
ИМАНДОСОВ Әлімгерей Үмітбекұлы	174.
ИМАНДОСОВ Ғалымжан Тынышбекұлы	174, 306.
ИМАНДОСОВ Қуаныш	91, 312.
ИМАШЕВ Нәрен	38.
ИРҒАЛИЕВ (ЕРҒАЛИЕВ) Равиль	150, 293, 295, 301
ИСАЕВ Мұсабек	92, 283, 295, 312.
ИСАТАЙ	34.
ИСЕКЕНОВ (ЕСЕКЕНОВ) Жолдасқали	150, 293, 295, 301
ИСМАҒҰЛОВ (ЫСМАҒҰЛОВ) Марат	4, 261, 302, 308
<b>К.</b>	
КАЗАКОВ	7,
КАПЕЛЮШНИКОВ М.А.	33,
КАЧАРАВА И.Н.	274
КЕНЖЕБАЕВ Марат Әбілқайырұлы	175.



КЕНЖЕҒАЛИЕВ Аманжан	176, 301.
КЕНЖЕҒАЛИЕВ Серік	176, 294.
КЕНЖИЕВ Аманқұл	177, 289.
КЕНЖИН Хамит	75, 177, 288, 289, 290.
КИРОВ С.М.	108, 198, 215, 225, 262.
КИТИН Г.Д.	273.
КОРОТИН	7.
КОЦУБНЯК А.И.	79.
КРЕПОСТИН И.С.	39,49.
КУЗНЕЦОВ Н.	80.
КУЛИЧЕНКО В.Г.	334.
<b>К.</b>	
ҚАБЫЛАНБАЙ батыр	34.
ҚАБЫЛАНБАЕВ	34.
ҚАДЫРӘЛІ Қазихан Байжанұлы	178, 299, 305.
ҚАДЫРБАЕВ Бекет	179, 301.
ҚАЗИЕВ Әбдірахман Хайроллаұлы	180, 299, 300.
ҚАЗИЕВ Бақытжан Ығылманұлы	181, 293.
ҚАЙЫРБЕК Жанас	182.
ҚАЛИЕВ Ерік Қайырбекұлы	182, 301, 303
ҚАЛИЕВ Қайырбек Аманжолұлы	183, 288, 289, 290, 291, 298.
ҚАЛМЕНОВ К.	35.
ҚАЛМҰРАТОВ Ембі Санаұлы	184, 302.
ҚАЛЫМБЕТОВ Бактыбай	39.
ҚАМИЕВА Гүлнәр	184.
ҚАНАШЕВ Боранбай Қанашұлы	185.
ҚАПАНОВ Валерий Төлеуұлы	185.
ҚАПАШЕВ Қуан	186.
ҚАРАЖАНОВ Ақат Бисембайұлы	186.
ҚАРАМЕНДИЕВ Шуаккали	36,38.
ҚАРАМҰРЗИЕВ Бисен	39,55.



ҚАСБАЕВ Серік	186.
ҚАТЕШОВА А.	333.
ҚИБАСОВ Қалдыбай Қибасұлы	187, 302.
ҚИСЫҚБАСОВ Берден	187.
ҚОЖАҒАЛИЕВ Ыдырыс	188, 294.
ҚОНАЕВ Д.А.	143.
ҚОНЫСБАЕВ Қадырғали	188, 290, 294, 333.
ҚОНЫСБАЕВ Мұхамбет Қонысбайұлы.	189, 266, 291, 294, 295
ҚОНЫСБАЕВ Мырзағали	190, 289, 290, 291, 302, 304
ҚОНЫСБАЕВ Темірбек Мұхамбетұлы	191.
ҚОНЫСБАЕВ Тынышбек Мырзағалиұлы	191.
ҚОРЖЫМБАЙ Ғабит Тасеменұлы	192.
ҚОРҚЫТОВ Қазбек Берікұлы	193.
ҚУАНТЫРОВ Қазыбек Әбуұлы	193..
ҚУАНТЫРОВ Қамза (Хамза)	39, 57, 60, 64, 74, 75, 194, 266, 293, 310, 311
ҚУАНЫШЕВ Д.	78.
ҚҮЛБАЕВ Түлкібай Исламұлы	194.
ҚҮЛГЕЛДИЕВ Төлеш	39.
ҚҮЛҒАЗИЕВ Байқаден Мырзағалиұлы	195.
ҚҮЛИЕВ Ж.	333.
ҚҮЛМАҒАМБЕТОВ Ермекбай Өрбісінұлы	195.
ҚҮЛМАҒАМБЕТОВ Өрбісін	196.
ҚҮЛМАҒАМБЕТОВ Серік Дінішұлы	195.
ҚҮЛОВ Аманкелді	196, 294.
ҚҮРДАШЕВ Жексенбай	197
ҚҮРМАНҒАЗИЕВ Нұрлан Тасқалиұлы	197, 302.
ҚҮРМАНҒАЗИЕВ Тасқали	198, 294, 295.



ҚҰРМАНҚҰЛОВ Аманжол Қойшыекенұлы	198.
ҚҰРМАНОВА Рәзия Әділбайқызы	199, 299, 305.
ҚҮСЕТДИНОВ Жисенғали	38.
Л.	
ЛАНГАВА Р.И.	35,49.
ЛЕНИН В.И.	61, 90, 91, 94, 95, 244, 260, 261, 263.
ЛОМОНОСОВ М.В.	220, 236.
ЛЫСЯНСКИЙ Г.Н.	46.
ЛЮБЕНКО	8.
М.	
МАҚАТОВА Дәмелхан	200, 289, 290, 292, 297.
МАҚАШЕВ Қосымбай	201.
МАҚУТОВ Әбілғазым	38.
МАЛЫШЕВ	115.
МАРАБАЕВ Нәсіпқали	201, 288, 294, 295, 305, 310, 334.
МАСАЛОВ Хатим	202.
МАТАШЕВ Мәжит	333.
МАТАШЕВ Мүтінғолла	39, 49, 57, 60, 61, 74, 93, 266, 274, 276., 279, 289, 294, 310, 311
МАХАМБЕТ	34, 60.
МАХАМБЕТОВА Оқиза Әбілқызы	202.
МАХАМБЕТОВ Екібай Жәрдемұлы	60, 63, 75, 93, 278, 280, 299, 305, 311, 312
МАХАМБЕТОВ Ким Жәрдемұлы	203.
МАХАМБЕТОВ Қалила	38.
МАХМУТОВ Теміржан	203.
МӘМБЕТӘЛИЕВ Сағызбай	204.
МӘМБЕТОВ Мақсәт Төлеуішұлы	4, 204, 299, 302, 307.
МЕРГЕНОВ Қуаныш	205.





МЕРҒАЛИЕВ Шоқан	38.
МИЗАМҒАЛИЕВ Байназар Жексенұлы	205.
МИЛЛИОНЩИКОВ И.Д.	117, 212.
МИСЮТА Нина Романовна	206.
МИХАЙЛОВ	7.
МОЛЯВКО Г.И.	334.
МОМЫШҰЛЫ Бауыржан	123.
МОХОРОВИЧ	41
МУНЬЯНОВА Светлана	286, 333.
МУСИН Мұрат Мусаұлы	206.
МУҚАЕВ Бақытжан	207.
МУҚАМБАЕВ Ақаш	38.
МУҚАНОВ Амантай	207.
МУҚАНОВ Базарбай	38, 208, 288, 294.
МУҚАШЕВ Орынбасар	208, 286, 302
МУҚАШЕВ С.К.	9.
МУСАНҒАЛИЕВ Исламғали	209, 294.
МЫҢБАЕВ Марат	209.
МЫРЗАҒАЛИЕВ Д.	332.
МЫРЗАҒҰЛ Нұржан Қадиеұлы	210.
<b>Н.</b>	
НАЗАРБАЕВ Н.Ә.	5,90, 102, 231, 247, 258, 264, 332.
НАЗАРҒАЛИЕВ Бактыбай	210.
НАМАЗҒАЛИЕВ Әбетісан	211, 288.
НАРИНЯН А.М.	35.
НАУРЫЗБАЕВ Аманбай Балжігітұлы	211.
НОБЕЛЬ	36.
НОВИКОВ Алексей Сергеевич	212.
НУРҒАЛИЕВ Бақытжан Алданғанұлы	212.
НУРҒАЛИЕВ Мақсотжан Алданғанұлы	213.



НҰРЖАНОВ Асқар Сағидоллаұлы	94, 300, 301, 304, 312
НҰРЖАНОВ Сағидолла	69, 214, 279, 280, 282, 288, 294, 300, 305, 333
НҰРХАНОВ Ержігіт	214, 289, 291, 292, 293, 298, 302, 303, 333
НҰРХАНОВ Хамит Ержігітұлы	216, 302, 303.
О.	
ОГАЙ К.	80.
ОРАЗАЛИЕВА Г.	334
ОРАЗОВ Тілекбай	217.
ОРАЛОВ Ермек Кенжеғалиұлы	217.
ОРАЛОВ Таңбай	218, 294.
ОРДАБАЕВ Ш.	274.
ОРЖАНОВ Әбугали	218, 334
ОРЖАНОВ Табын	274.
ОРЫНБАСАРОВ Қобыланды Алпамысұлы	218.
ОРЫНБАСАРОВ Сембай Жолдасұлы	219.
ОСТРОВСКИЙ А.П.	33.
Ө.	
ӨМІРЗАҚОВ Қойшығұл	219, 293.
ӨМІРЗАҚОВ Хамит Қойшығұлұлы	219.
ӨРЕКЕШЕВ Сәрсен	37, 333
ӨРЕКЕШЕВ Серік Сәрсенұлы	4, 12, 220, 287, 300, 303, 301, 302, 303, 305, 307, 309.
ӨСЕЕВ (УСЕЕВ) Аққозы Сақышұлы	221.
ӨСЕРБАЕВ Жауылбай Сүйеуұлы	221, 289, 290, 291, 292, 294.
ӨТЕБӘЛИЕВ Темірғали Әділғалиұлы	222.
ӨТЕГЕНОВ Жолдасқали Есболғанұлы	222.
ӨТЕПҚАЛЕВ Абат	222
ӨТЕПОВ Сырым	223.



ӨТЕУЛИЕВ Бисенғали	38.
ӨТЕУОВ Иманбай	223.
ӨТЕШОВ Досан	223.
<b>П.</b>	
ПАНГЕРЕЕВ Амантай	224.
ПАНКОВ А.В.	311.
ПАРИТОВ Талғат	225.
ПЕТРОВ	7.
ПЕТРОВ Леонид	312.
ПРЕСС Е.Г.	269.
ПРИДАНОВА	275.
ПРОНИН В.И.	36.
<b>Р.</b>	
РАҚМЕТОВ Мақаш	39, 63, 225, 289, 290, 293, 296, 298, 299, 300, 301, 304, 309, 310.
РАҚЫШЕВ Сисен	36.
РЖЕВСКИЙ Виктор Васильевич	289.
РОМАНОВ	35.
РЫЖЕВСКИЙ А.И.	270.
РЫСЖАНОВ (ЫРЫСЖАНОВ) Сейітқали Әміржанұлы	260, 303.
<b>С.</b>	
САБЫРОВ Жұмабай Сабырұлы	227.
САҒЫНҒАЛИЕВ (Сағинғалиев Б.) Бөлекбай	6, 8, 9, 276, 277, 278, 334
САДЫҚОВ Қайреден Жұмабайұлы	227.
САЛЫҚОВ Халел	74, 228, 295, 311.
САМАРХАНОВА Сүйрік	38.
САМОЙЛОВ В.А.	63.
САНЖАРОВ Ізімберген	228.
САППАЕВ (САПБАЕВ) Сабыр Сәрсенұлы	228.



САПШАЕВ (САПБАЕВ) Сайын Сәрсенұлы	229, 272.
САРИЕВ Боранбай Дүйсенұлы	229.
САРИЕВ Жексен	230.
САРИЕВ Сүлеймен Қисымұлы	230, 299, 302.
САРТАЛИЕВ Марат Рашидулы	231.
САСАБАЕВ Жылгелді	232.
САТАЕВ Қабас Нұғымашұлы	231, 289, 291, 292, 299.
САУРАНБАЕВ Күнжарық	232.
СӘТБАЕВ Қ.И.	109, 116.
СВЕРБИХИНА Ирина Ивановна	232.
СЕЙТАЕВ Жәніс Сейтжапарұлы	233.
СЕМҒАЛИЕВ Аманжан Сайынұлы	234.
СИСЕНҒАЛИЕВ Амангелді Салауатулы	234.
СИСЕНОВ Серік Жолдасұлы	235.
СИСЕНОВ Шайыр Сисенұлы	235, 289, 291, 292, 297, 298, 304
СМАДИЯР Қ.	334
СМИЛГА	10.
СМИРНОВ И.Г.	36.
СПАН Ә.	334
СҰЛТАНҒАЛИЕВ С.	334
СҰЛТАНҒАЛИУЛЫ Қ.	330, 334.
СҮЙІНБАЙ Т.	334.
СҰЛТАНОВ Ислам	237, 302.
СҰЛТАШЕВ Иван	237, 290, 298, 302.
СҮЙЕСІНОВ Аманжол Дүйсенұлы	236.
СҮЙЕСІНОВ Мұқан	38.
СҮЛЕЙМЕНОВ Борис	236.
Т.	
ТАҢАТАРОВ Тәжік	38.



ТАҢҚИЕВ Жалғас	238.
ТАҢҚЫБАЕВ Ж.Ә. (ТАНКИБАЕВ Ж.А.)	269.
ТАПАЛОВ Ашықбай	238, 288.
ТАПАШЕВ Е.	78.
ТАРАБРИН Вячеслав Александрович	239.
ТАРАБРИН Павел Иванович	239, 294.
ТАРАСОВ Геннадий Михайлович	239.
ТАРБАҚОВ Мұрат Сарыұлы	240.
ТАРДОНОВ Б.К.	63.
ТАСТАМБЕКОВ Е.	275
ТАСТАНБЕКОВ Сатыбалды	240..
ТЕЛЖАНОВ Тұран	240, 288, 293, 294.
ТЕЛШЕВА Самат	241.
ТЕМІРҒАЛИЕВ (ТЕМИРҒАЛИЕВ ) Г.Е.	36, 38.
ТЕМІРТАШЕВ Асқар Әмірғалиұлы	242, 303.
ТЕРЕНТЬЕВ	8.
ТИТОВ В.К.	289.
ТӨЛЕУБАЕВ Қалаубай Қибасұлы	243.
ТӨЛЕУОВ Жексенбай	244.
ТӨРӘЛИЕВ Қалман	33.
ТУХВАТУЛЛИН Идият Сафиуллинович	75, 244, 289, 290
ТУХВАТУЛЛИН Мансур Идиятұлы	245.
ТУХВАТУЛЛИН Марат Идиятұлы	245.
ТҮҚПАТОВ Зайден	245.
ТҮСПҚАЛИЕВ Наурызбай (Науан)	246.
ТІЛЕГЕНОВ Амангелді Жұбайдоллаұлы	95, 312
ТІЛЕГЕНОВ Аманжол Жұбайдоллаұлы	246.
ТІЛЕМІСОВ (ТЛЕМИСОВ) К.Ж.	277.



ТЛЕПОВ Өмірзақ		247, 305.
Ү.		
УӘЛИЕВ Әшім		57, 248, 290, 294, 295.
УӘЛИХАНОВ (ШОҚАН)		60.
ҮРІСТЕМБАЕВ		275
УСЕЕВ (ӨСЕЕВ) Аққозы Сақыпұлы		221.
Ү.		
ҰЛЫҚПАНОВ (ЛУКМАНОВ) Кенжегазы		34.
Ү.		
ҮМБЕТЖАНОВ Серікбайұлы	Дүйсенбай	248.
ҮРІСТЕМБАЕВ		275.
ҮСЕНОВ Д.		49.
Ф.		
ФИЛАНОВСКИЙ		7, 8.
ФОКИНА		8.
ФРАНЧУК В.П.		334.
Х.		
ХАЙДАРОВ Ғаділше		249, 287, 293.
ХАЛЕЛОВ Асқар Мазанұлы		249.
ХАСАНОВ Д.		332.
ХАСАНОВ Еламан		250.
ХИСМЕТОВ А. (Асабай Хисметұлы)		39, 61, 63, 77, 95, 278, 281, 283, 286, 288, 296, 311, 333
ХИСМЕТОВ Берік		96, 302, 303, 312.
ХРУЛЕВ Николай Сосипатрович		251, 290, 291.
Ц.		
ЦИЦЕРОН		60.
Ч.		
ЧЕРДАБАЕВ Р.Т.		333.



ЧЕРНОВ М.Ф.	272.
ЧЕРТИХИНА Наталья	251
<b>Ш.</b>	
ШАВАЛИЕВ Мұрат Харесұлы	4, 252, 300.
ШАҒЫРОВА Нәбира	38.
ШАПОВАЛОВ Иван Михайлович	79, 252, 288, 290, 303, 305.
ШАПОШНИКОВ С.А.	277.
ШАРИПОВ Рафик	253.
ШАРОНОВА В.А.	271.
ШАУКЕНБАЕВ Т.	333.
ШАШИН В.Д.	6, 8
ШӘРІПОВ Д.	78.
ШӘРІПОВ С. (Сабыр)	33, 49.
ШӘРІПОВ Р.	279.
ШӘУКЕНОВ Қалыр	254.
ШЕГПРЕЕВ Иманғали	255.
ШИЛИМОВ Евгений Лаврентьевич	61, 75, 97, 275, 277, 278, 293, 311.
ШПЕНГЛЕР Г.А.	78.
ШУВАЛОВА Вера	254.
ШЫРДАБАЕВ Бағыт Тәжіғараұлы	255, 302, 303.
ШЫРДАБАЕВ Борис Тәжіғараұлы	256, 284, 296, 302, 303, 304, 306
ШЫРДАБАЕВ Мағауия Тәжіғараұлы	4, 257, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 303, 304, 306, 307, 310.
ШЫРДАБАЕВ Тасқали	258.
ШІЛДЕНОВ Есен Қалымұлы	259.
<b>Щ.</b>	
ЩЕЛОКОВ Е.А.	271.
<b>Ы.</b>	



<b>ЫБЫРАЙЫМОВ (ИБРАИМОВ) Асан</b>	259.
<b>ЫБЫРАШЕВ (ИБРАШЕВ) Кенжебек</b>	98, 284, 287, 296, 297, 300, 302, 310, 312.
<b>ЫҚСАНҒАЛИЕВ Рақым</b>	260, 295.
<b>ЫРЫСЖАНОВ (РЫСЖАНОВ) Сейітқали Әміржанұлы</b>	260, 303.
<b>ЫРЫСҚАЛИЕВ Салық</b>	38.
<b>ЫСМАҒҰЛОВ (ИСМАҒҰЛОВ) Марат</b>	4, 261, 302, 308
<b>I.</b>	
<b>ІЗТҰРҒАНОВ Сапарғали Тасжанұлы</b>	263, 294
<b>ІЗТІЛЕУ Төлеген Қайрошұлы</b>	262, 290, 302.
<b>ІЛИЯСОВ Құби</b>	38.
<b>ІЛИЯСОВ (ИЛЬЯСОВ) Мұрат Ілиясұлы</b>	99, 298, 300, 303, 304, 312.
<b>Ю.</b>	
<b>ЮНИКОВ Ф.О.</b>	36.
<b>Я.</b>	
<b>ЯКУБОВ (ЖАҚЫПОВ) Нәжімеден</b>	14, 157.

*А.Әміржанұлы түзді*





## V. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

### 1. Негізгі әдебиеттер

1. НАЗАРБАЕВ Н. Ғасырлар тоғысында. Алматы, «Өнер», 1996.
2. «Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-том. Алматы, «Атамұра», 2002.

### 2. Энциклопедиялар

1. «Атырау». Энциклопедия. Алматы, «Атамұра», 2000.
2. «Атырау.Жылыой». Энциклопедия. Алматы, «Мұрагер», 2002.
3. «Атырау.Жылыой-II». Энциклопедия. Алматы, «Мұрагер», 2003.
4. «Қазақ Совет Энциклопедиясы». 12 томдық. 10-том, Алматы, 1977.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 2-том. Алматы,
6. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 3-том. Алматы,
7. «Қазақстан мұнай энциклопедиясы». Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі кестомдық ғылыми-танымдық басылым. 1-ші том. Астана-Лондон, 1999.
8. «Қазақстан мұнай энциклопедиясы». Қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі кестомдық ғылыми-танымдық басылым. 2-ші том. Астана-Лондон, 1999.
9. «Қазақстанның мұнай энциклопедиясы». Екі томдық танымдық басылым. 1-ші том. Алматы-Стамбул, 2005.
10. «Қазақстанның мұнай энциклопедиясы». Екі томдық танымдық басылым. 2-ші том. Алматы-Стамбул, 2005.
11. «Мақат ауданы». Шежіре. Энциклопедия. Алматы, «Исламнұр», 2004.
12. «Жылыой жылнамасы». Энциклопедиялық жинақ. Алматы, «Өлке», 2008.
13. Д. Хасанов, Д. Мырзағалиев, А. Әміржанұлы. Қазақстан мұнай геофизикасы - Казахстанская нефтяная геофизика. Энциклопедия. Алматы, ТОО «Нефть Казахстана», 2002.



### 3. Ғылыми-көпшілік әдебиеттер

1. Байзақов Т. Оңғарылған талап – Целеустремленное усердие. Атырау, «Ақ Жайық», 2012.
2. Байзақов Т., Есқазиев О., Шырдабаев М. Атышулы Теңіз-37. Алматы, 2001.
3. «Құтты мекен – Қосшағыл» (Атырау облысының Жылыой ауданындағы мұнайлы кен орнының өндірістік пайдалануға берілгеніне 70 жыл). Құр. А. Әміржанұлы мен М. Ғайнелқызы. Алматы: «Арыс», 2005. -272 бет+32 бет суретті жапсырма.
4. М. Маташев. Қара алтын қазынасы. Алматы, «Қазақстан», 1973.
5. «Өнегелі ұя» (Атыраулық атақты мұнайшы С. Өрекешев пен оның әулеті туралы). Атырау, «Ақ Жайық», 2009.
6. «Социалистическое становление нефтяной Эмбы». Алма-Ата, Казгосиздат, 1965.
7. Шаукембаев Т. Урало-Эмбенский нефтеносный район. Алма-Ата, Казгосиздат, 1960.
8. Чердабаев Р.Т. Мұнай: кеше, бүгін, ертен. Алматы, 2009.

### 4. Көпшілікке арналған әдебиеттер

1. Бектенов М. *Қос өзен мұнайшылары*. Тарихи-деректі повесть. Алматы, 2008 – 496 бет.
2. Есқазиев О. *Өмір баспалдақтары*. Өмірбаяндық публицистика. Алматы, «Информ – А», 2004 – 128 бет.
3. Қатешова А. *Ерсігім Нұрханов*. «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2009. -300 бет.
4. Қатешова А. *Сагидолла Нұржанов*. «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2009. -252 бет.
5. Күлиев Ж., Сұлтанғалиұлы Қ. *Қоныспаевтар әулеті*. «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2013. -316 бет.
6. Муньянова С. Асабай Хисметов: өмір жолы. Алматы,



«Нұрлы әлем», 2009. – 336 бет+24 бет жапсырма.

7. **Оразалиева Г. Оржановтар әулеті.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2009. -392 бет.

8. **Смадияр Қ. Жолдас Жұмалиев.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2012. -211 бет.

9. **Спан Ә. Нәсіпқали Марабаев.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2007. -344 бет.

10. **Сұлтанғалиев С. Бөлекбаевтар әулеті.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2011. -280 бет.

11. **Сұлтанғалиұлы Қ. Мақаш Балғымбаев.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2006. -320 бет.

12. **Сүйінбай Т. Бөлекбай Сағынғалиев.** «Қазақ мұнайының ардақтылары». Өмірбаян сериясы. Алматы, «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2006. -236 бет.

#### 4. Анықтамалықтар

1. **Балгимбаев М.** Нефтяная Эмба. Летопись вековой истории. Алматы, «Сөздік-Словарь», 2001-456.

2. **«Қайнарбұлақ». Мұнай. Жылдар. Адамдар. Тағдырлар.** Құрастырушылар А. Елеусінов, Қ. Жұмағалиева. Алматы, «Исламнұр», 2006. -352+48 бет жапсырма.

3. **Молявко Г.И., Франчук В.П., Куличенко В.Г.** Геологи. Географы. Биографический справочник. Киев, «Наукова Думка», 1985.

4. **Әміржанұлы А.** Ленин орденді мұнайшылар. Алматы, «Мерей», 2002.



## 5. Мұрағаттық деректер

### 1. Атырау мемлекеттік мұрағаты.

#### 6. Мерзімдік басылымдардың жарияланымдары

1. А. Әміржанұлы. Көкірегінде көсем бейнесі. «Ембі», 1980 жылғы 12 сәуір
2. А. Әміржанұлы. Ағайынды бұрғышылар. «Мұнайлы астана», 2014 жылғы 24 қыркүйек
3. А. Әміржанұлы. Әке жолын жалғаған... «Атырау», 2014 жылғы 1 қараша



*Осы кітаптың редакция алқасы мен «Бұрғышы-72» қоғамдық қоры энциклопедияның шығуына көмек көрсеткен барлық мұнайшы-ардагерлерге, бүгінгі мұнайшы-бұрғышыларға, олардың отбастарына шынайы алғыс айтады.*





## МАЗМУНЫ

Н. НАЗАРБАЕВ. Қазақстанның мұнай-газ кешені (үзінді).....	5
КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі В.Д. Шашиннің 1971 жылғы 16 тамыздағы бұйрығы (орыс тіліндегі нұсқасынан үзінді).....	6
Б. Сағынгалиев туралы мөлтек лебіздер.....	9
Редакциялық алқа. Барлама бұрғылаудың қалыптасуы мен дамуы (алғы сөз).....	10
А. Әміржанұлы. Оқырмандар назарына.....	13
I. Қысқарған сөздер.....	16
II. Қысқартылған сөздер.....	23
III. Пайдаланылған әдебиеттердегі, мұрағаттық деректердегі қысқартылған сөздер.....	24
IV. Пайдаланылған әдебиеттердегі қалалардың қысқартылған атаулары.....	24
V. Өлшем бірліктерінің қысқартылған түрлері.....	24

### БІРІНШІ БӨЛІМ

Бәрі де барлама бұрғылаумен белгілі болған.....	25
---	----

### ЕКІНШІ БӨЛІМ.

Барлама бұрғылаудың тарихы турасында (Әлемдегі және Қазақстандағы барлама бұрғылау ісінің даму тарихынан).....	31
--	----

### ҮШІНШІ БӨЛІМ

Мұнайлы Жемнің жетістіктерінде бұрғышының еңбегі ұшан-теңіз (Атырау өңіріндегі бұрғылау ұйымдары мен мекемелері туралы).....	45
--	----

### ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Балықшы барлама бұрғылау басқармасы – береке мен игіліктер бастамасы (басқарманың қалыптасу және даму тарихы).....	59
--	----

### БЕСІНШІ БӨЛІМ

Бұрғылау жұмыстары нәтижелілігімен құнды болған (Балықшы барлама бұрғылау басқармасының нәтижелік көрсеткіштері).....	73
---	----



## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

Бұрғылауға да байыптылық пен парасат тән болған (бұрғылау ісінің басшы қызметкерлері туралы).....87

## ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

Бұрғылау ісінің майталмандары (Балықшы барлама бұрғылау басқармасы қызметкерлерінің ғұмырнамалық анықтамалағы).....101

## ӘЛПБИЛІК (АЛФАВИТТІК) БӨЛІМ

«А» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	103
«Ә» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	118
«Б» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	123
«В» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	137
«Г» әрпінен басталатын ғұмырнама.....	138
«Ғ» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	139
«Д» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	141
«Е» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	148
«Ж» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	156
«И» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	172
«К» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	175
«Қ» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	178
«М» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	200
«Н» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	210
«О» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	217
«Ө» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	219
«П» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	224
«Р» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	225
«С» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	227
«Т» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	238
«У» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	248
«Ү» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	248
«Х» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	249
«Ч» әрпінен басталатын ғұмырнама.....	251
«Ш» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	252
«Ы» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	259
«І» әрпінен басталатын ғұмырнамалар.....	262



Бұрғылау жұмыстарының болашағы бүгінгіден де жарқын болмақ (түйін сөз).....	264
Қосымшалар.....	265
I. Мұрағаттық деректерге сөз берсек.....	265
II. Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасы дамуының хронологиялық көрсеткіші.....	279
III. Анықтамалық-танымдық деректер.....	288
IV. Есімнаманың әріптік көрсеткіштері.....	313
V. Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер.....	332
Кітаптың дайындалуына көмек көрсеткендерге алғыс айту.....	336





## **БАРЛАМА БҮРҒЫЛАУ - БАРША БАЙЛЫҚ БАСТАМАСЫ**

(Қазақстандағы барлама бұрғылау ісінің және Барлама бұрғылаудың Балықшы басқармасының қысқаша тарихы).

Энциклопедия. – Атырау, «Ақ Жайық»,  
2014. - 340 + 12 түрлі-түсті жапсырма бет.

Қағазы офсеттік.  
Қарп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылмас.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №273.

Атырау қаласы,  
Жарбосынов көшесі, 5, «Ақ Жайық» ЖШС  
тел.: 8(7122)27 22 44. e-mail: zakaz@azh.kz